

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№1 (178),
ҚАҢТАР
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, — т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар — т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов — т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина —
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен — п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев — тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы — тұңғыш бас
редактор. Б.Матекова — ұстаз-
әдіскер. Ш.Таңмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
— озат ұстаздар.

Басуға 13.01.2020 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. — 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы — 1500.
Индекс — 75748.
Тапсырысы —

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғ ы л ы м и - т е о р и я л ы қ
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір қынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртігінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспей де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Ақбота Бексейітова, Айым Әлібекова. Еуразиялық дала өркениеті	2
Назым Бүкірбаева. Қазақ жүздерінің шығу тарихынан	4
Сейітқали Дүйсен. Далалық ордалар туралы	9
Өтеген Исенов. Батырлар институты: эволюциясы	13
Құмарбек Жұпбаев. Иран-Тұран қатынастарының тарихы	15
Елизавета Исибаева. Есім ханның ескі жолы	21
Ердәулет Берлібаев, Сафура Қалдыбаева. Әл-Фараби мұраларының жаһандану заманымен сабақтастығы	24
Асель Дадырова. Идея счастья в добродетельном городе аль-Фараби	26
Айжан Мақышева. Баянауыл сыртқы округінің ашылуына қатысты деректер	29
Нұрлан Есетов. Ақтөбе уезіндегі жер бөлу жұмыстары	32
Маратбек Ақанов. Өскемен қаласының салыну тарихынан	33
Бобур Аминов, Рахат Болиббетов. Роль и место памятников эпиграфики	36
Гүлмейрам Рақышева. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев – шежіретанушы	38
Сафура Берібаева, Күлшат Сымағұлова. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы дипломаттар рөлі	39
Болат Нығметов. Қазақ әйелдерінің ерен еңбектері	43
Роза Жарқынбаева, Ақжамал Оразбаева. Кеңестік остарбайтерлер тағдыры	45
Әлібек Аманов, Айнұр Қалыбаева. Батысқа басқа халықтардың депортациялануы	48
Светлана Сымағұлова. Мағжан және Алаш партиясы	51
Бауыржан Еңсепов. Ағартушы Қоңырқожа Қожықов	54
Жанжігіт Орамах. Әлібай мерген	59
Аққали Ахмет, Гүлбану Ертүгел. Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесінің басшылары	61
М.Алдаберген, Н.Исамет, Ұ.Ағұлықова. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулардың қызметі мен орны	63
Мақпал Жекебаева, Нұрболат Манапбаев. Махаббат мәселесіне тарихи-философиялық талдау	67
Талғатбек Әминов. Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу тарихы	69
Хадиша Ермұханова. Этносаралық мәселелерге қатысты деректер	73

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Сәулет Әбенова, Рахия Дәрменова. Қолданбалы өнер арқылы кәсіби білімді жетілдіру	76
Мария Ахметжанова. Туған ауылымның батырлары	79
"Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы"	80

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ: теориялық-методологиялық өлшем және тарихнамалық шолу

Ақбота БЕКСЕЙІТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов
атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті,
Айым ӘЛІБЕКОВА (Алибекова),
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
мемлекеттік университетінің магистранты

«Көшпелілер өркениеті» туралы дүниежүзілік тарих ғылымында қалыптасқан концептуалды пікір жоқ. Қазіргі тарих ғылымының негізін салған еуропалық ғалымдар біздің ата-бабаларымызды адамзат көшіне кездейсоқ ілескен тоғымдылар есебінде көрсетті. Олардың пікірлерінше көшпелілер ешқашан жасампаз еңбек жасаған жоқ, тек отырықшы халықтар жинақтаған материалдық игіліктерді пайдаланумен ғана күн кешті. Дж.Тойнби сияқты батыстың тарихшылары көшпелі халықтарды күресуге дәрменсіз, табиғаттың дүлей күштеріне бағынышты, адамзат прогресіне икемсіз халықтар есебінде суреттейді. Ал француз ғалымы Бродель көшпелі халықтарды отырықшы елдерде, әсіресе, Еуропа елдерінде дағдарыс басталған кезде жетіп келетін тонаушы, «паразит», «қан сорғыш» деп атады.

Бірақ бұл көзқарастар еуроцентристік пиғылда, тым сыңаржақ, біржақты пікірлерге негізделген еді. Расында да XV ғасырда басталған ұлы өзгерістердің кезінде Еуразияның ұлан-байтақ даласын жайлаған біздің ата-бабаларымыз адамзат көшінен кешеуілдеп қалған еді. Еуропа әскерлері XV-XVI ғғ. бастап мылтық пен оқ-дәріге көшкен уақытта біздің ата-бабаларымыз бұрынғыша аттың жалында, түйенің қомында жүрді. Олардың қарағай найзасы мен бұғы мүйізді садағы, жайдың оғындай атты әскерлері, жылдам бір жерге шоғырлана қалатын соғыс тактикасы, туысқандыққа негізделген қарым-қатынасы XV-XVI ғғ. бастап отырықшы Еуропа қауымдарына қауіпті емес еді.

Бірақ бұл қарым-қатынас ежелгі замандарда басқаша болған. Б.з.б. IV-III мыңжылдықтарда қыр өңірінен Месопатамия жеріне Тигр мен Ефрат өзендерінің арасына қоныс аударған шумер, хет, икссос тайпаларынан басталатын көшпелілер үстемдігі бірнеше мың жылғасозылды да, Алтын Орда заманымен аяқталды. Осы бірнеше мың жыл бойы біздің ата-бабаларымыз адамзат баласының жетекшісі болды. «Библияның» өзі де мал баққан, бақташы тайпаларды өзгеден жоғары қойып, оларды «адамзаттың бақташысы» деп дәріптейді. Ғұн дәуіріндегі ұлы қозғалыстарды отырықшы елдер «Алла тағаланың жіберген қаһары» деп түсіндірді [1]. Яғни XV ғасырға дейінгі көшпеліліктің бағасы бертінгі еуроцентристік ғылыми тұжырымнан бөлек болды.

Қазақ даласында «көшпелілер өркениетінің» негізгі құндылықтары сақ-скиф заманында (б.з.б. I мың жылдық) қалыптасып болды. Ол көші-қон салты, жерді маусымдық ерекшеліктеріне байланысты пайдалану ережесі, көшуге және тебіндеуге ыңғайлы мал түрлері, киіз үй мен басқа да тұрмыстық

игіліктер. Сонымен бірге көшпелі өркениеттің құрамдас бөлігі – жауынгер руларға бағынышты отырықшы және қалалық қоныстар, сауда жолдары мен саудагерлер қауымдастықтары, қолөнер орталықтары, олар кейде көшпелілер әлемінің шекарасындағы қалалар (Түркістан мен Ташкент сияқты), немесе далалық өңірдегі кішкене қоныстар [2]. Кедейленген көшпелі малшылар есебінен бұл отырықшы қоныстардың халқы ылғи да көбейіп отырған. Біз қарастырған тарихи кезеңдер қазақ жерінде көшпелілікпен отырықшылықтың жарасты симбиозын көрсетеді. Бізде тек қана көшпелі емес, сонымен қатар отырықшылық та жақсы дамыған болатын. Оның аса жарқын мысалы дамыған орта ғасырға, әсіресе, Қарахан дәуіріне қатысты тарихи деректер.

«Қазақ тарихы» журналында Жамбыл Артықбаев былай деген екен: «Біз қазақ жеріндегі көшпелілік тарихына қатысты бір-екі шартты кезеңдерді енгізу қажет деп білеміз. Оның бірі сақ-скиф дәуіріне дейінгі кезеңдерге қатысты «бақташылық» ұғымын қолдану. Екіншіден, тарихи-этнографиялық зерттеулерде «еуразия көшпелілерін» жалпы әлемдегі көшпеліліктен жеке дара қарастыру. Үшіншіден, XV ғасырдан бастап Еуразия көшпелілігінің құлдырау кезеңі басталғанын ескеру. «Еуразия көшпелілерінің өркениеті» туралы зерттеулер бізде жаңа басталып келе жатқандықтан, ең бастысы терминдерде нақтылық болу керек» [3].

Көшпелілер өркениетін зерттеу мәселесі Қазақстанның қазіргі тарихнамасындағы күрделі мәселелердің бірі және сонымен бірге өте өзекті мәселе болып табылады. Еуропа елдерінің даму деңгейіне сәйкестігі призмасы арқылы әлемнің барлық халықтарының өмірін зерттеген кейбір ғалымдар түркі-моңғол көшпелі халықтарының әлемдік тарихтағы рөлін мүлдем жоққа шығарды. Ол еуропалық халықтардың үстем рөлімен және Шығыстағы көшпелі өркениеттердің даму деңгейінің біржақты түрде төмендетілуімен байланысты. Тарих ғылымындағы «Евроцентризм» үрдісі тұрақты өмір салтын жүргізген халықтар көшпелілер туралы жазған, оларды Геродот, қытай тарихшылары суреттеген. Көшпелілік теориясы мен көшпелі мемлекет кейінірек пайда болды [4].

XV-XVI ғасырларға дейін еуропалықтар көшпелілер туралы тек Еуропаның мерзімді шабуылдары арқылы білетін, олар көшпелі халықтарды өздерінің жауларынан басқа ештеңе деп санамайтын.

XVIII-XIX ғасырларда еуропалық ғалымдар көшпелілер туралы өз пікірлерін білдірді. Сонымен, Монтескье оларды еркін қоғамның әділетті

және еркін адамдары деп санады, Фергюсон, А.Смит көшпенділердің арасында мүлік пен әлеуметтік теңсіздік басқалардың алдында көрінді деп сендірді. И.Кант мемлекеттің өзі көшпенділер мен отырықшы халықтардың қақтығысы нәтижесінде пайда болады деген қорытындыға келді. Ф.Гегель көшпенділердің әлеуметтік қайшылықтары болғанына қарамастан, оларда мемлекеттілік жоқ деп сендірді.

Ғалымдардың көзқарастары әртүрлі болғанымен, көшпелі қоғам өмірінің жағымсыз жақтарына көп көңіл бөлінді. Мысалы, Торнвальд, Тойнби сияқты ғалымдар көшпенділер өркениетті қоғам мен мемлекетті сыртқы көмексіз жасай алмайды деп сенген. Зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, көшпелі қауымдастықтар отырықшы халықтың көмегінен дами алмайды.

1920-1940 жылдар аралығында көшпелілер өркениеті арнайы зерттеулердің тақырыбына айналды.

Қазақ хандығы Ұлы дала тарихының күрделі кезеңінде пайда болды. XV ғ. ортасында Еуразия даласындағы соңғы көшпелілер империясы – Алтын Орданың толық ыдырау процесі аяқталды. Америка, Үндістан, Қытайға апаратын теңіз жолдарының ашылуына байланысты дүниежүзі саудасының орталығы Еуропаға көшіп, Орталық Азия болса дүние жүзілік қозғалыстардан тыс, құрлықтың алыс түпкірінде қалды. Еуропа тек сауданы дамытып қойған жоқ, ол орта ғасырлық мешеу тіршіліктен шығып, ғылымның дамуына да мүмкіндік жасай бастады. Осылайша Еуропада тарихтың жаңа үлгісі қалыптасты, әрине, ол ең алдымен өзінің тарихын үстем қылып көрсетуді қолға алды. Ежелгі Шығыс (Қытай, Үндістан), Кіші Азия мен Египет өркениеттерін кейін ысырып қойып, Еуропа тарихты Ежелгі Грекия мен Римнен бастады. Еуразиялық ұлы дала көшпелілерінің көне және орта ғасырлардағы адамзат өркениетін алға сүйреген еңбегі ұмытылды.

Бір өкініштісі, қазақ қоғамын зерттеу дәстүрі ешқашан да ежелгі дүниемен байланыстырылған жоқ. Еуропада үстем болып тұрған «отырықшылық – өркениеттің қол жеткізген ең биік шыңы» деп есептелінді. Осы себептен әлі күнге дейін қазақ тарихына қатысты еңбектерде еуроцентристік ойлау жүйесі сақталып отыр. Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізде халықтың тарихи санасын қалыптастыру мемлекеттік деңгейде қолға алынуда. Оған дәлел – Елбасымыздың «Болашаққа бағдар», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Ұлытау төріндегі» сұхбаты сияқты бағдарламалық мақалалары мен пікірлері. Бұлардың бәрінің негізгі мақсаты халқымыздың әлемдік өркениет көшіне өзінің жасампаздық еңбектерімен үлес қосудағы нақты фактілерімен көрсету арқылы халықтың тарихи жадын жаңғырту, яғни көшпелі халықтардың еуропалықтардан ерекше, өзіндік теңдессіз, әлемдік уникал, академик Манаш Қозыбаев және тағы басқа ғалымдар көрсеткендей «далалық өркениетті» қалыптастырғанын жаңғырту. Қазіргі заманның ғылыми мектептері мен концепциялары Еуропада қалыптасты, дәл осы кезде дала халықтарының үстемдігі күйреп еуропалықтардың басымдылығы айқындалды. Еуропада үлкен бетбұрыстар Ұлы географиялық ашылымдарға байланысты болса, Шығыс пен Батыс арасындағы қашықтық өндірістік төңкеріс кезеңінде ұлғая түсті. Осы кезден бастап Еуропа әлемді билеуді өз қолына ала бастады. Капитализм (дүниежүзілік нарық және т.б.) адамзатты унификацияланған қоғамға айналдыру құралына айналды. Еуроцентризм – осы әлемдік құбылыстың

идеологиясы. Отар елдің тарихын отарлаушы халық өкілдері жазғандықтан, отарланған елдің жетістіктері көрсетілмей, бұрмаланып жазылатыны іспетті көшпелі халықтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі ескерілмеді және айтылмады.

Жаңа заманда қазақ халқының үлесіне көп қайғы-қасірет тиді. Батыс өркениеттің қысымы көшпелі халықтарды саяси бытыраңқылық пен территориялық тапшылыққа әкелді. XIX ғасырда қазақ халқы тәуелсіздігінен мүлдем айрылды. Қытай шығыстан, Ресей батыстан Ұлы далада үлкен аймақтарды басып алды. Әлемдік тепе-теңдіктің орталығы, еуразиялық көне өркениеттің түп қазығы болған Ұлы дала алапат дағдарысқа ұшырады. Осы кері кету Еуропа ғалымдарының Ұлы дала тарихын менсінбеушілігін туғызды. Сіз қолыңызға кез келген тарихи сөздікті, энциклопедиялық анықтамалықтар мен картаны алып қараңыз, оларды қанша ақтарсаңыз да, қанша үңіліп қарасаңыз да Ұлы далаға қатысты еш мәлімет таппайсыз!

Өкінішке орай еуроцентристік рух біздің тарихнамада әлі де басым. Оның бір себебі қазақ тарих ғылымы жаңа қалыптаса бастаған XX ғ. 20-жылынан бастап Қазақстан тарихы маркстік таптық теорияға сәйкес мәскеулік түйіндеме тұрғысынан баяндалды. Бұл ілім де негізінде Еуропада пайда болған еді және тарихты еуропалық көзқарас тұрғысынан баяндадық. Оның негізі адамзат баласы ерте ме кеш пе даму барысында коммунизмге бір жетеді деген сенім болды. Радикалды кеңестік большевизм тез арада коммунизм сияқты ұлы идеяны аяққа таптады. Себебі большевиктік идеология Кеңестер Одағы аталған елдің санасына орыс пролетариатының ерекше миссиясы туралы тұжырымды тықпалап, «Тарихтың қараңғы түпкірлерінде қалып қойған халықтарды жарқын болашаққа жеткізетін» жалғыз күш ретінде дәріптелді.

Дала өркениеті – бір халықтың меншігі емес, ол біртұтас кеңістіктегі халықтардың ортақ қазынасы. Дала өркениеті ең алдымен түркі нәсілді халықтардың ортақ мұрасы. Ал ол болса – сақ, ғұн, түркі, қыпшақ, қазақ, созақ (қарақалпақ), қырғыз, татар, башқұрт, ноғай халықтары болып өрбиді [5]. Биылғы ел Президентінің жолдауында Еуразия даласында орта ғасырларда үстемдік еткен Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығын тойламақшы.

Қазақстан – көп ұлтты ел. Ал сол көп ұлтты мемлекетте өркениеттік тарихи мәдени мұраға жауапты халық – қазақ халқы. Ол халық Қазақстанның болашағына ерен еңбек етуге тиіс. Ол – көп ұлтты елді біріктіретін де, еңбекке жұмылдыратын да күш. Ұлттық болмыс Отанға деген сүйіспеншіліктен, оның алдындағы азаматтық қарыз бен парыздан туындайды. Біздің Отанға деген адал еңбегіміз барша әлемдік өркениеттен алар орнымызды, жарқын болашағымызды анықтайтын фактор екені хақ!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев Л.Н. Хұндар. Алматы: Қазақстан. 1988. 13-б.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005.
3. Артықбаев Ж. Қазақ тарихы журналы. №6 (111), 2011-7-б.
4. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Алматы. 1995.-319 с.
5. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт, Алматы, 2001, 14-б. өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. Алматы: Өлке-2007. 303-б.

ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНАН

(Фольклорлық мәліметтер бойынша)

Назым БҮКІРБАЕВА (Букирбаева),
тарих ғылымдарының магистрі, Экономика,
бизнес және құқық колледжі, Қазтұтынуодағы
Қарағанды экономикалық университеті

Қазақ жүздерінің пайда болу тарихы өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Кейінгі орта ғасырлар тарихының қазақ халқы үшін тағы бір ерекшелігі көшпелі тайпалардың шаруашылығы, географиялық орналасуына байланысты үш жүздік құрылымның қалыптасуы болды. Бұл ең алдымен көшпелі қоғамның этноәлеуметтік және саяси процестерінің нәтижесі. Қазақстанда бір-бірінен оқшауланған негізгі шаруашылықтың үш түрлі ауданы әлдеқашан қалыптасқан болатын. **Бұлар:** Жетісу, Орталық Қазақстан және Батыс Қазақстан. Осы территорияларды көшпелі тайпалар шаруашылық аймақ ретінде пайдаланса, кейіннен «жүз» деген «жақ», «бөлік», «бағыт» деген мағынаны білдіретін құрылымның қалыптасуына алып келді деген қорытындыда болған едік. Алайда қазақ жүздерінің пайда болуы Шыңғыс хан заманынан бастау алды. Орта жүз рулары алғаш Керей, Жәнібек хандардың бастауымен Қазақ хандығының іргесін көтерсе, Хақ-Назар хан тұсында ноғайлардың бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына қосылып, еліміздің батыс аймағында Кіші жүзді толықтырды. Моңғолстан мемлекетінің құлдырауымен Шағатай ұлысының этникалық құрамының негізгі тобынан Ұлы жүз руларының құрамы айқындалды. Тәуке хан тұсында басқару тәсілін жеңілдету мақсатында алаш жұртының «қазақ» атауымен топтасқан бөлігі этникалық құрамына орай үш әкімшілік аймаққа жіктелді. Қазақ жүздерінің пайда болуын осы сарында баяндауымызға әуелде фольклор деректері ықпалын тигізді және Шыңғыс хан жұртының тарихы да осы нұсқада жазылған.

Ең алғашқы қазақтың жүзге бөлінуі туралы толық мәлімет беруші орыс тарихшыларының ішінде М.Тевкелев болды. Ал, ең алғаш болып қазақ жүздерінің шығу тарихын фольклорлық материалдардан іздеген Ш.Уәлиханов еді. Және де ол Риттердің (Георги) қырғыздарды Ұлы жүздің құрамына қосуын үлкен сынға алды. Одан кейін жүздердің пайда болуының аңыздық нұсқасын орыстың белгілі зерттеушілері М.Вяткин, В.В.Вельяминов-Зернов, Н.А.Аристов, Г.Н.Потанин, А.И. Гейер, Н.Павлов, т.б. қалдырды [1, 24-28].

В.В.Бартольд қазақ жүздерінің бөлінуінің бір негізін Сырдария өзенінің ағысымен байланыстырады, яғни Сырдың аяғы Кіші жүзге, орта ағысы (Сарысу) Орта жүзге және басы Ұлы жүзге тиесілі болғаны және бұл бөліну бұнымен ғана шектелмейтіндігі, оның саяси-әлеуметтік астарының бар екендігі мәлімделеді.

Тарихшы С.А.Аманжолов жүзге бөлінуді Х ғ. Сырдария өңірін мекендеген оғыз (үш оғыз) тайпасымен байланыстырады [2]. Әрине, түркі тайпаларының шығу тарихына тоқталсақ, ондағы тайпалық бірлестіктер көп жағдайда бірнеше топқа, үштікке бөлінгендігін білеміз. Ал қазақ халқының үш топқа, яғни үш әкімшілік аймаққа бөлінуі әр аймақта мекендеген белді-белді тайпаларға беріліп, басқару тәсілін жеңілдеткен және оған әрі геосаяси жағдай, яғни

территориясының ауқымдығы әсерін тигізді.

Ш.Уәлихановтың пікірі бойынша, «Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы кезінде қазақтар өздері көшіп жүретін жерлерде өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін осындай үлкен одақтар құрған». **Н.А.Аристовтың ойынша, «жүздерге бірігу жоңғар шапқыншылығы кезінде шыққан», ал Мұхамет-Халел Сүлейменов «орда» ұғымын Шыңғыс хан державасының ішіндегі автономиялық «ұлыс» деп, «орда» – «әскери аймақ» деп түйіндейді. «Ордаға» Лев Гумилев «народ-войско» деп баға береді [3, 222].** Шыңғыс ханның айтуынша: «дала халқы әр кез сақ болуы керек, жау қай жақтан болмасын шапқыншылық жасауы мүмкін». Сол себепті қазақтың әр ер азаматы соғысқа кез келген сәт әзір болуы шарт. Жүздердің құрылуының астары Шыңғыс ханның ұлыстарының, яғни әскери жасақтарының жіктелуі болды. Жоңғар шапқыншылығы жылдарында бұрынғы ұлыстар «жүз» деген атаумен айқындалды деп ой қорытындылай аламыз және осы бағытта фольклор деректерін арқау етіп көз жеткізсек.

Бұрыннан ел аузында, халық аңызында үш жүздің баласы үш түрлі сипат алатыны былайша айтылып келген:

*«Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой,
Орта жүзді, қамшы бер де, дауға қой,
Кіші жүзді найза бер де, жауға қой».*

Осы нақыл сөздің мазмұнымен аңыздағы үш жүз бейнесі көрініс береді. Жүздердің құрылуына негіз болған жағдай жеке рулар мен тайпалардың туысқандығы жағынан жақын тайпалық одақтарға бірігуі болды. Алаша ханды Шыңғыс хан деп бағаласақ, онда Ұлы жүз және Орта жүз руларының көп бөлігі ертерек Шыңғыс ханның құзырына қарады. Бұл тұста төмендегідей болжам айтуға болады, яғни Кіші жүздің кешегідей Шыңғыс хан иелігіне өтуі (татар тобынан), оның әскери «Яссы» заңдарына сай майданның алғашқы шебінде болуы шарт болды. «Кіші жүзді найза бер де, жауға қой» деп айтуы осыдан да болар. Ал, жоңғарлардың Алаша хан кезінде қазақтармен бір тудың астында болғаны белгілі, содан да болар Ұлы жүз бен Орта жүз іргесі қауіпсіз екендігіне сенімді болды. Алайда кіштен шыққан жау жаман» демекші, қарақалмақ (жоңғарлар) жау болып, Шыңғыс хан жұртының тыныштығын бұзып, тәуелсіздікке зор қауіп төндірді.

«Отырар апаты» оқиғасына тоқталсақ, онда «Шыңғыс хан қазақ болса қыпшақтарға неге шапқыншылық жасады» деген сұрақ туындайды. Оған жауап төменгідей болар еді, сол тұста Сыр бойындағы қалалар негізінен Хорезмге вассалдық тәуелділікте болды. Ал, Отырар қаласының тұрғындары қыпшақтар еді. Қыпшақтар деп жоғарыда біздер татарларды атаған едік. Сонда, Шыңғыс хан әлі де болса түркінің моңғол-татар жұртының татар қауымын біріктіріп үлгермеген, сол біріктіру жолындағы күресі деп сипаттасақ абзал. Қыпшақ бірлестігі негізінде Кіші жүз қазақтары құрылды деп алдағы тарауларда көрсеттік.

С.Аманжолов: «Қазақ елі, жері үш жүзге моңғолдарға дейінгі кезеңде – Х-ХІІ ғасырларда бөлінді»,– деп есептейді [2]. Дегенмен, сонау атам заманғы кезеңде сақ, ғұн, түркілердің аймақтарға бөлінгені белгілі. Әйтсе де, қазақ тарихының елдік бастамасы аңыздарда Майқы би заманынан бастау алады. Б.з.б ІІІ-ІІ ғасырларда **Екі йүз елі ұлы йүз және кіші йүз деп екі топқа жіктелген** [4].

Шығыстанушы Т.И.Сұлтанов жүздердің құрылуы жөнінде нақты деректердің тапшылығын айта келіп: «ХVІ ғасырдың екінші жартысында ұлыс жүйесі біртіндеп жүздерге ауысқан»,– деген болжам келтіреді.

Жүз ұғымының мәні де толық ашылған жоқ. Біраз зерттеушілер қазақтың «жүз» деген сөзін арабтың «джуз» – бір нәрсенің «басты бөлігі», «тармақ» деген сөзімен сәйкестендіреді. Шығыс деректерінде жүздер жөніндегі жанама мәліметтер ХVІІ ғасырдың ортасына қарай кездеседі. **Махмуд бен Уәлидің 1634-1641 жылдарда жазылған еңбегінде:** «Шайбани хан өлгеннен кейін оның ұлы Баһадүр осы ел мен ұлысқа басшылық ете бастады... ол қыстауы мен жайлауы үшін Ақ Орданы таңдап алды, ол әрі Йүз-Орда ретінде де белгілі»,– дейді. Осы деректе кездесетін йүз (жүз) сөзін қазақтың жүзімен теңестіруге болады. Ақ Орда – кезіндегі Жошы ұрпақтарының арасында үшке бөлінген ордалардың бірі [5, 60]. Ақ Орданы Йүз Орда деген болса, жүзге өзге Шыңғыс ханның ұлыстары бөлінбеген болады. Осы тұста «Орда» ұғымы «жүз» атауымен алмастырылған болады. Оған бірден себеп болған жағдай ислам дінінің ықпалы болар. Қазақтар өздерінің дінсіз тарихын ұмыт қылуға әрекеті деп білеміз.

Орда деген сөздің мағынасына «Дала уәлаяты газеті» басылымында мынадай түсінік беріледі. Хандардың үйлерінде билер елдегі қылмыс мәселесін талқылап, төрешілік айтады, сонда «...зорлық көрген адамдар дереу сұлтанның үйіне келіп, мұңдарын айтысып, сол замат істерін сұрап, тексеріп болған соң жиылған халыққа құрмет етіп, би ақсақалдарымен басқа жиылған бұқара халықты қазақтың рәсімі бойынша қонақ қылып, ет, қымыздарын беріп жібереді екен. Соның үшін ханзадалардың үйлерін құрмет етіп «орда» деп атасқан екен. Соның үшін ертек болып қалып, со замандағы хан қол астына қараған қазақтар «орда» деп ат қойғандар, бұлар Сырдария, Амудария, Ембі, Волга, Еділ, Жайық, Тобыл суларының жағалауларында көшіп жүріп үшке бөлінген – Ұлы жүз, Орта жүз нәм Кіші жүз болып»,– деген мәлімет кездеседі [6, 74].

Әйтсе де, қазақтың үш жүзі жөнінде негізгі дерек көздері көне аңыздарда, шежіре деректерінде жақсы сипатталған. Жүз турасына келгенде әртүрлі пікірлер орын алған. Бұл, әрине, көпшелі салт туғызған ел билеудің жүйесі екені анық.

Шежіре деректері ішінде М.Ж.Көпейұлы жазбалары бізге аңыздың ең көне нұсқасын келтіреді. Аңыз бойынша үш жүздің қалыптаса бастау кезеңі Майқы би заманын меңзейді. Майқы би Алатау, Қаратаудың алабын мекендеп, күн кешіп жүрген баланы кезіктіріп, оған баласы Үйсінді бас қылып, атқа мінгізіп, ердің ері, егеудің сынығы дегендей жүз жігітті іріктеп қасына қосып береді. Дәлірек айтсақ, аңыздағы Майқы бидің бұларды аттандырып тұрып, мына бағытқа нұсқайды: «...Қаратаудан әрман қарай асыңдар, Шу мен Сарысуды көктей өтіңдер»,– деп нұсқайды [7, 131-135]. Бүгінде баға беріліп жүрген Қазақ хандығы Қасым хан тұсында, яғни ХVІ ғ. І жартысында жүзеге асты деген болжам

теріске шығады. **Бірінші себеп** – Ұлы жүз руларының Моғолстан құрамында болуы, қазақ жүздерінің әлі де болса қалыптаспағанын көрсетеді. **Екінші себебі** – Майқы би сонау моңғол дәуірінде өмір сүрген. Біздер жоғарыда көрсеткеніміздей, Алаша хан хандардың басы, осы тұста жүз ұғымы пайда болса, бұл моңғол дәуірі болады. Тарихта белгілі Жошы ұлысы Дешті Қыпшақ территориясын иемденді, ұлан ғайыр аймақты бір орталықтан басқару күрделі болды. Және еркін жатқан елді белгілі бір айламен басқарудың озық тәсілі, әр аймақтың белді руларын бас қылып, дала тәртібінің озық үлгісін жасады. Оның негізін әуелде Шыңғыс хан қалады.

Деректің бұдан кейінгі бағыты: «Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Айдаһарлы, Құдаберді деген жерлер бар, соған барып салық алыңдар. «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар» деп Майқы би нұсқайды». **Шежіреші Құрбанғали Халид «қазақ» атауының шығу тарихы жөнінде алтыншы дерегінде мына аңыздың негізгі жүйесін жазады:** «Өзбек өлген соң ұлы Жәнібек хан исламға енген көшпелілерді үшке бөліп – Ұлы жүзге Үйсінді датқа қойып, Жалайыр атты кісіні оған – орынбасар етті. Орта жүзге Арғынды бек етіп, Найманды оған көмекші етті. Кіші жүзге Алшынды би қойып, Жаппасты оған көмекшілікке тағайындады. Билікті өздеріне тапсырып, тек жылына екі рет хан алдына есеп беріп отыруға шақырған»,– деп баяндайды [7, 102-103]. Аңызда бұл бөлінген көшпелілердің бағыты Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Жем, Арал араларында көшіп-қонып жүргенін нұсқайды. Әрі де ескеретін мәселе бұл аңыз нұсқасы Майқы би кезеңіне де тән. Бұл тұста мына тарихи мәселеге зер салсақ. Онда Орта жүздің негізгі белді руы арғын, найман рулары аталады. Ал, Дешті Қыпшақтың негізгі иесі қыпшақтар не себепті жүздің пайда болу шағында саяси белсенділік танытпады деген сұрақ туындайды. Осы арада түйетініміз қыпшақтардың татар тобына жатуына орай болады, моңғолдардан төмен дәрежені иеленгендігі көрініс береді. Және баршамызға мәлім, Шыңғыс ханның қазасынан кейін қыпшақтарға (сары қыпшақ) шапқыншылық жасап, Византияға құлдыққа сатуы орын алған болатын. Қыпшақ бірлестігінің ХV ғасыр саяси тарихындағы рөлі зор болды. Себебі, татарлар (қыпшақтар) сан жағынан басымдыққа ие еді. Моңғолдар түркі теңізіндегі бір тамшы ғана, ал түркі деп негізінен қыпшақ қауымы аталған еді. Қыпшақтар мен арғындардың арасындағы егес Дайрықожаны қыпшақ Қобыланды батырдың өлтіруі, ондағы Әбілхайыр ханның көп қыпшақтан сескеніп, аға арғын руының талабын орындамауы, бұл тұста қыпшақтардың Ноғай атауымен әйгілі болып тұрған кезі. Жүзге бөлінуде қыпшақтардың сан жағынан басымдығы емес, Шыңғыс хан заманындағы әскердің алдыңғы тобы (балу) болуымен дәстүрге сіңісіп қалғандығы болса, міндетті түрде көп қыпшақ шежіре басына ілігіп, саяси белсенділік танытар еді. Алайда, ноғайлардың сан жағынан басым болуы Көк орда билеушілерінің оң қанат тобына жатуына орай саяси беделі Орда-Ежен ұлысынан жоғары болды.

Шәкәрім шежіресі бойынша қазақтың үш жүзін Ахмет ханның үшке бөліп билеуімен байланыстырады. Онда Ахмет хан қазақтың жараулысын үшке бөліп, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханды Алашы қойыпты [8, 45-47]. Тарихи деректерге жүгінсек, Ахмет хан қазақтарды емес, Моғолстанды билейді. Ол қазақ ханы болған емес. Шәкәрімнің Ахмет

ханды қазақтың ханы деп тануға, Абайдың атап көрсетуіне байланысты болды. Ал, «...үшке бөліп шаба беруінен соң қалмақтар Ахмет ханды Алашы қойыпты» деп көрсетуінен, үш жүздің әуелде Шыңғыс ханның әскерінің үш топқа бөліп шабуыл жасау тактикасының негізінде құрылғанын аңғаруға болады. Біздер қырғыздарды жоғарыда моңғолдар деп танып, аталмыш Ахмет ханға қатысты оқиғаның моңғол дәуірінен бертінде болғанын көреміз. Алашы ханды Шыңғыс хан деп танысақ, Ахмет хан қазақты алаш ұранымен бір тудың астына топтастыруына орай Алаша хан атанды. Осыған орай Алаша хан кезінде қалыптасқан үш жүздік әскери жүйені Ахмет хан құрды деп шатастырушылық орын алған. Ахмет ханның «алаш, алаш» деп шақырған ұранына қазақ жауап қатты, әйтсе де Ахмет ханды қазақтың ханы деп таңыған жоқ. Ахмет ханның тұсында Моғолстан иелігіндегі қауым, яғни Ұлы жүз қазақтары Қазақ хандығының құрамына қосылмаған еді.

Шыңғыс ханның үш жасағының этникалық құрамы үш жүздің қалыптасуына негіз болды:

-Қазақ даласы Шыңғыс ханның құрған империясының бір жұрнағының ұшы, «қара шаңғырағы», үш жасағының негізгі буындары қазақ даласында сақталып қалды;

-Гол – моңғол тайпалары негізінде құрылған ортаңғы әскери буын. Моңғолдар өзбек, қарақалпақ, ауған, қырғыз елдерін қалыптастырып, Орта Азия елдерінің, Үнді, Қытай, Корей, т.б. халықтардың этникалық құрамына да әсер етті. Сонымен қатар, Ұлы жүз ұғымы мен руларының қалыптасуы моңғолдармен тікелей қатысты болды. Ұлы моңғолдар Ордасы – Ұлы жүз атауымен алмасты;

-Жоңғарлар (сол қанат – Ақ Орда, ақ қалмақ, қара қалмақ) тобы – моңғол тобының әлсіз құрамына жатады. Өзбек, Қытай мемлекеті құрамындағы ішкі Моңғолия халықтары топтасады және Орта жүз қазақтарының этникалық құрамы ақ қалмақтардың негізінде қаланды және сол қанат моңғолдардың («он оқ елі») дулу бес тайпалық бірлестігі негізінде қалыптасты деп гипотеза ұсынамыз;

-Татарлар тобы (оң қанат – қыпшақ) қалың көпшілікті құрады – бүгінгі Ресей Федерациясы құрамындағы татар, башқұрт, чуваш және түркімен, өзербайжан халықтары болып топтасты, қалған далалық көшпелі тобы Кіші жүз қазақтары деген атау алды;

Шыңғыс ханның әскери жасақтарының қазақ шыққандары үш жүз рулы ел болды. Керей мен Жәнібек ханның төңірегіне алғашқыда Орта жүз рулары шоғырланды. Кейіннен Қасым ханның тұсында татарлардың арасынан қазақ шыққандары қосылса, Моғолстан мемлекетінің ыдырауымен моңғолдардың бір бөлігі топтасты.

Ал, қазақтың Үш Ордалы ел болуы, үш жүзге бөлінуі нақты Тәуке хан заманына тиесілі болды. Қытай қазақтарының шежіресінде:

*Өз Тәуке қалмақ қыздан туған екен,
Қазақтан туған Уәлибақы екен.
Көшпенді түркілерді қазақ дейтін
Сол кездің өзіндік бір салты екен.
Өз Тәуке хан болғанда әке орнына,
Қалмақтың жолығыпты зорлығына.
Қазаққа оқталған соң бәрі жау боп,
Қазақ көшкен шыдамай қорлығына.*

*«Қазаққа қалмақ та жау, өзбек те жау,
Сарт та жау нағып едік, япырым-ау!
Көп жауға шыдай алмай үре көшіп
Парсының бір шетіне жеттік таяу».*

*Әму деген бір дария жер бар екен.
Қараған парсыларға ел бар екен.
Өткізді ел бұл Әмуде неше жылды,
Өз Тәуке қазақтардың бәрін білді.
Басқару оңай болсын деген оймен,
Реттеп қазақ қауымын үшке бөлді.*

*Ахмет те өткен кезде жұртты сұрап,
Көшпенді түркілерден әскер құрап.
Орнатып «үш жүз» дейтін бір түзімді,
Жасаған қалмақтармен соғысты ұзақ [9, 21-22].*

*Сонымен «үш жүз» түзім қалыптасқан,
Руға да, тайпаға да ол белгі басқан.
Өз Тәуке осыларды қайта істеп,
Үш жүзге бөлген елін жаңа басқа.*

*Соңғы үш жүз басталды осы жерден,
Реттеп жөнге салған Өз Тәукеден.
Ел-жұртты басқаруда жөн-жосық боп,
Бұл әдіс осылайша жүре берген.
Бұл «үш жүз» содан бері кемелденген,
Қалмақтан ажыраған көп ел енген.
Ру, тайпа жүзге қарай қоныстанып,
Малға бай кең даланы мекендеген.*

*Үйсін, дулат, жалайыр, қаңлы елін,
Атады Ұлы жүз деп жүрген жерін.
Арғын, найман, уақ, керей, қоңырат, қыпшақ,
Орта жүз деп атады бүкіл елін.
Байұлы, Әлімұлы, жеті руды,
Алшын, жаппас, жағалбай, шекті руын.
Түгелімен атады Кіші жүз деп,
Барлығы да ханына берген сенім [9, 23].*

Фольклор нұсқасында қазақтың қара қалмақ шапқыншылығынан жапа жегуіне орай, әрі басқару тәсілін жеңілдету мақсатында «алаш жұртын» жаңадан үшке бөлген Тәуке хан болды. Алғашында қазақ жүздерінің рулары Шыңғыс ханның үш ұлысына тиесілі болса, Тәуке заманында осы ұлыстар жүз атауымен бөлінген. Орта жүз – ақ қалмақтар, Алтай даласы алғашында Үгедейдің ұлысына жатса, кейіннен Бату ұлысы құрамына қосылған, оң қанат – татарлар Кіші жүз руларын құраған, сол қанат – Орта жүз (өзбек, қалмақ) руларымен топтасқан. Ал, Шағатай ұлысының халқы негізінен Ұлы жүз деп атау алған.

«Жүз» деген ұғыммен бірге «Алаш», «қазақ» этнонимдерінің аталуы қазақ аңыздарында орын алған халық арасында айтылатын аңыздардың мазмұны ұқсас келеді. Мұның бір нұсқасы Мәшһүр Жүсіптің жазбаларында былай түсіндіріледі: *«Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген де аталарының аты болса керек, «Жүз» деген атты руға, «Алаш» деген ұранға қойып жауға шапқанда «Алаш», «алаш» деп шабыңдар, «Алаш, алаш» дегенді әкең де болса ұрып жық» деп бата қылысыпты. Кеше «Алаш, алаш болғанда, Алашахан болғанда үш жүздің баласы қазақ емеспе едік» деп айтылған сөз сонан қалды». Қазақ қауымында Алаша тұлғасы, «алаш» ұғымы мемлекеттің символындай болды. Жүз ұғымы қазақ руларының негізін қалаған ұғымға айналды, ата деген атау алды.*

Жүз ұғымының, оның ішінде үш жүздік құрылымға байланысты ең алдымен айтылатыны жоғарыда көрсетілгендей территориялық-шаруашылық аймақ ерекшелігі. Енді осы сөз этимологиялық тұлғасына тоқталып, мағынасын ашуды талап етеді.

Жүз мәнісіне Қ.Халид төменгідей анықтама

берген: «Үш жүздің жазылған хикаялардан байқағанда үш ұлдың аты екендігі, болмаса оларды үшке бөлгенде әкімдеріне берілген мансаптың аталуы екендігі тарихи шындық. Ресейде аға сұлтандан, қытайда уаң, күң сияқты, арабша жүз дегені – бөлшек, тон – мағынасында айтылуы ақылға сияды», – дей келе, осы себептен кейде арабша «жүз», кейде «бөлшек» болып жазылатынын, тіпті ноғайда да кездесетінін айтады [10]. Зерттеуші М.Тынышбаев берген ғылыми анықтамасында да осы пікірді нақтылай түседі. «Жүз» сөзі «жүздік», «жақ», «бөлік» болып аударылғанымен мағынасы ашылмайтынын айтады. Солай дей келе, көне түркі тілінде кездесетін «дуз», «доз» деген сөздердің түлғасымен салыстырады. Ғалым бұл сөздердің көне түркі тілінде «қамал», «Орда» дегенді білдіретінін келтіреді және осы сөздің мағынасымен байланыстырғанды жөн көреді. Аңыз бойынша қазақтың үшке бөлінуі Хақназар хан тұсында орын алды деп ойлайды [11].

Алаша хан туралы жинақталған дерек аңыздардың М.Ж.Көпейұлы жазбасында үш жүздің қалыптасуын төменгідей көрсетеді:

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» аталған кісі осы болса керек. Бұлар енді ел болғанымызды жұрт көзіне түсірейік деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып хан сайлапты. Оған «Алаша хан» деп ат қойды. Бастапқы бірге келген жүз жігіттің бастығы – Үйсін. Бұл Ұлы жүз Үйсін деп аталды. Түпқазығы – Салықшы. Жауға шапқанда бұлар шаппасын. Тас-түйін болып тұрсын депті. Ортада келген жүз жігіттің бастығы Болат қожа. Бұған Орта жүз деп ат қойысыпты. Бұл Орта жүз тосқауылшы орта буында жүрсін. Ханның бақташысы болсын депті. Бұл Орта жүз «Ақ жол» атансын дейді. Соңғы келген жігіттердің басшысы – Алшын. Жаудан беті қайтпайтын жаужүрек, қарсы алдында жүріп жан қадірін білмейтін, бұлар кезуілші болып, ең алдында жүріп жауға шабатын болсын. Бұған Кіші жүз «Алшын» деп ат қойды. Қазақтың үш жүз аталған жері осы». Қазақты үш жүзге бөлгендегі сипаты Шыңғыс ханның соғыс тактикасынан айқын көрініс береді. Шыңғыс ханның жасағының алғашқы тобы болулармен қатар – Кіші жүз тобы болған. Қазақ аңызы бойынша Майқы би қазақтарды үш жүзге бөліп, Үйсін бастаған бөлікті Ұлы жүз, Арғын бастаған бөлікті Орта жүз, Алшын бастаған бөлікті Кіші жүз деп атайды.

Фольклорлық деректерде қазақ жүздерінің этникалық құрамына төменгідей баға береді:

Қазақтың болған екен үш баласы,
Емшектес үшеуінің бір анасы.
Үш жүзге осы арадан бөлінеді,
Шығады бұл туралы сөз таласы.

Біреуі айтады: «үшеуі – үш жүз кісі»,
Түрлі-түрлі айтады қазақ іші.
«Оннан-мұннан құралған қашқын» дейді,
Миға салсақ тура емес дәл мұнысы [9, 95].

Ел ішінде үш жүз (300) рулы ел деп айтылатын сөз бар. Бұл тұрғысында қазаққа «анда» болып туыстасу дәстүрі қазақ ұлтының құрамы – көптеген түркі руларының бірігуінен жүзге асқан болады.

Қазақ арасында үш жүздің енші алысуына байланысты да мағлұматтар сақталған. Енші алуда Шыңғыс хан жасақтарының иерархиялық сипаты айқын көрінеді. Шежіре бойынша мұраға даулы болған Қазақбайдың үш ұлы Аласа ханға айтысып

келеді.

Даулы болған мұрасы:
Бір кілем, найза, бір қамшы,
Бұл сөзімнің ырасы,
Аласа төрем сынашы.
Үшеуі келді таласа,
Ұлы жүз алсын кілемді,
Деп бұйырды жараса,
Орта жүзге бұйырды
Бауырдақты қамшысын.
Үлгі қылған нарт үшін
Сол күндегі халықты
Хан жаратқан халық үшін
Кіші жүзге бұйырды,
Екі жүзді найзасын,
Жау мұқатып айдасын
Елдің қамын ойласын.

Ерте кездегі ел аңызындағы қазақ елінің үш жүзінің енші алысуын сипаттай айтқан бұл өлең бір ақынның жыры екен [12]. Қазақтың әдет-ғұрып ережесі бойынша да әр жүз өкілдерінің өзіне тән дәрежелері бар екендігін көпшілік қазақ жұрты біледі.

Қазақ қоғамында тағы бір жүз арасында бөлінбеген енші ұғымы бар. «Қонақасы» дәстүрі тек қана қазаққа тән «Алаштан қалған бөлінбеген енші» деген ұғымға негізделеді [10, 90-91]. Қазақ қоғамының өзегі рулық қатынастар, туысқа көмек – міндетті парыз. Онда көрсетілген «қонақасы», «ортақ енші», «жылу» сияқты қайырымдылық нормаларынан бас тартқан адам өзіне бүкіл руды, қоғамды қарсы қойып алады.

Аңыздардың екінші бір тобы үш жүздің құрамына кіретін рулар үш кісінің баласы деген дерекке Қ.Халид: «Үш жүзге Қара Келімбет, Сары Келімбет, Ақ Келімбет деп әрқайсысының аты Келімбет, ал мансабы жүзбен бөлінеді. Қара Келімбет – Ұлы жүз, Сары Келімбет – Орта жүз, Ақ Келімбет – Кіші жүз» дей келе, Ұлы жүзден Үйсін, Кіші жүзден Алшын, Орта жүзден алты ұл тарайды. Оны Алты Арыс дейді. Олар: Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей деп рулық құрамына дейін таратып көрсетеді. Деректен көріп отырғанымыздай Келімбеттен таратады [21, 92]. Мұндай пікір басқа шежіре мәліметтерінен де қолдау тапқан.

Мұса Шорман шежірені Қотан тайшыдан таратады. Бұл тұрасында Мәшһүр Жүсіп түбірлі сөз қылып, туынды қылып айтушы болмаған соң біреу Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс үш жүздің аталары деседі, біреулер ақсақ Келімбет, Қара Келімбет, Сары Келімбет, Науан, Шадан деген аталары бар десіп жүр, бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ дегенді айтады [13]. Қазақ жүздерінің жіктелуін Қ.Салғараұлы да жоғары деңгейде ашып жазды [4].

Қазақтардың үш жүзге бөлінетінін жүздерді орыстар Орда деп айтатынын Ш.Уәлиханов «Қырғыз шежіресінде» жазады [14]. Ұлы жүзді басты-басты Албан, Суан, Дулат, Жалайыр төрт ру құрайтынын, олардың Үйсін деген күшті атадан тараған атпен аталатынын айтады. Орта жүзді құрайтын негізгі рулар қатарына Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керейді атайды. Сонымен қатар ішінде Жеті ру Кіші жүзде ғана емес, Орта жүзде де барын білдіреді. Ал, Кіші жүзде екі үлкен Әлімұлы, Байұлы және үшінші бірлестік Жеті ру аталды. Бұлардың Алшын деген атпен аталғанын келтіреді.

М.Х.Дулатидың деректеріне сүйенсек, Керейдің, Бұрындықтың, Қасымның, Тахирдің, Бойдастың билігі кезінде Қазақ хандығы жүзге бөлінуді білмеген деп көрсетеді [15]. Яғни, қазақ

тарихының Хақ Назар заманы қазақи деректерде үш жүздік құрылымның қалыптасуымен түсіндіріледі. Хақ Назар заманы тарихи фольклор деректерінің ішінде шежіре мен мақал-мәтелдер арқылы сақталған [13]. Керей, Бұрындық, Қасым, Тахир, Бұйдаш хандар билігі кезінде «жүз» ұғымының кездеспеуі заңды, себебі осы тұс жаугершілік, шапқыншылық заман болып, әлі де болса қазақтың ел болып қалыптасу үдерісі Хақназар хан тұсында да жүріп жатты. Қазақтың жүзге бөлініп, көші-қонысы, ұраны мен таңбасы қайта айқындалды. Ноғай жұртының Қазақ хандығының құрамына ауа көшу жағдайы орын алып жатты. Көне жырдың бірінде:

Ноғайдан қазақ бөлініп,

Үш жүз болып тараған...

деген жыр жолдары бар. Өзбек ұлысынан, Оқас бидің көмегімен хан болған Әбілхайырдың хандығынан бөлінген қазақты, жырау ноғайлыдан бөлінді деп көрсетеді [16, 104]. XVI ғ. 50-70-жылдарында Хақ Назар ханға сыртқы саясатта ең оңтайлы іс ноғайлармен сәтті басталды. Хақ Назар билік еткен уақытта Ноғай Ордасында ішкі билікте келіспеушілік туып, бытыраңқылықта болып, екі топқа бөлінген уақыт болатын. Бұлардың бір тобы Ресей құрамына енуді көздесе, екінші бір бөлегі Қазақ хандығына бой бұрды. Міне, осы тиімді сәтті пайдаланған Хақ Назар Ноғай мырзаларымен тығыз байланыс ұстап, өзіне тартты, негізгі мақсаты болған Жайық өзенінің сол жағасын Қазақ хандығының территориясына қосып алды [5].

Жоғарыдағы дерек көздері «жүз» ұғымының қалыптасу кезеңін Қазақ хандығының құрылуынан кейінгі мерзімді көрсетеді. Әрине, осы бөлінуге арқау болған Алаша хан заманында қалыптасқан әскери тәртіп болды. Хақ Назар ханның тұсында бұрындары Шыңғыс ұлыстары Орда деп жіктелсе, ендігіде «жүз» деп айқындалған.

Бұл сұраққа жауабымызды толықтыра түсу үшін әуелі ортағасырлық ғылыми деректерге сүйену керек. Атап айтқанда Захир-ад Дин Бабырдың «Бабыр-наме», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» тәрізді бағалы туындыларына назар аударған жөн.

Осы кезеңді мұқият зерттеп жүрген тарихшылар Орда-Жүз деген ұғымдар арасында өзара байланыс және сабақтастық болуы мүмкіндігін теріске шығармайды. Моңғол билігі кезінде кең тараған «Орда» ұғымы біртіндеп «Жүз-Орда» атауына, онан соң «Жүз» түсінігіне алып келуі мүмкін екенін әзірге ешкім жоққа шығара қойған жоқ.

Жүз мәселесіне байланысты «Шыңғыс-наме» жазылған аңыз ерекше назар аудартады. Онда Жошы қайтыс болғаннан кейін оның ұлысын балалары арасында Шыңғыс ханның қалай бөлгені айтылады. Осылайша бұрынғы Жошы ұлысында бірнеше жаңа ұлыстар пайда болды, олар Алтын Орда, Көк Орда және Боз Орда деп аталды [6, 16]. Қазақ жері саяси-территориялық құрылымы жағынан Шыңғыс хан ұрпақтары тұсында-ақ бөліне бастағанын байқаймыз. Жүзге бөліну саяси ықпалдың салдарынан орын алды, шыңғысшыл-төрелердің белгілі бір аймаққа әкімшілік билікті орнықтыру нәтижесінде қазақ қоғамында Шыңғыс хан ұрпақтарының біріне арқа сүйеген рубасылар өз ықпалын көтеру мақсатында, яғни саяси биліктен оқшау қалмау мақсаттарында өз аймағында хан тағайындап, еркін әрекет жасауға ұмтылды. Онда, тарихымыздағы Әбілхайыр ханның қыпшақтарға арқа сүйеп, негізгі лауазымды қызметтерді осы ру өкілдеріне табыс етуі,

арғын мен қыпшақ рулары арасындағы дауға, тіптен «ел айырылу» үдерісіне әкелді. Біртұтас түркі-моңғол жұртының негізгі ошағы бірнеше елді мекенге бөлініп кетті.

Қорытындылай келе, қазақтың үш жүзінің пайда болуы Шыңғыс ханның жасақтарының негізінде құрылды деп білеміз. Яғни, Ұлы жүз рулары шығу төркіні жағынан Шыңғыс ханға жақыны моңғолдардың нушибилер тобынан, Орта жүз моңғолдардың әлсіз тобынан, яғни ақ қалмақтардан құралса, ал Кіші жүз татарлардан, яғни ноғай-қыпшақ тобының алшын руларынан қалыптасты. Төле бидің «Жүзге бөлінгеннің жүзі бөлінсін» деп, бір ата Қазақбайдың баласы үш жүзге бөлінгені әкімшілік басқаруды жеңілдетудің орнына, саяси жағдайды ушықтыра түсті, жүз-жүзге бөлініп, өз ішінде хан сайлау да орын алды. Әйтседе ұлан ғайыр аймақтағы алаш жұртының негізгі ошағын топтастыруға мүмкіндік берді. Қазақ хандығының құрамы Шыңғыс ханның Жошы, Үгедей және Шағатай ұлыстарының туысқандығы жақын тобынан құрылған, яғни моңғол-татардың негізгі тобынан қазақ атанған үш жүздік бірлестік құрылды деп ой түйеміз және Қазақ хандығына топтасқан үш жүздің рулары көршілес түркі елдерінің негізін де қалады. Үш жүздің қалыптасу үдерісі Есім ханның тұсында өзінің тоғысу шағына жетті. Қазақ аңыздары бойынша үш жүзге бөлінген рулық құрылымы анықталған, әр рудың иерархиялық құрылымын бекіткен жер – «Таңбалы тас». Ол, сонау Алаш заманынан бастау алып, кейініректе де қолданыста орын алған саяси орталық болды.

РЕЗЮМЕ

В этой статье возникновение казахских джузов берет начало с эпохи Чингисхана. Впервые на основе Среднего джуза было основано Казахское ханство во главе ханами Керей и Жанибека, а ногайская часть был присоединен в состав Казахского ханства только при Хакназар хане и сформировалось Младший джуз. С распадом Могулистана состав Великих Племен был определен по основной этнической группе чагатайской этнической группы. Чтобы упростить подход Тауке-хана, народ Алаша-«казахи», разделен на три административные зоны в зависимости от их этнического состава. Фольклорные данные свидетельствуют о преемственности темы Казахского ханства между монголо-татарским периодом гунно-тюркской эпохи. Эта тема связана с гунно-тюркской эпохой, и мы называем ее «белая кость» - управляющая группа - «монгол», а другой класс, татары - «черная кость», ближе к истине. И монголы, и татары описаны как сообщество. Хроники Чингисхана дополнены летописью Алаша хана и показаны идентичными двум людям. Иерархическая структура казахских племен связано с разделением в джузы.

Ключевые слова: Монгол, татарин, калмык, ногай, узбек, киргиз, узбеки, огузы, алаша, «он ок», нур, дулу, ашин, теле, алчин, Чингисхан, Старший джуз, Средний джуз, Младший джуз, Дулат, Джалайр, Аргын, Найман, Конырат, Туленгит.

In this article, the emergence of Kazakh Juzes originates from the era of Genghis Khan. The Kazakh Khanate, headed by HaminKayri and Zhanibek, and it included only the Kazakh Khanates, only under the Khaknazar Khan and the Junior Juz was formed. The composition of the Great Tribes was determined by

the main ethnic group of the Chagatai ethnic group. To simplify the approach of Tauke Khan, the people of Alash are “Kazakhs”, divided into three administrative zones depending on their ethnic composition. Folklore evidence indicates the continuity of the theme of the Kazakh Khanate between the Mongol-Tatar period of the Hunno-Turkic era. This topic is related to the Hunnic-Turkic era, and we call it the “white bone” - the governing group - the “Mongol”, and the other class, the Tatars - the “black bone”, closer to the truth. Both Mongols and Tatars are described as a community. Chronicles of Genghis Khan are supplemented by the annals of Alash Khan and are shown identical to two people. The hierarchical structure of the Kazakh tribes is connected with the division into the Juzes.

Key words: Mongol, Tatar, Kalmyk, Nogai, Uzbek, Kyrgyz, Uzbeks, Oguzes, Alasha, “he is ok”, Nur, Dulu, Ashin, Tele, Alchin, Genghis Khan, Senior Juz, Middle Juz, Junior Juz, Dulat, Jalair, Argyn, Nyman, Konyrat, Tulengit.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 156 б.
2. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап: (XV ғ.-дан XVIII ғ.-дың бірінші жартысына дейінгі кезең). – Алматы: «Білім», 2002. – 320 б.
3. Сулейменов М.-Х. Эра Чингисхана в истории казахской нации (степная дипломатия). – Алматы, 2009-324 стр.
4. Қазақтың көне тарихы/ Дайындаған М. Қани.-Алматы: Жалын, 1993.-400 б.
5. Сұлтанов Т.И. Қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы. – («Жетінші сөз» сериясы). Алматы: Мектеп, 2008.-160 бет.
6. Тұрсын Сұлтанов. Алтын Орда. Еуразия даласындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының мемлекеті-Алматы: Мектеп, 2011.-176 б.
7. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: «Ел - шежіре», 2008. Т. 8. – 312 б.
8. Құдайберді ұлы Ш.К. Түрік, қарғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-ші бас. толық. – Астана: «Алтын кітап», 2007.-270 б. – (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 28-ші том).
9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - «Фолиант», 2009. Т 32: Тарихи жырлар -400 б.
10. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. 228- б.
11. Мұхамеджан Тынышбаев. Қазақ халқының тарихы. (Құрастырушы: Төкенов Ә., Байғалиев Б.). – Қарағанды: «Болашақ - Баспа» РББ., 2010. – 229б.
12. Көпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1993.
13. Елешова З. XV-XVIII ғғ. қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы: Тарих ғыл. канд. дисс... 07.00.02. – Алматы, 1999. – 161 б.
14. Валиханов Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. – А., 1985. – Т.2. – С. 148-166.
15. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 1999. 656 б.
16. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата: «Наука». 1969.

ДАЛАЛЫҚ ОРДАЛАР ТУРАЛЫ

Сейітқали ДҮЙСЕН,
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми
қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты

«Орда» ұғымы ерте орта ғасырларда түркілерден тараған және оны алғаш болып әлемдік тарихнамада батыс және шығыс еуропалықтар қолданған. Ресейдің беделді анықтамалары мен сөздіктері «орда» атауы ежелгі түркі тілінде «ставка, резиденция хана, дворец» деген мағына беретінін жазады. Түркі және моңғол халықтарында алғашқыда «мекен, көшпелілер тұрағы» кейіннен ол әскери-әкімшілік ұйымға айналды деген анықтама бар. Сонымен қатар күнделікті қолданыста адамдардың қалың тобырын да орда деп атайтынын да «ескертуді» (ерекшеленген біз –С.Д.) ұмытпайды [1,850].

Дала өркениетінен хабары мардымсыз еуропалықтар басы бірігіп ұйымдаспаған қыруар адамдар тобырын осылай орда деп кемсіткен. Орта ғасырлардағы тарихи еңбектерде «орда» термині, негізінен, көшпелі тайпалардың мемлекеттері мен одақтарының атауы ретінде қолданылған.

Қазақстандық шығыстанушы ғалым В.П.Юдин «орда» термині түркі-моңғолдардың «юрта», «ханская юрта», «дворцовая юрта», «парадная юрта» деген ұғымы ретінде қолданылып, кейін қолданылу аясы кеңейіп, «ставка», «резиденция хана, правителя» деген мағынаға айналғанын айтады [2,22].

Академик Ә.Х.Марғұлан да «орда» термині мағынасын ашып жазбаса да өз еңбектерінде кеңінен қолданғаны белгілі. Қазақ ғалымы Айболат Көш-

кімбаев ежелгі қытай, шығыс елдерінің және орыс ғалымдарының деректерін зерделей отырып, бұл терминнің түп-төркіні хуннулардың (ғұндар) «пограничный лагерь», «военный стан», «укрепление» деген мағына беретін «оуто» сөзінен шыққан деген пікірге тоқталады. Автор бұл ежелгі түркілердің орда сөзімен мағынасы ұқсас деген пікірді ұсынады [3,84]. Түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы да ортағасырлық түркілерде Қаған ордаларының ел өмірінде маңызды рөл атқарғанын атап көрсетеді [4,25-26].

Қазақстандық археологтар да «орда» ұғымын анықтауға өз үлестерін қосуда. Қызылорда облысында табылған ортағасырлық Сортөбе қалашығын олар басқаша «Ордазы» деп атайды. Тіл мамандары бұл атау «кіші орда» деген мағына беретінін көрсетеді. Археолог Әзілхан Тәжекеев болса Жанкент түрік-оғыздардың «үлкен ордасы», ал Ордазы «кіші ордасы» болуы мүмкін деген болжам айтады [5]. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс ғалымдары мен шенеуніктері қазақ қоғамындағы жүздерді де «орда» (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда – С.Д.) деп атағаны да мәлім.

Ал дәстүрлі қазақ дүниетанымында «орда» ұғымы мемлекеттілікті, елдікті білдіреді [6,173]. Негізінен «орда» түсінігі түркі және моңғол тайпаларында мемлекеттік бірлестіктерді айқындаған. Мәселен, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк орда, Ноғай ордасы (Үлкен Ноғай Ордасы, Кіші Ноғай Ордасы–С.Д.) сияқты

атаулар осының дәлелі. Бұл жерде орда ұғымымен қатар түрік-моңғол халқының ұғымында «ұлыс» деген атау да мемлекет деген мағына беретінін ескерген жөн. Ғалымдар кезінде Алтын Орданы «Ұлық ұлыс» деп атағаны туралы жазады [7,280].

Еуразия аумағында орда атауымен мемлекеттілікті айқындау моңғол шапқыншылығына байланысты кеңінен тарағаны байқалады. Дегенмен тарихшылардың деректеріне сүйенсек моңғолдар өздері құрған мемлекетінің атын «Алтын Орда» деп атамаған, билеушінің есімін қосып «ұлыс» деген, өйткені моңғол империясында ұлыстық басқару жүйесі қалыптасқан болатын. «Жошы ұлысы», «Шағатай ұлысы», «Төле ұлысы», «Үгедей ұлысы» сияқты мемлекет атаулары болғаны осыған дәлел.

Түркілердің бір бұтағы – ноғайлы халқы орыс княздіктерімен қоныстас өмір сүріп, тығыз саяси-экономикалық байланыста болғандықтан орда ұғымын орыс, украин халықтары да қолданғандығы айқын. Ресей, Украина, Беларусь тарихшылары ауызекі сөздерінде «ордынская история», «ордыноведение», «ордынцы» деген тіркестерді қазіргі күнге дейін қолданады.

XIII ғасырларда орыс жылнамашылары билеушілер атымен Алтын Орданы татарлар елі деп атағаны да мәлім. Сонымен қатар олар түркілік мемлекеттік бірлестіктер атауына орда терминін қоса бастады. Мәселен, «Мұрат Ордасы», «Мамай Ордасы», «Еділ Ордасы», «Ахмет хан Ордасы», «Үлкен Алтын Орда», т.с.с. [8,152-153].

Алтын Орда мемлекетінің атауы хан резиденциясының атына байланысты шыққанына орта ғасырларда осы мемлекетке келген саяхатшылардың қалдырған жазбалары дәлел болады. Плано Карпини Күйікті хан көтеру құрметіне татарлар алтындаған шатыр тіккенін суреттейді.

Араб саяхатшысы Ибн Батута Өзбек хан ордасының сән-салтанатын былай деп сипаттайды: «Он [Узбек] садится в шатер, называемый золотым шатром (ерекшелеген біз – С.Д.), разукрашенный и дикий. Он [состоит] из деревянных прутьев, обтянутых золотыми листками. Посередине его деревянный престол, обложенный серебряными позолоченными листками, вожжи его из серебра, а верх усыпан драгоценными камнями» [8,153-154]. Зерттеуші **Қалибек Данияровтың** Алтын Орда мемлекеттің емес, мемлекет астанасының атынан шыққан деген пікірі [9,35] де осындай деректерге сүйеніп айтылғаны байқалады.

Ортағасырлық түркілерде «орда» сөзі адам есімімен байланыстырып та берілетіндігі байқалады. Мәселен, Ақ Орданың бір бөлігін билеген Жошының үлкен баласының аты – **Орда-Ежен**. 1359-1360 жылдары Алтын Орданы екі жыл билеген Ақ Орда ханы Сасы Бұқа ұлының аты да **Орда-Шейх** еді [6,174-175]. Дегенмен, түркілерде орда ұғымы қалаларға, елді мекендерге қатысты көбірек қолданылған сыңайлы. Бұған ұлт тарихынан бірнеше мысалдар келтіруге болады. Ортағасырлық моңғол мемлекетінде орда атауын қала атауына тіркестіріп қою болғанына **Орда-балық** қаласы дәлел бола алады.

Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына арналып Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген халықаралық жиынға Моңғолия Премьер-министрінің орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Өлзийсайханы Энтүвшин арнайы келді. Ол моңғол мен қазақ халықтарының тарихы, тағдыры және мәдениеті ұқсас, бауырлас ел екеніне назар аударып, бұл мемлекеттің тарихын бірлесіп зерттеуді қолдайтынын, кезінде

моңғол империясының астанасы болған Қарақорым қаласының 800 жылдығын атап өтетінін айтты және қазақстандық ғалымдарды осы қала тарихына қатысты бірлескен зерттеулер жүргізуге шақырды [10].

Академик Әлкей Марғұланның пікірінше, **Моңғол империясының бір бөлігі Жошы ұлысының экономикалық және саяси орталығы Ұлытау өңірі болған.** Осы ұлыстың бір орталығы – Орда-Базар қаласы Кеңгір өзені бойында тұрғызылған. Ә.Марғұлан бұл тұжырымға ортағасырлық тарихшылар, саяхатшылар мен орыс ғалымдарының деректеріне сүйене отырып келген.

Ұлытауда Орда-Базар қаласының болғанын қазіргі орыс ғалымдары да растайды. Алтын Орда тарихын 25 жыл зерттеген тарих ғылымдарының докторы В.Л.Егоров жазба және археологиялық деректерге сүйене отырып XIII-XIV ғасырларда Алтын Орданың 110 қаласы болғанын анықтаған. Ресейлік ғалым осы қалалардың бірі ретінде Орда-Базар қаласы Алтын Орда мемлекетіндегі қолөнері мен саудасы дамыған, әрі саяси орталықтарының бірі болғандығына тоқталып, бұл қалада хандар ақшашығарған деген тұжырым жасайды [8,139].

Ә.Марғұлан Ұлытаудың мемлекет ордасына қолайлы аймақ болғандығына назар аударады. XIII ғасырдағы парсы жылнамашысы Жүзжанидің: «Жошы нашел, что не может быть земли приятнее этой, лугов и пастбищ обильнее этих», – деген пікірін келтіреді [11,328]. Сол кездегі жылнамадан: «После восшествия на ханство до истечения восьми лет [Узбек-хан] проводил жизнь со всем своим илем в странах северного Дешт-и-Кипчака, так как ему нравились [вода и воздух] тех стран и обилие охоты [дичи]», – деген дерек жетіпті.

Академик Ә.Марғұлан «Средневековые поселения, города и памятники Сарыарки. Улытауская степь» мақаласында Жезқазған өңірінде XIII-XV ғасырларда өмір сүрген Орда-Базар қаласы кейбір деректерде Алтын Орда ханы Батудың ордасы, яғни Сығанақ қаласынан кейінгі екінші астанасы деп бағаланғаны туралы жазады. Әмір Темір мен оның ізбасарлары Ұлытау өңіріне бірнеше рет шапқыншылық жасап, 1422 жылы бұл қаланы тонағаны туралы дерек келтіреді [11,362]. Ә.Марғұлан

ның жазуынша, қарсыластарынан қуғын көрген кейбір сұлтандар Орда-Базар қаласын паналаған. Солардың қатарында Самарқаннан қашып бас сауғалаған Әмір Темірдің немересі Абу Саид та болыпты [11,362].

Дешті-Қыпшақ ханы Әбілқайырдың (1428-1468) өз астанасын Сібір жеріндегі Тура қаласынан Ұлытаудағы Орда-Базарға көшіргені мәлім. Оны бір қатар зерттеушілер өз еңбектерінде атап көрсетеді. Ортағасырлық жылнамашы Масуд бин Осман Кухистани Әбілхайыр хан тұсындағы әскери-саяси тарихты баяндаған, 1540-1451 жылдары жазған «Тарих-и-Абулхайр-хани» атты еңбегінде «киелі орда, Дешті Қыпшақтың астанасы» Ұлытау өңірінде деген дерек қалдырған [6,173]. Бұл жоғарыда келтірілген деректерді нығайта түседі. Тарихшы ғалым Б.Ғ.Аяған да Әбілқайырдың Орда-Базарды астана етіп, ол жерде өз атынан ақша шығаруы мүмкін деген болжам келтіреді [12,84].

Кейінірек Әбілқайыр мен Шайбан әулеті Дешті Қыпшақ билігінен ығыстырылған соң бұл аймақ Барақ хан әулетінен тараған Керей мен Жәнібек хан ұрпақтары иелігіне өтеді. Дегенмен, Орда-Базар қаласы түркілердің және қазақ хандарының тұрақты астанасы болды деуге табан тірерліктей деректер әлсіз. Ортағасырлық жазбаларда қаланың

толық сипаттамасы берілмейді. Әзірше бұлтартпас археологиялық деректер де жоқ. Сондықтан Орда-базарды түркі билеушілерінің жазғы ордасы қатарына қосқан дұрыс деп есептейміз.

Ә.Марғұлан «Средневековые поселения, города и памятники Сарыарки. Улытауская степь» мақаласында Ұлытауда, Қаракеңгір өзені бойында, оның Ақсай саласы қосылар тұста «Хан ордасы» (Ескі орда) атты бекіністің орны барын жазған. Сол кезде биіктігі 5-6 метр болатын төбешіктен тұратын бекініс орны шамамен Жошы хан кесенесінен солтүстікке қарай 65 шақырым жерде тұрғанын көрсетеді. Ғалым бұл бекініс орнын «Ақсай қалашығы» деп атап қамал құрылымының көлемі 100 x 100 метр, қала жұртының айналасында ені 5 метр, тереңдігі 2-3 метр қазылған ордың орны, ал төбешіктің солтүстік-шығыс жағында қамал қабырғасы мен мұнараның қалдықтары байқалатынын жазған [11,365]. Академик сонымен бірге «Ескі орданың» жазба деректерде де кездесетініне назар аударады.

Президент Қ.Тоқаев та «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумда сөйлеген сөзінде Ұлытауды – қазақ ұлтының алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі екендігін айта келіп, басқа да киелі орындармен қатар «Хан ордасының» да орны ерекше екенін және оның келешегі туралы ой бөлісуге шақырды [13].

Әлкей Хақанұлы ортағасырлық жылнамашы Хафиз Таныштың Бұқар ханы Абдулланың Ұлытау өңіріне жорығы туралы жазса келе, оның Сарайлы мен Турайлыда болғаны туралы дерек барын келтіреді [11,365-366]. Ол Х.Таныштың Кеңгір өзені аңғарында хандардың «Сарай» және «Турай» сияқты резиденциялары болғанын келтіріп, қазіргі уақытқа дейін бұл жерлердің Сарайлы, Турайлы аталатынын дәлелі ретінде алға тартады [14, 328].

В.П.Юдиннің пікірінше, көшпелі түркілерде саудагерлер, қолөнершілер және басқа да тұрмыс қажетіне жарайтын құрал-жабдықтар жасайтын кәсіпшілер тобы хан ордalarıмен бірге ілесіп көшіп жүрген. Олар хан ордасына таяу қоныстанған. Мұндай уақытша қоныстар көшпелі қала сияқты болған. Мұндай қалаларды «орда-базар» деп атаған, яғни шығыс базарларындағыдай адамдар өз қажеттерін осы жерден сатып, айырбастап алып отырған. Мұндай көшпелі қалалар жүздеген, кейде мың шақырымға дейін көшіп-қонып отырған. В.П.Юдиннің пайымдауынша, далалық жерде кейде осындай орда-базардан тұрақты, отырықшы қоныстар да пайда болған [2,22].

Азиядағы көшпелілік тарихын зерттеуші профессор Г.Е.Марков та көшпелілерде соның ішінде моңғолдарда, қыпшақтарда, т.б. далалық шағын қалалардың болғандығына тоқтала келіп: «...в городах которые появлялись время от времени в кочевой степи, жили выходцы из земледельческих оазисов: торговцы, ремесленники, существовали такие города недолго, ибо оставались изолированными и нетипичными», – деген тұжырым жасайды [15,285].

Профессор М.Сарыбеков өз мақаласында 1269 жылы Талас құрылтайынан кейін Шыңғыс ханның ортақ мұрасы жолында бірлескен хандар бұдан былай қалаларда емес, таулар мен далаларға, жазық жерлерге қоныстанатын болып уағдаласып, осы құрылтайды ұйымдастырушы Қайду хан ордасын Шу даласына тіккені туралы дерек келтіреді [16]. Автордың бұл дерегі де В.П.Юдиннің ойының дұрыстығын нығайта түседі.

2019 жылы жазда Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облысының шектескен жерінде археологтар қоныстың орнын тауып, оны Алтын Орда дәуіріне жа-

тады деген қорытындыға келген. Мидай жазық далада табылған қалашық орнынан қыш кірпіштен тұрғызылған көне құрылыс орындары оның дәлелі екенін алға тартуда [17] осындай орда-базардың бірі болуы мүмкін.

2018 жылы Астананың 20 жылдығына арналған салтанатты қабылдауда Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің тапсырмасы бойынша астаналық археологтар Елорданың іргесінде Күйгенжар аулының тұсынан Әз Тәуке ханның жазғы ордасының орнын тапқанын мәлімдегені белгілі.

Тәуке хан ордасын іздеуге басшылық жасаған тарихшы ғалым Ж.Артықбаевтың пікірінше, жазғы жайлауда көшпелі жауынгер елмен бірге болу Еуразия кеңістігіндегі билеушілердің ежелден бергі дәстүрі. Қазақта «хан жайлауы» ұғымы соны білдіреді. Еуразия көшпелі елдерінің билеушілері қыста оңтүстікте, қалалық өңірде қыстап, жазғы жайлауды елмен бірге Арқада өткізетіні ертеден белгілі салт деп тұжырымдайды [18].

Көшпелі халықтың жаз бойы және күзгі салқын түскенше жайлауда және күзеуде болатыны мәлім. Бес-алты ай бойы шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті заттарды және құрал жабдықтарды жасайтын уақытша орындар, баспаналар, уақытша қоныстар қажет болатыны анық. Сондықтан сан жүздеген, тіпті мыңдаған адам орналасқан жерлерде уақытша хан ордaları болуы әбден мүмкін.

Қазақстан Республикасының орталық және солтүстік өңірлерінде сол кездегі тұрғындардың (яғни қазақтардың ата-бабалары – С.Д.) негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан ежелгі және ортағасырлық қала-қоныстар сирек болатыны белгілі. Дегенмен, кезінде Әлкей Марғұлан «Сарыарқаның ортағасырлық қалалары, қоныстары мен ескерткіштері» мақаласында **Орталық Қазақстанда 60-тан аса бекітілген қамалдар (ордалар)** мен қоныс-қыстақтардың қалдықтары табылғанын көрсеткен еді [14,267].

Орталық Азияның ортағасырлық тарихын зерттеуші жапон ғалымы А.Ханеданың 1975 жылы тарихшылардың халықаралық конгресінде Орталық Азия көшпелілерінің қала мен дала мәдениеті болғаны туралы мәлімдегенін қазақстандық ғалым Г.Ф.Дахшлейгер осыдан 40 жыл бұрын өз еңбегінде келтірген болатын [19,168].

Кеңестік кезең тарихшыларының басым бөлігінің Алтын Ордада (Жошы ұлысында) қала мәдениеті мүлдем болмағаны туралы ұстанымда болғаны белгілі және бұл пікірді Алтын Орда тарихын зерттеуші кейбір ресейлік ғалымдар әлі де қолдайды [20,162].

Дегенмен, Татарстан зерттеушілері соңғы жылдары тарих, археология ғылымының жетістіктеріне сүйене отыра орта ғасырларда Еуразия аумағында алтын-ордалық өркениет дамығанын дәлелдеуде. Оған мақалада келтірілген «Золотоординская цивилизация» жинағының жүйелі түрде шығуының өзі-ақ көрсетіп тұр.

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық археологтардың (К.Ақышев, М.Хабдуллина, В.Ф.Зайберт, т.б.) Орталық және Солтүстік Қазақстаннан ежелгі және орта ғасырлардағы қала орындарын тауып, зерттеулері татар ғалымдары пікірлерінің дұрыстығын нығайта түсуде.

Орда атауымен аталатын тағы бір қала – біздің заманымыздың I-VIII ғасырларында өмір сүрген Ордакент қаласы. Ол Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы жерінен 1967 жылы археологиялық қазба жұмысы нәтижесінде табылды [21]. Батыс Қазақстан облысында «**Бөкей Ордасы**»

ауданы, оның құрамында «Хан Ордасы» атты ауыл бары мәлім. XIX ғасырдың басында еліміздің батыс өңірінде сол кездегі қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты Кіші жүзден бөлінген Бөкей ордасы, яғни Ішкі Орда (1801 ж.) пайда болғаны да тарихта белгілі. Түркілердің бір бұтағы саналатын қазақ халқы қоғамдық-саяси өмірде орда ұғымын кеңінен қолданғанына тарихи деректермен қатар, ел билеушілерінің тұрағын орда деп атағаны туралы деректер ауыз әдебиеті үлгілерінде көптеп кездеседі.

«Орда» ұғымын қазақтар жер атауына да тегіген. Мәселен, Семей өңіріндегі Шыңғыстаудың солтүстігінде биіктігі 1064 метрлік шоқылы тау – «Ордатау» аталады [6, 175].

1726 жылы Ордабасы тауында қазақтың үш жүзінің хан-сұлтандары, би-батырлары бас қосып жоңғар басқыншыларына қарсы бірлесіп күресуге уағдаласты. Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Ордабасы» ауданы атауы да сол тарихи оқиғаны халық жадында сақтау мақсатымен қойылғаны мәлім. «Орда» ұғымы қазақ қоғамында осы заманға дейін ұмытылмай қалаға, елді мекендерге, жер атауларына, әкімшілік-аумақтық бөліністерге байланысты қолданылып келгені көпшілікке белгілі.

XX ғасыр басында қазақ зиялылары Ресей империясы құрамында автономиялы мемлекет құрғанда оны Алашорда деп атауы бұл ұғымның ұлтымыз үшін саяси мәні бар екенін көрсетеді. 1925 жылы Қазақ АКСР-нің орталығы Орынбордан Ақмешіт қаласына ауыстырылғанда ұлт зиялылары республиканың жаңа елордасын Қызылорда қаласы деген атауға өзгерткені белгілі. Еліміз тәуелсіздік алып, астананы Алматыдан Ақмолаға көшіргеннен бері ресми емес қолданыстарда астананы «елордасы» деп атау да орнықты. Бұқаралық ақпарат құралдарында «елорда жұрты» сөз тіркесі де қолданылуда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегіндегі қазақтың өткен тарихын дұрыс зерделеу үшін дәстүрлі тарихымыздың саяр жері тек көшпелілік деп бір жақты парықтамай, қазақ ұлтының экоәлеуметтік жүйемен біте қайнасқан тіршілігін дұрыс түсіну үшін, дәстүрлі қазақ қоғамының қандай ерекшеліктері «ізін қалдырып» отырғанын және сан ғасырлық әсер-ықпалдың ерекшелігін ескеруіміз керек деген тұжырымы ойға оралады [22, 16-17] деген пікірін назарға алуды ұмытпаған жөн.

Қорыта айтқанда Ә.Марғұлан, В.П.Юдин, Г.Ф.Дахшлейгер, Қ.Сартқожаұлы, А.Көшкімбаев, Г.Е.Марков және т.б. танымал тарихшылардың тұжырымдарына сүйене отыра, ғұн, түркі-моңғол империялары дәуірлерінде көшпелі өмір салтының қажеттілігінен туындаған көші-қон және ұзаққа созылған әскери жорықтар кезінде, тұрақты астаналармен бірге бекініс, әрі уақытша саяси орталық ретінде пайда болған, ортағасырлық Қазақстан жеріндегі түркі мемлекеттік бірлестіктерінің және Қазақ хандығының көшпелі, жазғы ордалары (резиденциялары) ел өмірінде елеулі рөл атқарған деп айтуға негіз бар.

Сонымен қатарғасырлар бойы мағынасы сақталып, ұмытылмай қолданылып келе жатқан «орда» ұғымының саяси мәнінің зор екені де белгілі.

РЕЗЮМЕ

В статье на основании имеющихся исторических фактов проведен анализ условий возникновения летних, степных резиденций (орд) правителей средневековых, кочевых тюрко-монгольских и казахских государств. Рассматривается значение термина «ор-

да» и причины его сохранения до настоящего времени как общественно-политического понятия в истории Казахстана.

In the article on the basis of the available historical facts the analysis of conditions of emergence of summer, steppe residences (hordes) of rulers of medieval, nomadic Turkic-Mongolian and Kazakh States is carried out. The article considers the meaning of the term «Horde» and the reasons for its preservation to the present time as a socio-political concept in the history of Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Новый энциклопедический словарь. М.: Большая Российская энциклопедия. РИПОЛклассик. 2008. -1456 с.
2. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая .../ В кн: Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусеитовой. – Алма-Ата: Гылым, 1992. - 296 с.
3. Кушкумбаев А.К. Термин «Орда» в кочевых империях Центральной Азии (домонгольское время). / Золотоординская цивилизация. Научный ежегодник. 2017. №10, С. 84-91.
4. Сартқожаұлы К. Объединенный каганат тюрков в 745-760 годах (по материалам рунических надписей). –Астана, 2002. - 220 с.
5. Жетпісбай Мұрат. Археологтардың жұмысы қала орнын қазумен бітпейді. // Егемен Қазақстан, 2019 жыл 14 қараша.
6. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 7-том. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. -728 бет.
7. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы. (энциклопедиялық басылым). – Алматы: «Атамұра», 2008. – 544 б.
- 8.Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. 2-е изд. М.: Книжный дом «Либроком», 2009. - 248 с.
9. Данияров Қалибек. Жошы хан және оның мемлекеті. Қазақ тарихы. №4 1995.
10. Өлзийсай ханы Энтүвшин. Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту шарасын қолдаймыз. Сұхбаттасқан Қайратұлы Бекен. // Егемен Қазақстан, 2019 жыл 6 қараша.
- 11.Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. 9-том. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы. 2011. – 472 бет.
12. Аяған Б. Әбілқайыр - Шайбан-Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі. – Алматы: ТОО «Издательство Золотая Книга», 2018. – 176 с.
13. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан, №163 (29642), 2019 жыл 26 тамыз.
14. Марғұлан Ә.Х. Сочинения. Т.8.– Алматы: Издательство «Алматы-Болашақ», 2011.– 472 с.
15. Марков Г.Е. Кочевники Азии: Структура хозяйства и общественной жизни. Изд. 2-е, испр. – М.; КРАСНОД, 2010. – 320 с.
16. Сарыбеков Махметғали. Талас құрылтайы – ұлттық мемлекеттіліктің алтын көпірі. // Егемен Қазақстан, 2019 жыл 14 қараша.
17. Самрат Жақсыбай. Алтын Орда хандарының қорымы. // Егемен Қазақстан. 2019 жыл 4 қазан. №192 (29671).
- 18.Мәметқазыұлы Қанат. Елбасы айтқан Астананың жанындағы Тәуке ханның жазғы ордасы туралы не білеміз? http://lenta.inform.kz/kz/elbasy-aytkan-astananyn-zhanyndagy-tauke-hannyn-zhazgy-ordasy-turaly-ne-bilemiz_a3313039 Kipren уақыты: 15.11.2019.
- 19.Дахшлейгер Г.Ф. Некоторые проблемы истории кочевых обществ на XIV международном конгрессе исторических наук. // Советская этнография, 1976, №4, стр. 168-170.
20. Иванов В.А. Город и степь Улуса Джучи (Золотой Орды) - историческая антитеза. / Золотоординская цивилизация. Научный ежегодник. 2017. №10, стр.162-167.
- 21.Отырар. Энциклопедия. –Алматы: «Арыс» баспасы. 2005. - 456 бет.
22. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. - 288 бет.

БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ: ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғалымдарының кандидаты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің профессоры

Дәстүрлі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарған әлеуметтік категория – батырлар институты [1]. Бұл институттың қалыптасуы әскери-феодал шонжарлардың пайда болуымен тығыз байланысты. Ал «батыр» терминінің өзі қазақтарда өте ерте заманда пайда болған. «Батыр» деген сөз «бағадүр», «баһадүр» және «бакхатур» деген түрік сөздерінен шыққан [2]. Қазақ халқы тарихының сонау алғашқы дәуірінде-ақ қазақ даласы сыртқы жаулардың шапқыншылығына ұшыраған кезде оларға қарсы күресу үшін өздерінің қолбасшылары бар арнаулы жасақтар құра бастады. Осы жасақтардың шайқастарда ерекше көзге түскен жетекшілерін қазақтар «батыр» деп атады. Қазақ және басқа түркі тілдерінде «батыр» сөзі «күрескер», «қаһарман», «ер», «ержүрек», «жаужүрек» [3] мағыналарын білдіреді. Қазақ-қалмақ арасындағы болған соғыстары осыны дәлелдейді. 1730 жылғы қазақ-жоңғар арасындағы аса ірі шайқаста Жоңғар басқыншыларына қарсы қол бастап, жауына соққы берген Әбілқайыр хан [4], Табын Бөкенбай [5], Тама Есет [6], Шақшақ Жәнібек [7] Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, т.б. батырлар өздерінің батылдығымен ерекше көзге түсіп, халық оларды батыр деп атап кетті.

Дәстүрлі қазақ қоғамының бірлігіне негіз болған әлеуметтік топтардың бірі – батырлар институтының алатын орны ерекше [3]. Бұл институттың пайда болуымен дамуы эволюциясының тарихын тарихшы ғалымдар Көшім Есмағамбетов [8], Ирина Ерофеева, тағы басқалар қарастырды. Сонымен қатар жекелеген зерттеушілер батырлар институтының ерекшелігін оның «қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан, күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс» екендігі туралы мәселені көтеріп келеді [9]. Қазақ халқының тарихындағы үздіксіз әскери қақтығыстар мен соғыстар жиі болған Қазақ хандығы дәуірі, әсіресе, оның ыдырау кезеңінде батырлар институтының нағыз гүлдену дәуірі болды. XVII-XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлар қазақ қоғамындағы батырлардың саяси, әлеуметтік мәртебеге ие болуына қолайлы жағдай туғызды. Сондықтан ел басына күн туған сәтте саяси басымдылық батырлар қолына өтті. Сыртқы жаудан қорғану, елдің ішкі бірлігін сақтау сияқты күрделі мәселелерде батырлардың рөлі жоғары болды [8]. Батырлар XVII-XVIII ғғ. сыртқы фактордың күштілігінен қоғамдық қатынастарда басымдылыққа ие болды. Сондықтан дәл осы кезеңде батырлар институтының күрделі қалыптасу процесі аяқталып, ол дәстүрлі қазақ қоғамына тән ерекшелігіне сай өзіндік функцияларын атқарды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ханнан да, қарадан да жаужүрек батырлар шығып отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «баһадүр», «батыр» атанған тұлғалардың әлеуметтік статусына талдау жасасақ, батырлығымен әйгілі болған хандардың саяси титулдарымен қатар баһадүр деген де атақтары болғандығы анықталады. Атап айтқанда, тарихта Тәуке, Абылай, Әбілқайыр хан-

дар батырлықтарымен көзге түскендіктен, бәрінің де есімдері және лауазымдарымен қатар баһадүр атағы қосылып айтылған. Әбілқайыр хан мөрінде «Мұхаммед Қазы баһадүр Әбілқайыр хан Қажысұлтанұлы» деген жазулар бар. Қазақ билеушілері Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан, Қайып хан, Нұралы хан, Қаратай сұлтан сияқты тұлғалардың ресми хат алмасуларда, мөрлерінде өздері жайындағы толық мағлұмат қатарында батыр (баһадүр) титулын бірге көрсетеді. Профессор Ирина Ерофеева дерегініңше: «XVII ғ. соңы – XVIII ғ. ортасында «баһадүр» титулы қазақтардың шыңғыс тұқымдарына ірі әскери жеңістері үшін берілді, ол көшпелі қазақ қоғамының барлық топтарында беделді маңызға ие, сондықтан әрбір жаңа сайланған хан мен сұлтан өзінің мөрінде негізгі титулымен қатар міндетті түрде жаздырып отырды» [10, 29-б.]. Архив қорларындағы құжаттарда қарадан шыққан батырлардың есімдерімен қатар батыр титулы бірге жазылған. Батырлар институтының мәртебесінің жоғары болғандығына осылай көз жеткіземіз.

Батырлар институтының қалыптасуына қазақ қоғамының дәстүрлі көшпенді шаруашылық жағдайы, сыртқы жаудан қорғандың көкейкестілігі әсер етіп, батырлар институтын қалыптастырды. Ал олардың басты қызметі – елді, мемлекетті, жер мен суды сыртқы жаулардан қорғау. Осыған орай қазақ халқының тарихындағы жаугершіліктің, сыртқы жаулардың шабуылдары күшейген кезеңдерде батырлардың да қоғамдағы орны арта түсті. Бұл туралы профессор Ермахан Бекмаханов: «Қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінде көрнекті рөл атқарған әлеуметтік категория – батырлар. Әлеуметтік категория ретінде батырлар институтының қалыптасуы әскери-феодал шонжарлардың пайда болуымен тығыз байланысты» [11] болғандығын анықтады.

Патша үкіметі XIX ғ. екінші жартысынан бастап дәстүрлі қазақ қоғамының батырлар институтын қолдан жасаған дағдарыс арқылы жоюға күш салды. Қазақ қоғамында батырлардың беделдерінің өсуіне, олардың күшейуіне жол бермеу керектігі қатаң ескертілді. Бұл туралы профессор Көшім Есмағамбетов: «Патша үкіметі қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік институттарын жоюды ең алдымен батырлардың көзін құрту жолдарын іздестіруден бастады. Себебі олар елдіктің, қазақ жерінің тәуелсіздігі мен бүтіндігінің жоқшысы еді. Батырлардан құтылу, сол арқылы қазақ халқын жуасытуға, рухсыздандыруға бағытталған әрекет отарлық саясаттың құрамдас бөлігі, басты бағыттарының бірі» [8], – дейді. Батырлардың қоғамдағы рөлін жою – қазақ халқын рухсыздандыру, осының астында астарлы отарлық саясат құлдық сананы енгізу саясаты жатты. Ол саясат Ресей шенеуніктерінің тілінде «политика умиротворения» [12, 11-б.], аталатын.

Алайда патша үкіметі батырларды жоя алмады. Рухы мықты қазақтың батырлары бастаған ұлт-азаттық көтерілістер бұдан кейін де жалғаса берді. Рубасылары мен старшын, тархандар өз иеліктерін-

де тыныштықтың бұзылмауын бақылады. **Бұл – бір** [13]. **Екіншіден**, қазақтың белгілі батырларына старшын [14], тархан атағын берумен, патша үкіметі батырлар институтын әлсірету саясатын ұстанды [13]. Жаугершілік заманда соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. **Батырлардың өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолында жорықтарда өткен.** Ел үшін жанын қиған батырлардың есімі ел ұранына айналған. Қазақ қоғамында батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмеді. Батыр атағына қазақтың қайсар, елжанды, отаншыл ұл-қыздары жеке бастарының ерлігімен ие болды. Батырды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпенді халықтарда батырдың бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі оның атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібіне айналған. Мысалы, Батыр басы атанған Бөкенбай батыр Қарабатырұлы жаугершілік жорықта қайтыс болған [15], оның ұлы – Тіленші батыр-тархан патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы күресте қайтыс болған [16], оның ұлдары Жоламан, Бостыбай – XIX ғ. басында патша үкіметіне қарсы соғыс жариялаған [17]. Бөкенбай батырдың ұлт-азаттық күресті басқарған немересі Жоламан Тіленшіұлының осы атақты мұраға алу оқиғасы мысал бола алады. Жоламан, Бостыбай батыр-тархандар жаугершілік жорықта қайтыс болды [18]. Жаугершілік заманда қазақ батырларының ұлт-азаттық соғысының ерлік дәстүрі сабақтастығы атадан балаға жалғасқан.

Қазақ халқы өздерінің қаһармандық қиссаларында жыр етіп, батырлардың бейнелерін ғасырлар бойы қастерлеп келеді. Батыр деген құрметті атақты жарлы-жақыбайдан шыққан кедей адамдар да иеленді. Мәселен, Кенесары Қасымұлы қозғалысына әскери шонжарлардың ірі өкілдерімен қатар Арғын руынан Бұқарбай батыр (Орта жүз), Шұбыртпалы руынан Ағыбай батыр (Орта жүз) сияқты кедей отбасынан шыққан батырлар қатысты [11]. **Мұны Ермахан Бекмаханов былай түсіндіреді:** «Алайда осының бәрі батырлардың белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстылығын ашып көрсетпейді және олардың таптық кескінін айқындамайды. Егер біз «батыр» терминінің дәстүрлі түсінігін негіз етіп алып, батырларды әлеуметтік топтан жоғары тұрған әлеуметтік категория деп сипаттасақ, қателесер едік. Ең әуелі біз мынаны есте ұстауға тиіспіз, феодалдық қоғамда әлеуметтік қатынастар патриархалдық-рулық сарқыншақтармен қалай бүркемеленсе де, бірде-бір әлеуметтік категория қоғамдық ортадан тыс өмір сүре алмайды. Батырлар жөнінде де осыны айтуға тура келеді. Әрине, батырлар институты өзінің дамуында белгілі өзгерістерге ұшырады. XI-XII ғғ. аңызға айналған батырлар мен XVIII-XIX ғғ. батырлардың арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Батырлар о баста тайпалардың, рулардың әскери қолбасшылары болған деп есептеу керек. Феодалдық қатынастардың пайда болуына байланысты әскери қолбасшылардың қызметі өзгере бастады. Өздерінің тегі қандай болса да, тіпті жарлы-жақыбайдан шыққандарына қарамастан, батырлар бірте-бірте ру шонжарларының құқықтарын иемдене бастады да, қоғамдық өмірде олармен бірдей рөл атқарды». Батырлардың қоғамдық жағдайында бірте-бірте болған мұндай өсуді бірқатар тарихи мысалдардан көруге болатындығы туралы тұжырым жасады [11, 104-6.]. XIX ғ. бірінші жартысында Арғын руының биі Шеген батыр және Тілеуқабақ руының старшыны Есет Көтібарұлы өз-

деріне бағынышты руларда толық билік жүргізді. Олар салық жинады, айыпты болған тумаластарын жазалады, басқа қазақ руларымен өз руы атынан келіссөз жүргізіп отырды. Мұның өзі феодалдардың әскери шонжарлардан тап болып қалыптасу көрінісі, яғни феодалдық қоғамның бастапқы кезеңіне тән іс еді.

XIX ғ. I жартысында Кенесары көтерілісіне белсене қатысқан ірі батырлардың бірі, рубасы Жоламан Тіленшіұлы еді. Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы генерал-майор Генстің деректері бойынша, «*Жоламанның 800 жылқысы, 2000 қойы, 50 түйесі болған және оның шаңырақ көтерген ағасы не інісі, баласы, жиені, немересі өз алдына мал ұстаған, осылардың бәрін қоссаңыз, едәуір мол байлық. Ал осынау үбірлі-шүбірлі әулеттің үлкені – Жоламан тархан*» [13]. Бұл мысалдар – батырлардың әлеуметтік тұрмыс дәрежесін айқын суреттейді. Әскери қалыптасуы және олардың ру шонжарларына айналуы қазақтың әлеуметтік қатынастарымен тығыз байланысты, ал бұл өзгерістер қазақ феодалдануы және көшпелі қауымның әлеуметтік жіктелуі сияқты ортақ жәйттен туған болатын. Қазақтардың жоңғар, кейін Орта Азия басқыншыларымен болған соғыстары да батырлардың әлеуметтік рөлінің өсуіне елеулі ықпал жасады. Осы соғыстардың барысында батырлар ру шонжарларының құқықтарын иеленіп, қоғамдық өмірде жетекші тұлғаларға айналды [11, 106-6.]. Бұл жәйттар, қазақ қоғамының феодал басшы тобы арасында батырлардың әлеуметтік жағдайының күшейе түскендігін дәлелдейді. XIX ғ. екінші жартысынан бастап дәстүрлі қазақ қоғамына тән институттардың бірте-бірте өз рөлдерінен айрыла бастауымен, ендігі тұста олар атқарған қоғамдық-саяси қызметтің формасы мен мазмұны жаңа күштердің қолына өте бастайды. Басқаша айтқанда, XVII-XVIII ғғ. салыстырғанда XIX ғ. қазақ қоғамына әсер еткен ішкі-сыртқы факторлар Ресей патшалығының отарлық саясатының күшеюімен жаңа мазмұнға ие болды. Ендігі тұста қазақ қоғамының рухани-мәдени, қоғамдық-саяси дамуының жолындағы күресін жаңа күштер – рухани тұлғалар бастады. Басқаша айтқанда, билер, шешендер, ақындар мен жыраулар, ишандар [19] мен имамдар [20] өздерінің рухани-шығармашылық, қоғамдық қызметтері арқылы қазақ қоғамының отаршылдыққа қарсы азаттық күресіне жаңаша мазмұн берді.

Қорыта келгенде, қазақ батырлар институтының гүлдену кезеңіндегі батырларды олардың қоғамдық ықпалының артуына байланысты екі топқа бөлуге болады: біріншісі, қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі Отан соғысының батырлары, екіншісі, Қазақстанның мемлекеттік тұтастығына, күйіп төндірген Қоқан, Хиуа хандықтарына, Ресей патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті бастаған батырлар.

РЕЗЮМЕ

На основе источников в статье рассматривается эволюция института батыров в казахском обществе.

On the basis of the sources the article examines the evolution of the Institute of batyrs in Kazakh society.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Исенов Ә.И.** Қазақ қоғамындағы ортағасырлық батырлар институты. // «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл: жетістіктері, проблемалары және перспективалары».

Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қостанай, 2011–394 б. – 180-188-бб.

2. **Исенов Ө.И.** Батырлар институты: тарихи бастаулары. // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Жаршысы. Ғылыми әдістемелік журнал. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған арнайы басылым. – Қостанай: ҚМПИ, 2015. – 107. – 35-41-бб.

3. **Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі. Оқу құралы. – Қостанай: КМПИ, 2010. – 207 б.

4. **Ерофеева И.В.** Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 336 с.

5. **Қайырғалиева Г.** Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны (Бөкенбай батыр әулетінің негізінде). Автореферат. – Орал, 2010. – 30 б. // wksu.wksu.kz/downloads/avtoreferat/; Баһадүр батыр Бөкенбай. Жинақ. – Ақтөбе, ЖК С.Т.Жанәділов баспаханасы, 2011. – 435 б.; Ерофеева И.В. Ар-намыстың Ақтангері Қазақ батыры Бөкенбай Қарабатырұлы. / Ауд. Мейірхан Ақдәулетұлы. – Алматы: Servise Press, – 2018. – 260 с.; Ерофеева И.В. Рыцарь «звания чести» Казахский батыр Бөкенбай Қарабатырұлы. – Алматы: Servise Press, – 2018. – 288 с.

6. **Өтеген Исенов.** Есет Тама Есет тарханды танып болдық па? // Қазақ тарихы. Ғылыми әдістемелік журнал. № 2 (119), 2013. – 2-5-бб.

7. **Ерофеева И.В.** Между всеми старшинами знатнейший. Первый казахский тархан Жанибек Кошқарұлы. – Алматы, 2013. – 308 с.

8. **Есмағамбетов К.Л.** Азат рухтың күрескері. – Алматы: Өркениет, 2003. – 176 б.; Есмағамбетов К. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз. // Қазақ тарихы, 2007. – №4. – 65-66-бб.

9. **Қабылтаева С.К.** Роль батыров в сохранении целостности казахской государственности (первая четверть 18 в. – середина 19 в.). 6Д020300 филос. докт. PhD ... дис. – Астана, – 2017. – 191 с.

10. **Ерофеева И.В.** Символы казахской государственности. – Алматы: Аркаим, 2001. – 152 с.

11. **Бекмаханов Е.** Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40-жылдарында. – (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 416 б.

12. **Есмағамбетов К.** Ақын аманаты. // Қазақ тарихы. 2003 – №5. – 9-15-бб.

13. **Өтеген Исенов.** Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.). / Монография. – Қостанай қ.: Шапақ ЖШС баспасы, 2017. – 258 б.

14. **Өтеген Исенов.** Патша үкіметіне қарсы Жоламан

батыр бастаған көтерілістің туу себептері. Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева.Т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 616 б. – 439-443-бб.; Өтеген Исенов. XVIII ғ. старшындқ институт тарихы хақында. // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы, №1 (24), 2012. – 16-20-бб.; Қазақ қоғамындағы старшындқ институт: тарихи бастаулары, дамуы (XVIII ғ.) // Қазақ тарихы. № 6. (119), 2014. – 10-12-бб.

15. **Исенов Ө.И.** Батырлар институты: батыр басы табын Бөкенбай. // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы, №2 (25), 2012. – 77-86 бб.; Исенов Ө.И. Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. / Монография. Қостанай, Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 355 б.; Исенов Ө.И. Табын Бөкенбай батыр және одан тараған тархандар әулеті. // М.Өтемісов атындағы БҚМУ хабаршысы №4 (40), Қазан-қараша – желтоқсан, 2010. – 154-166-бб.

16. **Исенов Ө.И.** Азаттық туын көтерген – Табын Тіленші тархан. // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы, №4 (27), 2012. – 174-181-бб.; Исенов Ө.И. Тіленші тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. // «Азаттық туын көтерген ардақты тұлға» Сырым Датұлының 270 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. – Астана қ., Беркут-Принт ЖШС, 2012. – 109 б. – 43-50-бб.

17. **Исенов Ө.И.** Патша үкіметіне қарсы соғыс жариялаған – Жоламан тархан (XIX ғ. 20-30 жж.). // Университет, общество, инновационное развитие: опыт и перспективы: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 50-летию Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова и высшего образования в Акмолинской области. – Кокшетау, 2012. – 232-238-бб.

18. **Исенов Ө.И.** Бөкенбай батырдан тараған тархандар. Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 616 б. – 137-138-бб.

19. **Исенов Ө.И.** Марал ишан – ұлт-азаттық жолындағы күрескер. // Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана Марал Ишан Құрманұлының 230 жылдық мерей тойына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ғылыми басылым. – Алматы. 2010. 29 қазан. – 385-391-бб.

20. **Исенов Ө.И.** 1755-56 жж. Башқұрт көтерілісі кезіндегі қазақ-башқұрт қатынастары. Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева.Т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 616 б. – 143-144-бб.

ИРАН-ТҰРАН ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
зейнеткер

Тұран – тарихта Иранның солтүстік шығысындағы түрік тілінде сөйлейтін көшпенділер елі. Тұран жеріне Орта Азияның солтүстік батысы және қазіргі Қазақстанның оңтүстік батысындағы құмды шөлді жазық өңір жатады. Тұран жері оңтүстігінде Копетдаг тауы, батысында Каспий теңізі, солтүстігінде Мұғалжар, Оңтүстік Орал таулары, Сарыарқа даласы, шығысында Тянь-шань таулары арасында орналасқан. Тұран қадым замандағы «Авестада», Ө.Фирдаусидің «Шахнамасында» жырланған көне тарихи жер. Тұранда көшпенді түрік тайпалары мен ежелгі хорезмдіктер өмір кешсе, Иранда көне заманнан ежелгі парсылар мекендеген.

Тұран жері – көшпенді түріктердің алғашқы мемлекеті құрылған жер (Түрік хан б.з.д. 3700 ж.ш.).

Тұранда түріктің алғашқы хандары жаз жайлап, қыс қыстаған. Тұран жазықтары – жайлау, Жейхун (Сырдария) бойы – қыстауға өте ыңғайлы, жайлы қоныс болған. Татар түріктерінің хандары бұл жерлерді ежелден-ақ иемденіп, мекен еткен. Мәде алыптан кейінгі гүн тәңірқұттары (шаньюйлері) да Тұран жеріне келген. Олар бұрынырақ Ордос, Сары өзен, Шығыс Түркістанда мекендесе, соңғы замандарда Жетісу, Сейхун дария (Сырдария) өлкелерінде ордаларын құратын болды. Шаньюйлер жазда Алтай, Саян тауларын, Орталық Қазақстанды (Сарыарқа, Ұлытау аймақтары), Алатауды жайлайтын болды.

Иран-Тұран қарым-қатынастары өте ертеден басталған. Бұған екі елдің көршілес орналасуы әсерін тигізген. Ол екі халықтың тарихтарының ортақ

кезеңдері, діндері мен тілдерінің араласуы сияқты факторлармен ерекшеленеді. Мысал ретінде келтірсек, ерте замандағы, Иса пайғамбар мен христиан дінінен мың жылдан аса бұрын пайда болған зороастризм діні Орталық Азияда (Тұранда) пайда болып, Иранға кең тараған. Ал, ислам діні Иран жақтан Тұранға тарады. Орталық Азия халықтарының (түріктердің) тілдерінде өте көп парсы сөздері кездеседі, және керісінше.

Қадым замандардан бергі ұзақ уақыт ішінде бейбіт қатар өмір сүру ұзақ соғыстармен алмасып отырды. Иран-Тұран қатынастары мен түрік (татар-моңғол) тарихының кейбір кезеңдерін анықтау үшін көне Иран патшаларының әулеттеріне шолу жасаймыз.

Шығыс тарихшыларының жазба деректерінде (Омар Хайям, Әбурайхан әл-Бируни, Науаи, Фирдоуси) ажам немесе араб-парсы патшаларының билік құру замандары келтірілген. Атап айтқанда, О.Хайямның «Наурызлама», әл-Бирунидің «Әл-әсер әл-Бақия» («Өткен буындардың ескерткіштері»), Фирдоусидің «Шахнама» деген еңбектерінде Ажамның ең бірінші патшасы Кеюмарс деген адам екені айтылған. Оның билік уақыты О.Хайям бойынша 40 жылдан аса, Фирдоуси бойынша – 30 жыл, әл-Бируни бойынша 213 жыл делінеді. Кеюмарс Ажамда ең бірінші жыл есебін енгізген (календарь). Ол жылды он екі айға бөлген, әр айда 30 күн болған, төрт жылда бір рет күн санын 1461-ге жететін етіп (365, 25х4) реттеп отырған. Ол осы уақыт есебін енгізгеннен кейін 40 жыл өмір кешті дейді О.Хайям. Яғни, Кеюмарстың билік уақыты 40 жылдан көп, сондықтан 30 жыл болуы мүмкін емес, яғни үшінші нұсқа дурыс – 213 жыл. Енді осы Кеюмарс билігі қашан басталғанын анықтайық.

Әлішер Науаи өзінің «Ескендір қорғаны» деген кітабында Иранда билік құрған Ұлы төрт әулет туралы: олар тура 4336 жыл 10 ай билік құрды деп жазған [10.21-б.]. Бұл әулеттер – Пешдади, Қиян, Аршак, Сасан әулеттері. Фирдоуси өзінің «Шахнамасында» Пешдади әулеті – 10 билеуші, Қиян әулеті – 10 билеуші деп көрсетіп, әрқайсысының билік уақытын келтіріп, және де басқа да Шығыс тарихшылары сияқты Қиян әулетінің соңғы патшасы ретінде Ескендір Зұлқарнайнды (А.Македонский) жазған. **Бұған негіз ретінде мынадай аңыз бар:** *Иранның шахы Бахман Дара (III Дарий) Рум билеушісінен қыз алады. Рум билеушісі ол кезде Филипп (Файлақұс). Осы әйелі шахтың алдында кінәлі болып, Дара оны еліне қайтарып жібереді. Әйел жүкті екен, жолда келе жатқанда босанып қалады, ұл бала туады. Әйел өзі қайтыс болады. Даладағы бір бұзылған үйде өлген шешесінің қасында жылап жатқан жаңа туған балаға аң аулап жүрген Рум патшасы Филипп кез болады. Филипптің баласы жоқ болып, қайғы шегіп жүрген кезі екен. Баланы алып, асырап алған екен. Сол бала Александр Македонский (Ескендір), шыққан тегі – Дараның баласы екен. Тарихшылардың А.Македонскийді Қиян әулетінің соңғы билеушісіне жатқызып отырғаны сол себепті екен.*

Жоғарыда келтірілген төрт әулеттің уақытына келсек, ең соңғы Сасан әулеті б.з. 226-651 жылдары билік еткен, заманы 425 жылға созылған. Екінші Аршак әулеті б.з.д. 238 ж. – б.з. 224 жылдары билік құрған, ұзақтығы – 462 жыл. Ал, Пешдади және Қиян әулеттерінің замандары – 3449 жыл. Оны табу үшін жоғарыда келтірілген 4336 жылдан соңғы екі әулеттің жылдарын алып тастаймыз: 4336-425-462=3449.

А.Македонскийдің билігінен кейін Селевк әулеті билікке келгені белгілі. Оның бірінші патшасы Селевк I Никатор б.з.д. 312 жылы билікке келді. Маке-

донскийдің өзі б.з.д. 323 жылы өлсе де, Қиян әулетінің заманы Селевк әулетінің заманына дейін созылды деп аламыз, бұл екі аралық қосымша 11 жыл. Сонда, ең алғашқы Пешдади әулетінің бірінші патшасының билігінің басталуын табу үшін: 3449+312=3761 деп қосамыз.

Яғни, Ажамның бірінші патшасы Кеюмарстың билігі б.з.д. 3761 жылы басталған. Айта кететін бір жай – көне Иудея жыл санау жүйесінің басы осы жыл болып табылады – б.з.д. 3761 жылдың 7 қазаны (октябрь). Енді Кеюмарс билігінің уақытын көрсете аламыз (213 жыл): б.з.д. 3761-3548 жж.

Кеюмарс билігі кезінде адамдар үңгірлерде тұрып, аң терілерін жамылып жүреді екен. Кеюмарс патша жылдың әр айы мен күндеріне ат қоюға және адамдар біліп отырсын деп арнайы жылнама әзірлеуге жарлық берген. Осы мақсатпен ол таңғы мезетте Күн Амал айының алғашқы минөтіне енген сәтті анықтап, Ажамның игі жақсыларын жинап, бұдан былай жыл есебін осы күннен бастауды бұйырды [2.25-б.] Сол замандағы Ажам ілімдарларының айтуынша көк жүзіндегі мүбәрәк Жаратушы он екі періштені жаратқан. Бұл періштелердің айтуынша бұл дүние өзге бір дүниенің ішінде, құдды бір ескі мекендегі жаңа үй сияқты депті.

Кеюмарс жыл есебін жария еткенде 365 күнді бір жыл деп, оны әрбірінде 30 күн бар 12 айға бөліп, оларды Жаратушының 12 перішесінің аттарымен атапты. Олар: Фарвардин, Урбихишт, Хурдад, Тир, Мурдад, Шахривар, Мейір, Абан, Азар, Дай, Бахман, Исфандармуз айлары. Осы жыл есебін белгілегеннен кейін Кеюмарс патша қырық жыл өмір сүріпті. Омар Хайям келтірген осы деректерге сүйене отырып мынадай маңызды қорытындылар жасауға болады: біріншіден, араб-парсы елдерінде (Ажам) бүгінде белгілі ең алғашқы календарь жасалған. Бұл календардың жасалған уақыты ~ б.з.д. 3588 жыл (3548+40 жыл) мөлшері. Бұдан (біздерден) ~ 5600 жылдай бұрын. Кеюмарс календары одан кейінгі билеушілер тұсында жетілдіріліп отырды. Б.з.д. XII ғасырдағы Гуштасп патшаның заманында әр төрт жылда қосымша бір күн қосу есебімен кабиса (кібісе) жылдар белгіленді. Бұл есеп бойынша әр 120 жылда кабиса есебі бойынша бір ай қосылып отырды. Қосылатын ай он екі айдың әрбірінен кейін кезекпен қосылып отыратын еді. Кабиса айы да сол негізгі айдың атымен аталатын еді, яғни бірінші 120 жылдықта екі фарвардин айы болса, екінші 120 жылдықта соң екі урбихишт айы болған т.с.с. Кеюмарс календарының енгізілуі өте маңызды мәдени жетістіктердің бірі еді. Кеюмарстың ұлы Сиямақты жындар өлтіреді. Сондықтан, Кеюмарс өлгеннен кейін билікке оның немересі Хушаң отырады. Оның билігі 40 жылға созылады. Хушаң билігі кезінде адамдар отырықшы өмір бастайды, егін салуды, әртүрлі құрал жасауды, металл өндіруді, от жағуды үйренеді. Оттың шығуына байланысты Сэдэ деп аталған мейрамды әдет-ғұрыпқа енгізеді.

Хушаңнан кейін оның ұлы Тахмураст билікке келеді. Ол 30 жылдай патша болған. Хушаңның билік уақыты б.з.д. 3548-3508 жылдар болса, Тахмураст б.з.д. 3508-3478 жылдарда билік етті. Тахмурастың кезінде алғаш қалалар салынып, көшелер тұрғызылған дейді. Тахмураст өлген соң оның ұлы Жәмшид патша болады. «Шахнамада» Жәмшидтің билігі 700 жыл болды деп жазылған. Дәлірек есептесе, ол заманның ұзақтығы 718 жыл екендігі шығады. Мұны, О.Хайямның «Наурызнамасында» келтірілген Күннің айналу циклін (1461 жыл) есептеу арқылы табуға болады.

Әл-Бируни «Өткен буындар ескерткіштері» деген еңбегінде келтірілген деректер бойынша «Авеста» кестесінде Джам (Жәмшид) 616 жыл билік құрды деп көрсетілген (Избр. пр. 1-т. 115-б.). Мобед кестесі бойынша Джам 616 жыл билік құрды, одан кейін 100 жыл қуғыншылардан қашып тығылып жүрді делінген (Избр. 1-т. 116-б.). Сонда Жәмшид барлығы 716 жыл билікте жүрген. Осы уақытты қабылдаймыз. Сонда Жәмшидтің билік заманы б.з.д. 3478-2762 жылдар аралығы. Жәмшидтің билігі кезінде мата тоқу шықты, монша ойлап табылды, кендерді балқытып қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс) және тастарды алу шығарылды. Өтір (иіс су) ойлап табылды. **Алғаш рет Жаңа жыл басы ретінде Наурыз мейрамы тағайындалды.** Жәмшид билігінің соңына таяу тура жолдан таяды, бұған халық наразы болып, оны пайдаланып Захнак (Баюрасп) деген адам Жәмшидтен билікті тартып алады, оны зұлымдықпен (армен кесіп) өлтіреді. Баюрасп патшалық еткен заман 1000 жылға созылды деп жазылған. Фирдоуси де, әл-Бируни де осындай уақытты келтіреді. Шығыс тарихшыларының бір дәстүрі уақыт және басқа сандық көрсеткіштерді дөңгелектеп жазу, мысалы, 718 жыл 700 жыл деп, 930 жас 1000 жас деп (Адам Ата) келтірілуі мүмкін. Сондықтан Баюрасп билік еткен уақыт та тура 1000 жыл емес, артық не кем болуы тиіс. Омар Хайям да Захнак 1000 жыл биледі дей келе, Хушаңды 970 жыл билік құрды деп жазған. Хушаң 40 жыл билік құрғаны белгілі. Бұл жерде О.Хайям қателескен деп жорамалдауға болады. 970 жыл Хушаң емес, Баюрасп (Захнак) билік еткен деген пайым дұрыс. Осы нұсқаны қабылдаймыз. Баюраспының билік заманы сонда: б.з.д. 2762-1792 жылдар.

Билігінің соңғы кезінде Баюраспы да халыққа көп зәбір-жапа шеккізді. Ақыры, үнді жақтан бұрын жасырынып жүрген, Жәмшид әулетінен шыққан Афридун (Афрадун, Феридун) деген кісі келіп, Захнакпен соғысып, оны ел қолдап, жеңіп шығады. Захнақты өлтіріп, билікті қолына алады. Афридун патша 200 жыл билік құрады. Фирдоуси 500 жыл деп жазған, әл-Бируни 200 жыл деп дәлелдеген. әл-Бируни нұсқасын қабылдаймыз, өйткені кейінгі есептеулер осы нұсқа бойынша дұрыс болып шығады. Афридун патшаның билік заманы: б.з.д. 1792-1592 жылдар.

Қ.Халид «Тауарих Хамсада» Афридун Ибрагим пайғамбардың дінін қабылдады дейді. Ибрагим пайғамбар хижрадан 2893 жыл бұрын өткен делінеді. Яғни, Ибрагим пайғамбар б.з.д. 2184 жылы өлген, 175 жасқа келген, сонда оның өмір сүрген заманы: б.з.д. 2359-2184 жылдар. Мұндай хижра жыл санау жүйесімен берілген уақытты қазіргі григорян жүйесіне айналдыру керек, ол үшін 0,97 коэффициентіне көбейтеді. Өйткені, хижра жылының григорян жылынан 11 күні кем.

О.Хайям келтірген деректер бойынша Афридун патша Захнакті өлтіріп, таққа отырғанда үлкен той жасап мейрамдаған. Оны Сада мейірган деп атаған, ол Наурыз мейрамынан 50 күн бұрын мейрамдалады. Осы алғашқы мейрамнан 940 жыл өткенде Бактрия (Иран) патшасы Гуштасп (Гиштасп, Виштасп) сарайына әйгілі Дала пайғамбары Зардөш (Заратуштра) келген. Заратуштра деген күрделі есім «Жаратушы-рас» деген сөзден шыққан деседі. Ол Бактрияға зороастризм (габр) дінін әкелген.

Афридуның билік заманын О.Хайям 500 жыл деп алған. Егер бұл уақытты 200 жыл деп алсақ 940 жылға тең уақыт аралығын 300 жылға азайту қажет. Яғни Зардөш біздің нұсқа бойынша Афридун мейрамынан 640 жыл өткенде келген: 1792-

640=1152 яғни **б.з.д. 1152 жылы.**

Осы жыл зороастризм дінінің шыққан жылы саналады. Сонымен, зороастризм дінінің шыққан уақыты – б.з.д. XII – ғасырдың ортасы. Зороастризм діні бойынша жаратушы Тәңірді Ахура Мазда деп атаған, оған бес уақыт құлшылық қылған. Жын-шайтанды қас ие деп, Ангро Манью (Ахриман) деп атаған. Заратуштраның өмір сүрген уақытын мөлшерлеуге болады. Ол Каспий маңындағы далада, көшпенді спитама (қаспи, тама) тайпасында, Поурушаспа деген кісінің үйінде дүниеге келген. 30 жасында пайғамбарлық келген. Өз елінде дінін уағыздап, сол үшін қуғынға ұшырайды. Заратуштра Каспий маңынан шықса, оның тегі түріктің татарларынан болып табылады. Оның өмір сүрген уақыты түріктердегі Оғыз қағанның билік заманына тура келеді. Оғыз қаған түрік татарларымен ұзақ соғыс жүргізген және оның себебі – алдымен татарларды бағындыру, одан кейін түріктердің ұстанған дінін дұрыс бір жүйеге келтіру болатын. Осы оқиғалар кезінде жаңа Зороастризм дінін уағыздаған Заратуштра қуғын-сүргінге ұшыраған. Өміріне қауіп төнген соң, қашып, Бактрияға келеді. Зороастризм дінін Бактрияның билеушілері қабылдайды. Бірте-бірте бұл дін Иран мен Тұран маңына кең тарайды. Заратуштраның өзі Бактрияға келген соң, көп ұзамай, ғибадат жасап отырғанда қастандықпен өлтіріледі. Зардөш Бактрияға келгенде Гуштасп патшаның билігіне 30 жыл толған екен. Сонда ол билікке б.з.д. 1180 жыл мөлшерінде келген. Зардөштің туған уақыты мөлшермен б.з.д. 1185 – 80 жылдар аралығы, өлген уақыты б.з.д. 1150-45 жылдар аралығы, 35-40 жасқа келген.

«Мифы народов мира» атты энциклопедияда (Моск., Совет Энциклопедиясы баспасы, I том, 1987 ж.) **былай делінген:**

«...Лингвистический анализ «Гат» самой священной части «Авесты» позволяет отнести эпоху деятельности пророка (Заратуштра Қ.Ж.) к 12-10 в.в. до нашей эры» [6. Заратуштра ст. 460-бет]. Бұл тұжырым біздің есептеулерге сәйкес келеді.

Қ.Халид «Тауарих Хамсада»: «Зардашт заманына талас бар, әйтсе де көпшілік тарихшылар Каштасп ибн Лахрасп (Гуштасп; Қ.Ж.) дәуірінде дейді. Бұл уақыт шамамен 600 жыл бұрын (Буддадан – Қ.Ж.) болған есеппен Зардашт Канфутцимен бір ғасырда болғандығы айтылады» [1. 261-б.] деп жазған. Будда б.з.д. 625-544 жж. мөлшерінде өмір сүрген адам. Өйткені, 1956 жылы Үндістан және басқа да Будда діні тараған елдер Будда Гаутаманың өлгеніне 2500 жыл толуын атап өткен. Сонда Будданың өлген жылы 2500-1956=544 жыл, яғни б.з.д. 544 жыл болып шығады. Будда, жасы 80-нен асып барып қайтыс болған [1.260-б.]. Осы есеппен оның туған жылы 544+80=624 жыл, мөлшермен б.з.д. 625 жыл болады.

Зардөш заманы (туған кезі) Буддадан 600 жылдай бұрын болса, ол б.з.д. ~ 1200 жылдар болып шығады. Жоғарыда келтірілген есептеулер және оның нәтижесі – б.з.д. 1180 жыл – бұл мөлшерден алшақ емес (б.з.д. 1150 ж. + 30 жас).

Қ.Халид бойынша «Шын патшаларының 6-сатысы Жи Ю әулеті хижра жылынан 1704 жыл бұрын басталып... 874 жылға созылған... Үнділердің жолбасшысы болған Зардөш – шындықтар жолбасшысы Будда мен Конфуций осы заман аралығында өткен...» [1. 256-б.]. Григорян жыл санау жүйесі бойынша бұл заман – б.з.д. 1082-208 жылдар. Жоғарыда есептелген Зардөш заманы – б.з.д. 1185-1150 жж. Қ.Халид келтірген екі уақыт аралығынан сәл бұрынырақ. Зардөш заманы 5-саты Иң әулеті мөлшері-

нің арасында жатыр. Сондықтан, соны дұрыс деп қабылдаймыз, Иң әулеті қытайда б.з.д. 1368-1082 жж. билік етті.

Иран-Тұран қатынасын Ә.Фирдоусидің әлемге әйгілі еңбегі «Шахнама» эпопеясы өте жақсы көрсеткен. Бұл әдеби-тарихи шығарма көне тарихи фактілерге бай болғандығынан өте құнды. «Шахнама» бойынша Иран шахы Афридунның үш ұлы болған – Сальм, Тұр және Иреж. Үлкені Сальм мен ортаншысы – Тұр бір шешеден, кішісі – Иреж басқа шешеден туған. Қартайған кезінде Афридун патша өзінің өсиетімен бүкіл патшалығын ұлдарына бөліп береді: Сальмге – Румды, Тұрға – Тұранды, Ирежге – Иранды. Осы фактіден Афридун патшаның заманында Тұран түріктерінің Иранға бағынышты болғанын көреміз. Әрі қарай оқиға былай өрбиді: Сальм мен Тұр орталықты иеленген Ирежді қызғанышпен өлтіреді. Әкелерін үлкен қайғыға ұшыратады. Иреж өлгенде іште қалған қызы туып, бой жетеді, Жәмшид әулетінен шыққан Пашанг дегенге күйеуге шығады. Одан бір ұл туады – аты Манушеһр [3. 17-б.]. Афридуннан кейінгі парсы патшалары Әл-Бируни келтірген Батыстың ілімі бойынша (1-т. 117-б.):

Тиглатпаласар 35 жыл билік құрады – б.з.д. 1592-1557 жылдар. Одан кейін билікке Сальмонасар келді, 14 жыл билік құрды – б.з.д. 1557-1543 жж. Осыдан кейін Афридунның өсіп, ержеткен жиен-немересі Манушеһр Ажамға патша болады. Ол атасы Иреждің негін қуып, Сальм мен Тұрды өлтіреді, бастарын кесіп Афридунға әкеледі. Афридун ұш ұлының бастарын құшақтап, қайғырып өледі. Манушеһр 120 жыл билік құрады.

Ол заман – б.з.д. 1543-1423 жылдар.

«Тауарих Хамсада» Манушеһр Мұса (Мойсей) пайғамбармен замандас делінген. **Мұса ғ.с. б.з.д. 1449-1329 жылдарда өмір кешкен**, 120 жасқа келген [1. 255-б.]. Мұса ғ.с. өмір сүру кезеңі былай анықталды. Александр Македонскийдің заманы оның 27 жасында басталды деп қабылданған. Осылай қабылдаған еврейлер екен. Себебі, Александр заманы басталғанда Мұса ғ.с.-нан кейін 1000 жыл өткен деп есептелген. Александр б.з.д. 356 жылы туғандығы белгілі. Сонда ол 27 жасқа б.з.д. 329 жылы толған. Осы жыл Александр заманының басы. Ал, Мұса ғ.с. бұдан 1000 жыл бұрын өлсе, ол уақыт б.з.д. 1329 жыл. Мұса ғ.с. 120 жасқа келгенін ескерсек, ол б.з.д. 1449 жылы туған болып шығады. Манушеһрден кейін, б.з.д. 1423 ж. Наузар патша болады. Оның тұсында сол кездегі Тұранның қолбасшысы – Афрасиаб Иранды шабады. Наузарды қолға түсіріп, өлтірті. Наузар небәрі 7 жыл патша болады. Оның патшалық құрған уақыты – б.з.д. 1423-1416 жылдар. Наузардан кейін Иран тағын тартып алған Афрасиаб 12 жыл билік жүргізеді. Бұл әл-Бируни келтірген «Авеста» кестесінде көрсетілген. Афрасиабтың Иранды билеген уақыты: б.з.д. 1416-1404 жылдар.

Бұл уақыттан соң 5 жылдай үзіліс болып, ақыр аяғы Иран тағына қартайған Зов отырады. Ол 5 жылдан кейін жасы жетіп, 86 жаста өлді делінген. Зов Техмасп ұлы Афридун әулетінен болатын. Бірақ, Еуропа батыс ілімі бойынша Санхериб деп аталған Зовтың билігі «Авеста» кестесі бойынша 9 жыл болады. Ол жылдар б.з.д. 1399-1390 жж.

Зовтан кейін билікке келген Гаршасп Зов ұлы да (Батыс ілімі бойынша Сардуш) небәрі 3 жыл билік етеді.

Гаршасп билігі б.з.д. 1390-1387 жылдарда болған.

Гаршасптың баласы болмай, ендігі билік Афридун әулетінен шыққан Кей-Қуатқа ауысады (Кей-Кобад).

Иран билігіне жаңа әулет – Қияндар әулеті келеді. Кей-Қуат 49 жыл билікті ұстайды, ол заман: б.з.д. 1387-1338 жылдар. Кей-Қуаттың тұсында Тұран билеушісі Пашанг Иранмен бейбіт келісім жасайды. Пашанг Афрасиабтың әкесі, Манушеһрдің әкесі Пашангтан басқа адам. Кей-Қуат өлген соң Иран тағына Батыс ілімі бойынша Санхериб-2 отырып, 31 жыл билік еткен (әл-Бируни 1-т, 117-б.), ол уақыт б.з.д. 1338-1307 жж.

Одан кейін билікке келген Маджан 33 жыл билеген б.з.д. 1307-1274 жж. Маджаннан кейін Кей-Қауыс Иран тағына отырады. Ол 57 жыл билік етеді. Оның заманы: б.з.д. 1274-1217 жылдар. Кей-Қауыс (Кей-Кавус) өлгеннен кейін оның ұлы Сияуыш (Сиявуш) билікті алмайды. Ол тақуалық жолға түседі. Бейбітшілік бітім жасамақшы болып Тұранға, Афрасиабқа келеді, оның қызына үйленеді. Бірақ, Афрасиаб ордасында өлтіріледі. Бұл оқиғаны әл-Бируни сол жылы болған деп көрсетеді. Оның келтірген мәліметі бойынша Сияуыштың Амудариядан (Жейхун) өтіп Тұранға келген және сонда өлген жылын Сияуыш заманы деп атаған екен. Сияуыш заманы Қоныстану заманынан 92 жыл кейін болған екен. Қоныстану заманы деген Орта Азияға қалың ел келіп қоныстанған жылдың аты екен. Ол заман Александр заманынан (б.з.д. 329 жыл) 980 жыл бұрын өткен екен. Сонда есептегенде, Қоныстану заманы – б.з.д. 1309 жыл, ал Сияуыш заманы – б.з.д. 1217 жыл болып шығады. Жоғарыда келтірілген жүйе бойынша Кей-Қауыстың билігінің аяқталған жылы – б.з.д. 1217 жыл, екі жүйе бойынша да уақыт бірдей шығып тұр, яғни дұрыс деп қабылдауға болады.

Б.з.д. 1217 жылы, Кей-Қауыс билігі аяқталады, оның ұлы Сияуыш Тұранға келіп, сонда қаза табады. Осы жылы Иран тағына Сияуыштың ұлы Кей-Хұсрау (Хосров) отырады [4.183-б.]

Иран-Тұран қатынастарында маңызды орын алып, ықпал еткен билеушілердің бірі – Афрасиаб. Афридунның ортаншы ұлы Тұрдың шөбересі Афрасиаб, аталары сияқты Тұранның билеушісі, патшасы. Өз әкесі Пашанг, атасы Задшем де Тұранды билеген адамдар. Тұранның түріктерін билегенмен Афрасиабтың тегі парсы, Иран шахтарының нәсілінен шыққан. Ирандағы орталық билікке таласқан бабасы Тұр сияқты Афрасиаб та Иран билеушілерімен жауласып, көп соғысқан. Афрасиабтың ең алғашқы Иранмен соғысы Наузар шахтың тұсында Тұран әскерінің қолбасшысы кезінде болады. Кейін ол Тұран елінің билеушісі болады. Афрасиаб Иран патшалары үшін өте қауіпті жау саналған. Ол Манушеһрден уақытша Иран тағын тартып алған деген де аңыз бар. Афрасиаб Иранда 7 шах тақтан ауысқанша түріктерді басқарған. Ол Наузармен, Зов патшамен, Кей-Қуатпен, Кей-Қауыспен, Кей-Хұсраумен соғысқан. Наузарды, Кей-Қуатты, Сияуышты өлтірген, ұзақ өмір сүрген. Афрасиаб патша б.з.д. 1450-1210 жылдар арасында өмір сүрген (250 жылдай), тарихи тұлға, оның заманы – б.з.д. XV-XIII ғасырлар арасы.

Түріктер Афрасиабты Бұқа хан деп, немесе Алып-Ер-Тұңға (Тоң алып) деп атаған. Афрасиабтың мемлекеті – Тұран елі, кейде оны Соғды деп те атайды. Бұл мемлекеттің жерлері – Хазар (Каспий) теңізінің маңы, Ертіс өзеніне дейінгі жерлер, Батыс Түркістан, Хазар теңізі мен Кавказ аралығы, түстігінде Иранмен шекара – Аму-дария (Жейхун) өзеніне дейінгі жерлер болған. Афрасиаб мемлекетінің астанасы қазіргі Самарқан маңындағы шаһар болған.

Самарқан қаласының іргесінде көне Афрасиаб деп аталған қаланың орны бар көрінеді.

Афрасиаб, б.з.д. 1217 жылы Сияуыш шаһзада өлтірілгенде билігінде болған. Бірақ, сол кезден көп ұзамай, қастандықтан қаза табады. Мөлшермен, ол уақыт б.з.д. 1210 жылдардың орта кезі. Афрасиаб өлгенде бүкіл түрік (Тұран) халқы қатты қайғырған. Сол замандағы Алып-Ер Тұңғаны жоқтау жыры біздің заманға жетті:

*«Алып-Ер Тоңа өлді мұ,
Есіз ажуы қалды мұ?
Өзлек үшін алды мұ,
Емді үйрек йыртылур...».*

Аудармасы:

*Алып-Ер Тоңа өлді ме,
Әйелі иесіз қалды ма?
Өзге үшін алды ма,
Енді жүрек жыртылар [3. Іт. 92-б.].*

Жоқтау сөздері, одан бері 3200 жыл өтсе де, аудармасыз-ақ түсінікті.

Афрасиаб патша түрік мемлекеттігінің тарихында елеулі орын алды. Афрасиабтың және оған дейінгі оның ата – бабаларының билік заманында Тұран түріктерінің (татарлардың) мемлекеті Иран шахтарының империясына қарсы үш ғасырдай соғыс жүргізіп, бағыныштылықтан құтылып, бостандығын жеңіп алды. Бұл соғыстардың нәтижесінде Иран бұрынғы қуатынан айрылып, әлсіреді. Кейін Оғыз қағанның тұсында жеңіліс тауып, түріктерге (татар-моңғолдарға) бағынуға мәжбүр болады.

Тұранның Иранға бағынған заманы негізінен Афридун заманында болған. Тұран Афридун ұлы Тұрға берілгеннен кейін-ақ (мөлшермен б.з.д. 1630 жылдар) іс жүзінде Иранға бағынбайтын жеке мемлекетке айналған. Иранға қарсы соғыс қимылдарын жүргізе бастаған. Тұрдың әулеті Задшем, Пашанг патшалар тұсында да осындай жағдай болған. Ал, Афрасиабтың тұсында (мөлшермен б.з.д. 1420 жылдардан бастап) Иран-Тұран соғысы шарықтау шегіне жеткен. Осыны ескере отырып, Тұранның Иранға тікелей бағынышты заманы б.з.д. 1790-1630 жылдар деуге негіз бар, немесе мөлшермен бір жарым ғасырдай уақыт дейміз. Афрасиаб заманынан кейін Тұранда, Бактрия мен ежелгі Хорезм жерінде Оғыз хан мен оның әулеті мемлекет билігі орнады. Бұл заман б.з.д. XII ғасырдың бірінші жартысынан б.з.д. VIII ғасырдың екінші жартысына дейін созылды. Бұдан кейінгі төрт ғасырдай уақытта (б.з.д. VIII-IV ғғ.) Тұранда сақ (скиф) татарлары мен ежелгі Хорезм мемлекетінің мәдениеті өркен жайды. Отырықшылық өмір салты, егін егу, қолөнер дамыды. Көшпенді сақ тайпаларында мал шаруашылығы кеңінен өркендеді. Б.з.д. VI ғасырда Иран патшасы Кир Тұрандағы сақтарды бағындыру үшін жорық жасады. Массaget сақтары өз патшайымы Томирисінің басшылығымен кескілескен соғыста парсыларды жеңіп шықты (б.з.д. 529 ж). Кек алмақ болған Иранның келесі патшасы Дарий I б.з.д. 518 жылы сақтарға екінші жорықты бастайды. Бірақ бұл жорық та сәтсіз аяқталады – сақтар айла жасап, парсыларға жолбасшы етіп өз адамдарын жібереді. Ол, Шырақ деген жылқышы, парсыларды ел жоқ, су жоқ шөл далаға бастап, алып кетеді де қырылуға дұшар етеді. Сөйтіп, парсылардың Тұранға жасаған жорықтары сәтсіз аяқталады. Б.з.д. IV ғасырда Тұранның оңтүстік жағын А.Македонский жаулап алады. Солтүстік Тұран далаларын сақтар қорғап, Македонскийдің әскерін Сейхун- дариядан (Сырдария) өткізбей қояды. А.Македонский сақтарды жайына қалдырып, жорығын Индия жаққа бұруға

мәжбүр болады. А.Македонский өлгеннен кейін Селевк әулетіне бағыну заманы, ал б.з.д. 238 жылдан б.з.д. 224 жылына дейін Аршақ әулеті билеген Парфия мемлекетіне бағыну заманы болады. Б.з. IV ғасырына дейін Құшан мемлекеті құзырын жүргізді. IV-VI ғасырларда Орталық Азияда теңдесі жоқ күшті мемлекетті эфталиттер (хафтал) немесе ақ гүндер құрып еді. Бұлар – қаптал гүндері, немесе шеткі, бір бүйірдегі гүндер, II – ғасырда босқан ежелгі гүндердің бір тармағы еді. Олар, қытай, үйсін және сәнби татарларынан күйрей жеңілгеннен кейін Тарбағатай арқылы ұрыс сала шегініп, Орта Азия жеріне келген еді. Бір бөлігі жолай Тарбағатайда қалған болатын. Екі жарым ғасырдай уақыт ес жиып, ел болып бас көтеруге кеткен. IV-ғасырда Еділ – Жайықта гүндердің бір бөлігі Иобань мемлекетін құрса, Тұрандағы ақ гүндер немесе қаптал гүндер кейінгі тарихтан эфталит деген ат алып, өз мемлекетін құрды. Жай мемлекет емес, гүндерге тән жауынгер, күшті мемлекет. Эфталиттер мемлекеті Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Ауғанстан маңын түгел бағындырды. Тек, VI – ғасырдың екінші жартысында жаңа құрылған Түрік қағанатымен жауланып, ақыры, 567 жылы Иранмен одақ құрып соғысқан Естеми қағаннан жеңіліс тауып, талқандалды.

654 жылдан бастап Хорезм мен Тұран жерін Иранды толық бағындырып алған арабтар келіп басты. Бұл жерлер халифат құрамына кірді. Тұранның солтүстік жағы, Сейхун дария маңы 704-766 жылдарда Түркеш қағанатының, 766-940 жылдарда Қарлұқ қағанатының билігінде болады. Оңтүстік жағы, Жейхун-дария маңы XI ғасырда Хорезмшахтар әулеті келгенге дейін арабтардың билігінде қалып еді.

Тек, X ғасырдың бас кезінде ғана Мауераннахрда (Оңтүстік Тұран, Хорезм) Қарахан әулетінің мемлекеті құрылды. Бұл мемлекеттің негізін Абдулкарим Сатук Қарахан (956 ж. өлген) құрып еді. Бұл әулет Ілек хандар әулеті деп те аталды. 922 жылы осы мемлекет билеушісі Харун Боғрахан (Бура хан) Бұхарды басып алды. Одан кейінгі онжылдықта Қарахан әскері Шығыс Түркістанды, Жетісуды, Талас және Сырдария алқаптарын басып алды. Қарахан мемлекетінің астанасы әуелі Қашғар, Баласағұн, Үзген, одан кейін қайтадан Қашғар болады. Бұл мемлекеттегі елдердің дені әрі күштісі қаңлылар еді дейтін Әбілғазы.

1140 жылдар Қарахан мемлекетін шығыстан келген қарақытайлар басып алып, өздеріне бағындырды. 1218 жылдан бастап барлығы Шыңғыс ханның моңғол-татар империясына бағынды. Қарахан әулетінің билеушілері қарақытайларға бағынса да, билік басында болған. Сондықтан, бұл әулеттің билік заманы 300 жылдай уақытқа созылды.

Осы Қарахан мемлекетінің билеуші Ілек хандары қадым замандағы Тұранның патшасы Афрасиабтың әулетіне жатады. **Тарихшы В.В. Бартольд былай деп жазған: «Қараханиды назвали себя только турками и Домом Афрасиаба»** [5. 81-б.]. Сонымен, Афрасиаб заманынан 2100 жылдай уақыт өткенде оның әулеті жеке мемлекет құрып, үш ғасырдай билік етті. **Қарахан әулеті яғма тайпасынан деген тұжырым дұрыс емес. Себебі, яғма тайпасы оғыздарға (монғол) жатады. Ал, Афрасиаб патша парсы шахтарының әулетіне жататындықтан, оның үрім-бұтағы, шеше жағынан түріктенгенімен, парсы билеушілерінің ұрпақтары болып табылады.** Қарахан әулетінің билеушілері жайында да осыны айтуға болады. Яғни, X-ғасырдың басынан XIII – ғасырдың басына дейін Мауераннахр мен оң-

түстік Тұран, Шығыс Түркістанда билік жүргізген Қарахан әулеті қадым замандағы Тұран билеушісі Афрасиабтың, оның тегі Ажам билеушісі, немесе парсы патшасы Аффридунның ұрпақтары болып табылады.

«Мифы народов мира» атты энциклопедияда былай делінген:

«...Афрасиаб – персонаж иранского происхождения, прородитель тюркоязычных народов, царь тюрков, богатырь, предводитель тюркских племен, совершавший завоевательные набеги на соседей. От Афрасиаба вели свое происхождение Караханиды и Сельджукиды» [6.І-т. 129-бет].

«Түркістан» халықаралық энциклопедиясында келтірілген мәліметтер бойынша Афрасиабтың төрт ұлы болған: Барысхан, Қарахан, Шиде (Шайда), Аржасп. **Қарахан әулетінің билеушілері осы – Афрасиабтың екінші ұлы Қараханның үрім-бұтағы, ұрпақтары болып келеді.** Афрасиабтың өзі Бұхара қаласында жерленген екен.

Афрасиабтың ұлы Шайда батыр туралы, оның ерліктері туралы жырлар болыпты. Шайда батыр да әкесі Афрасиаб сияқты Иран патшасы Кей Хұсраудың әрекетінен өлтірілген [7. Афрасиаб статьясы, 108-бет].

Афрасиабтың кіші ұлы Аржасп өз заманында Тұранда билік құрып, патша болған екен. Афрасиаб ұлдарының үлкені Барысханнан белгілі түрік тайпасы Барысхан тараған. Бұл тайпа Батыс Түрік қағанаты заманында, Түркеш қағандығында маңызды орын алған.

Барсхан елі Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауындағы ежелгі түрік қаласы Барсханды салған. Бұл қала 10-ғасырға дейін қирап біткен. Махмұд Қашқаридың жазуынша Барсхан тайпасы – Афрасиабтың баласы Барысханның ұрпақтары және Барысхан бір кезде ұйғырлардың жылқышысы ретінде белгілі болған екен.

Ал, енді Салжұқ әулетінің Афрасиабтың қай баласынан тарағаны анық мәлім емес. Орта ғасырларда Салжұқ әулеті құрған Салжұқ мемлекеті де (1038-1157 жж.) өзі өмір сүрген 120 жылдың ішінде тарихта өшпес із қалдырды. Қысқа уақыт ішінде Сырдариядан Нілге дейін, Каспийден Жерорта теңізіне дейін қанат жайған империя құрылды. Ұлы Салжұқ әулеті де Афрасиаб ұрпақтарының даңқын шығарды. Салжұқ әулеті ағайынды Чағырбек пен Тоғрылбектен басталып (1038 ж.) Алып Арслан (1063-1072 жж.), Мәлік шаһ (1072-1092 жж.), Санжар сұлтанмен (1118-1157 жж.) аяқталады. Кіші Азиядағы Коний сұлтандығында бұдан кейін де Салжұқ әулетінің билігі сақталды (1236 ж. дейін). **Сонымен, XI-XII ғасырларда Шығыс Түркістаннан бастап Жерорта теңізіне дейінгі ұлан байтақ жерлерді, мемлекеттер мен халықтарды Афрасиаб әулеттері биледі.**

Жоғарыда айтылған Құшан мемлекеті туралы мынадай тарихи фактілер белгілі: Құшан патшалығы тоқар деген халықтың құрған мемлекеті. Бұл мемлекет I-IV ғасырларда өмір сүрген және біздің заманымыздың бас кезіндегі гүлденген атақты төрт державаның бірі болған. Тоқарлар деген б.з.д. II ғасырда Орта Азиядағы ежелгі Бактрияның тұрғын халқы. Тоқарлар – Орта Азия халықтарының тегі болып табылады. Тоқар, Тоғарма деген түрік халықтарының түп атасы деп айтып өткенбіз. Тоқарлар деген көне түріктер деп айта аламыз.

Б.з.д. III-II ғасырларға дейін тоқарлар Қара теңіз маңында қоныстанған екен. Б.з.д. 165-140 жылдардағы гүлденген жойқын жорықтары кезіндегі дүрбелеңде тоқарлар Қара теңіз маңынан Орта Азияға қоныс аударған. Тоқарлар құрамында кемерлер де

болуы әбден ықтимал. Тоқарлар массагеттермен туыстас халық деген болжам бар. Жалпы, тоқарлардың Құшан деп аталуы алғашқы билеушілерінің атына байланысты шыққан. Содан бастап тоқарлар құшандар деп атала бастаған. Мұнда да көне түріктердің заңы жүретіні көрініп тұр. Құшан (тоқар) патшалығының билеушілері Хафиз I, Хафиз II, Канишка ж.б. Тоқарлардың жазуы болған. Тоқар тілі б.з. I мыңжылдығында болған, бүгінде – өлі тіл. Тоқарлар көне түріктер болғандықтан олардың тілі де көне түрік тілі болып табылады... Құшандар IV – ғасырға дейін Будда дінінде болған, кейін ислам дініне кірген. Б.з. I мыңжылдығында Бактрия «Тоқарстан» деп аталған, бес аймаққа бөлінген. Үш жарым мың жыл «тоқар» деген көне атын сақтаған түріктер б.з. I ғасырында «құшан» атанған. Тоқарстан, Құшан мемлекеті жайлы осыны айтуға болады.

Тұран жері – түріктердің қадым заманнан бергі түпкі отаны болып келеді. Бұл жерде көптеген маңызды тарихи оқиғалар болған. Бұл оқиғалар, негізінде, Тұран елі мен Иран мемлекетінің қарым-қатынастарынан туындап отырған. Тұраннан көптеген атақты тарихи тұлғалар шыққан.

Тұран атауы екі тарихи адамдардың аттарына сәйкес шыққан деп пайымдаймын. Біріншісі, Иафет Нух ұлының шөбересі Тоқар (Тоғарма) ұлы Түрік (Тур-с). Бүкіл түрік халқының атауы осы адамның есімінен шыққан, ол – Түрік мемлекетінің алғашқы билеушісі. Екіншісі, парсы (Иран) патшасы Аффридунның (б.з.д. XVIII-XVI ғғ.) ортаншы ұлы – Тур. Аффридун патша үш ұлына ұлыстар бөлгенде Турға Тұран жері беріледі. Яғни, сол кезде Тұран парсыларға қараған деп пайымдауға болады.

Ал, түрік халқының атауы алғашқы билеушілері Түріктің атынан шыққан. Түрік өлгеннен кейін алғашқы мемлекет үшке бөлініп кетеді. Сонда, елдің Түрік ұлы Қайың ханға (Хакал) тиген бөлігі Түрік деген атты қабылдап, Тұранда қалған дейді. Тұран атауы түріктер жері деген мағынада пайда болған. Ол заман мөлшермен б.з.д. 3600 жылдар.

Тұран жері Аффридун ұлы Турға берілгеннен кейін де аты мен мағынасы сәйкес болғандықтан бұрынғы атымен атала берген. Тұранда көптеген мемлекеттер құрылған. Алаша хан заманынан кейін (б.з.д. XXXII ғ.) Тұран елі Татар хан әулетінің билігінде болған. XV ғасырдан кейін Тұранда Афрасиаб мемлекеті құрылды. Бұл мемлекет екі ғасырдай уақыттан кейін Оғыз хан мемлекетіне қосылды. **Яғни, ықылым замандардан бері Тұран жері түрік халықтарының алтын бесігі болып есептеледі.**

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Құрбанғали Халид.** Тауарих Хамса. А. «Қазақстан» 1992.
2. **М.Ж.Көпеев.** Омар Хайям. Наурызنامه, А. «Жалын» 1993.
3. **Т.Жұртбаев.** Дулыға I-II т. А. «Жалын» 1994.
4. **М.Исқақов.** Халық календары. «Қазақстан» 1980.
5. **В.В.Бартольд.** Тюрки. 12 лекций по истории турецких народов Средней Азии. А. «Жалын» 1998.
6. Мифы народов мира. Энциклопедия. 1987.
7. Түркістан. Халықаралық энциклопедия. А. Қазақ энциклопедиясы. 2000.
8. **Абурайхан әл-Бируни.** Избранные произведения 1-3 т. Ташкент. 1957.
9. Қазақ Совет энциклопедиясы. А. 1972 – 1978.
10. **Ә.Науаи.** Ескендір қорғаны. А. «Жазушы» 1989.

Алматы облысы,
Ескелді ауданы,
Қаратал ауылы.

ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ – елдіктің, бірліктің биік шыңы

Елизавета ИСИБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ тарихында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» атты қазақтың әдет-ғұрып заңдарының жинағы болғаны баршаға аян. Қазақ мемлекеттілігінің және оның құқықтық ел билеу тарихының тамыры тереңде жатыр. Ең бастысы мемлекет басқарудың құқықтық ережелері мен ұлттық әдет-ғұрыптары заңдастырылды. Дала демократиясының классикалық үлгісі – билер соты. Ол заман талабына сәйкес дамып, ел билеудің өнегелі заңына айналды. Қазақ хандығының тарихында ел билеген хандар көп болса да есімдері отандық тарихта алтын әріппен жазылуға лайықтылары санаулы деуге болады. Тарих олардың есімдерін халқына сіңірген еңбектеріне қарай бағалап, бүгінге дейін жеткізіп отырғаны анық. Керей мен Жәнібек хандар, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Тәуке хан секілді Есім ханның есімі де жазба дерек мәліметтері мен ауыз әдебиетінің материалдары арқылы ел тарихында сақталған еді. Тарихшы-зерттеушілердің міндеті олардың ел тарихындағы алар орны мен атқарған рөлін анықтап, ел жадында мәңгі қалдыру болып саналады. Осыған орай, біз бұл мақаламызда 1598-1628 жылдары қазақ тағын иеленген Есім ханның тарихи тұлғалық болмысы мен тарихи рөлін көрсетіп, баянды еткіміз келеді.

Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды. Оған бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауреннахрға жасаған жорықта ерекше көзге түскені үшін берілген екен. Есім хан – Шығай ханның баласы, ол бұрын Қазақ хандығының Түркістан қаласындағы хан ордасында тұрған [1,257-б.]. 1598-1628 жылдары билік құрған. Бұл кезде Қазақ хандығы үшін Қаратау мен Сырдың арасы ел мен төрт түлік малға толған бай өлке еді. Хандықтың астанасы тұрақтанып, көне Түркістан шаһарына біржолата көшті. Түркі жұртының рухани тірегі Түркістанды басты астана ету бақыты Есім ханға бұйырды. Қала ірі сауда орталығы болуымен қатар, діни білім ордасына айналды. Әзірет сұлтан кесенесінің төңірегіне қазақтың абыройлы да беделді хандарының, билерінің, батырларының жерлену дәстүрі осы кезеңде қалыптасты. Түркістан бірлік пен татулықтың, аса маңызды мемлекеттік мәселелерді шешетін және әділ биліктің шаңырағына айналды. Есім хан Қазақ хандығының саяси мәселелері, түптеп келгенде, оңтүстік өңірінде шешілетіндігін түсінген кемеңгер саясаткер еді. Бұл кезде басты қарсылас Бұһар әмірлігі болды. Олар мен Ферғана, Ташкент, Түркістан аймақтары үшін, кескелескен шайқастар жүргізді [2,57-б.]. Ол 30 жыл бойы хандық құрып, өзін дарынды әскер басы ғана емес, терең ақыл иесі, көреген көсем, билікті саясаткер, парасатты мемлекет қайраткері ретінде хандықтың сыртқы шекарасын нығайтып, елдің ішкі жағдайын да жақсартты. Аталған кезеңде Жоңғар хандығының іргесі нығайып қалған. Тарихтан білетініміздей, қазақ-жоңғар соғысы ғасырлар бойы жалғасты. Ұзақ мерзімге созылған шай-

қастардың бел ортасында Есім хан бастаған сарбаздар жүрді.

Ер мінезді қолбасшы барлық жорықта өзі алғы шепте болып, шайқастарға қатысты. Шығыста өрісі тарылған ойраттар Ертіс пен Есілден өтіп Жайық маңайына дейін шабуылдап жатты. Ал, 1627 жылы Есім хан Ойрат одағын соңғы 200 жылда болмаған ең ірі жеңіліске ұшыратты. Торғауыттар батысқа қашты. Онда байыған ноғайлардың қонысын басып алды. Торғауыттар осылайша Жайық пен Еділдің арасына қоныстанып, Қалмақ хандығын құрды. Шорас пен Дүрбіт тайпалары әуелге қонысы Жоңғар Алатауына қарай шегінді. Қошауыттар Тебекке өтіп кетті. Есім хан сыртқы жауларға тойтарыс берумен қатар, ішкі алауыздықты да батылдық пен пайымды парасаттылықпен басып отырды. Оның нақты мысалы тарихымызда таңбаланып қалды [3,45-б.]. Бұл Тұрсын ханға байланысты тарихи оқиғалар еді.

Тұрсын бүкіл Қазақ хандығын уысында ұстамақ ниетпен Есім хан жоңғарларға қарсы жорыққа аттанған кезде Хан ордасына ойран салды. Есім ханның әйелі мен жас балаларын тұтқындап, ауыр шайқастан қайтып келе жатқан қазақ сарбаздарына шабуыл жасады. Екі жақ Сайран түбінде кездесіп, қазақ пен қазақ майданда бір-бірімен қылыш қармасып, шоқпар сілтесті. Осы арада Есім ханның аса тәжірибелі қолбасшы екендігі нәтиже беріп, Тұрсын хан тас-талқан болып жеңілді. Оның екі жүзділігі мен қатігездігіне қаны қарайып жүргендер Қатағанның хан Тұрсынын Есім ханға бұғаулап әкеліп береді. Еңсегей бойлы ер Есім дұшпанының басын алып, оның қолтығына су бүріккен Бұһар ханы Иманқұлиға сәлемдеме ретінде жіберді. Ал Ташкент қаласы осыдан кейін 200 жыл бойы Қазақ хандығының қол астында қалды. Дегенмен, ішкі саяси тұрақсыздыққа бой алдырған қазақұлыстарын қайтадан бір орталыққа ұйыстыру ісі Есім ханға оңайға соқпады. Бұл дәуірде Қазақ хандығының басты қарсыласы Сырдария мен Өмудария өзендерінің аралығындағы аумақты билеп тұрған Мауренақыр мемлекеті еді. Осындай қуатты елмен текетіресте Есім хан өз ішіндегі ру-тайпалар арасындағы қатынастарды күшпен немесе жарлықпен ұстап тұрудың мүмкін еместігін түсінді. Сондықтан сол заманға сай әдет-ғұрыптар заңын өз билігінде пайдалануды ойластырды.

«Есім ханның ескі жолы» тарихқа осылай келді. Есім хан қазақтарға 1598-1628 жылдары хан болған. Ол өзінен бұрынғы Орыс хан, Қасым хан жасаған әдет-ғұрып заң нормаларын қайта қарап, өз дәуіріне ылайықты етіп түзеген. Өзінің мазмұнына қарай құндауы, жер дауы, жесір дауы, мал дауы секілді күрделі тараулардан тұрады. Әрине, ата-бабалардың билік қағидаларына сүйеніп, електен өткізген есті жолды ұстанған Есім хан өзінен бұрынғы ел билеу ережелерінен ауытқыған жоқ. Шыңғыс хан дәуіріндегі «Жасақ», «Қасым ханның қасқа жолы» секілді әдет-ғұрып заңдарын өз заманына сай икемдеді. Өзінен бұрын қолданып келген заң қағидаларына толықтырулар мен өзгерістер енгізді. Сондықтан «Есім хан-

ның ескі жолы» ой сарабынан өткен, заманға сай сараланған есті жол десек те болады. Ой таразысына салып көрсек, бұл құқықтық реформа деуге әбден болады. Ханның өзі бас болып, сұлтандар мен билер әр жылы мамыр айында «Билер» кеңесін өткізіп отырды. Кеңесте елдің ішкі-сыртқы ең түйінді мәселелері шешілді. Бұл жиыннан басқа әр күз сайын «Халық мәжілісі» шақырылатын. Осы екі жылда қаралап шешілген мәселелерді келесі кеңеспен мәжіліске дейін бұзуға ешкімге құқық берілмеді. Ал, ханның өзі қарап шешкен дау ең соңғы тұжырым болып саналатын. Оны қайта қарауға ешкімнің қақысы болмады.

Есім ханның ел билеу қағидаларынан мемлекеттілікті нығайтқан бірнеше жаңа белгілерді көруге болады. Бірінші тармақ – хан пәрмені, батыр және абыз ісі, би мәртебесі. Екінші тармаққа құн төлеу жарлықтары жатады: олар-өнер құны, сүйек құны және құн ісін жайғастыру. Үшінші тармақта жесір ісіне қатысты әмеңгерлік жесір дауын шешу жарғылары қамтылған. Төртінші тармақ жаза белгілеу жарлықтарына қатысты болып келеді. Олар – жан жазасы, мал жазасы, ар жазасы және айыпкерлерді осы істер бойынша жазалау [4,18-6.]. Шын мәнінде, бұл әдет-ғұрып жарлықтары да халық демократиясының рухына сай жасалған заңдар екендігіне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ бұдан көшпелі қазақтардың құқықтық мәдениетін, халықтың болмысы мен тұрмыстық-тіршілігін, ұлттық салт-санасын аңғару да қиын емес. Бастапқы кезде әскери жарғылық сипатта жасалған бұл жобаларды Есім хан жаңғыртып, халық арасында жаппай қолдануға тырысқан. Хан билігі тұсында күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде азаматтық, қылмыстық істерді қарауда әскери отбасылық қарым-қатынастарда ата-баба жолы басшылыққа алынды.

Есім ханның билігі тұсында қазақ арасында жеті атаға дейін некелесу тәртібі заңдастырылды. Сөйтіп, ата салтының сақталуына шешуші мән берді. Тағы бір айтатын жәйт, бізге мәлім қазақ қоғамындағы күрделі даулардың бірі – кісі өлімі. Кісі өлімі үшін құн алынған. Есім хан шығарған арнайы заң бойынша өлген кісіге өлтіруші жақ құн төлеуге міндетті. *«Ер адамның құнына жүз жылқы, алты жақсы (6 түйе)»* кесілген. Ол барлық еркек үшін бай, кедей, жас, көрі демей бәріне бірдей сол дәуірде бұл алынған негізгі құн өлшеуінен артық құнның мынадай түрі болған:

1. Өнер құны. Оған жүлде алған атақты адамның құны жатады. Жүлде алған деп, жұртқа белгілі ақындар мен топқа түсіп бәйге алған балуандар есептеледі, олардың құны үшін екі кісінің құны (200 жылқы, 12 түйе) кесілуі керек.

2. Сүйек құны. Оған өлген кісінің сүйегі үшін төленетін құн жатады. Мысалы, өлген адамның сүйегі туған-туысқанының қолына түспей, жоқ болып кетсе, ол үшін екі адамның құнын төлеулері керек. Бұл екі түрлі құнды, үстеме құн деп атаған. Кісі өліміне құн төлеу жайлы жоғарыда айтқан ойымызды бізге келіп жеткен *«Есім ханның көкаласы бір-ақ бесті»* деген қағида толық дәлел бола алады. Ұры ұрлап кеткен Есім ханның көкала дейтін аты қанша жақсы, жүйрік жылқы болғанымен ас пен тойға қосылып, бәйге алған мал емес екен. Сондықтан да ұрыдан төлеу алғанда төлеуге бір-ақ бесті кесіпті. Біз мұнан жұрт көзіне түсіп, белгілі болу, болмауына байланыстылығын көреміз. Әйел адамының құны «Есім ханның ескі заңы» бойынша қалың малдың шамасы бойынша өлшенген. Өлген әйелдің тұқымының қызына алатын қалың малы қандай болса, сондай мал төлеуге тиісті,

болмаса қыз орнына өлтіруші жақ қалыңсыз қыз беруі керек. Бұдан бізге белгілі болғаны, еркек адамның құнынан айырма әйел адам құнының әртүрлі екендігі. Бұл қыз әкесінің әл-ауқатына қарай, қалың малдың мөлшеріне байланысты. Даудың тексерілуі кісі өлтірушінің ауылында өтеді.

Қылмыс істеген адамды – қанды қол, құн сұрауға келген адамдарды даугер деп атайды. Дауға келген талапкерлерді ел болып күтіп алып, оларға шыққан шығынға руластары түгел ортақ болуы керек. Дауда сөйлеуге екі жақтың да белгіленген кісілері (шешендері) болады. Олар тәртіп бойынша кезекпен дауларын айтып, қағысады. Ақырында екі жақтан бітімші (би) кісілер белгіленіп, олар келісімге келіп, шешімдерін айтады. Ал екінші бір үлкен дау – жесір дауы [5,18-22-б.]. Жесір деген сөз әйел жынысының ерсіз бос отырған жігіне тән атау. Демек, қалың беріп атастырып қойған, бірақ ұзатылмаған қыз атастырылған ері өлсе, онда қалың мал төлеген елдің жесірі болып есептеледі, сондай-ақ ері өлген әйел де барған елінің жесірі болады. «Ерден кетсе де елден кетпейді» деген қағидамыз берік тұтынуы, әйел тек ерінің ғана емес, бүкіл руының қарамағында болғанын айғақтайды. Дегенмен, Есім ханның заңы бойынша, жесірге сол рудан адам таңдауына рұхсат етіледі. *«Егер таңдаған адамы бас тартса, онда әйелдің басы босап, қалың малы қайтарылады».*

Қазақ қоғамында мал-мүлік дауы да ерекше орын алған. Қазақ үшін байлық – мал. Малдың еті, сүті – тамақта, жүні, терісі – киім, мал қазаққа көшсе – көлігі, мінсе – жүйрігі, яғни малсыз тірлік жоқ. Сондықтан да ескі патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамында қай көшпендінің болмасын арманының асқарларының бірі – мал. Әрі қазақтар осындай байлықтарын (мал-мүлік) қатаң күзет қоймастан немесе құлып салмастан ашық қалдырулары себепті ұрлық істеушілер сонау Шыңғыс ханның *«Жаса»* заңынан бастап-ақ қатаң жазаланып отырған. Есім хан да ұрыларға аяушылықпен қарамағаны хақ. Ұрланған аяқты мал үшін ұрыдан ол малдың көзі қайтарылады, көзі жоқ болып кетсе, оның орнына тұрарлық төлеуі алынады, оның үстіне: бір қара ұрлағанның айыбына *«ауыздықсыз ат, астарсыз шапан»*, он қараға дейін-қосымша «ат-тон» кесілген. Он қарадан жоғары ұрлаған ұрыдан – *«мойнына қосақ, артына тіркеу»* дейтін екі қара айып алынады. Орта жүз Момын деген атаның жүз жылқысын Найманның Ебей, Себей деген ұрылары алады. Мал иелері артынан қуып барса, Найманның Көкшолақ деген биі ешкімді аяғына отырғызбайды, малын қайырмайды. Сонда қуғыншыларға ілесіп барған 12 жасар Досбол: *«Қысырында бермесен, Бұзау аузында берерсің. Арығында бермесен, Семізінде берерсің. Өз зандыңда бермесен, Өнерімді көрерсің»* деп, тепсініп тұрып кетеді. Сонда Көкшолақ: *«мына бала түбі құтқармас, мойнына қосақ, құйрығына тіркеу қосып құтыла көріңдер»* депті. Осындағы билік шешім Есім хан заңымен айтылғаны айдан анық.

Есім хан заманы шетелдіктермен күресте көбіне жеңісті, сәтті болып отырғанмен де асатынымсыз, елдің тынышын кетірген ауыр заман еді. Осындай қилы да қиын заманда сәйгүлік тұлпар, қас жүйрік жылқы ер жігіттің жан серігі, ең жақын досы іспетті болған. Бұны барлық батырлар жырларынан мысалға алуға болады. «Есім ханның ескі жолында» жүлде мен бәйге алып жүрген жұрт көзіне түскен жүйріктің кесімді құны алып жүрген бәйгесінің және жорықта келтірген пайдасының түріне қарай өлшеп-шешкен. Әрине, жылқы малының жүйрігін

мұнша қастерлеу Шыңғыс ханның «Жаса» заңында бар. Есім ханның заңында «Мал-дүние ұрпаған ұрылардың ұрлық үстінде қолға түскендеріне: киімін тонап, көлігін аударып алған, қорлықпен байлап, сабап берген ақірет-азалары жоқталмайды. Егерде ұрының денесінің бір жеріне кемістік келтірілсе, көзі шықса, қолы сынса, құлағы кесілсе, сақалы жұлынса т.б. ол кезде зәбір беруші жағы ұрыға тиісті айыбын тартатын болады» делінген. Есім ханның шығарған заңында жер-су, жайлау-қыстау, көшу-қону қоныстары туралы болып тұратын күрделі дау-жанжалдарды шешуге белгіленген заңның жол-жобалары бар. Жер-су, жайылым, ата-қоныс мекеніне иелік ету үшін талапкерге қойылатын салт-сана заңдарының түрлі шартты сұрақтары мен қажетті белгілері көрсетілген. Олар: талапкердің ата-анасының салынған қабірі, қойылған құлпытасы, қазылған арық, егілген егіннің атыз жаптары, құрылған шығырдың орны, орылған қырманның ізі, соғылған бөгеттің қалдығы, қазылған құдықтың орны, малдың қысқы көңі, қойдың күзгі түнегі, тұрғызылған қарақшы, үйілген омақа белгі, тігілген ағаш, егілген бақша, салынған там, соғылған албар қора, салынған шеген, қазылған ошақтың орны, т.б.

Есім хан дәуірінен бұрын-ақ қазақтардың қыс қыстауы, қалалары болып, егіншілікпен айналысқанын мұрағат, қазба деректер толық дәлелдейді. Жиымбет жыраудың Есім ханға: «...Қалмақтың Бөріханы келгенде, Қаланың қасы бүлгенде, Хандар қалаға қалған, Сұлтандар суға салған, Қаз мойынды ханыша Қалада тұрып жылаған. Тал шарбаққа мал сақтап, Тас қалаға жан сақтап...», – деп толғағаны осы ойымызды дәлелдейді. Жоғарыдағы аталған белгі-мұралардың қайсы бірі болса да талапкердің әкесінің, болмаса бабасының, яки туысқан-туғанының біреуінің еңбегімен істеліп, бір кездерде оның қоныстанып, мекендегені анықталса, ол жерді даулап талап етуші кейінгі иеленушіден сөзсіз қайтарып алады. Ол жерден соңғы мекендеушінің алып кете алмайтын ғимарат, қора-жай, бау-бақша салынған күрделі жайларының тұрарлық бағасы бейтарап үш кісінің кесімі бойынша төленген [6,53-б]. Егер де жерді қайтарып алған иесінің даулаған кезінен кейінгі уақыттарда салынған жайлар, тігілген ағаштар, егілген бау-бақшалар болса, онда даулы жердің шатағы басылмай тұрғанын біле тұра әдейі істелген нәрсе деп табылып, жауапкердің ол еңбегіне ешнәрсе төленбейді. Есім хан заңында мұрагерлік, мирасқорлық мал мөлшері анық айтылған. **Мирасқорлыққа бөлінетін мал-мүліктердің бөліну мөлшері:** туған ұлдарына – екі еседен, туған қыздарына – баласыз әйелдеріне – бір еседен, өгей балаларына – жарты еседен, есігінде еншілес болып жүрген құлы яки күңі болса – ширек еседен сыбаға тиісті.

«Есім ханның ескі жолындағы» қызға төленетін қалың малдың кесімді мөлшері бес түрлі болған. Олар:

1. «Жүз қырықтың қалыңы» – жүз қой, қырық қара деген кесім байлар мен билердің қызының қалыңы.
2. «Жүз жиырманьың қалыңы» – жүз қой, жиырма қара деген кесім одан кейінгі орташа қызының қалыңы.
3. «Қырық жетінің қалыңы» – жеті қара, қырық қой деген кесім (байлардың, билердің «қатын үстіне» алатын кедейлердің қыздарына төленетін қалыңы).
4. «Он екі қара» – «дөңгелек қалың» (қатыны өлгендердің кедейдің қызын айттырғанда төлейтін қалыңы).
5. «Сегіз қара» (жарлы-кедейлердің бір-бірімен

құда болып қызын айттырғанда төлейтін қалыңы). Әйел құны да осы кесімге орай шешіліп отырған.

Сондықтан да олардың әдет-ғұрып нормалары жүйеленген жарғылық құжатқа айналды. «Ескі жол» елдіктің, бірліктің биік шыңы дәуімізге толық негіз бар [7,10-б.]. Көне тарихқа жүгінсек, Керей мен Жәнібек ханнан бастап, Қасым, Тәуекел, Есім, Тәуке хандардың тұсындағы тарихы тереңнен тартылған билер соты еліміздегі бүгінгі сот билігінің бастау көзі екендігі анық. Қазақ билері халыққа сот төрелігін шынайы әрі турашылдықпен жүзеге асыруда көп жағдайда әділдігімен танылды. Басқаша айтсақ, халық қызметшісі бола алады. Билер соты дауды қарағанда әдет-ғұрып жоралғылардың қағидаларын қатаң сақтап отырды. Сондай-ақ істің күрделілігі мен тараптардың мүдделеріне ерекше назар аударылған. Сонымен қатар, дау шешуші билер тараптар мен басқа да қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялылықты қатаң сақтайтын әділ төреші бола білген. Дауласушы адамдарға шындықты тапқырлықпен мойындата білу төрелік жасаушының абыройын көтерген. Халық алдында өзінің әділ әрі шынайы шешімімен екі жақты татуластыра білген билердің абыройы ханнан кем болмаған. Ондай билердің атақ-даңқы бүкіл елге тарап, шартараптан даушылар іздеп келіп, төрелікке жүгінген. Кезінде қазақ қоғамындағы даулы мәселелерді екі ауыз сөзбен шешкен ауыз дуалы билердің өмір сүргені белгілі.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық үлгісі. Дала билігінің дара тұлғалары – әрі-ректен бастасақ, Майқы би, Есім хан заманындағы Қадырғали, Марғасқа, Әбілғазы, Жиымбет жырау, Тәуке хан кезіндегі Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке билер дау-дамайды бітімгершілікпен шешіп, халықтың ауыз бірлігін, жеріміздің тұтастығын сақтауға бар ақыл ойы мен күш-жігерін жұмсағаны белгілі. Билер – мемлекеттік билер ісіне араласумен қатар, ел басқаруда көсемдігімен, шешендігімен, даналығымен танылған құрметті тұлғалар. Ел басына күн туған қиын сәтте халқына пана болған да, қазақтың басын біріктіріп, ел мен жердің қорғаушысы болған да қазақтың би-шешендері. Қай би болмасын өз дәуіріндегі әдет-ғұрып заңдарын басшылыққа алып, оның бұрмалануына жол бермеген. Ал «Есім ханның ескі жолы» мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген Ислам дінінің шариғат заңынан өзгеше болды. Оның қағидалары көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заңдардың жалғасы екендігін зерттеуші ғалымдар талдап, айқындап берді. Қазақтың билер соты жүйесін терең зерттеген заңгер, академик Салық Зимановтың тұжырымы бойынша, қазақ қоғамының құқықтық әлеміндегі негізгі билік даланың өз заңдарына негізделген. Жалпы алғанда Есім ханның ел билеудегі жол-жобалар мен әдет-ғұрыптар туралы ережелер жинағы «Есім ханның ескі жолы» қазақ елінде XIX ғасыр ортасына дейін сақталып, қызмет етті. Есім ханның тұсында қазақ халқы арасындағы жеті атаға дейін некеге тұрмау тәртібі заңдастырылғаны қазақ халқының ата салтының сақталуына шешуші мән берді. Қазақ хандығының бірлігін нығайтып, шекарасын кеңейтуге үлкен үлес қосты.

Билер соты туралы айтқанда, билердің ел билеудегі рөлінің жоғары болғандығын айрықша ескеру керек. Өйткені, олардың әділ төрелігі қазақ қоғамының дамуына ықпал етті. «Медиация туралы» заңда осы бітімгерлік мәселесі басты негізге алынуы да жайдан-жай емес. Ойымызды тұжырымдасақ, біздің құқықтық негіздеріміз «Қасым ханның қасқа жолы» мен

«Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» секілді дала заңдарынан бастау алып, бүгінгі Конституциямызға келіп жалғасты. Мемлекеттілігіміздің түпкі тамыры қалай тереңде жатса, құқықтық негіздеріміз де тым тереңде жатқаны бәрімізге мәлім. Ер Есім – қаһарлы билеуші ғана емес, қазақ елдігіне оң реформа жасап, даналықтың мұзарт шыңынан алыс болашаққа сәуле түсірген көреген көсем, тұтас Түркістанның түгел билігіне қол жеткізген құдіретті хан. Оның жорықтағы сұрапыл ерліктері мен алып бейнесі ел жадында мәңгі жаңғырып, аңыз-жырлардың алтын арқауына айналды.

РЕЗЮМЕ

Законы Есим хана был усовершенствованы в соответствии с военно-политическими и социальными потребностями той эпохи, а также с образом жизни и традициями народа, и поэтому эти законы были широко распространены среди народа. Эти законы содержали положения, касающиеся материальных тяжб из-за земли, домашнего скота, положения о преступлениях (кражи, убийства и т.д.), о статусе женщин, воинской повинности, традиционных мерах, помощи бедным и т.д. Этот закон был назван в честь Есим хана «Старый путь Есим хана». Не следует забывать, что этот сборник правовых норм представляет собой сборник правил, написанных в соответствии с требованиями своего времени.

The laws of Yessim Khan were perfected in accordance with the military-political and social needs of the era, as well as with the way of life and traditions of the people, and therefore these laws were widely distributed among the people. These laws contained provisions regarding material litigation over land, livestock, provisions on crimes (theft, murder, etc.), status of women, conscription, traditional measures, assistance to the poor, etc. This law was named after Yessim Khan «the Old way of Yessim Khan». It should not be forgotten that this collection of legal norms is a collection of rules written in accordance with the requirements of its time.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. XVII ғасырдағы Қазақ хандығы: Есім хан туралы // Қазақтың көне тарихы. – Алматы 1993. Б-257-259.
2. Байболұлы Қ. Есім хан туралы жыр // Байболұлы Қ. Төле би Дастандар. – Алматы 1991. Б-57-172.
3. Мағауин М. Есім хан және оның заманы // Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі – Алматы 1993. Б-45-52.
4. Елешева З. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы ант: // Қазақ және қырғыз шежірелері негізінде // Қазақ тарихы 1999. №1-6. 18-22.
5. Қаратаев Т. Тарихтағы аттас тұлғалар: Есім хан // Қазақ тарихы 1998. №1-6. 18-22.
6. Қаратаев Т. Тарихтағы аттас тұлғалар: Есім хан // Қазақ тарихы. – 1998. – № 4-5. – Б. 53.
7. Мағауин М. Есім хан және оның заманы // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 10 желтоқсан. (№59). – Б. 12-14.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ – 1150!

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЖАҢАНДАНУ ЗАМАНЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Ердәулет БЕРЛІБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Сафура ҚАЛДЫБАЕВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, тарих магистрі

Әл-Фараби – ортағасырлық ғылымның қай саласы болмасын үздік білім иесі, энциклопедист, ғұлама ойшыл, түркі, ислам, әлем философиясының жұлдызы, адамзаттың ұстазы. Ұлы бабамыз өз заманында ақыл ой мен білімнің мәнін терең зерттеп, ғылымның барлық салаларынан аса зор мұра қалдырды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында әл-Фарабиге 1150 жыл, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын ысырапшылдыққа жол бермей, ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында кеңінен насихаттауды тапсырды [1]. Ұлы ғалымның трактаттарының қолжазбалары Каир, Дамаск, Бейрут, Ыстамбул, Париж, Мадрид, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк қалаларының кітапханаларында сақталған.

Ғұламаның ғылыми еңбектерін қайта қарау ба-

рысында ғалымды Шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикадан жүйе жасаған ағартушы оқымысты ретінде танымыз. Оның пікірінше, жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп алу керек:

– баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;

– ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;

– сабақ процесінің алатын орны [2]. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына ерекше мән берген.

Көшпелі халық – табиғат перзенті. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов: «Далалық орданың тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жағынан әлдеқайда жоғары тұрды, осынау дала көшпенділерінің ақынжанды боп келетіні, ой-қиялының жүйріктігі өзіндік ақындық қабілет, дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса ке-

рек», – деп көшпелілердің ерекшеліктеріне мән берген [3]. Әлемге әйгілі Әл-Фарабидің өзі де, бабалары да осындай ортадан шыққанын мақтанышпен айтуға болады.

Араб-ислам мәдениеті әлем елдеріне тарала бастағанда Орта Азияның ауқатты адамдары балаларын мұсылман ғылымын меңгерту үшін алыс елдерге жібере бастағанын тарихтан білеміз. Ата жұрттан тиісінше білім алған әл-Фараби кейіннен **жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка** сияқты ғылым салаларынан **164 (200)** атақты трактаттарын жазды. Өкінішке орай, бүгінгі ұрпақтың қолына тигені **40-қа (70)** жуық, еңбектерінің көпшілігі бізге жетпей жоғалған.

Араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби **70-ке жуық тіл білген**» деп жазып қалдырған. Мың жылдан асса да ол жазған рухани мұра ғылыми құндылығын әлі жоймай келеді. Бұл Фарабидің ұлылығы мен данышпандығының айғағы.

Ойшыл ғалым Фараби «Ғылымдар энциклопедиясында» Аристотельден өзіне дейінгі 1300 жылғы ғылымға талдау жасап, кейінгі ұрпаққа **құндылығы аса зор энциклопедиялық еңбек қалдырды**. Бұл еңбек Фарабиден кейін де 500 жыл бойы Шығыс, Батыс оқымыстыларының қолынан түспес кітабының бірі болып, жоғары мектептерге ғылым негіздері жөніндегі басты оқулық ретінде оқытылды.

Әл-Фараби **Алланың құдіреті мен ұлылығын** басты орынға қойды. Жаратқаннан күнә-қателіктерден тазартып, таза ақылды нәсіп етуін сұрап күндіз-түні дұға қылған.

«Дін кітабы» еңбегінде мынандай үзінділер бар: «*Уа, Алла! Пендеңнен надандық пердесін сыпырып, пәнилік кінәраттардан пәк ете гөр. Өзің разы болатын іс қылуды нәсіп ет!*

Уа, Алла! Мәртебемді биік ет! Әр ісімнің соңын қайырлы қыл! Мақсат-мұраттарымды асыл қылып, іске асыр!

Уа, шығыстар мен батыстардың Иесі!

Уа, Раббым! Бойыма тектілік пен бекзаттықты бер, пайғамбарлардың кереметтерін көрсет, байлардың бақытын бер, данышпандардың даналығын дарытқайсың, тақуалардың тақуалығын танытқайсың! Маған ақиқатты ақ қылып көрсет! Жалғанды жалған етіп көрсет.

Уа, Алла! Даналықтың ең биік деңгейіне жеткізіп, пәк изат періштелеріңнің әлеміне жақындат!». Осы жолдарға талдау жасай отырып ұлы ойшылдың бар өмірі Алладан өзі тілеген тілегі қабыл болды ғой деп қорытындыға келуге болады. Себебі: **Әл-Фарабиге әлемге танымал ұлы тұлға, ойшыл, ғалым, түркі, ислам әлемі философиясының жұлдызы, халықтың өзі Аристотелден кейінгі адамзаттың екінші ұстазы** деген атау берді.

Бұл тұста ұлы бабамыздың өзі де Аристотельді аса жоғары бағалап, ұстаз санаған.

Бүгінгі таңда **«Қоғамды қандай адам басқаруы тиіс?»** деген сұрақ кімді болса да ойландыруы мүмкін. Қоғамды **«ақылды, білімді, сабырлы, ізгілікті билікпен ұштастыра алатын қабілетті адам басқаруы керек. Адамдардың арасында қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбиемен тәлім, т.б. басты құндылықтар болу керек»** дейді. Мемлекет адамдары басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат арқылы күшті мемлекет бола алады дейді. Ұлы ойшыл өз заманында қоғамда тумысынан

табиғат берген **он екі қасиеті** бар адам басқаруы тиіс дейді [4].

2014 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік Ел» ұлттық идеямызды жариялаған болатын [5]. **«Мәңгілік Ел» идеясының үш тұғыры** ретінде – Түрік қағанаты мемлекетінің Күлтегін бітіктасында жария етілген саяси актісі – манифесі, әл-Фарабидің саяси-теориялық философиясы және Жүсіп Баласағұнның құқықтық мемлекеттік қағидалары қарастырылды.

«Мәңгілік Ел» – әл-Фарабидің саяси-теориялық философиясының негізі. Ортағасырлық ойшыл ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап кетті. Әл-Фараби «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндаған [6].

Ұлы ғұламаның: «*Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды, Еркіндік толық орнаған қоғамда Әлеуметтік әділеттілік орнайды*», – деген ғылыми тұжырымдары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында да өз құндылығын жойған жоқ.

Әл-Фарабидің музыка саласындағы «Музыканың ұлы кітабы» жарық көрген соң оны дүние жүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп таныған. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Қазір музыкада 7 НОТА болса, әл-Фарабидің еңбегінде нота саны – 12. Сол бес нотаны әлі күнге дейін ешкім тапқан жоқ [7]. Арабтар Фарабидің музыкалық шығармаларын осы уақытқа дейін пайдалануда. Әл-Фарабидің **«Музыканың ұлы кітабы»** – музыка өнерінен толық білім беретін еңбек.

Фараби әмбебап ғалым ретінде өз заманында жақсы дәрігер болғаны белгілі. Ұлы ойшыл дәрігер мыналарды білуге тиіс дейді: (6-қасиет).

Біріншіден, адам ағзаларының ерекшеліктерін білу.

Екіншіден, ауруды дұрыс сақтау және қалпына келтіру үшін қолданылатын шараларды білу.

Үшіншіден, аурудың түрлерін, себептерін білу, оны жоятын жолдарды білу.

Төртіншіден, дәрігер сау және сырқат мүшелердің айырмашылықтарын білу.

Бесіншіден, тамақтану тәртібі, дәрі-дәрмекті қолдану жолын білу қажет.

Алтыншыдан, ауру адамның денсаулығын нығайту жолдарын меңгеру.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ұлы ойшылдың 10 томдық шығармалар жинағын Лотос-Астана баспасы дайындап шығарды, оған қоса 20 томдық «Қазақ халқының философиялық мұрасының» II, III, IV, XV томдары Әл-Фарабиге арналған [7].

1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыздың 1, 200, 1000, 2000, 5000 теңгелерінде Әл-Фараби бейнеленді.

Ұлы ғалым Бағдат, Хоросан, Каир қалаларында болып, өмірінің соңғы жылдарын бұрынғы Шам шаһарында, кейінгі Дамашық (Дамаск) қаласында өткізіп, 80 жасында дүниеден өткен ғалым түркілер арасынан шыққан Шығыс ренессансының өкілі.

Қорыта айтқанда, Аристотель Әл-Фарабидің арқасында Аристотель болды. Ортағасырлық Еуропа

классикалық ежелгі герек философиясымен Әл-Фарабидің еңбектері арқылы танысты. Кейіннен оның ізбасарлары арқылы дамытылды. Міне, сол үшін Отырардан шыққан ұлы перзент – Әбу Насыр Әл-Фараби бізге қымбат.

Шам шаһарында қайтыс болғанда оны сол елдің әміршісі Сайф ал-Даула өз қолымен жерлеген. Ұлы ғалымның мүрдесі Сириядағы Баб әс-Сағир зиратында жатыр. Елбасы Сирияның Дамаск қаласына 2007 жылы барғанда қыпшақ Әл-Фараби деген жазуы бар қабірде құран оқытып тәу етті. Ол Фарабидің мавзолей құрылысын жүргізуге, Бейбарыстың мавзолейін қалпына келтіруге келіскен. Келісім жасалып, 2011 жылы соғыс басталғанға дейін 95 пайызы біткен. Енді ұлы ғалымның асыл мұраларын 1150 жылдығы қарсаңында қазіргі сол аймақтағы жергілікті тұрғындар мен мемлекет басшыларының парасаттылығы мен уақыт еншісіне тапсырғаннан басқа лаж болмай тұр.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает ценность произведений аль-Фараби в соответствии с требованиями современного мира. Автор утверждает, что в эпоху

глобализации труды аль Фараби не утратили свою научную ценность.

In the article, the author evaluates the value of al-Farabi's work in accordance with the requirements of the modern world. The author confirms that al-Farabi did not brush up in the epoch of globalization.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауы.//Егемен Қазақстан, 03.09.2019 ж.

2.Әл-Фараби заманауи Қазақстан философиясы. Алматы, «Қазақ университеті». 2012 ж. 29-б.

3.Ш.Ш.Уәлиханов. Бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1961ж. Т.1. 390 б.

4.Әл-Фараби. «Қайырымды қала тұрғындары». Т.20, Астана. Аударма 2005 ж.Т. 2. 496 б.

5.Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан 18 қаңтар 2014 ж.

6.Қабылдинов З. Тегі асыл ел тарихын түгендейді //Астана ақшамы -Астана, 10.02.2014 ж.

7.Аль Фараби естественно-научные трактаты. Алматы, 1973 г. 2016 г.

ИДЕЯ СЧАСТЬЯ В ДОБРОДЕТЕЛЬНОМ ГОРОДЕ АЛЬ-ФАРАБИ

Асель ДАДЫРОВА,
кандидат философских наук, доцент
Казахского национального университета искусств

Введение. 2020 год – юбилейный год, в Казахстане будут отмечать 1150-летний юбилей величайшего ученого, мыслителя Абу Насра аль-Фараби. Поэтому, отдавая дань уважения великому Учителю, необходимо отметить, что Аль Фараби один из родоначальников восточного перипатетизма. Его общественно-политические, философские взгляды оказали огромное влияние на развитие научной парадигмы не только в стране, но и за ее пределами.

Объектом исследования стала проблема устройства города или, следуя терминологии того времени «Духовный город», «Добродетельный город». Обращение к этой проблеме связано с вопросами совершенствования социально-политической структуры общества и формирования духовных и нравственных начал личности. Своими корнями философское рассмотрение этой проблемы уходит непосредственно в античную эпоху.

В трудах восточных философов Добродетельный город – это нравственно-политический идеал общества, реальное воплощение которого весьма проблематично уже потому, что в описаниях его месторасположения чаще всего, философы, указывают на его нравственно-духовное основание, а не на географическое.

Необходимо отметить, что в описаниях Добродетельного города присутствуют все сюжеты, над которыми размышляли тюркские философы средневековья: определение Первосущего (Единого),

материи и формы, Разумной души и ее качеств, они описывали потребности, которые могут привести к сплочению людей. Добродетельный город в их произведениях – это идеал человеческого объединения, который представлял собой неотъемлемую часть космоса, а в его основание были заложены принципы вселенской гармонии.

Основная часть. Аль-Фараби принадлежит «Трактат о взглядах жителей добродетельного города». Добродетельный город – модель нового вида государства, созданная философом, в котором люди должны достигнуть настоящего счастья. В описании Добродетельного города, с одной стороны, прослеживается связь с социально-политическими представлениями Платона, а с другой – с этическими категориями: добродетелями, которые были разработаны Аристотелем в его трактатах по этике. И уже в этом проявлялась озабоченность тюркских мыслителей в необходимости установления связи между личным и общественным совершенством. Добродетельный город представлялся ими как общество всеобщего счастья, но всеобщего не в смысле похожего для каждого человека в отдельности, а индивидуального, содержание которого зависело бы от степени развития человека, его уровня знаний. Поэтому целью создания общества была организация такой системы, при которой каждый человек занял бы соответствующее его разуму и нравственным качествам место в социальной иерархии.

Так, являясь основателем восточного перипатетизма, аль-Фараби развивает учение о Добродетельном городе, в соответствии с такими социально-нравственными параметрами: *«Истинный Град, — пишет Абу Наср, — не есть всякое место, именуемое «городом», или любое скопление людей, но он должен удовлетворять условиям, среди которых принятие его населением законов политики, наличие божественного устроителя, существование у жителей похвальных и славных нравов и обычаев; место его должно быть удобным с природной точки зрения, чтобы стекался в него провиант и все то, без чего не могут его жители»* [1].

Для более полного представления о Добродетельном городе аль-Фараби дает широко известную классификацию — «невежественных», «безнравственных», «заблудших» городов. Описание двух противоположных по своей сути городов позволяет конкретизировать представление о Добродетельном городе.

Согласно этой классификации, для всех, альтернативных Добродетельному городу, городов характерно отсутствие в них духовно-нравственного знания об истинном счастье, а особенно заключено в том, что достижение счастья вполне реально, но только в Добродетельном городе, который не существует в мире материи. Аль-Фараби в описании идеального общества пытался установить связь метафизических понятий с Добродетельным городом. Эта связь прослеживается при описании правителя города, которого мыслитель уподобляет Первосущему. Осознавая все это, аль-Фараби сравнивает Добродетельный город с живым организмом человека.

Разумеется добродетельное государство аль-Фараби — это утопическое государство. В добродетельном государстве аль-Фараби, несомненно, имеются черты, воспринятые от феодального государства: 1) социальные группы почти те же, что и в феодальном, не намечаются никакие социально-экономические преобразования; 2) когда во главе утопического государства стоит один правитель, то он всемогущ, как монарх.

Добродетельный город входит составной частью в бытийственное целое, представляя собою относительно самостоятельную ступень бытия, воспроизводящую вселенскую гармонию. Все группы населения преследуют единые цели и связаны между собой дружественными отношениями, что применительно к феодальному, как и к любому эксплуататорскому обществу, безусловно, утопично. На это указывает ряд обстоятельств.

Во-первых, возникновение добродетельного государства аль-Фараби связывает только с овладением теоретическими познанием, добродетелью, не принимая во внимание шариат (на это обстоятельство правильно указывают комментаторы сочинений аль-Фараби). **Во-вторых**, добродетельное государство построено не на основе принципа сословного представительства, в нем нет полной демократии; оно мыслится как над-классовое учреждение. Его цель — установление справедливости и счастья для всех. **В-третьих**, функции добродетельного государства, методы их осуществления коренным образом отличаются от соответствующих институтов феодального государства. **В-четвертых**, в добродетельном государстве предусматривается коллективная форма правления.

«Из учения Аль-Фараби о государстве выте-

кает, что государство вначале возникло как добродетельное, затем в результате проникновения в него зла оно превратилось в невежественное. Но, тем не менее, в нем остались такие элементы, которые являются предпосылкой возникновения вновь добродетельного государства. Этими элементами является общество необходимости и коллективный город. Преобразование невежественных государств в добродетельные должно произойти не в результате социальных потрясений, а в результате проникновения в невежественные государства добродетели и исчезновения пороков. А пороки исчезают из городов либо когда добродетели укрепляются в душах людей, либо когда последние становятся воздержанными» [1].

Следовательно, по мнению аль-Фараби, все дело заключается в перевоспитании людей, а не в коренных изменениях социально-экономических условий. Аль-Фараби уповает на роль правителя — идеального правителя, его роль, по мнению аль-Фараби огромна в создании добродетельного государства. *«Добродетельный город, — поясняет аль-Фараби, — подобен совершенному здоровому телу, все органы которого помогают друг другу с тем, чтобы сохранить жизнь живого существа и сделать ее наиболее полной»* [2]. Это уже принцип деятельности добродетельного государства. Добродетельное государство — единый организм, который состоит из различных частей, высшего и низшего разрядов, теснейшим образом связанных между собой, совершающих каждая в отдельности соответствующее ей действие.

Принципы построения «Добродетельного города» у аль-Фараби — принципы, основанные на вере в разум человека, в его способность найти наилучший вариант взаимоотношений между людьми. Гуманистическая сущность социально-этической концепции аль-Фараби и его философской системы в целом и определила историческую ценность его творчества, призванного служить добру во имя блага людей [2]. Больше всего внимания он уделяет вопросу формирования высшего органа власти, а именно главы государства. Ему он придает исключительное значение; более того, решающим условием создания и функционирования добродетельного государства считает наличие просвещенного правителя.

Аль-Фараби уделял особое внимание наиболее высшей форме общения — человечество, народ, и модель государственного устройства представлял себе независимой, верховной, суверенной по отношению к подданным. К примеру, в *«Трактате о взглядах жителей добродетельного города»* метафизической картине мира предшествует исследование человеческого общества и человека. Человек, который, по мнению средневекового мыслителя, грамотно и искусно правит страной обладает высшей степенью совершенства и тем самым находится на вершине всеобщего счастья. Аль-Фараби мечтал, что придет эпоха, когда *«...вся земля станет добродетельной, и все народы станут помогать друг другу для достижения счастья»*.

По мнению Фараби, такой правитель должен быть причиной существования добродетельного государства, причиной формирования у его членов необходимых качеств [3]. В основу сюжета легли идеи разного плана: во-первых, то, что буквально лежит на поверхности текста — это критика феодальной иерархии Казахстана тюркского периода.

В добродетельном государстве аль-Фараби пра-

витель-философ является активным деятелем, служащим на благо всех. В добродетельном государстве аль-Фараби не допускал наследственной верховной власти, правитель мог назначаться только по способностям. Аль-Фараби предполагает возможность появления коллегиального управления, это, конечно же, является новым для мусульманской политической мысли той эпохи. Возможно, появлению его способствовала общественно-политическая жизнь Арабского халифата: духовная власть в основном была в руках халифа, проживавшего в Багдаде, а светская власть, – в руках эмиров и султанов, правивших в различных частях халифата и ставших фактически самостоятельными.

Вместе с тем следует отметить расплывчатость социальной природы коллективной формы правления, что обусловлено утопическим характером учения о добродетельном государстве. Сочетание бедности и расточительной роскоши с точки зрения аль-Фараби достойно сожаления. В противовес аль-Фараби создает мир, в котором мирно уживаются, более того, живут в любви и согласии, в достатке и служащие, получающие государственное пособие и богачи, и все другие, зарабатывающие на жизнь своим личным трудом. Здесь нет резкого неравенства людей. Это очень важный момент утопического жанра, не просто критика существующей системы, но конструктивная критика.

В добродетельном государстве общественные интересы ставятся выше личных. Никакие призывы к добродетели, к умеренности не могут изменить эксплуататорской сущности купцов, торговцев и других богачей. Поэтому в тех условиях идея подчинения личных интересов общественным утопична. Но заслуга аль-Фараби в том, что он выдвигает эту идею в условиях эгоизма, господствовавшего в ту эпоху.

Эта мысль весьма плодотворна, несмотря на свой утопизм. Будет несправедливо, считает аль-Фараби, если горожанин получит меньше или больше, чем он того заслуживает. Так что государство должно следить за правильным распределением благ. Поэтому в добродетельном государстве нет нищих и бедных. Но могут быть инвалиды и больные. Для их содержания средства должны выделяться из государственных припасов.

Идеал, этические нормы и принципы, которыми дорожил аль-Фараби, нашли отражение в его концепции добродетельного города. Аль-Фараби с грустью констатирует, что трудно найти государственного деятеля, способного привести общество к «добродетельному» состоянию и подлинному счастью. «Добродетельный город» – это невыполнимая мечта мыслителя, здесь он говорит о том, какими люди должны быть, а не каковы они есть на самом деле.

Реальные условия исторического развития, при которых народ был отрешен от знания, от культуры, при которых он «обычно» играл роль объекта, не субъекта истории, обусловили живучесть утопической концепции «просвещенного абсолютизма», которого не чуждались даже великие социалисты-утописты начала XIX века: Фурье, Оуэн, Сен-Симон. Мыслители различных эпох в силу этого общего обстоятельства питали острый интерес к фигуре политического деятеля, к нравственным и другим характеристикам. Облик правителя, каким он должен быть, составляет излюбленную тему размышлений аль-Фараби [4]. Таким образом, идеальное государство аль-Фараби – это гармоничное общество без угнетения челове-

ка человеком, без войн, насилия, без разделения людей национальной, расовой и религиозной принадлежности, это единое, добродетельное человеческое общество.

Аль-Фараби гармонически сочетает разум с нравственностью. Это образец истинного философа. В учении о совершенном человеке в полной мере проявился нравственно-этический утопизм мыслителя. В его идеале, как истинного правителя, так и добродетельного города нетрудно увидеть черты, роднящие их с извечной мечтой народов Ближнего и Среднего Востока о «справедливом государстве» и «справедливом правителе», под знаменем которого проходили массовые антифеодальные восстания в эпоху Фараби. Мечта Фараби – это утопия, так как он мечтает о совершенном, идеальном обществе. Аль-Фараби поднялся до провозглашения идеалов общечеловеческого гуманизма. Таковыми являются его «добродетельный город» и «совершенный человек».

Арабское слово «камал» или «камал (ун)» означает «совершенство», «целостность», «законченность». Слова, образованные от основы «камал» (по-казахский «кемел»), приобретают и такие значения, как «полноценный», «зрелый», «предмет роскоши». Философы мусульманского средневековья аль-Фараби, Ибн-Сина – проводили идею «камал (ун)» как основной принцип построения добродетельного города. Аль-Фараби пытался выразить идею гармонии мира и человека через гармонию идеального добродетельного города, добродетельного правителя и добродетельного человека. Если правитель был нравственно совершенным и обладал такими качествами, как милосердие и человеколюбие, он соответствовал понятию «добродетельный». Совершенствование – это вечный процесс развития человека, полюболившего мудрость [2].

Таким образом, вопрос о совершенстве начинается с приобретения мудрости и завершается пониманием нравственного совершенствования жизни. В «Трактате о взглядах жителей добродетельного города» Абу Наср аль-Фараби пишет об «ал-иджтима ат ал-камила» – совершенных обществах и о человеке, достигшем совершенства: *«То, что, переполнившись, переливается от Аллаха, благословенного и всевышнего к деятельному разуму через посредство приобретенного разума, а затем его способности воображения. И человек этот благодаря тому, что переливается от него в его воспринимающий разум, становится мудрецом, философом, обладателем совершенного разума, а благодаря тому, что протекает от него в его способность воображения, – пророком, прорицателем будущего и истолкователем текущих частных событий – все это благодаря тому существованию, в котором он познает божественное»*.

Человек в тюркском мире, по утопии мыслителей, с самого рождения обладает стремлением к лучшему, и чтобы достичь совершенства во всех сферах жизнедеятельности, индивид, должен взаимодействовать с окружающим миром, быть друг для друга взаимодополняемыми и тогда у человека будет возможность стать добродетельным, справедливым, жить в соответствии с законами разума и души.

Таким образом, являясь моделью социального устройства, не существующей нигде в действительности, описание Добродетельного города воспроизводило соответствующую представлениям эпохи, в которой они жили структуру мироздания,

макрокосмоса, в котором сущности располагаются в иерархическом порядке по мере удаления от Единого разумного начала. Утопия в тюркском мире – это поиск гармонии между разумным универсумом, тождественной разумностью во вселенной и гражданским устройством – совершенным человеческим коллективом.

Другими словами, мыслители в тюркском мире стремятся проецировать присущие космосу гармонию и согласие на земную жизнь, вывести закономерности функционирования человеческого общества из вечных законов бытия. Уже отмечалось, что утопия возникает из неудовлетворенности существующей социальной действительностью, ее социальная установка раздваивает мир на идеальный (воображаемый), в котором мыслитель-утопист находит подлинный смысл человеческого бытия и реальный, критикуемый и отрицаемый утопическим сознанием. Эта установка присуща и утопии в тюркском мире, которая рассматривает существующие общественные отношения как неразумные, а наличное общество – «невежественное», несоответствующее разумному порядку вещей.

РЕЗЮМЕ

Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласындағы» бақыт идеясы.

Мақалада Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұр-

ғындарының көзқарасы туралы трактатындағы» бақыт идеясы қарастырылған. Әл-Фараби – Шығыс перипатетизмнің негізін қалаушы, ол жалпы адамзаттық бақыт, адамгершілік, көркем билеуші, адамды кемелдікке қайта тәрбиелеу туралы ілімді дамытты.

The idea of happiness in the “Virtuous City” of Al-Farabi.

The object of the study in the article was the problem of arranging the city or, following the terminology of that time, “Virtuous City”. Al-Farabi is the founder of eastern peripatetic, al - Farabi develops the concept of the Virtuous City, of universal happiness, of morality, of the ideal ruler, of the re-education of man to the perfect.

ЛИТЕРАТУРА

1. Игнатенко А.А. В поисках счастья. Общественно-политические воззрения арабо-мусульманских философов средневековья. М.: Мысль, 1989 на сайте www.nir.ru

2. Философия аль-Фараби и исламская духовность. Г.К. Курмангалиева, М.С. Бурабаев, Ж.Т. Амребаева, Н.Х. Жолмухамедова, А.М. Кенисарин, Г.Р. Коянбаева, Н.Л. Сейтахметова, Г.Г. Соловьева. А.: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2005. - 298 с.

3. Аль Фараби Социально-этические трактаты. А.: Наука Каз ССР, 1973. - 399 с.

4. Сатыбекова С.К. Гуманизм Аль-Фараби. А.: Наука Каз ССР, 1975. - 144 с.

ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ СЫР-СИПАТЫ

БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІНІҢ АШЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

**Айжан МАҚЫШЕВА (Макишева),
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің
6D011400 «Тарих» мамандығы бойынша 2-курс докторанты**

Қоғамның өткені тарихшыға тек тарихи деректер арқылы ғана танылады. Оларды зерттеу негізінде белгілі тарихи кезең туралы ұғым қалыптасып, белгілі бір тарихи оқиғалардың болуына алып келген себеп-салдар анықталады. Дерек объективтілік пен субъективтіліктің диалектикалық бірлігі негізінде пайда болады, сондықтан олар жан-жақты талдауды қажет етеді.

Тақырыпқа арқау болып отырған Баянауыл сыртқы округінің тарихына қатысты негізгі деректерді Қазақстан мен Ресейдің мұрағат деректері және патша өкілдерінің қаламынан шыққан еңбектер, әскери шенеуніктерінің күнделік жазбалары, мерзімді басылымдар және заңдық құжаттар құрайды. Баянауыл сыртқы округінің ашылуы және ондағы саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық өмірдің дамуы туралы жинақталған біршама маңызды мұрағаттық деректер Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты және Омбы облысының Мемлекеттік Мұрағатының қорларында топтастырылған. Мәселені қарастыруда Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік

Мұрағатының 338 (Омбы облыстық басқармасы), 345 (Сібір қазақтарының облыстық басқармасы), 374 (Сібір қазақтарының шекара басқармасы) және Омбы облысының Мемлекеттік Мұрағатының (Батыс Сібір басқармасы) 3-қорларының құжаттары қолданылды.

Қазақстан тарихының XIX ғасырдың 20-60-жылдарын зерттеу, қазақ тарихының Ресей құрамындағы саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық өмірін жан-жақты талдап-тануға мүмкіндік береді.

Ресей империясының қазақ жеріндегі отарлау саясаты, оның бағыттары, іске асу тәсілдері тарихи дамудың бірнеше сатыларын басынан өткерді. Егер XVIII ғасырдың басында отарлау мүддесі әскери аппараттың іс-қимылдарына сүйенсе, XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап патша өкіметі қазақ даласын өзінің әкімшілік органдарын енгізу арқылы тікелей билеуге күш салды. Дәстүрлі хандық-сұлтандық биліктің орнына әкімшілік-территориялық бөлініске негізделген отарлық басқару жүйесі орнатыла бастады. **Орта жүз қазақтары үшін енгізілген сондай жаңа басқару жүйесі – 1822 жылы**

қабылданған «Сібір қырғыздары туралы Жарғы». Бұл жарғы Қазақстанды басқаруды жеңілдетіп, патшалық Ресейдің отаршыл саясатының қазақ жерінде орныға беруіне жол ашты. 1822 жылғы ереженің енгізілуі негізінде Ресей Қазақстанды саяси-әкімшілік басқару ісі мен әлеуметтік-экономикалық жағынан тәуелді еткен еді. Патша өкіметі қазақтардың саяси әкімшілігіне түрлі өзгерістер енгізіп, қайтсе де өз билігін мықтап бекітуге тырысты. Әсіресе, ауыл, болыстарды округтерге біріктіріп, ондағы билікті толықтай өз қолдарына шоғырландыру арқылы қазақ жерін түбегейлі билей бастады. Бұл жаңа басқару жүйесі қазақ жерін отарлау саясатының тереңдей енуіне жаңа қадам болды. XIX ғасырдың 20-30-жылдарында Орта жүз жерінде сыртқы округтердің ашыла бастауы, ондағы саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар арнайы ғылыми талдауды қажет етеді.

Баянауыл сыртқы округі – XIX ғ. 20-жылдары патша үкіметінің Орта жүз аумағында жүргізген отарлау саясатының нәтижесінде ашылған әкімшілік құрылым. 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылданды. Жарғыға сәйкес Орта жүз аумағында сыртқы округтер құрылды. Орта жүз аумағында барлығы 8 округ құрылды. Олардың алғашқылары болып Қарқаралы (1824) және Көкшетау (1824) округтері ашылды [1]. Баянауыл сыртқы округі 1833 жылы ашылды. Ресей империясы заңдарының толық жинағында 1833 жылдың 9 наурызында Баянауыл сыртқы округінің ашылуына қатысты Қаулы жарияланған [3]. Онда: *«В заседании 27 февраля слушано представление Генерал-Губернатора Западной Сибири, о разрешении открыть в степи Сибирских киргизов по Уставу 1822 года еще два округа под именем Баян-Аульский (против Ямышевской крепости) и Уч-Булакский (на Югозападе от крепости Омской). Сибирский комитет, не находя причин замедлять более открытие сих двух округов, полагал: дозволить Генерал-Губернатору учинить оное в течении будущего лета, и для сего назначить из Казначейства в его распоряжение на нынешний год половину штатной суммы, а именно по 15 000 руб. на Округу, что по мнению Комитета весьма достаточно, а на 1834 и последующие годы отпускать по штату 1822 года вполне, хотя по прежним примерам и будут от сей суммы значительные остатки. В день 9 марта журналю сем Комитета удостоен Высочайшего рассмотрения и собственною Его Императорского Величества рукою на оном написано «Согласен», – деп жазылған.*

Баянауылда 1826 жылы станица құрылады. Оған дәлел деректер XIX ғ. орыс шенеуніктерінің жазбаларында кездеседі. Мәселен, М.Красовскийдің еңбегінде: *«Баян – аульская станица основана прежде открытия округа, именно в 1826 году», – деп жазды. В.П.Семенов өзінің «Россия полное географическое описание нашего отечества» атты кітабында: «Баян-Аул основан в 1826 году и является одним из первых русских поселений в Семипалатинской степи. В 1833 году был открыт Баян-Аульский «внешний округ», ведавший всеми делами по судебному и полицейскому управлению им», – деп, округтің 1833 жылы ашылғанын айтады [2].* Көптеген зерттеушілер станицаның ашылған уақытына қарап, Баянауыл сыртқы округі 1926 жылы құрылған деп есептейді. Бірақ, округ ресми түрде тек

1833 жылы құрылған еді.

Округті ашу 1833 жылдың 22 тамызына белгіленеді. Оны салтанатты түрде ашу подполковник Камаевқа тапсырылды. Қаулы – мемлекеттік ұйымдар мен өзге де мекемелердің құрылымын, құқығы мен міндеттерін, лауазымды тұлғалардың міндеттерін, тұрғындардың жекелеген әлеуметтік сословиелері мен топтарының тұрмыс жағдайын айқындайтын ережелер жиынтығы. Олар негізінен міндетті түрде патша бекіткен Мемлекеттік кеңестің, Министрлер кабинетінің, Сібір комитетінің немесе басқа да мемлекеттік билік органдарының қаулылары болды.

Деректердің екінші тобын іс жүргізу қағаздары құрайды. Олар: есептер, бұйрықтар, рапорттар, өтініштер, жазбалар, ерекше ойлар, комиссиялар мен комитет, биліктің заңнамалы қорғандары жұмыстарының материалдары және т.б. Деректердің бұл түрі кең таралған және саны жағынан көп болып табылады. Оларда заңнамалардың негізгі ережелерінің іске асырылуы туралы ақпарат (генерал-губернаторлардың, облыс және шекара басшыларының есептері, ревизия материалдары, округтің, приказдардың рапорттары және т.б.) сақталған. Сонымен қатар іс жүргізу құжаттары орталық және жергілікті билік органдары арасындағы өкілеттілікті бөлуге байланысты ақпарат беру дерегі болып табылады. Мұрағаттарда сақталған Дала комиссиясы жұмыстарының материалдары заңнамалардың негізгі ережелеріне қатысты мол ақпарат береді. Іс жүргізу құжаттары патшалық самодержавиенің заңнамалық жобаларды қабылдауда негізге алған себептерді анықтауға мүмкіндік береді. Деректердің бұл түрінде сібір және дала әкімшілігінің заңнамалық бастамаларына қатысты мол ақпарат сақталған. Іс жүргізу құжаттарының көп болуы мен көптүрлілігі деректі зерттеу барысында тыңғылықты жұмысты қажет етеді. Сонымен қатар бұл деректер әкімшілік саясатты іске асырушылардың ойын, ұстанымын, ажыратуға мүмкіндік береді.

Сөйтіп 1833 жылдың 22 тамызында ресми түрде Баянауыл сыртқы округі ашылған болатын. Бірақ аға сұлтандыққа ешкім тағайындалмады. «Жарғы» бойынша аға сұлтан тек төре тұқымынан сайлануы керек болды. Патша жарлығын бұза алмаған Сібір басшылары Баянауыл округі ашылғанда Ертістің ар жағынан әкелген төре Бопы Тәтеновті аға сұлтандыққа сайламақшы болады. Бірақ оған Шоң, Шорман бастаған Төртұлы өкілдері қарсылық білдіреді. 1833 жылы 22 тамызда Камаев Броневскийге жазған рапортында округтің уақытында ашылғаны, бірақ аға сұлтанды сайлау кезінде халықтың екі топқа бөлінгенін жазады. Төртұлы болыстары Шоң би жағына шықса, Бәсентиін, Буранайман, Қанжығалы болыстары Бопы Тәтеновті қолдайды деп жазады [4].

Осы ретте мұрағатта сақталған мына құжатқа назар аударсақ. 1833 жылдың 23 тамызы күні Шоң бидің Камаевқа жазған өтінішінде «Ныне туртугульских волостей народ избрал меня в управления должности в Баянаульском приказе старшего султана и почему приведен на верность его Императорского Величества присяге за сим ныне в место меня, по дошедшим слухам узнаю, что выбирают из верноподданных султана Бопу Татенова, а меня по некоторым причинам намереваются от намерений народных устранить, о чем со стороны российских чиновников имеет быть донесено высшему начальству, в прочем буду

сие самое справедливо, то народ не имеет никакого влияния быть с приверженностью посторонних людей султану Бопы Татенову, и в таком случае, желая избрать из среды своей волостных управителей и аульных старшин, но дабы не сделать вопреки данной ими присяги его императорскому величеству, желают перечислиться из здешнего округа такой же Карауткульской, т.е. Акмолинской, во уверение чего приложил свою имяную печать», – деп, Төртұлы одағының Бопы Тәтеновті қолдамайтынын және бұндай жағдай Төртұлының Ақмола округіне өтетінін айтады [5].

Тек екі айдан соң 1833 жылдың 1 қарашасында Батыс- Сібір генерал-губернаторы И.А.Вельяминовтың Омбы облысының бастығы Броневскийге Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтандығына Шоң Едігеұлын, оның орынбасарлығына Шорман Күшікұлын тағайындау туралы бұйрығы келеді [6]. Заседатель етіп Боштай Тұрсынбаев пен Бердалы Қазанғапов сайланды. Орыстардан заседатель болып Сахновский мен Таханович, хатшы болып Слижик тағайындалды. Осылайша Баянауыл округі ашылған болатын.

Мұрағатта сақталған деректер бойынша 1833 жылы округ ашылғанда құрамына 12 болыс енген. Олар: Айдабол, Ақбура-Тұлпар-Қақсал, Бәсентиін, Бәйімбет-Бәсентиін, Бозғозы-Буранайман, Жәуетей-Буранайман, Күлік, Күлік-Қаржас, Сатылған-Алтынторы, Жанғозы-Айдабол, Орманшы, Қозған болыстары. Болыс сұлтандары болып: Айдабол болысына – сұлтан Нұралы Тәукеханов, Ақбура-Тұлпар-Қақсал болысына – би Алдоңғар Кәрімбаев, Бәсентиін болысына – Қазанғап Сатыбалдин, Бәйімбет-Бәсентиін болысына – Жұмағұл Байғожин, Бозғозы-Буранайман болысына – Мырзағұл Елеуов, Жәуетей-Буранайман болысына – Тоқсанбай Тұматов, Күлік болысына – Тұрсынбай Құсанов, Күлік-Қаржас болысына – Мұса Шорманов, Сатылған-Алтынторы болысына – Үкібай Найзабеков, Жанғозы-Айдабол болысына – Кейкі Ботпайев, Орманшы болысына – Маман Аблаев, Қозғанболысына – Сартқұл Байқосанов сайланды. Заседатель Тихановичтің айтуынша әр болыс 9-15 ауылдан, ауыл 582-992 шаңырақтан тұрды. Баянауыл сыртқы округінің құрамына барлығы 150 ауыл енді [7].

Деректердің үшінші тобын эпистолярлық деректер құрайды. Олар: Ресей шенеуніктерінің, генерал-губернаторлардың, облыстық бастықтардың хаттары және т.б. Ресми сипаттағы іс жүргізу құжаттарына қарағанда бұл құжаттардан автордың жеке қолтаңбасын байқауға болады.

Сібір генерал-губернаторларының, шенеуніктерінің, әскерилерінің естеліктері мен күнделіктері деректердің төртінші тобын құрайды. Бұндай деректердің құрамы біртекті емес. Егер естеліктер автордың өмірлік ұстанымын көрсетсе, әдетте оларды сипаттап отырған оқиғалардан кейін жазады, ал күнделіктерден автордың көзқарасының дамуын көреміз және олар автордың бір сәттік көңіл күйін көрсетеді. Естеліктерді тарихи дерек ретінде зерттеу барысында оның ерекшелігін есепке алмағанда, бұрмаланған ақпарат алу қаупі бар. Себебі болған оқиғадан уақыт өткен сайын ақпараттың біраз бөлігі ұмытылып қалады. Бұндай деректер қатарына Омбы облыстық бастығы С.Броневскийдің жазбаларын жатқызуға болады [8]. Біз үшін бұл жазбаларда қазақ даласында сыртқы округтердің ашылу салтанаты туралы мәліметтер қызығушылық тудырады. Сонымен

қатар бұндай деректер қатарына 1865-1867жылдары Дала комиссиясының мүшесі ретінде Қазақстанды зерттеу жұмыстарына қатысқан Бас штабтың офицері А.Гейнстің күнделіктерін де жатқызамыз [9]. Өзінің қазақ даласы бойынша саяхатын сипаттай отырып, автор өлкенің тек сыртқы жағдайын ашып қана қоймай, жергілікті басшылықтың да ұстанымын ашуға тырысады. А.К.Гейнстің жазбаларында Баянауыл қазақтарының тұрмыс тіршілігі мен қолөнері толық сипатталған.

Деректердің бесінші тобын қазақтардың әдет-тегі құқығы туралы жинақталған этнографиялық материалдар құрайды. Олардың қатарына Мұса Шорманұлының жазбаларын жатқызуға болады [10]. Өзінің этнографиялық жазбаларында Мұса мырза Баянауыл қазақтарының аңшылық, саяткерлік дәстүрлерін әдемі сипаттайды.

Баянауыл сыртқы округінің ашылу және даму тарихын зерттеу халқымыздың осы кезеңдегі қоғамдық-саяси өміріне байланысты көптеген мәселелердің басын ашуға септігін тигізеді. Біріншіден, Ресей мемлекетінің қазақ даласындағы отарлау саясатының нақты мәнін және мазмұнын анықтай түсуге жағдай жасайды. **Екіншіден,** әскери күш қолдану арқылы қазақтардың қалай отарланғаны мәлім болады. **Үшіншіден,** қазақ қоғамының дәстүрлі хандық басқару жүйесінің отарлау саясатының ықпалымен өзгеру және даму барысын да бақылаймыз. Мұның бәрі қазақ қоғамының Ресей империясының құрамында болған дәуірде қандай тарихи даму кезеңдерді өткергенін және қаншалықты күрделі өзгерістерге ұшырағанын түсінуге жол ашады. Бұл тарихи кезең қазақ-орыс байланыстары мен қазақ қоғамының өз ішіндегі саяси-әлеуметтік қатынастарының жаңа сатыға өтуімен ерекшеленеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются источники, касающиеся истории открытия Баянаульского внешнего округа. Автором была сделана попытка анализировать и систематизировать источники.

In article the sources concerning stories of opening of the Bayanaul external district are considered. The author made attempt to analyze and systematize sources.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Зиманов С.З.** Общественный строй казахов в первой половине XIX века. – Алма-Ата: АН КазССР, 1960. – 296 с.
2. **Красовский М.** Область Сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. – В 3 частях. – СПб: Печатано в типографии, 1868. – Ч.3 – 427 с.
3. Полное собрание законов Российской империи. 38 том, № 1, СПб, 1822.
4. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времени присоединения Казахстана к России до ВОВ). – Алма-Ата: АН КазССР, 1960. – Т.1. – 441 с.
5. ҚР ОММ 338 қор, 1-тізбе, 692-іс, 268-б.
6. ҚР ОММ 345 қор, 1-тізбе, 413-іс, 44-б.
7. ҚР ОММ 374 қор, 1-тізбе, 2449-іс, 4-6-б.
8. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках средней орды. // Отечественные записки. 1830 г. Т.41-43.
9. **Гейнс А.К.** Собрание литературных трудов. Т.1-3. СПб. 1897. – 528 с.
10. **Мұса Шорманұлы.** Қазақтың халықтық әдет-ғұрыптары. Қарағанды, 2000. – 153-б.

АҚТӨБЕ УЕЗІНДЕГІ ЖЕР БӨЛУ ЖҰМЫСТАРЫ

(XX ғасырдың басы)

Нұрлан ЕСЕТОВ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің PhD докторанты

1868 жылғы реформадан кейін, Орынбор қазақтарының жерлері деп аталған аймақтар Орал және Торғай облыстарына енгені мәлім. 1889 жылы 13 шілдеде шыққан заңға сәйкес Сібір өлкесіндегі қазыналық жерлердің бос бөліктеріне орыс шаруаларының қоныстануына рұқсат етілген уақытынан кейін Торғай жерінде орыстардың жер қарыздары, хуторлар мен қоныстар пайда бола бастады. Нәтижесінде отырықшы орыс қоныстары үшін «бос жатқан жерлерді» есепке алу қажеттілігі туындап, жер бөлу бойынша арнайы уақытша партия құрылады. Партия қазақтың жер иелену жағдайын зерттеп, олардың жер пайдалану нормаларын, яғни мал шаруашылығына қажетті жер көлемін анықтау жұмыстарын жүргізген.

1907 жылы Ақтөбе уезінің Қарақобда, Бестамақ және Тұзтөбе болыстарында қоныстандыру учаскелерін құру жөнінде осындай жұмыстар жүргізілген болатын. Архив құжаттарына сүйенсек, Торғай Орал ауданындағы қоныстандыру ісінің меңгерушісінен түскен хатында Қарақобда болысының №1 және 3 ауыл тұрғындарының жерлерінен 4 қоныстандыру бөлігін құру мәселесі айтылған [1, 5-б.]. Жер бөлу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қоныстанушы шаруалар мен Бөрілі болысында жүргізілген, осындай жұмыстар барысында, №2 ауылдың қазақтарынан, қоныстанушы шаруалар олардың жерлерін қиратып, өздерін жерлерінен қуғаны туралы шағым түскен [1, 5-б.]. Осыдан, патшалық Ресейдің жергілікті халыққа қатынасын байқап, оларға жасаған саяси қысымшылығы көрінеді. Әрине, патша үкіметі заң жүзінде қазақ халқының мүддесін сақтай отырып, шаруаларға жер бөлу мен оларды жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтқанымен, іс жүзінде ол заң өзінің тікелей мақсатын орындаса да, жергілікті халықтың мүддесі ескерусіз қалып отырды.

Бірақ кей жағдайларда, өнеркәсіп немесе кен өндіру орындарын ашу мақсатымен сұралған жер болса жер бөлу ісімен айналысатын жергілікті органдар оны толықтай заңға сәйкес, заңнамаға қайшы болмайтындай қарастыруға тырысқан. Мәселен, Торғай, Орал ауданындағы қоныстандыру ісінің меңгерушісі атына жазылған іс-хатта, орыс шаруасы А.В.Пожаевтың, Ақтөбе уезіндегі Бөрілі болысының Бурабай сай жеріндегі мыс кенішін барлау жұмыстарын жүргізуге Жосалы қоныстандыру учаскесінің бір бөлігін беру туралы сұрауы аталған. Бірақ, 1887 жылғы 2 маусымда бекітілген жекеменшік тау-кен өнеркәсібі туралы ереженің §2 сәйкес қоныстандыру учаскелерінің жерлері жекеменшік тау-кен кәсібі үшін бос емес болып саналатындықтан, Орынбор–Торғай егіншілік және мемлекеттік меншіктер басқармасы оған бұл жерлерді бермеу туралы шешім шығарды [1, 41-б.].

Көп жағдайда қоныстанып келген орыс шаруалар, жергілікті жағдайларға бейімделе алмай, ауа-райы, жердің құнарсыздығы, жергілікті қазақ халқымен сыйыса алмауы, т.б. себептерге байланысты елдеріне қайтып кетуге мәжбүр болды. Кейбір Ресейлік

тарихшы зерттеушілердің мәлімдеуінше, Орта Азияға (Қазақстанға) қоныстанған шаруалардың 60-70 пайызы жаңа жерлерде қалып отырған, себебі Ресейдің шет аймақтарынан келген олардың не жері, не үйі болмаған екен, сондықтан жаңа жерде өз бағын сынағандай, тиесілі жер телімін алып, игеруге бар күш-жігерін жұмсауға тырысқан. Осы мәселеге байланысты тағы бір мысал келтіріп өтсек. Орынбор казак әскерлерінің жерінде орналасқан Илецкая Защита қонысында тұз өндірісіне жалданып, тұзды тасымалдаумен айналысқан шаруалар Орынбор–Ташкент темір жолы салынғаннан кейін тасымалдау кәсіптері тоқтатылып, егіншілікке көшуге мәжбүр болады. Осы себепті Илецкая Защитаға жақын Мертвые соли, Казенная мельница сияқты жерлерде тұрған жерсіз орыс шаруалары Мемлекеттік жер мүліктері департаментіне шағымданып, жер бөліп беруді өтінеді. Бір ескеретіні оларға тағы да жергілікті қазақ халқы пайдаланып жүрген аймақтардың жерлері бөлініп берілген. Мінекей: *«наделить просителей землей из просимого ими участка при условии, если войску взамен отошедшей земли будет отведено равноценное количество земельных угодий из киргизских земель для малоземельных казачьих поселков»* [1, 78-б.].

Сонда Орынбор казак әскерінің Әскери шаруашылық басқарудың отырысында қаралған мәселені жүзеге асыру мақсатында қазынаға тиесілі 3269 десятинадан бөлек, қосымша екі мерзім ақыға берілетін (оброчные статьи) 328 десятина жері мен 400 десятина көлеміндегі қолайлы аймақты, жалпы 3997 десятинанан Ақтөбе уезінің Тұзтөбе болысының №1, 6 және 8-ауылдық жерлеріне ауыстыруды айтады. Сол бойда осыған байланысты былай деп жазылады: *«по наведенной Управлением в канцелярии Заведывающего переселенческим делом в Тургайско-Уральском районе справке оказывается, что земельное обеспечение киргиз 1-го и 6-го аулов не достигает норм, выработанных экспедицией Щербины по исследованию степных областей; киргизы 8-го аула даже против означенных норм имеют свыше 12 000 десятин земельного изъятия, почему казалось бы вполне возможным на основании примечания 1 к ст. 120 Пол. об упр. степн. обл. (св. зак. т. 11, изд. 1892 г.) изъять из пользования киргиз 8-го аула названной волости до 4 000 десятин, которые, как ниже выяснено, необходимо будет уступить Оренбургскому войску...»*. Ол не деген сөз, яғни, Щербина экспедициясы көрсеткен нормасы бұрын көшпелі салтымен өмір сүрген, қазір егіншілікке ауысқан қазаққа тым көп. Ол жерді алғанда да, Тұзтөбе болысында әлі де 200 000 десятина көлеміндегі жері қалады делінген [1, 78-78-бб.].

1903 жылғы Торғай облысының шолуына сүйенсек, уақытша партия Ақтөбе уезінде қоныстандыру бөліктерін құру жұмыстары нәтижесінде 91 110 десятина көлеміндегі орыс шаруаларының 12 қоныстандыру учаскесі және 5 907 десятинадан орналасқан 3 дворяндық учаске құрған болатын [2, 4-б.]. Торғай

облысының шолуы ұсынған мысалында тек бір шаруа учаскесінің көлемі 7 600 десятинаға жуық жер көлемінде орналасқан. Өз алдына ол қазақтардың бұрынғы көшіп жүретін жайылым жерлері болған суы көп, шөбі шүйгін жерлер болатын.

1910 жылғы деректердің мәлімдеуінше, тек Ақтөбе уезі бойынша егін, шалғынды, жайылымды, орманды, сулы және қолайсыз жерлердің көлемі **581 460, 3** десятинаға теңелді, ал **4551231, 9** десятинасы қазақтардың пайдалануында болған десе, барлық жарамды және жарамсыз жердің 17 десятинасы бір адамға ғана тиесілі дей келе, қазақтардың жер бөліктерінің нормасы (бір үйге 70-150 десятина) олардың көшпелі мал шаруашылығына жарамды деген. Онымен қоса, мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен айналыса отырып экономикалық тұрғыдан қазақтардың жағдайы жақсарған деп айтылған [3, 24-б.]. Ал **1912** жылғы мәліметтері бойынша сәйкесінше **731 538** десятина және **4 368 600,4** десятина жер болған. Осы жылы жер бөлу ісі бойынша сатылым жерлер аймағындағы қазақтарды жерге орналастыру, хуторлармен жер кесінділерін тартып алу жобалары арқылы құру және жер қорын дайындау үшін партия шенеуніктері қазақтардан отырықшылыққа ауысу жөнінде арыз түскен және бос жерлері көп аудандарға жіберілген болатын. Жерді бөлу жұмыстары жерге орналастырумен қатар жүргізілген. Барлық жағдайда қазақтарды орналастыру олардың пайдаланған жерлері бойынша әр ер адам басына 15 десятиналдық нормамен жүргізіліп, қалған бос жерлер, сапасына

қарай, отарлық қорға немесе мерзім ақыға берілетін (оброчные статьи) жерлерге айналды [4, 44-б.].

Әр жылдары шыққан Торғай облысының статистикалық шолуы – Торғай облысы әскери губернаторының есебіне қосымша ретінде жарияланған деректік тарихи мәлімет. Шолуда берілген ақпаратты 100% дұрыс деуге келмес. Себебі қандай да бір статистикалық мәліметтің шындыққа толық сәйкес келмеуі де мүмкін. Бірақ та осы уақытқа дейін Щербина, Хворостанский бастаған экспедиция мәліметтерінің тарихи маңызы зор, дерек ретінде қолданылып келгені тағы рас.

Сонымен, XX ғасырдың басындағы жер мәселесіен алдымен Столыпин бастаған аграрлық реформамен байланысты болса, екіншіден, Ресей империясы сыртқы саясатының негізгі бағыты болып отырған қазақ жерлері экономикалық табыс көзі болған еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ЦГА РК. 29 қор. 1-тізімдеме. 46-іс.
2. Обзор Тургайской области ... [по годам] / Тургайский областной статистический комитет, - [Оренбург; Тип. Б.Бреслина, 1871-1916], -статистический обзор Тургайской обл. ... за 1903 год. – 1905. – 27, [56] с.: табл.
3. Обзор Тургайской области ... за 1910 год. – 1911. - [2], 119, [36] с. : табл.
4. Обзор Тургайской области ... за 1912 год. - Статистический обзор Тургайской области за 1912 год. - [1913]. - II, 202, [24] с. : табл.

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ САЛЫНҒАНЫНА – 300 ЖЫЛ!

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫНАН

Маратбек АҚАНОВ,
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Ағымдағы жылдың тамыз айында Өскеменге 300 жыл толады. Осы мерейтойға байланысты шахардың ірге тасының қалану мәселесіне қалам тартудың реті келіп тұр.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Ресей өз империясының территориясын кеңейтуді ары қарай жалғастырады. Бұл үдеріс Ертістің жоғарғы жағын отарлау саясатынан анық көрінеді. 1716 жылы Омбы, 1717 жылы Жәміш, 1718 жылы Семей бекіністері бой көтереді. Ендігі кезек Өскемен бекінісін салуға келеді. Бұл міндетті іс гвардия майоры И.М.Лихаревтың еншісіне тиеді.

И.Лихарев 1720 жылы 8 мамырда Тобыл қаласынан шығып, Ертіс өзенімен Семей бекінісіне аттанады. Экспедиция құрамында өзінен басқа гвардиялық әскерден: бір капитан, бір поручик, екі сержант, капрал, 12 қатардағы жауынгер; далалық полктен: бір мойор, бір капитан, үш поручик (олардың біреуі артиллерия поручигі), бір инженер, бірнеше бомбылаушылары мен зеңбірекшілері бар капитандар, екі дәрігер, геодезист және Тобыл, Жәміш,

Семей бекіністерінен алынған 440 солдат болды. Сонымен қатар экспедицияға 13 зеңбірек пен 6 мортир (қысқа мойынды зеңбіректер), үш айға жетерлік азық-түлік бөлінді [1.111].

Жорыққа тыңғылықты даярланған Лихарев түбі жалпақ 34 қайықпен Семейден аттанып, Ертіспен жоғары қарай өрлейді. Зайсанға жеткеннен кейін экспедиция көлдің жағасынан қамал тұрғызуға ыңғайлы орын таба алмайды. Бекініс салуға жайлы жерді қалайда табамыз деген үмітпен орыс қосыны ары қарай Қара Ертіспен жүзеді. Он екі күн өткен соң өзен жағасында 20 мың қолмен тұрған жоңғарлардың ханы Цеван-Рабданның ұлы Ғалдан-Церенмен кездесіп қалады. Бұл әскер Жоңғарияның солтүстік-шығыс шекарасын Қытайлардан күзету үшін жүр еді. Орыстардың кенеттен пайда болғанына таң қалған жоңғарлар оларды қытайларға болысуға келе жатыр деп түсінеді де 1 тамыз күні соғыс бастайды. Лихарев жауға қарсы зеңбіректерден оқ жаудырып, солдаттарды жағаға түсіреді. Олар отты қарудың күшімен Ғалдан-Церен әскерінің шабуылына

тойтарыс береді. Орыстар соңынан келер көмекке сенімді болғандықтан, аз қолмен табанды қарсылық көрсетіп жатыр деп ойлаған жоңғарлар олармен келіссөз жүргізуді ұйғарады. Лихарев бұл ұсынысты қабылдамай, алға қарай жүзін жалғастырады. Жоңғарлардың бір бөлігі Қара Ертістің оң жағына өтіп, қайықтарды өзеннің екі жақ жағалауынан атқылайды. Екі оттың ортасында қалғандарына қарамастан, орыстар шайқасты тоқтатпайды, ұрыс тағы екі күнге созылады. Алайда өзеннің таяздауына байланысты қайықтардың жылжуы күннен күнге ауырлай түседі. Бұл жағдай Лихаревті қатты толғандырады. Күзге қарай өзен суы одан да артық тартылып саязданатынынан, осыған орай жаудың қоршауында қалу қаупінен сақтанған ол әскери кеңес шақырады. Офицерлер ақылдаса келіп, бірауыздан кері қайту туралы шешімге тоқталады. Үшінші күні ұрысты қайтадан жандандырған жоңғарлар орыстардан тілмашты жіберуін сұрайды. Лихарев олардың талабын орындайды. Келіссөз барысында экспедицияның мақсаты қытайлармен бірігіп, жоңғарларға шабуылдау емес, Ертіс өзені бастауын қай жерден алатынын анықтау және кен орындарын іздеп табу екендігі айтылады. Осындай әңгімеден кейін қарсыластар арасында бейбітшілік орнайды.

Лихарев отрядымен кері қайтып, қазіргі Өскемен тұрған жерге келгенде, бекіністі осы маңға салуды жөн көреді. Ертістің оң жағалауында, яғни Ульба өзенінің оған құйылатын жерінен екі шақырым жоғары жағында (бүгінгі Лихарев көшесі бойында) **1720 жылы тамыз айының 12-17-сі күндері аралығында құрылыс басталады.** Лихаревтің өзі ауырып қалып, құрылыс аяқталғанша оның басында бола алмайды. Жұмысты подполковник Ступин мен инженер-капитан Летранжуге тапсырып, оларға 363 жұмысшы қалдырып, Петербургке жүріп кетеді.

Бой көтерген жаңа қамалға Усть-Каменогорск (қазақша нұсқасы: Өскемен) аты қойылады. Бұл атау қандай мағына береді? Ол туралы алдымен қазақтардың ертеректегі пікірін тыңдап көрелік. 1910 жылы Қазан қаласындағы баспадан шыққан Құрбанғали Халидтің (1843-1913) монографиясынан төмендегідей деректерді кездестірдік:

«Өскеменнің орысша мағынасы «усть» – құю, судың құяр жері, «камень» – тас, «тасты құйған» болады. Асылы түркіден аударылған. Өскемен (устькамень – М.А.) ескіде «тасты өзен», «таст құйған» аталған екен. Судың орысша атауы «Ульба». Өскемен атына «гор»-ды қосып жүр, ол «тау» дегені» [7.174]. Автор осы мәліметті берген кісіге сілтеме жасайды. «Мұны маған айтқан, – дейді ол, – Ахмет аға. 1897 жылы жасы сексеннен асып кеткен. Оның атасы (әкесінің әкесі) Баймұрат бай Өскемен ө деп салынғанда келген екен, сонда тұрған, балалары да осында туған» [7.174].

Баяндаған болжамнан байқайтынымыз, Құрбанғали Халид Өскеменнің атын Ульбамен сабақтастырады. Ертістің осы сағасы ертеде қазақша «тасты өзен», «таст құйған» деп аталды ма, жоқ па, – ол жағын дәп баса айта алмаймыз. Біздіңше, «Ульба» орыстың емес, моңғолдың «Улбаа» деген сөзі, берер мағынасы: 1) шық, тамшы, дымқыл; 2) сүрлеу (жол) [6.507]. Сондай-ақ, бұрын «камень» сөзін орыстардың тауға да қарата қолданғанын естен шығармаған жөн. «По уверению путешественников, – деп жазады А.И.Левшин, – под словами в камень и за камнем разумеют вообще горы» [8.144].

Қалай десекте, Өскемен атауының төркінін бізге Ульбадан гөрі Ертіс өзенінің ағысындағы жер

бедерінің ерекшелігінен іздеген тиімді сезіледі. Орысша айтылатын Усть-Каменогорск термині үшке жіктеледі: устье + каменных + гор (горск). Мұндағы «устье» сөзінің саға, құйылыстан өзге келесі мәні: бір нәрсенің аузы (устья шахты – шахтаның аузы; устья печи – пештің аузы т.с.с.) [10.471]; «камень» – тас, немесе, ертедегі мағынасы – тау; «гора» – тау («горск» – қала да болуы мүмкін). **Қала атының сыры: «таудың аузындағы қала», «тасты таудың аузындағы қала».** Расында да, егер Ертістің жоғарғы жақтағы ағысына көз жүгіртсек, Зайсан көлінен шыққаннан кейін өзен жазықпен ағып отырады да өзіне Бұқтырманың құятын жерінен бастап ұзындығы 106 шақырымдық екі жағы тік жартаст болып келетін биік таудың ортасындағы өте тар аңғармен ағады. Өскеменнің тұсына жеткенде тау аяқталады да Ертіс шатқалдан қайтадан жазыққа шығады. Басқа сөзбен айтсақ, қаланың қасында бітетін таудың қуысы өзен бойымен төменнен жоғары қарай өрлегенде басталатын тау үңгіріне кірер, ал, керсінше, жоғарыдан төмен қарай жүргенде одан шығар ауыз іспеттес. Олай болса, бекініске, «таудың аузындағы қала», яғни Усть-Каменогорск деген атау өте сәтті берілген.

Әңгіме Өскеменнің аты жайында болып тұрған шақта мынадай жәйтке де тоқтала кетсек айып етпес. Қазақтардың ертеректе бұл қаланы Дом деп айтқандары белгілі. Жергілікті тұрғындар неге осылай атаған? Әлгінде көрсетілген зерттеуші Құрбанғали Халид бұл жөнінде де Ахмет ақсақалдың аузынан естіген мәліметті келтіреді. «Өскеменді, – деп жазады ол, – қазақтар «Дом» қаласы дейді... Қазақтардың «дом» атауы мұнда орыс келмей, қала салынбай тұрған күннен бұрын Дом атты кісінің қыстауы болған. Орыстар да алғаш «Дом» деп атағанымен соңынан өзгертті, ауызша да аты аталып келеді» [7.174].

Келтірілген ауызша дерек туралы не деуге болады? Ұлтымыздың тілдік қорында «дом» сөзінің болғандығы рас. **Қазақ тілінің маманы академик А.Т.Қайдаров бұл сөздің төрт мағынасын көрсетеді:** дом – 1) қаршығаны аулау үшін жасалған арнайы тор; 2) дөңгелек, дөңес, сәнді бірдеме: дом боп піскен нан; 3) толық бапталған, жаратылған, өте жақсы күйге келтірілген бірдеме: дом жарау ат; 4) емдеудің тәсілі мен құралы: ем-дом [6.203]. Демек, қазақша мәні осындай «дом» сөзінің адамға да есім ретінде таңылуы ғажай емес. Алайда, Өскеменнің тұрған жері Дом деген кісінің қыстауы болған деген пікірмен келісу қиын. Олай болса, қаланы қазақтар не себептен Дом деп атап кеткені туралы өз болжамымызды ұсынайық.

Жоңғар хандығы күйрегеннен кейін Қытай мен Ресей қазақ жерін бөлісіп алуға ұмтылады, сондай-ақ халықты да әрқайсысы өз қол астында ұстап қалуға тырысады. Осы мақсатқа жету үшін екі мемлекет сан қилы айла-тәсілдерді қолданады. Осындай шаралардың қатарына қазақ ақсүйектеріне ағаш үйлерді тегін салып беру секілді Ресейдің ұстанған саясатын да жатқыза аламыз. «Хандар мен атақты сұлтандарды, – деп жазған А.И.Левшин, – қол астында сақтап қалу үшін және олардың Қытаймен достық байланысын болдырмау ниетімен орыс өкіметі бар ыждағатын салады, шығынды да аямай төгеді. 1762 жылдың басында Сібір және Орынбор шекара басшыларына жіберілген нұсқауда қазақ ақсүйектеріне мейлінше мейрімділік танытып, сараңсымай, оларға мол сыйлық пен марапаттарды сыйлау, ал үйлерде тұрғысы келетіндерге қазына есебінен шекара маңынан сарайлар мен мал қораларды салып беру тапсырылған» [8.240-241].

Осы жарлықтан соң орыстардың 1765 жылы

Абылай ханға арнап Петропавол бекінісіне қарсы Ишим өзенінің жоғарғы тұсында ағаш үй тұрғызғандығы белгілі [3.38]. Ескере кетелік, ғылыми әдебиеттерде осы оқиға патша өкіметінің Абылай ханға жасаған жақсылығы, я болмаса, жомарттық ізетпен көрсеткен «қамқорлығы» сияқты баяндалады [2.115]. Шын мәнінде олай емес. А.И.Левшиннің ойын жалғастырсақ, бұл жәйт самодержавияның қазақ халқына қолданған қитұрқы саясатының бір көрінісі ғана.

Осыған ұқсас «қамқорлыққа» бөленген келесі адам – Шүрегей сұлтан. Біз зерттеп отырған тақырыпқа аталмыш сұлтанның тікелей қатысы бар деп санаймыз. Сөздің желісі мынада. 1785 жылы Ташкентті билеген Жолбарыс ханның Ұлы жүздегі шымыр-үйсін болысын билеген баласы Абылайдың ұлы Шүрегей Өскемен бекінісіне келеді. Ол өзінің Санияз сұлтанның күйеу баласы екенін, бұрын Іле өзенінің бойында Қытай шекарасына таяу жерде тұрғанын, қазіргі кезде ұлы жүздің өкен (укон) руынан бөлініп, Шығыс Қазақстанға көшіп келген халықты (қаңлы және шанышқылы болысын) басқарып отырғанын айтады. Сонымен қатар өзіне және қол астындағы қазақтармен бірге тұрып жатқан ташкенттіктер мен бұқаралықтарға үй салып беруін сұрайды [3.75]. Орыс өкіметі сұлтанның өтінішін қабыл алады да оған және оның басшылығындағы 4 мың қазаққа Ресей шекарасының маңында көшіп-қонуға рұқсат береді. 1789 жылы 28 ақпанда Екінші Екатерина Шүрегей сұлтанның өзіне Өскемен бекінісінің қасынан жер бөліп беру туралы жарлығын жариялайды [8.177]. «Осы құжатқа сәйкес, – деп жазады И.Г.Андреев, – Шүрегей сұлтанға Өскемен бекінісінен үш шақырым жерде үй салынды (построен дом), ташкенттіктер үшін де 8 үй тұрғызылды» [3.75]. Түп деректерде көрсетілгендей, маман балташы орыстар Шүрегейге үйді ағаштан Ертістің оң жағындағы қала ішінен емес, сол жағалауындағы бүгінгі Меновное ауылы тұрған жерге, ал ташкенттіктерге осы ауылдың қасындағы Ахмер елді мекенінде салып бергенге ұқсайды. Бұл ойымызды дәлелдейтін айғақты 1899 жылға жататын құжаттан таптық. Онда мынадай деректер келтірілген: Ахмер ауылының ірге тасы қаланғанға 100 жыл, халқының саны – 349 адам, үй саны – 101, олардың 44-і киіз үйлер, 49-ы саман, 8-і ағаш үйлер [9.102-103]. Бұдан арада жүз жылдан астам уақыт өткенде Ахмерде салынған сегіз ағаш үй сол қалпында сақталып қалған деген түйін шығады.

Өскеменнің іргесіндегі Меновное мен Ахмер ауылдарының бастапқы кезде саудагерлер үшін салынғандығын өлкетанушы (қайтыс болған) С.Н.Герасимов та қуаттайды. Енді ғалымның жазғандарына құлақ түрейік.

«1765 жылы Өскеменде Ертіске келген саудагерлер үшін, яғни ташкенттіктерге, бұхарлықтарға және қазақтарға арналған айырбас алаңы (Меновной двор) ұйымдастырылды. Айырбас алаңы Ертістің сол жағалауына, бекініске қарсы орналасты (қазіргі Меновное ауылы). Саудагерлер мұнда Орта Азиядан (Ташкент, Бұхара) келе бастады. Олар айырбас алаңына таяу маңға, қазіргі Ахмер ауылына қоныстанды. Онда Ертістің сол жағындағы Орта жүздің ғана емес, алыстан осында келетін Ұлы жүздің де қазақтары тұрды» [5.16].

Қашқария, Орта Азия, Ресейден келген керуендер мен қазақтар Ахмердегі сегіз ағаш үйге ат басын тіреп, жайғасқан соң ауыл қасындағы айырбас алаңына жиналып, саудаларын жүргізіп жүрген. Халық көп жиналған алаңда сауда қызу жүріп жататын. Саудагерлердің тауардың қандай түрлерін әкелетіндігі жа-

йындағы қызықты деректер И.Г.Андреевтің еңбегінде сақталған. Көптеген бұйымдардың аттарын қазақшаға аудару қиындау соққанына байланысты автордың орысша жазған мәлімдемесін ұзақтау болса да сол қалпында жеткізуді жөн көрдік.

«Бухарцы, ташкенцы и кашгарцы привозят разные шелковые материй, яко то канфы, фанзы, лянзы, бархаты, ленты, шелк, чай листами и кирпичный, ремень копытчатой, китайку и своих продуктов: бязи, занавески, выбойки, дабы, кисеи бумажные, бумагу пряденую и хлопчатую, табак ташкенский, пшено сорочинское, ягоды урюк, кишмыш и степные яблоки; из зверей: рысей, барсов, кунит, волков, лисиц, мерлушку. От них так же получается серебро в ямбах и мелкое, и, хотя редко, золото в деле и арабские червонцы; от киргизцев (казахов – М.А.) же при торгах получают лошади и рогатый скот, бараны, овчины, мерлушки и разные платья, как то армяки из верблюжьей шерсти тканые, яги из конских кож, войлоки. С российской же стороны отпускаются разные чугуны и железные вещи, котлы, таганы, чугуны, капканы, разных дабров сукна, кожи красные и черные, немецкие выдры, вервереш, олово, воск, сахар, золото и серебро литрами, и прочия мелочные как российские, так и немецкие товары: зеркала, иглы, наперстки, варганы, бисер; а сверх того жемчуг, маржак, канцелярское семя и разный хлеб, пшеница, рожь, ярица и ржаная мука» [3.87-88].

Күнделікті тұрмысқа ауадай қажетті осындай тауарларды алуға саудагерлерден басқа да алыс-жақын ауылдардағы кісілер сауда орталығына ағылып келіп жататындығы түсінікті. Ол кезде әлі салынбаған Меновное ауылының жерінде Шүрегей сұлтанның қыстайтын жалғыз ғана ағаш үйі тұрған. Міне, айырбас алаңына лық толған халық осы үйді және ол орналасқан жерді орысша Дом деп атап кетулері әбден мүмкін. Бұл атау жапсарлас тұрған Өскемен бекінісіне де оның баламасы ретінде таңылып қалған болу керек. Осыдан барып, қазақтар арасында Өскеменге қаратыла айтылатын Дом қаласы деген түсінік қалыптасқан тәрізді. Құрбанғали Халидтың ауызша дерегімен салыстырғанда ғылыми тұрғыда қарастырған ойымыз бізге шындықпен қабаттасып жатқандай сезіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Абрамов Н.** Усть-Каменогорск в 1861 году // Записки ИРГО. Книжка 3 – С-Пб, 1863.
2. **Алексеев Н.В.** Взаимосвязи казахского и русского населения в Восточном Казахстане (XVIII – первая половина XIX в.) - Усть-Каменогорск, 2003г.-140 с.
3. **Андреев И.Г.** Описание средней орды киргиз-казахов. – Алматы, 1998 г. – 280 с.
4. **Базылхан Б.** Моңғолша-қазақша сөздік. - Өлгий, 1984 ж. – 885 бет.
5. **Герасимов С.Н.** Экономика Рудного Алтая перед Октябрьской Социалистической революцией // Ученые записки УКПИ. Выпуск первый. - Усть-Каменогорск, 1958 г. – 3-19 стр.
6. **Кайдаров А.Т.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, 1986 г. - 328 стр.
7. **Құрбанғали Халид.** Тауарих хамса (Бес тарих). Екінші басылым. – Алматы, 1992 ж., - 304 бет.
8. **Левшин А.И.** Описание киргиз – казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996 г. – 656 стр.
9. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Усть-Каменогорск уезд. Том IX-ый. – С-Пб, 1905 г. – 365 стр.
10. Орысша – қазақша сөздік. 2 том. – Алматы, 1981 ж. – 588 б.

РОЛЬ И МЕСТО ПАМЯТНИКОВ ЭПИГРАФИКИ в изучении генеалогии исторических лиц Центральной Азии

Бобур АМИНОВ,
кандидат исторических наук, заведующий отдела
Координационно-методического центра по вопросам
новейшей истории Узбекистана при Академии наук
Республики Узбекистан, Ташкент, Узбекистан
Рахат БОЛИМБЕТОВ,
Магистрант 2-курса по специальности 6М020300-История
Актюбинского регионального государственного университета

Эпиграфические памятники имеют огромное значение для изучения истории, языка, культуры, каллиграфии, биографий исторических лиц, искусства резьбы по камню и т.д. Отдельные сведения эпиграфики имеют первостепенное значение для освещения истории отдельных семейств, родов, племен, известных тем, что сыграли важную роль в социальных и политических процессах. Изучение происхождения, история рода и семьи способствует пониманию значимости каждого исторического лица пользовавшихся в свое время особым влиянием на правителей государства, представителей администрации, войск и религиозные организации. Ссылаясь на них можно восстановить также родство и родственные связи неизвестных персон, имена которых не были зафиксированы в исторических источниках, но сыгравших ту или иную роль в жизни общества.

Надо подчеркнуть, что до сих пор отсутствуют специализированные труды и работы, освещающие социальное происхождение родов, семей исторических лиц Центральной Азии. Наиболее важным является составление списка до сих пор известных и неизвестных родов, семей с данными их фамильных отношений. Генеалогические сведения дают возможность реконструировать родословные исторических лиц определенного региона. Изучение родословной также позволяет нам узнать о преимуществах фактора генеалогии в общественно-политических процессах, в особенности наследственной передачи от поколения к поколению общественных функций и других наследственных привилегий. Исходя из этого, в настоящее время, на первый план выходит задача составить базу данных, т.е. составление базы фамильных списков с перечнем их определенных семейных захоронений и родовых усыпальниц. Наряду с этим, стоит задача обогатить генеалогию новыми данными, так как у нас генеалогия как историческая дисциплина развита слабо.

Надо отметить, что главные исторические источники тех времен очень редко упоминают имена людей, работавших, служивших в государственных, военных, административных органах и религиозных учреждениях. Иногда встречаются имена наставников суфийских братств, о которых очень мало сведений. Работая над материалами погребальной эпиграфики, мы убедились, что такие данные очень ценные и

становятся особенно интересны для историков и исследователей.

Надгробия ставили после смерти конкретного лица, как знак о месте его погребения и определения личности. Намогильная плита с надписями – это своего рода идентификационный признак умершего. Каждое имя на камне – это не только обозначения места для погребения, но и всемирная история. Надписи также несут биографический характер. Каждый человек или историческая личность носитель каких-либо свойств, качеств. В источниках иногда упоминается имя определенного лица, явно занимавшее высокое положение. Но его занимаемая должность неизвестна, а характер деятельности не вполне ясен. Вызывает большой интерес также и то, какую лепту он вносил в развитие общества и какую роль сыграл в судьбе государства.

Зафиксированные источники по генеалогии могут приобрести значимость и важность, особенно когда их можно будет сравнить с другими источниками. В рукописных источниках много неточностей. К тому же эти источники переписываются в последующие столетия и охватывают только религиозную и политическую историю.

В результате тщательного изучения и расшифровки надписей определены имена исторических лиц, над могилами которых помещаются надгробные плиты из мрамора. Тексты эпитафий в основном подчеркивают особенности усопших и их индивидуальные качества. В подавляющем большинстве надгробий указываются точные даты смерти.

Для нашего исследования выбраны надписи эпохи Амира Темура и темуридов, выявленных в городе Самарканде, на территории Самаркандской и Кашкадарьинской областей. Среди них следует, прежде всего, упомянуть текст, содержащего сведения о женщине и о её предках. Это намогильная плита находится на старом кладбище Сагиш (Арк тепа) Пайарикского района Самаркандской области. Здесь на плите №7 сундукообразной формы выполнена надпись, принадлежавшая Давлат Хатуну. Её дата смерти, установлена на основе плохо сохранившейся надписи. Плита относится к XV в. Женщина принадлежит к семейству дехкан. Её отец Х^аджа Хусрав сын Мангуча Х^аджа Дехкана. Полный текст следующего содержания:

دولت خاتون بنت خواجه خسرو (ابن) منگوچه خواجه دهقان و الملك
Даулат Хатун бинт Х^аджа Хусрав ибн Мангуча
Х^аджа Дихканва-л Малик.

Пока полностью не определены личность усопшей, данные о её отце и деде. Присутствие в составе имени названия сословия **دهقان** и **خواجه**

приводит к предположению, что представители этой семьи имели две линии родства – местное согдийское и арабо-мусульманское.

Другая женщина также с именем Хатун определена после расшифровки надгробной плиты №11, расположенной на старом кладбище селения Алиабад Челакского района Самаркандской области. Кладбище носит имя одного из шайхов-савийа - Му'миншайха. Текст этой плиты состоит из следующих имен:

وفاتخاتون بيكي سلطان بنت المغفور خليل سلطان سنة ثمان مائة (ثمانمائة)

Перевод: Кончина Х^атун Бики (Беки) Султ^ана бинт (дочь) прощенного Халил Султ^ана [происходило] в восьмьсот? восьмом году (808/1405).

Имя Халил Султ^ана нам известно по источникам эпохи Амира Темура и темуридов. Например, в «Му'иззул-ансаб» упомянуты три человека с таким именем и каждый из них из разных семейств.

1) Халил Султ^ан сын Амир^ан Ш^аха.

2) Халил Султ^ан сын Джах^анш^аха сына Ч^аку (Джаку).

3) Халил Султ^ан сын Хидра Х^аджа.

Возможно, Х^атун Бики Султ^ан дочь одного из них. На плите её отец отмечен как прощенный [Аллахом], значит он умер до 1405 г., т.е. до смерти своей дочери.

Другая интересующая нас надпись выполнена на одной из сундукообразных плит² огромного кладбища, названного Мусафирата Гузарского района Кашкадарьинской области. Плита поставлена в интерьере мавзолея. Текст содержит следующее содержание:

وفات امير حسن قوجين ابن / تختميش قوجين ابن جاجو / قوجين في تاريخ يكشنبہ غرة جمادى // الاولى
سنه اربع و ثلثين و ثمان مائة

Перевод: Кончина амира Хасана Каучина сына Тухтамиша Каучина сына Джаджу Каучина в воскресенье начало месяца джумади-л-увла, 831 /1428.

Некоторые дополнительные материалы даёт «Му'иззул-ансаб». В этой книге известно имя Тухтамиша Каучина, о котором упомянуто при описании Темурида – Мирза Улугбека (уб.1449 г.). Он был в должности *йаргучи*, в период царствования темуридского правителя. Пока не установлена личность владельца надгробия – амира Хасана Каучина и его деда Джаджу Каучина.

Наибольшее внимание привлекает плита, изготовленная из белого качественного мрамора в форме параллелепипеда, которая расположена в городе Шахрисабзе. Фактически плита замурована между стенами двух соседних домов. Нам удалось зафиксировать надписи только одного торца надгробия, где написано имя важного исторического лица – внука Амира Темура – Амира Сайида Ахмада³.

¹Надгробие имеет следующие размеры: длина: 154 см., ширина: 29 см., высота: 37 см.

²Размеры надгробной плиты: длина: 164 см., высота: 42 см., ширина: 39 см.

³Необходимую информацию нам удалось получить по адресу дом №18 ул. ТагиЧинор.

Местоположение памятника изменено несколько раз в результате строительных работ. Размеры надгробия: 171x 18 x 33

هذا المرقف المبارك // لمن زين سرير الامارة بوجوده // ولواء الملك بجوده امير // سيد احمد ابن الامير العادل
عمر شيخ ابن الامير السلاطين // امير تيمور كركان طاب ثراهم

Перевод: Эта благословенная усыпальница принадлежит тому, кто являлся украшением трона эмирата своим присутствием и знаменем владения своей щедростью. Амир Сайид Ахмад сын ал-амираал-а'дил (справедливого амира) 'Умар Шайха сына ал-Амира ал-салатин (амира султанов) Амира Темур Кураган, да сделает Аллах их могилу мягкой.

Сайид Ахмад пятый сын Амирзода 'Умар Шайха. Он родился в 1491 г. До обнаружения этой плиты существовали разные мнения по поводу его генеалогии. По одной из версий (Хондамир) его отцом был Мираншах, по другой (Шарафуддин Али Язди) это – амирзода Умар Шайх. Исследователи, кто занимался генеалогией Амира Темура и темуридов поддержали мнение Шарафуддина Али Язди [1,С.97]. Его мать Кутлук-Султан была наложницей и принадлежала племени джалаир [2,С.121]. Шахрух Мирзо поручил Сайиду Ахмаду управлять Шибурганом [1,С.97]. Дата его смерти 1429 г. В источниках нет данных о месте его захоронения. Мраморная плита является веским аргументом такого доказательства. Кроме того, после знакомства с надписью нам стало известно о его эпитетах при жизни, и кто был его настоящим отцом. Вероятно, он был похоронен рядом с отцом 'Умар Шайхом, на территории Дар ус-сиодата, могила и надгробие которого не найдено до сих пор.

Таким образом, отдельные эпиграфические памятники эпохи Амира Темура и темуридов свидетельствуют о том, что генеалогические данные, как подлинные источники своей эпохи, представляют несомненный интерес. Роль и значение материалов погребальной эпиграфики в изучении родословной исторических лиц Мавераннахра возрастает, когда они служат прекрасным дополнением к сообщениям письменных источников, а подчас могут быть единственными свидетельствами разрешения отдельных спорных вопросов.

ТҮЙІН

Мақалада құлпытастардағы жазулардың Орталық Азиядағы тарихи тұлғалардың генеалогиясын зерттеудегі дерек көзі ретіндегі маңызы қарастырылған. Мақалада Әмір Темір және оның ұрпақтарының кезеңіндегі жазбалар пайдаланылды.

In the Article to write құлыптастардағы Center historical personalities in Asia examined importance on genealogies time source of fact on to investigate. In the article an order used writing monuments in Iron and pores of her generations.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Файзиев Т. Темурийлар шажараси. Т.: Ёзувчи, 1995.С.97
2. Муизз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии) / История Казахстана в персидских источниках. Т.III // Введ. пер., с перс. примеч., подготовка факсимиле к изданию Ш.Х.Вахидова Алматы: Дайк-Пресс. 2006. С.121.

МӘШҰҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ – ШЕЖІРЕТАНУШЫ

Гүлмейрам РАҚЫШЕВА (Ракишева),
Павлодар мемлекеттік университетінің
2-курс магистранты

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тарихи және қоғамдық сананың ашықтығының маңыздылығын атап, рухани болмысымыздың кілті – ұлттық кодты жүйелі түрде талдап көрсеткен болатын. Ұлттық код ұлы тұлғалар өмірінің ақтаңдақтарын ашып көрсетуді, олардан алар ұлағатты тағылымды ұрпақ бойына сіңіруді құптайды.

Өткен ғасырдағы қазақ тарихының көрнекті тұлғасы, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, публицист әрі этнограф **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жекелеген қаһарман тұлғаларды суреттеу барысында ел тарихын шежіре сипатында баяндаған еңбектерінің маңызы зор.** Мәшһүр Жүсіп тарихты жазуда жер тарихын, ел тарихын, жеке адам тарихын біртұтас сипатта қарастырып, өзара тығыз қарым-қатынастар жүйесінде баяндайды. М.Ж.Көпеев қолжазбасы – халқымыздың тарихына өз үлестерін қосқан қаһарман тұлғалар хақында фольклорлық нұсқалардың, жазба зерттеулердің, зерттеуші автордың өз ой-пікірлерінің өзара байланыстырылған мағлұматтарының аса мол қазынасы.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде» қазақтың шежіресін былайша тарқатады: Алаштан Сейілхан, Жайылхан атты екі бала тарайды. Соның Сейілханынан сегіз арыс түркімен таратылады да, Жайылханның ұрпағы туралы шежірешілер екі түрлі пікір таратады. Соның бірінде Жайылханнан Қазақ, Созақ, Ұзақ деген үш бала дүниеге келеді. Осының Созағы қарақалпақтардың, Ұзағы қырғыздар мен хакастардың түп атасы деп есептейді. Ал Қазағынан келіп Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген балалар дүниеге келеді. Олардан Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз тараса керек. Екінші нұсқада Алаштың екінші баласы Жайылханнан үш бала емес, бір ғана ұл Майқы болады. Майқыдан Өзбек және Сыбан деген екі ұл туады. Сыбаннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Қазақ пен Созақ, Созақтан Қарақалпақ, ал Қарақалпақтан Ақарысты таратады. Қырғыздардың ақ айыр қалпақ киетіндігі осыған байланысты болса керек.

Қазақ халқының қайдан шыққаны, оның жүздерге бөлінуі туралы мәселе кейінгі кезеңдерде ойшылдарды көп толғантқан. Осы мәселе бойынша Шәкәрім өз шежіресінде: *«қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түрік әлемінде жатыр»*, – деп тұжырым жасаса, ал **Мәшһүр Жүсіп Көпеев:** *«Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғыз» деп жазылған, шағатай түркісінде «хаз» деп, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған»*, – деп қазақ этнониміне қысқаша шолу жасап, қазақтың шығу тегін қазақтардың алғашқы ханы – Алаш пен оның балаларымен байланыстырып солардың ұрпағы деген ұғым қалыптастырады. Баспа бетінде жарияланған «Қазақ шежіресі» туындысын зерделей қарастырсақ та, Мәшһүр Жүсіптің жеке адамдар тарихын жер тарихымен, ел тарихымен байланыстыра баяндағанын көреміз. Оның үстіне М.Ж.Көпеев жалғыз қазаққа ғана емес, түркі халық-

тарына да ортақ тарихи тұлғалар: Нәрікұлы Шора (Қазан), Әмір Темір (Самарқан), ер Едіге (Алтын Орда) туралы шежіре нұсқаларын жазып алып, ара-арасында оларға деген өз көзқарас-пікірін келтіреді. Мәшһүр қолжазбасындағы ел билеушілері (XV–XVII ғғ. аралығы) қазақ хандары тарихы сөз болады. Шежірелік-жылнамалық сипатта жазылған бұл шығармаларда атақты билеушілердің іс-әрекеті қысқаша, тартымды баяндалынып, шежірешінің өз пікірлері де қатар беріледі. Керісінше, тарихи дерегі жұтаң, белгісіз хандардың есімдері ғана аталып өтеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ түбі» еңбегінде өз Жәнібек ханнан бастап өз Тәуке ханға дейінгі хандар тізбегін таратады. Мәшһүр Жүсіп шежіресінде Тахир хан, Тоғым хан, Бойдас хан, т.б. белгісіз билеушілердің тек есімдері ғана аталып өтеді. Ал атақты, даңқты хандар тарихын баяндауларында Мәшһүр Жүсіп Қасым ханды *«Жошы ханның өзінен соң Дешті Қыпшақты толық меңгеріп билеген»* хан, *«қазақ хандарының пируай дәкейі»*, Хақназар ханды *«қайратты кісі»*, *«батыр хан»*, өз Тәуке ханды *«ақылды кісі, табанды кісі»*, *«терең ойлы толық мұлы, ірі хан»* ретінде бағалайды.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген орта мен біздің бүгінгі ортамыз бөлек. Дегенмен қазақ жері, қазақ тілі, қазақ салт-дәстүрі, қазақ тарихы, шежіресі тарихымыз үшін құнды негізгі деректер көзі болып табылады. М.Ж.Көпеевтің еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді. Оның еңбектері келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың қоршаған ортамен байланысын, олардың тарихи үдерістері әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются труды М.Ж.Копеева которые дают нам возможность исследовать не только исторические личности, но и проблемы казахской истории.

The article considers the works by M.Zh.Kopeyev which gives us an opportunity to study not only historical people but problems of Kazakh history as well.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп шығармалары. Павлодар: «ЭКО», 2003, 384б.
2. **Көпейұлы М.Ж.** Қазақ шежіресі. 2-ші бас.толық.- Астана: «Алтын кітап», 2007, -233 б.- (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-ші том).
3. **Артықбаев Ж.О., Алпысбесулы М.** Теоретико-методологические проблемы изучения казахского шежира // Отан тарихы, № 2, 1999.
4. **Көпеев М.Ж.** Қазақ шежіресі. (Дайындаған С. Дәуітов). – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ДИПЛОМАТТАР РӨЛІ

Сафура БӨРІБАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
Күлшат СЫМАҒҰЛОВА (Смагулова),
философия ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценттері

Қазіргі таңда мәдениетаралық қарым-қатынас тақырыбы ең өзекті мәселе. Дипломаттар ең алдымен өркениетаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың кәсіби жолсерігі. Сонымен бірге өз ұлттық мәдениетіне жататындығын ұмытпаған жөн, оның сипаты, мінез-құлқы, әдеттер мен өмір салтын белгілейтін қасиеттер – дипломатиялық қызметкердің ең маңызды ерекшелігі. Дипломат өз елінің тарихын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін біліп және дәріптеу қажет. Осылайша, кәсіби дипломатия мәдениетаралық қарым-қатынас құралы болып табылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас – салыстырмалы түрде жас ғылым. Ол XX ғасырдың ортасында пайда болды. Басқа елдерде табысты жұмыс істеу үшін, тек қана басқа тілдерді білу ғана емес, сонымен бірге өзге ұлттардың мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарымен танысу керек екенін түсінген американдық саясаткерлер мен кәсіпкерлердің жеке мүдделеріне байланысты болды. Мәдениетаралық қарым-қатынастың академиялық пән ретінде танылуы 1954 жылдан басталды. Осы жылы Э.Холл мен Д.Трагердің «Мәдениет және коммуникация» атты еңбегі жарық көрді. Авторлар тұңғыш рет «мәдениетаралық қарым-қатынас» терминін ұсынып, адами қарым-қатынастардың ерекше бір саласын бейнеледі. Кейінірек, Э.Холлдың («Немой язык» 1959) әйгілі шығармасында мәдениетаралық қарым-қатынастың негізгі ережелері мен идеялары дамыды, онда автор мәдениет пен коммуникацияның тығыз байланысын көрсетті. Мәдениет пен қарым-қатынастың байланысы туралы өз идеяларын дамыта отырып, Холл мәдениетті үйрету керек деген қорытындыға келді. Мәдениетаралық қарым-қатынас дербес оқу пәніне айналды [1].

Мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері XX ғасырдың алпысыншы жылдары әлеуметтік мәдениеттану салаларында өзекті болып, ғылым ретінде дами бастады.

«Мәдениетаралық қарым-қатынас – әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдері арасындағы өзара түсінушілік». Атақты лингвист ғалым И.И.Халеева: «мәдениетаралық қарым-қатынас – әртүрлі тілдер мен мәдениетке жататын адамдар іс-әрекетінің ерекше жемісі. Бұл тек қана әртүрлі мәдениет пен тілге жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас емес, сонымен қатар олардың бір-бірін «жат» ретінде қабылдайтындықтарынан да байқалады», – деп нақты анықтама береді [2]. Мәдениетаралық қарым-қатынас тақырыбын қозғай отырып, қазақ халқының этикетінде кездесетін терминдерге анықтама беріп кетсек. Мәдениет термині арабтың «маданият» – **«қала, қалалық» деген сөзінен енген.** В.Дальдің сөздігінде «культура» ұғымы: өсіру, өңдеу, күту, білім, ақыл-ой, ізгілік деген мағынада берілген. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағына білдірген. Кейінірек бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды

жетілдіру» деген ұғымда жұмсалған. Уақыт өте келе еуропалық тілдерде «мәдениет» сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие болады. Сөйлеу этикеті ұлттық спецификаға ие. Әрбір халық өзінің сөйлеу тәртібі ережелерінің жүйесін жасаған. **Қазақстан қоғамында ерекше құндылықты мынадай қасиеттер:** әдептілік, абайлағыштық, төзімділік, мейірімділік, ұстамдылық құрайды.

Әдептілік – бұл сөйлеушіден әңгімелесушіні түсінуді, орынсыз сұрақтардан аулақ болуды, оған ыңғайсыз болатын тақырыптарды қозғамауды талап ететін этикалық норма.

Абайлағыштық – әңгімелесушінің ықтимал сұрақтары мен тілектерін алдын ала білу, тақырыптың барлық әңгімесі үшін оны егжей-тегжейлі хабардар етуге дайындығынан тұрады.

Төзімділік (толеранттылық) – ықтимал пікірлер алшақтығына сабырмен қарау, әңгімелесуші көзқарастарын дереу сынаудан аулақ болу. Өзге адамдардың пікірін сыйлауды ұстану, нәліктен олардың белгілі бір көзқарасы қалыптасқанын ұғынуға тырысу. Төзімділік сияқты мінезбен ұстамдылық тығыз байланысты – әңгімелесушінің күтпеген немесе әдепсіз сұрақтарына байсалды жауап қайтара білу.

Мейірімділік – әңгімелесушіге қатысты да, әңгіменің барлық құрылымына да: оның мазмұны мен түріне, сөздің интонациясы мен таңдауына да қажет [3].

Мәдениетаралық қарым-қатынас екі құрамнан – тіл мен мәдениеттен тұрады. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі қарым-қатынастың әр түрлеріне тиесілі. Кез келген адам түрлі жағдайларда өзін әр түрлі ұстайды, осылайша түрлі жағдайларда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Қарым-қатынастың келесі түрлерін атап өтуге болады: этникааралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және т.б. Тілдік қатынас (коммуникация) әртүрлі қоғамдық қатынастардың әнжесінде адамдарға тән ойлау арқылы жүзеге асқан сөйлесудің тіл арқылы берілуі, яғни адамдардың аса маңызды қатынас құралы болу – тілдің негізгі және маңызды қызметі. Мәдениетаралық коммуникация жай қатынас құралы емес, түрлі мәдениет иелерінің арасындағы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл – коммуникация үрдісіне культурологиялық көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді. Түрлі мәдениет өкілдері арасындағы мәдениетаралық коммуникацияның тиісті деңгейде өтуі көбіне жағдаяттық мәнмәтінге байланысты болады. Ұлттық мәдениет, ұлттық мінез-құлықтың сипаттары коммуникацияның арқасында көрініс табады. Коммуникацияның вербальді және вербальді емес нышандары белгілі бір халықты, оның мінезін, мәдениетін, салт-дәстүрін ашық сипаттай алады. Мәдениетаралық коммуникацияда мәдени шекараның болуы шарт [4].

Профессор С.Г.Тер-Минасованың «Тіл және мә-

дениетаралық коммуникация» кітабы адамдардың қарым-қатынас мәселелеріне, өзара байланыс және тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасына арналған. Онда тіл, мәдениет және мәдени антропология мәселелері қарастырылған. Әсіресе, тілге жан-жақты сипаттама берілген. «Язык – мощное общественное орудие, формирующее людской поток в этнос, образующий нацию через хранение и передачу культуры, традиций, общественного самосознания данного речевого коллектива».

«Тіл – ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін, сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан этносты, ұлтты қалыптастыратын қуатты қоғамдық қару», «Тіл – мәдениет айнасы, онда адам айналасындағы шынайы өмір мен оның өмірінің шынайы шарттары ғана емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық санасы мен менталитеті, өмір сүру салты, мораль, құндылықтар жүйесі, әлемді сезінуі және түсінуі қамтылған», «тіл – тасымал құралы, «мәдениетті жеткізуші» және т.б. «Мәдениеттің ұлттық ерекше құрамдарының ішінде тіл бірінші орында. Тіл, біріншіден, қарым-қатынас мәдениеті ретінде адамдарды өзара байланыстыра да, өзара алшақтата да алады. Тіл – ол тілде сөйлеуші адамдарды білгілі бір қоғамға телітін белгі». Этностың негізгі ерекше белгісі – тіл. Демек, тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы – күрделі әрі көп аспектілі.

Автор: «Итак, множество наук о человеке изучает разные стороны его жизни, его физической (биология, медицина) и духовной (психология, философия, филология) сущности, его деятельности (экономика, социология), его становления и развития (история). Все эти дисциплины тесно взаимосвязаны, поскольку восходят к одному и тому же объекту изучения – человеку, в котором эти разнесенные по разным дисциплинам аспекты сосуществуют как единый организм, как неразрывное целое», – деп атап өтеді.

Адам мәдениетінің қалыптасуы және даму мәселелерімен мәдени антропология ғылымы айналысады. Антропология – аты айтып тұрғандай, адам туралы ғылым. Алайда адам туралы ғылымдарға барлық гуманитарлық ғылымдар мен кейбір жаратылыстану ғылымдарының да (медицина, ішінара – биология) қатысы бар. Адам өте күрделі, жан-жақты және көпқырлы жаратылыс. Адамды физикалық жағынан (биология, медицина), рухани жағынан (психология, философия, филология), ерекшеліктерін, іс-әрекетін (экономика, социология), қалыптасуы мен дамуы (тарих) тұрғысынан әр қырынан зерттейді. Бұл пәндер өзара тығыз байланысты. Соған орай, антропология: 1). Әртүрлі нәсілдерден құралған адамның биологиялық тегін және физикалық құрылысының эволюциясын зерттейтін физикалық антропология; 2). Адам мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын зерттейтін мәдени антропология болып бөлінеді. Ғалым кітабында: «Антропология отличается от всех других наук о человеке как раз тем, что она пытается собрать воедино все остальные аспекты и изучить глобально и всесторонне обобщий процесс физического и культурного развития человека», – деп анықтама берген. Антропологияның басқа ғылымдардан ерекшелігі, адам туралы барлық аспектілерді біріктіре отырып, оның физикалық және мәдени дамуының жалпы процесін жан-жақты және жаһандық тұрғыдан зерттеуге талпынуымен өзгешеленеді.

С.Г.Тер-Минасованың зерттеулерінде антропология түрлеріне, мәдени антропологияға мынадай толық анықтама берілген: «Соответственно, антропология подразделяется на: 1) физическую антропологию, изучающую биологическое проис-

хождение и эволюцию физической организации человека, представленного различными расами; 2) культурную антропологию, изучающую формирование и развитие человеческой культуры. Таким образом, культурная антропология – чрезвычайно широкая фундаментальная наука, изучающая общие проблемы культурного развития человечества, вбирающая в себя знания всех других гуманитарных наук, изучающая единый процесс культурного становления человека, то есть того уникального и существеннейшего аспекта, который делает человека Человеком и отличает его от остального животного мира. У животных есть определенные системы поведения, но нет культуры. Культура как предмет изучения культурной антропологии – это совокупность результатов деятельности человеческого общества во всех сферах жизни и всех факторов (идей, верований, обычаев, традиций), составляющих и обуславливающих образ жизни нации, класса, группы людей в определенный период времени. Культурная антропология исследует развитие культуры во всех ее аспектах: образ жизни, видение мира, менталитет, национальный характер, результаты духовной, общественной и производственной деятельности человека. Культурная антропология изучает уникальную человеческую способность развивать культуру через общение, через коммуникацию, в том числе и речевую, рассматривает огромное разнообразие человеческих культур, их взаимодействие и конфликты. Особое внимание уделяется взаимодействию языка и культуры». Мәдени антропология – өте кең ауқымды іргелі ғылым. Ол адамзаттың мәдени дамуының жалпы проблемаларын зерттейді. Онда өзге гуманитарлық ғылымдардың барлық білімі топтастырылған. Мәдени антропология – адамды адам ететін – адам және оны өзге тіршілік иелерінен ерекше екендігін, мәдени тұрғыдан оның қалыптасуының бірыңғай процесін зерттейді. Жануарларда өзін-өзі ұстаудың белгілі бір жүйесі қалыптасқан, бірақ мәдениет жоқ. Мәдени антропология адамның қарым-қатынасы, коммуникация арқылы мәдениетті дамытатын, ерекше қабілетін – соның ішінде сөйлеу қабілетін зерттейді.

Мәдени антропология курсының негізгі міндеттері:

1) мәдениеттің адам өміріндегі, мінез-құлқындағы, өзге адамдармен және өзге мәдениетпен қарым-қатынасындағы ерекше рөлін түсіндіру;

2) осы ғылымның идеялары мен әдістерімен таныстыру;

3) мәдениеттің даму жолын айқындау, олардың өзара қақтығысы мен іс-әрекеті және өзгеруі;

4) тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, өзара ықпалы мен іс-әрекетін айқындау;

5) мәдениеттің адам мінез-құлқына, дүниетанымына, әлемдік жүйеге, жеке өміріне, тұлғаның қалыптасуына т.с.с. қалай ықпал ететінін көрсету [4].

«Дипломатия – халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешетін құрал өнері. Дипломатия сондай-ақ, халықаралық қатынастарға үйлесімді ықпал ететін және белгілі дәстүрлер мен ережелерге бағынатын техника мен шеберлік. Дипломатия тілі – бұл екі түрлі ұғымдарды белгілеуде қолданылатын айтылым. Біріншіден, бұл тілде ресми дипломатиялық қатынастар орнатылып, халықаралық шарттар бекітіледі. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы» [5]. Қазіргі таңда ресми дипломатиялық қатынастарды жүргізуде және халықаралық шарттарды бекітуде бірыңғай міндеттелген тіл жоқ, алайда бұрын француз тілі басым

болған. Заман өзгеріп, бірте-бірте тілдердің теңдік қағидасы орнатылды. Тек ерекше жағдайларда сыртқы істер министрлігінің мемлекеттік органдары, әсіресе, дипломатиялық құжаттармен алмасуда, ресми хат алмасуларды өз ұлттық тілдерінде жүргізеді.

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметі мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда басқа да тілдерді пайдаланып жүзеге асырылады» [6]. «Дипломатиялық тілдің» екінші ұғымына келсек, арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы ретінде, жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын (мысалы, «добрые услуги», «третейское разбирательство», «модус вивенди», «статус-кво», «вето» және т.б.), онда осындай терминдердің дипломатиялық құжаттарда саны аса көп емес. Дипломатиялық құжаттар тілі, стилі жөнінде неміс ғалымы **Х.Вильднердің «Дипломатия техникасы»** кітабында елеулі назар аударатын бір-қатар пікірлер айтылған. Ол: *«Дипломатический стиль – должен отличаться прежде всего простотой и ясностью; под этим подразумевается не простота ремесленного способа выражения, а классическая форма простоты, которая умеет выбирать для каждого предмета единственное подходящее при данных обстоятельствах слово»* [5], – дейді. Демек, дипломатиялық стиль ең алдымен, классикалық қарапайымдылығымен және айқындылығымен ерекшеленуі керек екен. Дипломат тіл маманы өкілі ретінде де танылады, дипломаттың кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарды талдап көрсек: *«Ең маңызды қасиеттері – байқампаздық, сенім білдіре алатын және сенімге кіре алатын»*. «Абыройлы сөзімен сенім арта алатын, жүріс-тұрыс стилі белгілі мемлекеттердің қарым-қатынастарының жалпы контурына үйлесімді кіретін дипломат, сенімді дипломат», – деп, белгілі саясаткер және дипломат А.Н.Ковалёв дипломаттың қасиеттерін анықтайды. Дипломатия – бұл халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу өнері. Кардинал Ришельенің саяси мұра ретінде қалдырған «Тұрақты келіссөздердің теориясы» атты еңбегі қазіргі дипломатияның негізін салуға елеулі әсер етті. Халықаралық конференциялар мен келіссөздерге қатысудан басқа, салтанатты іс-шаралар мен ресми қабылдаулардан басқа, сырткөзден толық жасырын болып келетін, дипломаттарға кең ауқымды міндеттер жүктелген. Дипломатия саласындағы ең маңызды орын алатын дипломатиялық жұмыстардың бір түрі дипломатиялық құжаттарды құрастыру, жүргізу болып саналады.

Мемлекеттің сыртқы істер саясатындағы дипломатиялық қызметінің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда дипломатиялық хат алмасулар негізгі нысандарының бірі болып табылады. **Мемлекеттің дипломатиялық қызметінің басқа нысандарының түрі:**

-халықаралық конгресстерге, конференцияларға, отырыстарға қатысуы, яғни әртүрлі деңгейдегі мемлекет өкілдерінің тұрақты кездесулері;

-мемлекетаралық қатынастардың әртүрлі мәселелерін регламенттейтін көпжақты және екіжақты, халықаралық шарттар мен келісімдерді дайындау және бекіту;

-елшіліктер мен миссиялар атқаратын, мемлекеттің шетелдегі тұрақты өкілдігі, келген елдің дипломатиялық ведомствосымен саяси және басқа да келіссөздер жүргізуі;

-халықаралық ұйымдардың, жалпы саяси және аймақтық қызметтерінде мемлекет өкілдерінің қатысуы;

-түрлі сыртқы саяси мәселелер бойынша мем-

лекеттің ұстанымын жария ету, ресми ақпараттардың жарияланымы;

-халықаралық актілерді және құжаттарды ресми жариялау.

Қазіргі таңда дипломатиялық қарым-қатынастардың шекті жасанды және регламенттелген аясы белгілі бір өзгерістерді бастан кешіруде. Дипломаттың қарсыласы жаңарды, оның контрагенттерінің аясы кеңейіп жатыр. Шиеленістерді шешудің амалдары едәуір жетілдірілуде. Дипломатияның тілі де өзгереді. Дәстүрлі дипломатияның тілі өмір сүруде. Дипломаттар ең алдымен, сол тілде әңгімелеседі және жазады. Бұл, ең алдымен, жай пікірталас емес, шешімдер қабылдаудың нақты үдерісі болатын орындарға, БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО сияқты халықаралық ұйымдарға тән. Осындай тіл өңделген, әбден икемделген және көптеген дайын формулалармен жинақталған, дипломаттар бұл формулаларды белгілі бір шешімдерге қол жеткізу үшін қолданады. Дипломатия тілі қазіргі уақытта адамзат тілінің өзге салаларымен өзара әрекетке түсіп отыр. Интернеттің күрт дамуына байланысты, дипломаттар мен саясаткерлердің сөзінде терминдер, мәдениет, әсіресе, кино әлеміндегі соңғы оқиғаларға сілтемелер пайда бола бастады. Дипломатия тіліне спорт терминологиясы да ене бастады. Мысалы, «қосымша уақыт», ағылшын нұсқасында «овертайм» терминін дипломаттар мәжілістің белгілі бір уақытында нақты шешімге қол жеткізе алмаған кезде, өздеріне қолданады.

Дипломаттар – анықтама бойынша, үкімет белгілеген бағытты іс жүзіне асыруға арналған тәртіпті, міндетті адамдар. Ереже бойынша, ненің болатыны, ненің болмайтыны туралы дәл нұсқаулықтар бар. Ымыраға келетін, сондай-ақ мүлдем келмейтін шектері берілген. Бірінші кезекте, атап айтқанда, тұлға, содан кейін ғана дипломат болып саналатын, нұсқаулықты өзінің «мен»-і арқылы іс жүзіне асыратын адамдар ғана барынша тиімділікке қол жеткізеді.

Түптеп келгенде, дипломатия – бұл да саясат, алайда сыртқы саясат. Бұл мемлекеттік қызметшілердің, дипломаттардың, елшілердің, елшіліктер апаратының, консулдықтардың, сондай-ақ сауда, мәдени, туристік қызметтердің іс-әрекеті; саяси ахуал мен шешендік өнер білімін толық меңгеруге құрылған іс-әрекет. Дипломатиялық міндеттерді үкімет мүшелері, ірі ведомстволардың, партиялардың, фирмалардың, білім беру мекемелерінің басшылары да – шетел мемлекеттерімен қарым-қатынас жасайтындардың барлығы да орындайды. Әрине, дипломатияда сөйлеу саласына қатысы аз көптеген талаптар сақталынады. **Біріншіден**, дипломаттың сөзі абыройының жоғары сезімімен ерекшеленеді, өйткені ол өзінің елінің, дәстүрлері мен беделдерінің, көбінесе экономикалық және әскери әлеуеті атынан әрекет етеді. Дипломаттар да өзінің елінің дәстүрлері мен амбициялары атынан әрекет ететін әңгімелесушісіне жоғары құрмет көрсете алады. Дипломаттардың жоғарыда айтылған сөзін ұстанусыз қалаған нәтижеге жету неғайбыл, өзара мүдделер сақталынбайды және келісімдерге қол жеткізілмейді. Табысты байланысқа сондай-ақ белгіленген кәдімгі дәстүрлі этикет пен церемониалды ұстану көмектеседі. **Екіншіден**, дипломаттың сөзі оның жоғары білімділігін, жалпы ғана емес, сонымен бірге бірнеше тілдерді үздік меңгергенін, тарих, мәдениет, география, экономика, әдебиет – әлемдік, әсіресе, келіссөздер жүргізіліп отырған елдің әдебиетін терең білетіндігі бейнеленуі тиіс.

Дипломатия тілінде жалпы әдеби тілдің сөздер мен сөз тіркестерінің кейбір мәндері термин ретінде қолданылады: протокол (халықаралық тілде-судің жалпыға мәлім ережелерінің жиынтығы), им-

мунитет (тұлғаның, дипломаттар тұрғын үйінің қол сұғылмаушылығы), қабылдау (шақырылған тұлғаға өзге тұлғаларды жинау). **Үшіншіден**, дипломат жылдам реакцияларға ие болуы тиіс, емеурінді тануы, бөгденің өткір ойын бағалауы және өзі биязы, өткір ойлы болуы қажет. Тіпті шамалы ғана ағаттығы, дәлсіздігі, сөздерінің қарама-қайшылығы – бұл оның мансабының құрдымға кеткені. Дипломатқа айтушы ғана емес тыңдаушы ролінде де биязы зеректігі қажет: өзімен әңгімелесушінің қас-қабағын бағып отыруы тиіс, емеуріні мен жасырын ойларын шешуі керек [3, 3-7-бб.].

Мәдениетаралық қарым-қатынаста дипломаттар халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын атауларын білгені абзал. Бұл атауларды баламасыз лексика, реалия деп атайды. Баламасыз лексика кез келген тіл мен диалектіде кездеседі. Халықтың мәдени-тұрмыстық ерекшеліктеріне қатысты сөздер басқа тілге енген жағдайда оларды «экзотикалық лексика» деп атайды. Экзотикалық сөздер мен этнографизмдер басқа мәдениетті таныстырып қана қоймайды, сол мәдениеттің символы да болып табылады. Мысалы: спикер, крикет, шиллинг сөздері Англиямен байланысты болса; сакура, гейша, икзбана, сакэ – дәстүрлі жапон мәдениетіне, ал қышпақ, арық, дихан – Орталық Азияға қатысты сөздер қатарына жатады. Реалия – тіл мен мәдениеттің арасындағы байланысты көрсететін күрделі лексика-грамматикалық ұғым. Реалиялар негізінен мақал-мәтел, фразеологизмдер, жеке сөздер, қысқарған сөздер (аббревиатуралар) да болып келеді [8]. **Ғалым А.Алдашеваның зерттеулерінде:** «Баламасыз лексика – көркем шығарманың тақырыбына, мазмұнына байланысты бір халықтың мәдени-тұрмыстық тіршілігіндегі ұғымдар мен түсініктердің, заттардың атаулары; адамдардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар мен діни, саяси көзқарастарға қатысты терминдер, стандартты қалыптар. Бұндай лексикалық единицалар, сөздер мен сөз тіркестері сөздіктерге тіркелмейді, тіркелген жағдайда да суреттеу, жақын-жуық аудару амалымен жүзеге асырылады» [9].

Реалия – белгілі бір халықтың, ұлттың салт-дәстүріне, тұрмысына, тарихына, рухани және материалдық өмір салтына қатысты ұғымдар, этнолексикалық сөздер: ұлттық наным-сенім, дінге, салт-дәстүрге қатысты реалиялар, тұрмыс-салтқа қатысты, киім-кешек, үй жиһаздары, ыдыс-аяқ, тағам, ұлттық мейрам түрлері. Жоғарыда біз дипломат өз елінің тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін біліп және дәріптеу қажет деп атап өттік, Қазақстан Республикасын шетелде таныстыратын болашақ маман ең алдымен өз елінің тілін жақсы білуі қажет. **Қазақ халқының лексикалық ерешеліктерін анықтайтын сөздер:** сәукеле, барымта, ши, өреше, шидем, күпі, өрмек, жайлау, қыстау, тымақ, кимешек, алаша, сырмақ, астау, кебеже, келі. **Сондай-ақ қазақтың ұлттық тағам атаулары:** құрт, ірімшік, бауырсақ, қазы, қымыз, шұбат және т.б. Өзге тілдерде бұл сөздердің баламасы жоқ. Жоғарыда атап өтілген атауларды жеке-жеке түсіндіріп өтсек:

Сәукеле – қазақ қыздары ұзату тойында киетін, оқалаған сәнді, әшекейлі баскиім;

Барымта – жауласқан екі рудың бір-бірінің мал-мүліктерін іштен тартып алып, кек қайтаруы;

Ши – 1) түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке қамыс тектес өсімдік; 2) шиден тоқылған бұйым. Түрлі-түсті жіппен тоқылған ши;

Өреше – киіз үйдің босаға жағында шимен қоршалған ас-су, қазан-аяқ тұратын бұрыш, орын;

Шидем – жүннен тоқылған жылы сыртқы киім;

Күпі – ішіне жабағы салып, сыртын матамен тыстап

тіккен қыстық жылы сыртқы киім;

Өрмек – алаша, шекпен тоқу үшін қазыққа керіліп, желісі жерге реттеліп тартылған тоқыма құралы;

Сырмақ – түрлі-түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған әшекейлі ұлттық үй жиһазы;

Астау – 1) ас салатын ағаштан ойып жасалған үлкен кең ыдыс; 2) малға жем салып, су беретін науа;

Кебеже – тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасайтын ағаш сандық;

Келі – дәнді-дақылдарды түйіп ұнтақтау үшін қуыстап жасаған ағаш құрал [10]. Реалиялардың тағы бір ерекшелігі оның белгілі бір халықпен, мемлекетпен, әлеуметтік топпен, белгілі бір уақыт кезеңімен байланыстылығында. Осыған байланысты зерттеушілер оны заттық, кезеңдік және жергілікті деп бөледі.

Қорытынды. Болашақ дипломатқа өз елінің мүдделерін қорғауда ұстанымдарының мықтылығы қажет. Дипломат өз елінің тарихын, тілін, дәстүрлерін және мәдениетін таныта білумен қатар, дәріптей, насихаттай білуі қажет. Сондай-ақ өркениетаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың кәсіби жолсерігі болып, басқа елдердің салт-дәстүрлерін, ұлттық ерекшеліктерін құрметтейтін жан-жақты тұлға болуы тиіс.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы дипломатического языка и межкультурной коммуникации. Анализируются и подробно даны характеристики понятиям: язык, межкультурная коммуникация, дипломатия, дипломат и национально-культурная лексика.

Ключевые слова: дипломатия, язык, дипломат, культура, коммуникация, нация.

This article addresses issues of diplomatic language and intercultural communication. Characteristics of the concepts are analyzed and given in detail: language, intercultural communication, diplomacy, diplomat, and national-cultural vocabulary.

Keywords: diplomacy, language, diplomat, culture, communication, nation.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Вербич Н.А.** Английский язык и межкультурная коммуникация // Молодой ученый. – 2016. – №23. – С. 581-584. – URL <https://moluch.ru/archive/127/34958/> 20.03.2019.

2. <https://infourok.ru/mdenietaral-arimatinas-trli-mdeniet-kilderi-arasindai-tildik-atinas-rali-2751382.html> 08.12.2019.

3. **Берібаева С.Б.** «Дипломаттың іскери сөйлеу мәдениеті». Алматы: «Қазақ Университеті». 2014.

4. **Тер-Минасова С.Г.** «Язык и межкультурная коммуникация». Москва, 2000.

5. **Баландина Л.А., Кураченко Г.Ф.** «Язык дипломатии: традиции и современность». // <http://www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/langdiplommat.html> // [15.11.2011].

6. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11. // <http://www.kaznu.kz/kz1969/> [21.11.2008].

7. **Попов В.И.** «Умение владеть дипломатическим языком» http://radiokiller.blogspot.com/2011/05/blog-post_11.html [11.05.2011].

8. **Ақбұзауова Б.** «Кәсіби қазақ тілі». Алматы: «Қазақ университеті», 2011.

9. **Алдашева А.** Аударматану. –Алматы. 2006. 207 бет.

10. **Жанұзақов Т.** «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. –968.

11. **Джон Вуд и Жан Серре.** Дипломатический церемониал и протокол. Москва: «Прогресс», 1976. – 446 с.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ЕРЕН ЕҢБЕКТЕРІ (Балық шаруашылығы бойынша)

Болат НЫҒМЕТОВ,
С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының шыққанына міне, екі жылдың жүзі болып қалыпты. Осы мақалада Елбасы: «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деп атап өткен. Осы негізде еліміздің балық өнеркәсібінің дамуына сүбелі үлес қосқан ана-апаларымыздың еңбектері жөнінде сөз қозғайық.

Қазақ мемлекеті дүние жүзіне мәшһүр болғалы көп уақыт өткен жоқ. Қазақ Елінің өткені мен бүгіні, келешегі жөніндегі зерттеулерге, тарихына деген қызығушылық үнемі артуда. Әсіресе, елдің өсіп-өркендеуіне өздерінің сүбелі үлесін қосқан қазақ әйелдерінің орны мен рөлін айқындау күн тәртібінен түспейді. Қазақстан мемлекетінің экономикалық, әлеуметтік әл-ауқатының өсуіне қазақ азаматшаларының қосқан үлесі шексіз. «Ұлы даланың арулары» санатына сонау Кеңестік дәуірдің қиыншылықтарын басынан өткізген, сұрапыл заманда өнеркәсіп, ауыл, балық шаруашылығында еңбек етіп, қиындықтарына төтеп берген аяулы жандар қаншама десеңізші. Сондықтан, Қазақ балық шаруашылығындағы ана-апаларымыздың ерен еңбегі жөнінде сөз қозғауымыз орынды сияқты.

Кеңестер Одағы Жайық-Каспий бассейнінде балық өнеркәсібін қайта құруды өркендету ісінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1931 жылғы 29 қыркүйектегі «Ет және балық-құты өнеркәсібін дамыту туралы» қаулысының маңызы зор болды [1, 29-бет]. Гурьев (Атырау) облысының балық өнеркәсібін дамытуды өкімет орындары үнемі назарында ұстап, мемлекет қорларынан балық зауыттарын салуға қаражат бөлінді. Соның нәтижесінде, соғысқа дейінгі бесжылдықтарда Гурьев балық комбинаты 1933 жылдың 6 қарашасында, Каспий теңізі жағалауындағы Форт-Шевченкода Баутино балық комбинатының құрылысы басталып, 1941 жылы іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Осы кезеңде Гурьев облысының Теңіз ауданында Шортанбай балық комбинаты, 8 жүзбелі зауыттар мен балық мұздатқыш базалары салынды [2, 38-бет]. 1935 жылдың қазан айында Қазақстан тамақ өнеркәсібі екпінділерінің слеті болып, оған Гурьев балық-құты комбинатынан 12 еңбек екпінділері қатысты. Комбинат ұжымы қол жеткен жетістіктері үшін алғашқы жүлдеге – Қазақ КСР-нің ауыспалы Қызыл Туы иеленді. Оны уылдырық жасау шебері Ж.Сарбөпиев пен жұмысшы Қадиша Қабдолова қабылдап алды. Бұл еңбеккерлердің қажырлы еңбегінің нәтижесі еді. 1935 жылғы жоспар бойынша 6 млн 500 шартты құтының орнына, 10 млн 136 мыңға

жеткізіп, жоспарды 169,4 пайызға орындады [3, 5-п.]. Мемлекеттік жоспарды орындауда әйелдердің рөлі зор болды. 1938 жылдың өзінде комбинатта 600 қыз-келіншек еңбек еткен, олардың 133-і стахановшы еді. Комбинат ұжымы өз ісінің майталман шеберлерін, ісіне шын берілген жұмысшылар мен қызметкерлерді тәрбиелеп шығарды. Олардың қатарында сол кезеңде Қ.Қабдолова, З.Масабаева, Құбиева, Қадырова және тағы басқалары болды. Озат балықшылар, өздерінің еңбектегі істерімен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Жергілікті еңбекшілер Кеңестеріне депутаттыққа кандидаттар ретінде ұсынылды.

Ал, 1938 жылы 24 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне алғаш рет сайлау өтті. Оған Атырау өңірінен балық-құты комбинаты жұмысшылары атынан стахановшы-жұмысшы Қадиша Қабдолова Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Қадиша апамыз 1914 жылы жұмысшы жанұясында дүниеге келіп, 1931 жылдан балық кәсіпшілігінде жұмыс жасайды. 1934 жылдан балық-құты комбинатында балық өңдеуші болып жұмысқа орналасты. Ол күнделікті жұмыс нормасын 115 пайызға орындады. Кейін Гурьев Облыстық Кеңесінің атқару комитетінің төрағасының орынбасары және басқа да жауапты жұмыстарда болды [4, 27-б.]. Атырау балық-құты комбинатының өсіп-өркендеуіне әйелдердің орны ерекше, өнеркәсіптің дамуына өзіндік қолтаңба қалдырған А.Байжігітова, Қ.Шәріпова, Ж.Өмірзақова есімдерін атасақ, Л.Карнаухова, Т.Жигулевцева есімдері қатар аталады. Сол сияқты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты К.Разуанова мен Қазақстан Компартиясы съезінің делегаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, цехтық партия ұйымының хатшысы Т.П.Юдинаның есімі қатар ойға оралады. Міне, жоғарыда аталған әйел азаматтарының кейбіреулерінің еліміздің өндірісіне тигізген оң істері мен атқарған қызметтер жөнінде ойымызды ортаға салайық. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің XX ғасыр (1917-1990 жж.) тарих залында Социалистік Еңбек Ерлері экспозициясы жасақталған. Солардың қатарында өлкемізден шыққан Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері Айнаш Байжігітованың да еңбек жолы көрсетілген. Ол 1914 жылы бұрынғы Бақсай (қазіргі Махамбет) ауданының Редут селосында туған. Әкесі Рысбеков Байжігіт өмір бойы балықшылықпен күн өткізіп, 1922 жылы дүние салады. Тұрмыс қиыншылығының барлығы анасы Жанғанымға түседі [5, 16-п.]. Айнаш Байжігітова еңбек жолын 16 жасынан «Камынин» балық өндірісінде қосалқы жұмыстан бастады. Бұл кезде қазақ қыздары еңбекке сирек араласатын. Оның үстіне қыз балалардың балық өндірістерінде

жұмыс істеуіне ата-аналары рұқсат етпейді. 1935 жылы комбинатқа балық өңдеуші болып жұмысқа ауысып, ілкіде екпінді, кейін стахановшы болды. 1938 жылы «КСРО балық өндірісінің үздігі» атағын жеңіп алды. Балық-құты комбинатында 25 жыл жұмыс жасап, үнемі жоспарды артық орындап тұрғаны үшін оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Сонымен қатар «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендері, бірнеше медальдар, грамоталармен марапатталып, «Қазақ Республикасына еңбек сіңірген қызметкері» атанды [6,165-б.].

Сол жылдары,Қадиша Шәріпованың да есімі республикаға кеңінен танымал еді. Апамыз 1938 жылдың 8 наурызында Атырау облысы Құрманғазы ауданы, Бодахан ауылы, Приморск селосында дүниеге келген. Білімі орташа, 1975 жылы Гурьев теңіз өнеркәсібі техникумын «техник-технолог» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1955 жылы Гурьев балық комбинатында балық өңдеуші қызметінен бастаған, сол мекемеден 1994 жылы зейнеткерлікке шығуына байланысты, жұмыстан босаған. Өз жұмысын мүлтіксіз орындап, көрсеткен жетістіктері үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанып, Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне, аудандық кеңеске депутат, КСРО кәсіподақтарының XV съезіне делегат, республикалық кәсіподақ Кеңесіне мүше, облыстық, аудандық партия комитеттеріне бюро мүшесіне сайланған [7,2-п.]. Ендігі кейіпкерлеріміздің қызметтері де, өмірлері де тағдырлас сол дәуірдің белгілі қаһармандары еді.

Байдуллина Аққаным 1944 жылдың қаңтардың 8-інде Новобогат (қ. Исатай) ауданы, Манаш ауылына қарасты Сазды мекенінде дүниеге келген. «Әкесі Исаев Байдолла 1900 жылы туған, анасы Исаева Қамқа 1906 жылы туған, қарапайым ауыл еңбеккерлері болған» деп өз қолымен жазды [8,3-п.]. 1960 жылы 28 маусымда Гурьев балық-құты комбинатына жұмысшы болып орналасты. 1967 жылы жетінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. 1969 жылы Гурьев педагогикалық институтына түсіп, 1975 жылы аяқтаған. 1974 жылы «Құрмет белгісі» ордені және көптеген медальдармен марапатталған. Сол сияқты Тәжекенова Балажан 1945 жылдың 1 шілдесінде Атырау қаласында туған. Еңбек жолын 1963 жылы Гурьев балық-құты комбинатында ыдыс-жәшік цехында бастаған, 1965 жылдан балық өңдеу цехында балық кесуші болып жұмыс атқарған. Еңбектегі қажырлы еңбегі мен табыстары үшін «Құрмет Белгісі» ордені мен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, X шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне (1975 ж.) депутат болып сайланған [9,1-п.].

Мінекей, Кеңестік дәуірде ең қиын да жауапты қызметтерде біздің апа-аналарымыз абыройлы қызмет атқара білген. Бірақ та, айта кетерлік жәйт, Кеңес басшылығы да қарапайым қызметкерлерге деген оң көзқараста болғандығын жасыра алмаймыз. Кеңестік дәуірде болған қиындықтарға қарамастан қазақ әйелдері тұрмыстың ауыртпалығын көтере білді. Сонымен қатар түрлі өндіріс, шаруашылық салаларында еңбек ете жүре үлкен табыстарға жеткен. Міне, осындай әйел азаматшалары өздерінің еңбегінің арқасында елдігімізді түзеп, әлемдік бәсекелестікке бейімделген, елге қызмет ететін, тіпті басқара да алатын талантты, табанды ұрпақ екендігін паш етті. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа ұрпақтарына үлгі болатындай қызметтер атқарып, болашағымыздың жарқындығына жетелей білді. Осы тұста, Атырау қаласында өндірістің барлық салаларында қызмет атқарған ана-апаларымыздың құрметіне бір аллея немесе саябақ жасақталып, оған барша мекемелер, бай-қуатты бизнесмендер өздерінің үлестерін қосса нағыз патриоттық іс болар еді. Сонда ғана Елбасының «Туған жер» бағдарламасының нақты орындалу көрінісі ретінде отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы и роль женщин в развитии рыбной промышленности в Советский период. Их колоссальный труд для блага всего народного хозяйства. Значимость труда женщин для становления рыбной отрасли.

This article discusses the issues and the role of women in the development of the fishing industry in the Soviet period. Their colossal work for the good of the entire national economy. The importance of women's labor in the development of the fishing industry.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бакиев Ж.Б. Социалистическое преобразование рыбного хозяйства Казахстана (1917-1937 гг.) // Автореферат диссертаций к.и.н. – Алматы, 1972. – 33 с.
- 2.Народное хозяйство Казахстана. – 1937. - № 1-2. – 119 с.
- 3.АОММ. 3-қор, 1-тізбе, 374-іс.
- 4.Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991 жж.) /Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018 ж. -бет.
- 5.АОММ. 346-қор, 1-тізбе, 11-іс.
- 6.Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991 жж.) /Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018 ж. 224 б.
- 7.АОММ. 193-қор, 4-тізбе, 17,18-іс.
- 8.АОММ. 193-қор, 4-тізбе, 1-іс.
- 9.АОММ. 193-қор, 4-тізбе, 14-іс.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

КЕҢЕСТІК ОСТАРБАЙТЕРЛЕР ТАҒДЫРЫ

(Соғыс кезінде Германияға айдалған әйелдер мысалында)*

Роза ЖАРҚЫНБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
профессоры, тарих ғылымдарының докторы,
Ақжамал ОРАЗБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты

Кіріспе. Неміс басқыншыларының Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы ең ауыр қылмыстарының бірі – окупацияланған аймақтар тұрғындарын күштеп қара жұмысқа жегуі және олардың жұмысқа жарамдыларын Германияға құлдыққа айдап әкетуі. Ондағы басты мақсат – оларды Германияның экономикалық қажеттіліктері үшін қара жұмысқа жегу ғана емес, адам төзгісіз жағдайда ең ауыр жұмыстарға пайдалану арқылы халықтың көзін жою. Германияның бұл саясатынан, әрине, әйел қауымы да тыс қалған жоқ. Олар негізінен немістердің үйлерінде, шаруашылығында күн ретінде пайдаланылды.

Ғылымда 1942-1944 жылдары тегін немесе арзан еңбек көзі ретінде пайдалануға Шығыс Еуропадан айдалған адамдарды Үшінші Рейх қабылдаған «Шығыс жұмысшысы» немесе «Остарбайтер» (нем. *Ostarbeiter* – Шығыстан алынған жұмысшы) ұғымымен атау орын алған. Өртүрлі деректерде көп кездесетіндіктен термин бүгінгі күнде де өзінің ғылыми, әлеуметтік-тарихи өзектілігін жоғалтпаған. Осы мәселеге қатысты зерттеулермен таныса отырып, бұл категорияға бұрынғы кеңестік аймақтар жұмысшылары жатқызылғандығын, олар әр киімге кеуде тұсына көрінетін жерге тігілетін «OST» деген белгі тағып жүруге міндетті болғандығын және «Шығыс жұмысшыларының» ұлты маңызды болмағандығын біле аламыз. Сонымен қатар, бұл ұғым кеңестік азаматтардың демографиялық және кәсіби топтарына ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте белсенді пайдаланылған кеңес тұтқындарына да тән болғандығына көз жеткіземіз [1]. Олардың еңбектерін пайдалануды реттеп тұру мақсатында рейх тарапынан арнайы директивалар шығып отырған. Мысалы, 1942 жылы 1 қазанда бекітілген «*Памятка об обращении с гражданами иностранными рабочими в Германии*» деген құжатта олардың құқықтары мен бірқатар мәселедегі шектеулер бекітілген. Директиваға сәйкес, остарбайтерлердің, екі айда бір рет хат жазуға немесе есімхат жіберуге құқы болса, шіркеуге баруға, жұмыс беруші ескертпей шаруашылықтан шығып кетуге, өртүрлі қарым-қатынастарға түсуге тиым салынған [2].

Отандық та, шетелдік те тарихнамада бұл мәселе енді назар аудартып отырған мәселелердің бірі. Ал, осы бағыттағы әйелдердің тағдыры тіптен де қарастырылмаған. Қолжетімді еңбектер негізінен соғыс барысына, соғыстағы әскери адамдар тағдыры мен тылдағылардың ерліктері мен қиыншылықтарын талдауға бағытталғандықтан, аталған мәселеге қатысты, әйел, еркек деп бөлмей, тек жалпы сандық мәліметтер ғана алуға болады. Олардың қатарында Н.Вахсманның Германиядағы концлагерьлердегі тұтқындарды еңбекке пайдалану туралы еңбегін жат-

қызуға болады [3].

Сонымен бірге, остарбайтерлер тағдыры туралы бірқатар зерттеулер қолға алынып, әзірге тек мақала деңгейінде көпшілікке танытып жүрген авторлар қатарын атап өтуге болады. Мысалы, Н.А.Гаража (Гаража 2015; 2016) өз зерттеулерінде Отан қорғау соғысы жылдарындағы кеңестік балалар мен жасөспірімдерді күштеп еңбекке жұмылдыру мәселесін, сонымен бірге остарбайтерлердің хаттары негізіндегі жалпы еңбек арқылы жазалау аспектілерін қарастырып жүр. Ал, К.Н.Максимов соғыс жылдары құлдыққа айдалып кеткен кеңестік азаматтардың репатриациялануы айналасында зерттеулерді қолға алған [4].

Ал, деректік база ретінде негізінен Ресей мұрағаттары қорларында сақталған тегін еңбекке жегілген әйелдердің өздерінің жағдайлары туралы жазған хаттары алынып, талданып отыр. Күштеп жұмыс істету құрбандарының материалдары өмір сүрудің өртүрлі саласындағы: өнеркәсіпте, ауыл мен үй шаруашылығындағы, шіркеулік қауымдастықтардағы немістермен арадағы қарым-қатынас деңгейлерін – жұмыс берушілер мен қарапайым жұмысшы, билік өкілдері арасындағы ерекшеліктерді бақылауға мүмкіндік береді. Бұл ретте остарбайтерлер хаттары автордың субъективті пікіріне негізделетіндігін де есте шығармаған дұрыс. Соған қарамастан, бұл құжаттар кеңестік адамдардың бостандығы жоқ кездегі өмір сүру деңгейін, олардың сезімдерін, алаңдауларын, тірі қалу және этникалық, әлеуметтік тұрғыдан жойылып кетпеуі жолындағы күресін, стратегиясын талдауға мүмкіндік береді.

Мәселенің ресми, ғылыми, күнделікті өмір дискурсындағы ұғымдық аспектілері.

Германияның Кеңес Одағына қарсы соғысының сипаты тек жаулап алуға бағытталмағанын тарихнамалық еңбектерден көруге болады. Неміс тарихшысы Себастиан Хаффнер Гитлердің отарлау соғысын ерекше қатыгездікпен жүргізуді көздегендігі туралы айтады. Ол: «*Разгром русских вооруженных сил был лишь первым актом, за которым должна была последовать тотальная оккупация этой огромной страны, полная ликвидация государственной власти Советского Союза, истребление звена руководящих кадров и интеллигенции, создание подвижного германского колониального аппарата и, наконец, порабощение 170 миллионного населения*», – деп сипаттайды [5]. Сол себепті де, неміс басқыншылары тарапынан жоспарланған «Барбаросса» стратегиялық жоспарының Кеңес одағын басып алу, эксплуатациялау бағытында өртүрлі нұсқаулармен, бұйрықтармен толықтырылып тұрғандығы туралы айтылады. Ондай құжаттар қатарына жататын Герингтің «Жасыл папкасында» КСРО оккупацияланған аймақтарының табиғи, адами, материалдық, шаруашылық ресурстарын тонау мен пайдалану бағытындағы ұйымдастырушылық нұсқаулар жинақталған. Онда: «*Жұмыс күшін пайдалану,*

*«Майдан/тыл: Қазақстан мен Ресей тарихындағы Екінші дүниежүзілік / Ұлы Отан соғысының гендерлік аспектілері» жоба аясында дайындалған.

тұрғындарды тарту» деп аталатын арнайы тарау болған [4, 69-б.]. Бұл соғыстағы экономикалық мақсат – кеңестік аймақты аграрлы-шикізаттық база, арзан жұмыс көзі ретінде пайдалану болғандығын неміс тарихшысы Н.Мюллер де жоққа шығармайды [6].

Немістер Кеңес Одағының жұмыс күшін пайдалануды жоспарлауда, **біріншіден**, бейбіт тұрғындарды күштеу арқылы оккупацияланған территорияларда герман әскерінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін пайдалануды, **екіншіден**, жұмыс күші жұтап тұрған экономикасына, шаруашылығы мен өндірісіне пайдалану мақсатында Германияға алып кетуді көздеді. Бірінші жағдайда қара жұмысқа тартылғандар, әскери-инженерлік құрылыстарды жөндеу, салумен қатар, неміс әскерлерінің тұрмыс жағдайын реттеуге, азық-түлікпен қамтамасыз етуге міндетті болса, екінші жағдайда, Германия экономикасына пайдалану көзделді.

Құжаттарға сүйенсек, неміс оккупанттары жұмысқа жарамды жастарды алдау арқылы «еріктілік» негізде жұмылдыруға тырысқанын көруге болады. Фашистік үгіт-насихатшылар, жергілікті тұрғындарды «*Жаңа Еуропа құрылысына қатысуға және соғыстың тез аяқталуына себепкер*» болуға шақыра отырып, оларға жоғары жалақы, осы жерде қалған отбасыларына материалдық көмек, өздеріне мамандық алуға және еуропалық мәдениетпен танысуға мүмкіндік туралы жалған уәделер берген [7].

Оған Тамара Павленко жазған мына бір құжат дәлел: «... Бұл былтыр жазда болды. Қала бойынша «еңбек биржасына келіңдер» деген повестка таратылды. Комиссия өттік. Мен басында бұның бәрі не үшін екенін білмедім, білсем қашып кетер едім. Кейін тексеріп болып қана Германияға деп айтты. Қашуға кеш болды: эшалонға салып алып кетті. Тек Варшавада ғана бірінші рет тамақ берді, тамақ деп айтуға келсе.... Кейбіреулері уланып қалды... шеңберге тұрғызып қояды. Кейін помещиктер келеді. Таяқтарымен көрсетіп, таңдап алып жатады. ...мен шыдамай сіңіліммен бірге қаштым. Қашу қауіпті болды. ... мұндай қорлықтан гөрі өлім. Пара беріп, құжаттарымызды алдық, сөйтіп бірде жаяу бірде поездбен Курскіге жеттік», – дейді [8]. Құжаттан көргеніміздей қара жұмысқа алынып жатқандар шын мәнінде не үшін, қайда баратындарын да білмеген.

Ал, қашуға, қайтып келуге мүмкіндігі болмаған қаншама қыздар қиын күндерді бастарынан көшірген. Германияның Притцвальн аймағына түскен Омельченко Лиза Славянск қаласындағы Сердюк Александраға жазған хатында: «Біз басында бір жарым ай Мольницет селосында трактордың артынан картоп жинап жұмыс істедік, кейін бізді фабрикаға алып кетті. Бұл жерде 24 адам украин қыздары және 16 орыс қызы жұмыс істейміз. Әр күні тәулігіне 300 гр. ғана аламыз», – деп, өз халдерінің ауыр екендігі туралы жазады [8, 16-п.].

Соня есімді қыздың Курскідегі анасы Н.А.Игуменоваға «Фашистік тұтқында жастығымыз өтіп жатыр» деп бастап жазған хатында: «...25 мамырда мені ата-анамның үйінен жырақтатып, Германияға аттандырды. Қазір Бланкенбург қаласындамын. Помещикте менен басқа Курскіден 13 орыс қыз жұмыс істейді. Біздің лагерде барлығы 33 адамбыз – 14 орыс, 5 поляк, 5 украиндық, 9 француз және бәрімізде неміске жұмыс істейміз.

... Жұмыс күніміз таң атқаннан түн қарайғанға дейін. Жұмыс өте ауыр, ал беретін тамағы өте нашар: түске кішкентай ғана сорпа, басқа ештеңе. Нан аз беретіндігі сонша жесеңде, қарап

отырсаң да бәрібір» [8, 23-п.], – деп ауыр тағдырын сипаттайды. Қыздар орындаған жұмыстар әртүрлі болған. Мысалы, «*Мен енді бір қожайынға жұмыс істеймін. Оның 8 сиыры, 3 шошқасы, 30 тауығы бар. Бірақ оларды жайылымға жібермейді. Бәріне шөп әкеліп беру керек. Күніне үш мезгіл шөп шабамын. Шошқаларды да күніне үш рет тамақтандыру керек. Ал балапандармен жұмыс одан да көп. Сиыр мен шошқаның артын да күніне үш рет тазалаймын. Таңғы бестен тұрып, от жағамын, қожайындарға тамақ дайындаймын, одан кейін егістікке жұмысқа кетемін. Анашым, жуатын ыдыстың өзі қандай көп. Сенбі болса еден жуу керек. Қожайында бес бөлме, үлкен коридор бар*» [9], – деп Ани деген қыз өзінің басына түскен ауыртпашылықпен бөліседі. Бұл хаттарда көріп отырғанымыздай, әйел адамдар тағдыр тауқыметін, ерлерден кем тартпаған. Әйелдікі, ердікі деп бөлмей, ең ауыр қара жұмыстарға жегілген. Нәтижесінде соған лайық қарындарын да тойдыра алмаған. Ауыр жұмыстарды мойымай атқарып, амалсыз бағынып, азат болар күнді армандаған осы мазмұндағы хаттар өте көп.

Құжаттарға сүйенсек, азат етілгендерге елге оралғаннан кейін де жергілікті жерлерде де дұрыс қамқорлық көрсетілмеген. Керісінше, қорлық, зомбылық көрсетіп, тағдырларын одан ары ауырлатқан. Мысалы, Бірінші украин майданының комсомолмен жұмыс бойынша саяси басқарма орынбасары Цыганковтың мәлімдемесінде осындай келеңсіздіктер туралы былай дейді: «*Бунцлау қаласының комендатурасы қарамағында 100-ден астам әйелдер мен қыздар бар. Олар комендатурадан алшақтау жерге бөлек орналастырылған, бірақ қажетті күзет ұйымдастырылмаған. Нәтижесінде жатақханада тұратын әйелдерді түнгі уақытта басып кіріп, жекелеген әскерилер тарапынан қорлау, келемеждеу, тіпті зорлау фактілері орын алған*» [10]. Осындай бассыздықтар туралы тағы да көптеген фактілер келтіруге болады. Мысалы, Ақпанның 23-інен 24-іне қараған түнде кіші лейтенанттардың майдандық курсының офицерлер мен курсанттар тобынан 35 адам мас күйінде Груттанберг фольваркіне басып кіріп, сол жердегі қыздар мен әйелдерге әлімжеттілік жасап, зорлық көрсеткен.

Ал, ақпанның 14-інен 15-іне қараған түнде «... *аға лейтант бастаған (аты-жөні анықталмаған) штраф рота мал бағушылар фольваркін қоршауға алып, пулеметтерін шығарып, жатақхана күзетінде тұрған қызыл армия жауынгерін атқан. Одан кейін азат етілген кеңес әйелдері мен қыздарын топтық зорлау басталған. Тек қана таңертең топ ұсталып, тұтқындалған*» [10, 287].

Әйелдерге деген озбырлық офицерлер тарапынан да орын алған. «26 ақпанда 3 офицер нан жинау пункті (пункт басшысы майор Соловьев) жанындағы жатақханаға басып кірген, ұсталғаннан кейін олардың майор шеніндегі біреуі: «*Мен майданнан келдім, маған қыз керек*», – деген». Бұлардың барлығы комсомол ұйымдары жетекшілерінің мәлімдемелерінде көрініс тапқан [10, 287].

Жекелеген тұлғаларға келсек, **1926 туылған Ланцова Вера деген азаматша**, бірінші реталғы шептегі бөлімшеден өткенде, екінші рет 14 ақпанда белгісіз офицермен зорланған. Ал, 15 – 22 ақпан аралығында лейтенант Исаев А.А. ұрып-соғып, атып тастаймын деп қорқытып, бірге тұруға мәжбүрлеген [10, 285-287]. Бірқатар офицерлер, сержанттар және қатардағы жауынгерлер: «*Сендерді Кеңес өкіметіне кіргізбеу туралы бұйрық бар, ал кіргізілсәңдер солтүстікте*

тұратын боласыңдар», – деп қорқытқан.

Мария Шаповал деген азаматша: «Мен күні-түні Қызыл әскер келіп құтқаруын күттім. Ал, қазір жауынгерлер бізге немістерден жаман қарым-қатынас көрсетуде. Мен өмір сүріп жүргеніме қуанышты емеспін», – десе, **Клавдия Малащенко деген азаматша:** «Немістерде өмір сүру бізге қиын болды. ... Бірақ қазір де қуанышты емеспіз. Бұл қандай азат ету, бізге осындай қорлық көрсетіп жатқанда» [10, 286], – деп жазып, өз наразылығын білдіріпті. Алайда Буцлау коменданты майор Кравченко да, оның орынбасары майор Рудаков та мұндай басыздықтардың алдын алуға ешқандай шара қолданбапты.

Жапа шеккен қыздардың өздерінің айтқандарына тоқталсақ, 1926 жылы туылған Ева Штуль былай дейді: «Менің әкем, екі ағам Қызыл Армия қатарына соғыстың басында кеткен. Немістер келгеннен көп ұзамай, мен күшпен ұсталып, Германияға аттандырылдым. Онда заводта жұмыс істедім, азат болар жарық күнді армандадым. Нәтижесінде қызыл Армия келіп, соның жауынгерлері менің қыздық арымды қорлады. Мен жылап, старшинаға әкем мен ағамның да соғысып жүргенін айтсам да, олар мені ұрып, зорлады, одан да мені атып тастағаны жақсы еді». Осындай қорлықтан кейінгі азат етілген қыз-келіншектерде: «өздерін қорламай, зорламай, кеңес адамы ретінде қараса екен», – деген арман болды. Осылайша немістер қыспағында болып, азап шеккен арулар өз жерлестері мен қандастарынан да көп қиындықтар шекті [10, 288].

Қорытынды. Қысқасы, 1941-1945 жылдары Германия жерінде еріксіз жұмысқа жегілгендер мен тегін қара жұмыс көзі болған тұтқындар тағдырын бір қырынан зерттеу мәселенің қаншалықты өзекті екендігін көрсетіп берді. Алдағы уақытта зерттеу объектісіне айналатын мәселенің бірі – осы бағыттағы адам шығындары. Еңбекпен қанауға 5 млн.-ға жуық кеңес азаматтары шығарылған. Олардың еңбегін пайдалану күштеу арқылы, тегін, азаматтық құқықтары мен еркіндіктерін шектеу арқылы жүзеге асқандығын көреміз. Кейбір мәліметтер бойынша еңбекке жегілгендердің үштен бір бөлігі Германия өндіріс орындарындағы, рудалы аймақтарындағы, фабрикаларындағы ауыр жұмыстан қаза тапқан.

Нюрнберг процесі материалдары бойынша, Германия өнеркәсібі мен жекелеген шаруашылықтарда соғыс кезінде 10 млн-ға жуық еріксіз жұмысшылар (окупацияланған территориялардан еріксіз алынғандар мен тұтқындар есебінен – авт.) еңбегі пайдаланылған [11]. Басқа бір мәліметтер бойынша 13 500 мың шетелдік жұмысшылар мен лагерьлер тұтқындары жұмысқа жегілген, олардың 80-90% еріксіздер болған. Олардың 8 млн 400 мыңы – азаматтық жұмысшылар, 4 млн 600 мыңы – әскери тұтқын және 1 млн 700 мыңы – концлагерлер тұтқындары мен «еврей-жұмысшылар» [12]. Келесі, ой түйгеніміз, әрине, соғысқа тартылған бүтін бір халықтар мен ұрпақтар тағдыры сан қилы ауыр қалыптасты, ауыртпашылықтарға, сынақтарға, қайғыға толы болғаны сөзсіз. Әскери тұтқындар мен жұмысқа жегілгендерге қатысты әділетсіздіктер мен қатыгездіктер қарсыластар жағынан ғана емес, Кеңес одағы тарапынан да айқын сипат алғанына тарих куә. Бұл ретте тоталитарлық бюрократиялық билік, сол негізде қалыптасқан қоғам мен билік арасындағы қиыншылықтар мен асыра сілтеулер өз нәтижесін көрсетті.

Көріп отырғанымыздай, соғыс тақырыбының,

оның ішіндегі гендерлік аспектінің ашылмаған, зерттелмеген, әлі де терең зерттеуді қажет ететін жақтары өте көп.

РЕЗЮМЕ

Цель настоящей статьи – анализ проблем завоевательной, оккупационной политики Германии и бесплатного использования труда советских труженников и пленных в годы Великой отечественной войны. В связи с этим ввести в научный оборот таких новых источников, как воспоминания и письма самих рабочих и пленных, которых в качестве рабов использовали немцы. Особенность статьи – рассмотрение данной проблемы на основе материалов женщин.

Методологическую основу исследования составляют методы исторического познания, объективизм основанные на принципах историзма и конечно же кампаративный анализ первоисточников раскрывающих жестокость использования рабсилы немцами.

The purpose of this article is to analyze the problems of the aggressive, occupational policies of Germany and the free use of labor of Soviet workers and prisoners during the years of World War II. In this regard, to introduce into scientific circulation such new sources as memoirs and letters of the workers and prisoners themselves, whom the Germans used as slaves. The peculiarity of the article is the consideration of this problem based on the materials of women.

The methodological basis of the study is the methods of historical knowledge, objectivity based on the principles of historicism and, of course, a comparative analysis of the primary sources revealing the cruelty of the use of slave labor by the Germans.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Гаража Н.А.** Понятийные измерение контекста трудоустройства советских граждан в экономике нацистской Германии в годы Великой Отечественной войны // Вестник РУДН. Серия: История России. №4, 2017. С 656-669. С. 661.
2. Преступные цели-преступные средства: Документы об оккупационной политике фашистской Германии на территории СССР (1941-1944 гг.). – М.: Экономика, 1985. – С. 194-195.
3. **Вахман Н.** История нацистских концлагерей/Пер.с англ. А.А.Уткина. М.: Центрполиграф, 2017. – 783 С.
4. **Максимов К.Н.** Репатриация советских граждан, угнанных фашистами в рабство в годы Великой Отечественной войны // Вестник КИГИ РАН. 2018. - №2 (36). – 68-79 С.
5. Вторая мировая война: Взгляд из Германии. Сб ст. М.: Яуза, Эксмо, 2005. 416 с.
6. Мюллер 2010: 55-56. Мюллер Норберт Вермахт и оккупация/ М.: Вече, 2010. 368 с.
7. ГАРФ, ф. Р-7021, оп.148, д.198, л.21.
8. Предложение отдела по усилению работы среди женской молодежи: копии писем и советских девушек, отправленных в Германию // РГАСПИ, фонд М-1, опись 32, дело 174. – 43 листов. Л.26.
9. РГАСПИ, ф. М-1, оп. 32. Д.182. л.4-26.
10. РГАСПИ, ф. М-1. Оп.4а. д.79. л.98-102/ Женщины Великой Отечественной войны/авт.-сост.Н.К. Петрова. – М.: Вече, 2018. – 696 с. – 285-287 сс.
11. Нюрнбергский процесс. В 2 т. Т. 2. – М.: Госиздат юрид. Лит., 1995. URL:<http://lib.rus.ru/b379437/read>.
12. **Гаража Н.А.** Понятийные измерение контекста трудоустройства советских граждан в экономике нацистской Германии в годы Великой Отечественной войны // Вестник РУДН. Серия: История России. №4, 2017. С 656-669. С. 661.

БАТЫСҚА БАСҚА ХАЛЫҚТАРДЫҢ ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ

Әлібек АМАН,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,
тарих магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы қазіргі таңда көптеген ұлттардың құтты мекеніне айналып отыр. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің бұл өңірде пайда болуының әрқайсысының өзіне тән себептері бар. Бірі төңкеріске дейінгі патшалықтың қоныстандыру саясаты нәтижесінде келсе, бірі кеңестік кезеңдегі индустрияландыру, күштеп жер аудару мен тың және тыңайған жерлерді игеру науқандарының нәтижесінде пайда болды. Осындай шаралардың бірі 1930-1940 жылдардағы кеңестік биліктің көптеген халықтарды «сенімсіз» ұлт ретінде депортациялауы болатын. Депортацияланған немесе күштеп көшірілген халықтар арнайы қоныстанушылар ретінде Қазақстан мен Орта Азия республикаларына да орналастырыла бастады. 1930 жылдардың екінші жартысында Қиыр Шығыстағы корейлер мен Батыс Украина мен Батыс Белоруссия территорияларындағы поляктар күштеп көшірілсе, соғыс жылдарында немістер, Кавказ, Қырым халықтары көшірілді.

Кеңестер Одағындағы алғашқы депортацияланған халықтардың бірі Қиыр Шығыстағы корейлер болды. 1937 жылы 21 тамызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П ОК-ның аса құпия №1428-326 «*Қиыр Шығыс өлкесіндегі шекаралық аудандардан корей тұрғындарын көшіру туралы*» қаулы қабылдады. Қиыр Шығыс өлкесіне жапон барлаушыларының енуін алдын алу мақсатында деген желеумен корейлер күштеп Өзбекстан мен Қазақстанға көшіріліп әкелінді [1, 129-б.]. 1937 жылдың қыркүйегінде Қиыр Шығыс өлкесінен көшірілген 36442 корей жанұясы немесе 171781 адамның Қазақстанға 20170 жанұясы немесе 95256 адамы бағытталды. Бұл кезеңде Қазақстанда арнайы қоныстанушыларды қарсы алуға дайындық басталып, 1937 жылдың 9 қазанында Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі «*Корей қоныстанушыларын бөлу және шаруашылық орналастыру туралы*» қаулы қабылдап, онда корейлер орналасатын аудандар мен жүргізілетін іс-шаралар белгіленді. Корейлерді орналастыруға Алматы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды, Батыс Қазақстан облысы, Гурьев округы, Қостанай және Ақтөбе облыстары белгіленді.

1937 жылы 8 қазанда Гурьев округтік комитетінің бюросы және округтік атқару комитетінің президиумы корей жанұяларын төмендегідей бағытта орналастыру туралы қаулы қабылдады. Теңіз ауданына 500 жанұя, Жылқосыға 270, Есболға 100, Гурьевке 660, қалған 340 жанұяны аудандардың ауылдары мен селоларына орналастыру көзделді [2, 15-б.]. Жоғарыда аталған қаулыда Гурьев округіне келген 1266 жанұя балық зауыттарына және Теңіз, Гурьев аудандарының колхоздарына орналасқаны және келгендерден 654 адам Гурьев қаласында қолөнер, өнеркәсіп кооперациясы жүйесіндегі мекемелерге жұмысқа орналасқаны айтылады [3, 1-п.]. Корейлерді көшіру кейінгі жылдары да жалғаса берді. 1938 жылы 20 ақпанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «*Қазақ КСР-індегі корей қоныс*

аударушыларын шаруашылық орналастыру туралы» қаулысында Қазақстанға 20100 корей жанұясын көшіру туралы қаулы қабылдайды. Аталмыш қаулыға сәйкес Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесі 1938 жылы 3 наурызда Қазақстанға көшірілген 20530 корей жанұясы ішінен 14600 жанұяны күріш, мал және дәнді-дақылдар өсіретін ауыл шаруашылықты аудандарға, 2400 жанұяны балықшаруашылықты аудандарға, 3530 жанұяны өнеркәсіп, қолөнер артельдеріне, кооперативті мекемелерге орналастыру туралы шешім қабылдайды. Оның ішінде Гурьев облысына балық кәсіпшілігіне, мемлекеттік кооперативтік мекемелерге 1322 шаруашылық, Ақтөбе облысына 1287 шаруашылық көшіріледі [3, 1-44-пп.]. Қаулыға сәйкес жер өңдеуші корей шаруашылықтарынан 14600 жанұяны, оның ішінде Қарағанды облысындағы №3 «Қарағандыкөмір» совхозының жеріне 1155 шаруашылық, Алматы облысындағы Қаратал күріш совхозына 4000 шаруашылық және Сырдария өзені бойындағы мемлекеттік қордағы бос жерлерге және астық колхоздары, мақта өсіретін, қызылша, күріш өсіретін аудандардағы бұрынғы колхоздарға қалған 6445 шаруашылықты орналастыру көзделді. Осыған орай көлемі 25000 гектар болатын Қаратал ауданындағы күріш өсіретін совхоз, 33000 гектар болатын №3 «Қарағандыкөмір» совхозы, 84 399 гектар болатын «Қызылөскер» ет совхозы және «Қызыл партизан» шошқа өсіретін совхоздары жойылып, жерлері корей шаруашылықтарының орналасуына беріледі [4, 4-п.]. Сонымен бірге қоныстанушы корейлердің жұмысқа орналасуына, жеке тұрғын үй салуына және аса көмек қажет ететіндерге көмектесу, мектеп жасындағы балаларды есепке алып, олардың оқу, оқу құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, сондай-ақ КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен Орталық атқару комитетінің 1937 жылғы 17 қарашадағы «ауыл шаруашылық қамтамасыз ету бойынша жеңілдіктер туралы» қаулысына сәйкес, міндетті ауылшаруашылық салық, сақтандыру төлемі, міндетті ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінен жеңілдіктер жасау міндеттелінді.

Ақтөбе облысына көшірілген шаруашылықтардан Ярмұхамедов совхозында 6 колхоз ұйымдастырылып, оған 205 шаруашылық орналастырылады. Оның ішінде «Бөгетсай» колхозына 39, «III Интернационалға» 41, «Қызыл Октябрьге» 39, «Шіліктісайға» 43, «Октябрьдың 20 жылдығына» 32, «Тұщыарыққа» 11 шаруашылық орналастырылады. Жойылған Ярмұхамедов совхозынан ұйымдастырылған 6 колхозға колхозшылардың жеке пайдалануына 781 бас, қоғамдастырылған малға 1 636 бас мал беріледі. Оның ішінде қоғамдастыруға және жеке пайдалдануға «Бөгетсай» колхозына 634 бас, «III Интернационалға» 582 бас, «Тұщыарыққа» 179 бас, «Октябрьдың 20 жылдығы» атындағы колхозға 393 бас, «Шіліктісайға» 333 бас, «Қызыл Октябрьге» 296 бас мал беріледі. Сонымен бірге корей шаруашылықтарына ша-

бындық және егістік жер бөлініп беріледі. Алты колхозға барлығы пішен шабындық жер 3 983 гектар, егістік жер 60 772 гектар болды. Сонымен Қызылорда облысынан бұрынғы көшірілген шаруаларды есептегенде барлық корей шаруашылықтары 535, оның ішінде жанұя мүшелерінің саны 2 054 адам болды. Қоныстанушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 250 тұрғын үйден тұратын 4 поселка құрылысын (Бөгетсай, III Интернационал, Шіліктісай, Қызыл Октябрь) жүзеге асыру көзделіп, онда барлығы 338 ғимарат (тұрғын үй, мектеп, монша, наубайхана, т.б.) салу жоспарланады [5, 168, 170 - 174-пп.].

1938 жылдың 15 наурызындағы Батыс Қазақстан облысындағы корей шаруашылықтарын орналастыру туралы мәліметке сәйкес, Ілбішін ауданына барлығы 1 016 адамы бар 205 шаруашылық орналастырылады. Оның ішінде колхоздарға 90 шаруашылық, 473 адам, мекемелер мен кәсіпорындарға 289 адамымен 65 шаруашылық орналастырылады. Орналастырылмағандар 254 адамы бар 50 шаруашылық болды. Теректі ауданы бойынша барлығы 623 адамы бар 195 шаруашылық, олардың колхоздарға 402 адамдық 114 шаруашылығы, мекемелер мен кәсіпорындарға 125 адамдық 40 шаруашылық орналасса, орналаспағаны 96 адамдық 41 шаруашылық болды. Бөрілі ауданы бойынша барлығы 153 адамы бар 51 шаруашылық, олардың орналастырылғаны колхоздарға 25 адам, мекемелер мен кәсіпорындарға 26 шаруашылық болды. Приуралье ауданы бойынша барлығы 836 адамы бар 182 шаруашылық, олардың орналастырылғаны мекемелер мен кәсіпорындарға 704 адамдық 152 шаруашылық, орналаспағаны 132 адамдық 30 шаруашылық болды. Барлығы облыс бойынша 2 628 адамы бар 633 шаруашылық болса, орналастырылғаны колхоздарға 229 шаруашылық, мекемелер мен кәсіпорындарға 283 шаруашылық, орналастырылмағаны 121 шаруашылық болды [6, 18-п.]. Батыс Қазақстан облысына келген корей қоныстанушыларының 1938 жылдың 1 сәуіріндегі мәліметі бойынша облыста барлығы 571 жанұя, 2 244 адам болды [6, 42-43-пп.].

Алайда көшіп келген корей жанұяларын шаруашылыққа орналастыру, оларды үймен, балаларды балабақша, мектеппен қамтамасыз етуде олқылықтар орын алды. Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің 1938 жылғы 25 қазандағы №35 қаулысында Ақтөбе облыстық атқару комитетінің корей шаруашылықтарын орналастыру туралы аталмыш жылдың 3 наурызындағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысын нақты жүзеге асырмағандығы, нәтижесінде Ақтөбе облысындағы корей колхоздары азық-түлікпен толық қамтамасыз етілмегендіктен, келесі жылдың егін орлығына дейін тұқымдық және азық-түлік көмегін қажет етеді деп көрсетілді. Сондай-ақ Ақтөбе облысындағы жоспар бойынша 268 тұрғын үйдің орнына тек 162 үй, ал 23 шаруашылық құрылыстың тек 7-нің құрылысы басталады. Мектеп құрылысының аяқталмауына байланысты, облыстағы корей балалары уақытша, бейімделмеген мекенде оқуға мәжбүр болды. Осыған орай Ақтөбе облыстық комитеті 1938 жылдың 10 қарашасына дейін 205 екі пәтерлі тұрғын үй, үш мектеп құрылысын аяқтап, 9 қарашадан бастап балаларды жаңа мектеп ғимаратында оқуын қамтамасыз ету жүктеледі. Сондай-ақ 1 қарашаға таман басқарма үйінің, моншаның, ақушерлік пункттің құрылысын аяқтау және корей поселкаларын жұмыс күшімен қамтамасыз ету жүктеледі [5, 72-73-пп.]. Сол сияқты корей қоныстанушыларының жергілікті басшылықтың атына өздерінің қиын жағдайларын айтып жазған шағымдарынан

олардың азық-түлік және қаражат тапшылығын қатты сезінгендігін байқауға болады. Мысалы, Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетіне Приуралье ауданы Ленин атындағы колхоз мүшелерінің 1938 жылдың 19 сәуірінде жазған арызында олардың осында келген күннен бастап өте ауыр жағдайда болғандығы, азық-түлік, киім-кешек тапшылығы және оларды сатып алуға қаражаттың жоқтығы айтылып, көмек көрсетуін және қандай болсын жұмысқа орналасу үшін Орал қаласына көшуге рұқсат етуі сұралады [6, 67-п.].

1938 жылы 17 ақпанда Ішкі Істер Халық Комиссариаты Қоныстандыру бөлімі бастығының атына берілген корей қоныстанушыларын орналастыру туралы мәлімдемеде **Қазақстанға барлығы 20 789 корей жанұясы немесе 98 454 адам келгендігі айтылады.** Оның ішінде Ақтөбе облысына 1 744 жанұя және 7 666 адам, Батыс Қазақстан облысына 1950 жанұя және 9 017 адам қоныстандырылады [7, 63-64-бб.]. 1938 жылы 3 наурыздағы Халық Комиссарлары Кеңесі және БКП (б) ОК-ның қаулысына сәйкес тұрақты мекен ететін жерлерге төмендегідей көлемде корей шаруалары тіркеледі: Батыс Қазақстан облысына 500 шаруашылық, Гурьев облысына 1322 шаруашылық, Ақтөбе облысына 1285 шаруашылық [1, 136-б.]. 1938 жылдың 1 қазанында Батыс Қазақстан облысындағы есептегі және орналасқан корей шаруашылықтарының саны 378, олардың колхоздарда 303-і, совхоздар мен кәсіпорындарда 74-і орналастырылып, 12 жеке шаруашылық болды. Барлық корей шаруашылықтары негізінен егіншілікті болып есептелетін Теректі, Бөрілі, Приуралье және Ілбішін аудандарына орналасады. Корей колхоздары аталмыш жылы 1 148 гектарға егін егіп, оның ішінде бидай 728 гектар, сұлы 19, арпа 48, тары 314, жүгері 310 гектар және 891 центнер көлемінде қарыз беріледі. Колхоздарға орналасқан 303 шаруашылықтың жеке пайдалануында 226 бас мал болды (сиыр 57 бас, қой 18, шошқа 138, жылқы 55) [8, 32-33-пп.]. Ал 1939 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, Ақтөбе облысындағы қоныстанушы корейлердің 818 шаруашылығынан 417 шаруашылық 4 колхозға біріктіріліп, 49 шаруашылық бұрынғы колхоздарға тіркелсе, 352 шаруашылық түрлі ұйымдар мен мекемелерге жұмысшы мен қызметкерлер ретінде орналастырылды. Ақтөбе облысындағы барлық 818 шаруашылықтың 782 шаруашылығы негізінен Қарабұтақ ауданына шоғырландырылса, Новоресейге 10, Ақтөбе ауданына 3, Темірге 2, Ақтөбе қаласына 21 шаруашылық орналастырылды [9, 1, 8-пп.].

Ал 1942 жылдың басында Ақтөбе облысында 24000-ға жуық арнайы қоныстанушы орналасады. Оның ішінде поляктар 6 200, Бессарабия молдовандары 5 364, Астрахань мен Қырымнан 3000 және 9 356 неміс арнайы қоныстанушылары болған еді [10, 3 п.].

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1940 жылғы 10 сәуірдегі аса құпия № 497-178 қаулысына сәйкес, Қазақ КСР-не поляктар көшіріледі. Олар Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан бұрынғы поляк армиясы офицерлерінің, помещиктер мен фабриканттардың, поляк мемлекеттік аппараты чиновниктерінің және көтерілісші ұйымдардың репрессияға ұшыраған жанұя мүшелері, барлығы 60667 (басқа мәліметтер бойынша 61092) адам еді. Поляктар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облысы және Семей облыстарына орналастырылды. Олардың 36729 адамы колхоздарға, 17 923-і совхоздарға, 8000 адам әр түрлі өнеркәсіпті мекемелердің жұмысшы поселоктарына орналастырылды [1, 163-б.]. 1941 жылы 29 қарашадағы Қазақ КСР-і Ішкі Істер Халық Комиссариатының анықтамасы бойынша Қазақстанда барлығы 61092 поляк болса, Ақтөбе облысында 7 092 поляк бол-

ды. Оның 750-і совхоздарға, 3017-сі колхоздарға, 54-і өнеркәсіп кәсіпорындарына, 106-сы мемлекеттік мекемелерге тіркеледі [11, 128-б.]. Сол сияқты 1942 жылғы 28 қаңтардағы анықтама бойынша Ақтөбе облысында 5 646, Гурьев облысында 187, Батыс Қазақстан облысында 159, ал барлығы республикада 103 757 поляк болды [11, 141-б.]. Одан әрі 1943 жылғы 7 қазандағы Қазақ КСР-гі арнайы контингенттердің саны туралы анықтамада Ақтөбе облысында 5 218 поляк, Гурьевте 142 поляк, Батыс Қазақстан облысында 145 поляк болды [11, 185-б.].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 28 тамыздағы «Еділ бойында тұратын немістерді көшіру туралы» жарлығы негізінде немістерді КСРО-ның шығыс аудандарына көшіру жүзеге асырылды. Жарлықта: *«Еділ бойы немістерінің арасында мыңдаған диверсанттар мен тыңшылар бар. Олар Германияның дабылы бойынша Еділ бойы және оған шектес аудандарда жарылыстар жүргізуі мүмкін деген желеуді негізге ала отырып, бұндай жағдайлардың алдын-алу мақсатында Жоғарғы Кеңес Президиумы немістерді басқа аудандарға көшіру қажет деп шешті»*, – деп көрсетілді [12, 107-б.].

1941 жылдың күзінен Қазақстанның партия және кеңес органдары арнайы қоныстанушыларды қабылдауға дайындала бастады. Оларды тұрақты мекен етуге орналастыру эвакуацияланғандар санының артуымен қиындық туғызды. Олардың барлығын тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз ету қиын болды. Дегенмен жергілікті үкімет органдары барлық мүмкіншіліктерді қарастыра отырып, қоныстанушылардың негізгі бөлігін еңбекке жарамды адамдарды қажет ететін колхоздар мен совхоздарға орналастырады.

1941 жылғы 25 қазанда Қазақстанға 467 мың Еділ бойының немістерін қабылдау жоспарланды. Жоспар бойынша Ақтөбе облысына 15 мың неміс қабылдау көзделді. Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарына қабылдау көзделмеді [1, 196-б.]. 1941 жылы 31 қазанда Ақтөбе облысына жалпы саны 5 554 адаммен 2 эшелон келеді [13, 69-б.]. Алайда кейінгі жылдары Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарына немістер еңбек колонналарының құрамында келе бастады. Оны мынадан көреміз: 1942 жылы 4-желтоқсандағы «мұнай және көмір өнеркәсібіне мобилизацияланған немістер мен оның әйелдерін жіберу туралы» анықтамаға сәйкес Ақтөбе облысынан Гурьевке ері, әйелі барлығы 364 неміс жіберілді [12, 131-б.].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылы 7 наурыздағы қаулысымен Шешен-Ингуш Республикасы жойылып, орнына РСФСР құрамындағы Грозный облысы құрылды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылы 31 қаңтардағы шешімімен шешендер мен ингуштарды Қазақстан мен Қырғызстанға көшіру жүзеге асырылды. 1944 жылы наурыздың ортасында Ақтөбе облысына 20309 адам көшіріліп әкелінді [1, 252-б.]. Ақтөбе қалалық атқару комитетінің мәліметінше 1944 жылы наурызда Ақтөбе қаласына 870 адам арнайы қоныстанушы шешендер келеді. Олар ұйымдастырылған тәртіппен Ақтөбе шахта басқармасы мен жергілікті өнеркәсіп шахталарына жұмысқа жіберіледі. Барлық 870 адамның жұмысқа орналасқаны 253 адам болса, қалған 567 қамқорлықтағы адамдар, оның ішінде 12 жасқа дейінгі балалар 381 адам болды [14, 15-п.]. 1944 жылғы 22 сәуірдегі Ақтөбе облыстық комитетінен орталық комитетке берілген мәлімдемеде Ақтөбе облысына келген қоныстанушы-шешендердің колхоздарға 2 320 жанұясы немесе 12 053 адам, совхоздарға 607 жанұясы немесе 2 717 адам, мұнай кәсіпшіліктеріне 73 жанұя, 355 адам, көмір өнеркәсібіне 733 жанұя, 3 023 адам, Никельтау руднигіне 37 жанұя, 165 адам; темір жол көлігінің кө-

мекші шаруашылығына 126 жанұя, 589 адам; жергілікті өнеркәсіп артельдеріне 93 жанұя, 480 адам; әр түрлі шаруашылық ұйымдары мен мекемелеріне 140 жанұя, 607 адам орналасқаны мәлімделеді [14, 6-п.]. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Скворцовқа 1944 жылы 4-мамырда берілген мәлімдемеде Ақтөбе облысына келген барлық шешен арнайы қоныстанушылар 4 129 жанұя немесе 20 248 адам болды. Оның ері 3 860 адам, әйелі 3 467 адам, 16 жасқа дейінгі балалар 10 944 адам, 16-18 жас аралығындағылар 1 977 адам болды [14, 7-п.].

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылы 2 маусымдағы № 5984 қаулысына сәйкес қырымдық болгар, грек, және армяндарды облыстар мен республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарына, көмекші шаруашылықтарға, ауыл шаруашылығына бағыттау көзделіп, оның ішінде Гурьев облысына 7000 болгар, грек, армян қоныстандырылады [15, 74-75-бб.].

Жалпы алғанда соғысқа дейінгі және соғыс жылдарындағы халықтардың депортациялануы аймақта жаңа ұлттық топтардың пайда болып, нәтижесінде өңірдің ұлттық құрамының өзгерісіне және жергілікті халықтың үлес салмағының төмендеуіне ықпал еткені белгілі. Сонымен бірге, соғыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары күштеп көшірілген халықтардың бірқатары тарихи Отандарына қайтарылса, бірқатарының құқықтары қалпына келтірілмей республикаларда қала берді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история депортации других национальностей на территорию Западного Казахстана в 1930-1940 годы. Среди них были корейцы, поляки, немцы, народы Крыма и Кавказа. В статье анализируются трудности в размещении, трудоустройстве депортированных народов. Численность депортированных народов, меры по их размещению были проанализированы на основе архивных источников.

The article discusses the history of the deportation of other nationalities in the territory of the Western of Kazakhstan in 1930-1940. Among them were Koreans, Poles, Germans, the peoples of the Crimea and the Caucasus. The article analyzes the difficulties in the placement and employment of deported peoples. The number of deported peoples, measures for their placement were analyzed based on archival sources.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. - Алматы: Арыс-Казахстан, 1998.-428 с.
2. Ковжасарова Ж.У. Корейцы в Прикаспий. - Ал., 1997. -81 с.
3. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АтОММ), 855-қор, 1-тізбе, 36-іс.
4. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚО ММ), 850-қор, 1-тізбе, 683-іс.
5. Ақтөбе обл. мем. мұрағ. (АқОММ), 85-қор, 1-тізбе, 1005-іс.
6. БҚО ММ, 850-қор, 1-тізбе, 681-іс.
7. Кулбаев Т, Хегай А. Депортация. - Ал.: Данекер, 2000.-274 с.
8. БҚО ММ, 850-қор, 1-тізбе, 682-іс.
9. АқО ММ, 13-қор, 8-тізбе, 408-іс.
10. АқО ММ, 13-қор, 11-тізбе, 239-іс.
11. Из истории поляков в Казахстане (1939-1956 гг.). Сборник документов. - Алматы: Казахстан, 2000.-344 с.
12. Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.). Сборник документов.-Алматы-Москва: Готика, 1997.-376 с.
13. Иосиф Сталин-Лаврентий Берии: «Их надо депортировать». Документы, факты, комментарии.- Москва: Дружба народов, 1992.-288 с.
14. АқО ММ, 13-қор, 13-тізбе, 31-іс.
15. Бугай Н.Ф. Депорт. народов Крыма. - Мос.: Инсан, 2002.-240 с.

МАҒЖАН ЖӘНЕ АЛАШ ПАРТИЯСЫ

Светлана СЫМАҒҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих,
археология және этнология факультетінің
профессоры, тарих ғылымдарының докторы,

Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың қазақ қоғамындағы орны ерекше. Ол ХХ ғасыр басында қазақтың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында ұлт зиялыларымен бірлесе күреске шықты, алайда 45 жасында кеңестік биліктің құрбанына айналды.

Мағжан 1893 жылы Ақмола облысының Қызылжар уезінде дүниеге келді. Ол кезде патша үкіметінің қоныстандыру, орыстандыру саясаты қарқынды түрде жүргізіліп жатыр еді. Алғашқы білімді ауылында араб әрпінен танудан бастаған Мағжан оқуын Қызылжардағы медреседе жалғастырады. Одан әрі Уфадағы Ғалия медресесінде, Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқып, бірқатар шығыс тілдерінде дәріс алды, әрі классиктердің еңбектерімен танысты, алғашқы өлеңдерін жазды.

Мағжанның өлеңдеріне жастардың бәрі құштар болды, келесі туындысын сағына күтті. Оның сол кездегі жазған өлеңдерінен өмірдің қиындығын, қайғысын көресің, өршілдікті, махаббатты, ғашықтықты, сүйіспеншілікті сезесің.

Мағжанды көзі көрген, қызметтес болған башқұрттың жазушысы Сайфи Құдаш: «...өзіндік ерекше, табиғат болмысы бөлек ақын, өлеңнің асқан шебері санағанмын және солай санаймын да: бұл орайда ол Абайдың лайықты жолын қуушы, әрі дамытушы деуге болады. Сонымен бірге, оның өмірі, ақындық еңбегі және трагедиялық тағдыры бір-бірімен тұтас, бұлақ суының бір тамшысындай», – деп бағалауы, ақынның шоқтығының биік болғандығын көрсетеді [1, 9-б.].

Мағжанның тағдыры Алаш қозғалысымен тығыз байланысты. Омбыдан келгеннен кейін ол Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты халықтың арасында беделі зор алаш қайраткерлерімен «халық жауы» ретінде қуғындалып, атылып кеткенге дейін тығыз араласып, Алаш идеясы жолында бірлесе күрес жүргізді.

Мағжанның ел тәуелсіздігі жолындағы белсенді қызметін «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары айғақтайды. Мәселен, 1917 жылы 1 сәуірде ол Орынборда өткен Торғай облысының қазақ съезіне Ақмола облысынан өкіл ретінде қатысады. Бұл съезді И.Әлімбаев «Қазақ» газетіне жариялаған мақаласында «тұңғыш съезд» деп атап, бұл съезге Орал облысынан I Мемлекеттік Дума мүшесі Алпысбай Кәлменов, доктор Ғайса Қашқынбаев, студент Кәрім Жәленов, доктор Ғұмар Есенғұлов, Торғай облысынан I және II Мемлекеттік Дума мүшесі Ахмет Бірімжанов, студент Тел Жаманмұрынов, Жансұлтан Сейдалиев, Жаһанша Сейдалиев және тағы басқа депутаттар қатысқан еді [2]. 1917 жылдың мамыр айының 1-11 күндері Мәскеудегі жалпымұсылман съезі өтіп, оның барысында «Шура-и-Ислам» ұйымының құрылғандығы жөнінде қаулы жасалған болатын. Дегенмен, съезд жұмысы барысында ұйымға ағза сайлау мәселесінде пікірталастар бол-

ды. Себебі «Шура-и-Ислам» ұйымына 30 мүше сайланып, олардың 10-ы ноғайдан, 7-сі Түркістаннан, 5-і Қазақстаннан, ал 2-і Қырымнан, қалғандары Кавказ бен Литвадан еді. 30 мүшенің 12-сі ұйымның басқармалығына сайланды [3].

Мүшелердің арасында өкілдердің кейбір ұйым мүшелері елден сайланса деген пікірді ұстанып, Ақмола облысынан өкіл боп барған Мағжан Жұмабаев сайлауға қатысты «Қазақ» газетінің 232-ші санында пікір білдіріп, онда: «Совет ағзасы 30 болмақ. Ол отыздың ішінен 12 кісі исполнительни орган яғни іс жүргізетін орын болып, Петроградта үлкен орданың жанында тұрмақ. Осы советтен 5 облыс қазаққа (Бөкейлік, Орал, Торғай, Ақмола, Семей) 5 орын тиіп отыр.

Ноғайлар советке кісілерін сол сиез басында сайламақшы болған соң, біз қайтеміз деп, қазақ болып кеңестік. Түркістаннан келген өкіл Көлбай мырза, Бөкейлік нәм Орал не болса да, осы жерде болып қалсын деді. – Ноғайлар сайласа, сайласын. Олар ауыл басы біреу келіп отыр. Айналдырған 20 шақты қазақ бір-бірімізді не деп сайлаймыз, жарарлық кісісін жұрт өзі сайласын. Қайтадан облыс сиездері жасалу қиын болатын болса, жуырда жалпықазақ сиезі болмақ қой, сонда сайлармыз. Және де Семейден тірі жан жоқ қой, ол қайтеді?», – дедім мен.

Кешікпек, ноғайлар орын бермей, қояды. Осы жерде 5 облыстан сайлап кетелік дейлі олар. Ноғай әрі қарай ауды. Ертеңіне 5 облыстан 5 кісі сайланып қойды дегенді бірақ естіп қалдық. Ақмола атынан Қараөткелдің байпатшасы Құрбанғали мырза Қосшығұлов жасырын барып жазылыпты. Атбасарлық Құлмұхамед Оразаев деген шәкірт Семейді сырттан сатып, Семейлік болып, советке ағза болып кірді», – деп, ұйымға мүше сайлау негізгі кезде де, бұрынғысы да дұрыс болмады деген пікірде болды [4]. Мағжанның пікірі жалпықазақ съезінде қолға алынып, «Шура-и-Ислам» ұйымына қазақтан Ақмоладан Айдархан Тұрлыбаев, Семейден Әбікей Сәтбаев, Торғайдан Әлжан Байчурин, Оралдан Жаһанша Досмұхамедов, Бөкейден Уәлитхан Танашев, Жетісудан Базарбай Мәметов, Сырдариядан Мұстафа Шоқаев, Ферғанадан Ғабдрахман Оразаев сайланды [5, 367-б.].

Мағжан 25 сәуір мен 7 мамырда Омбыда өткен Ақмола съезін ұйымдастырушылардың бірі болды және Ақмола облысы ісін басқаратын комитеттің құрамына сайланады. Сонымен қатар бұл комитеттің құрамында А.Тұрлыбаев, А.Сейітов, С.Жанайдаров, С.Жантасов, Е.Мұқышев, Б.Әділов, Е.Тоқбаев, Т.Нұралин және Қ.Торсановтар болды.

Съезд барысында қаралған негізгі бір мәселе – білім, оқыту болып, съездге қатысушылар талқылағаннан кейін төмендегідей қаулы қабылдаған:

1. Мектепте әйел балалар мен еркек балалар бөлек оқысын.

2. Оқу-оқыту мәселелерін һәм оқу кітаптары жайын реттеу үшін жалпы қазақ сиезі жиылғанда айырықша бір комиссияға тапсырылып, сол комиссия бір жерде қызмет ететін болсын.

3. Қазірден мұғалім жетістіру үшін Ақмола облысының қазағы медресе Ғалия, Ғұсмания, Русилия, Мұхамедия һәм Хусейнияда 50 қазақ баласына стипендия ашылсын.

4. Қазірден Ақмола облысындағы орта дәреже школдарда 50 қазақ баласы стипендия ашсын.

5. Бой жетпеген қызды ата-анасы күйеуге бермесін, қыз сүйген кісісіне барсын. Қалың мал һәм неке ісі шарият бойынша тексерілетін болып, мүфтиге қаралсын.

6. Бір ауылнай елде үш кісілік сот болсын.

7. Бостандық қарызына жазылуға қам қылсын [6]. Съезде қаралған бес ірі мәселе бойынша комиссия құрылып, алдағы уақытта олардың орындалуын жүзеге асыруды басшылыққа алуға тиіс болды [7].

Мағжанның Құрылтай жиналысына кандидаттығын ұлт зиялылары қалады. Ә.Бөкейханов «Қазаққа» жариялаған «Қазақ депутаттары» мақаласында Құрылтайға лайықты 40 депутат тізімінің ішінде Мағжанның да аты-жөнін атайды. Бұл мақаласы арқылы Әлихан осы тізімдегі азаматтар жалпы қазақ съезіне келетіндігін, осы азаматтар Құрылтайға сайланса, алдағы істі осы азаматтар атқарар деген үміт білдірген екен [8].

Мағжан 1917 жылы 21-26 шілдеде болған бірінші жалпықазақ съезінде Ақмола облысынан Құрылтай жиналысына депутат ретінде сайланады [9]. Алаш партиясы атынан Құрылтай жиылысына аталған депутаттар тізімінде ол туралы: *«Мағжан Жұмабаев – учитель, жас ақын. Қатардағы азаматтардың бірі, келешекте көзге көрінер деген үміт зор. Бұл күнде Ақмола облысының қазақ комитетінде ағза»*, – деген мінездеме, мәлімет берілді [10].

Сібірдегі кеңес өкіметі құлатылғаннан кейін Омбы қаласында Алашорданың губерниялық партия және атқару комитеті құрылды. Бұл комитетті А.Тұрлыбаев, Е.Итбаев, А.Сейітов және Абылайханов басқарып, оның құрамына М.Жұмабаев, М.Саматов, Сейдалиев, Қ.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов мүше болды [11]. Олардың қатысуымен Ақмола облысының бес уезінде уездік комитеттер құрылып, Құрылтай жиналысына сайлау мәселесіне қатысты үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді [12, 184-6].

М.Жұмабаев II жалпы қазақ съезіне де Ақмола облысынан депутат болып қатысты. Автономияны жариялау, жарияламау мәселесінде ол Ә.Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының *«өзге жат жұрттармен сөйлескенше һәм милициямызды құрып алғанша тоқтата тұралық»* деген ұстанымын қолдады. Ол сонымен қатар оқу комиссиясының құрамына да сайланады [13].

1918 жылдың күзінде 2 жылдық педагогикалық курс ашылып, оның басшылығына М.Жұмабаев тағайындалады. Бұл курста Қ.Сәтбаев білім алып, М.Жұмабаев қазақ тілі, орыс тілі, педагогика, дін ілімі сияқты 4 пәннен дәріс берді. Бағдарламаға сәйкес осы курста Мағжанның педагогикалық оқулығына енгізілген дәрістер алғаш рет оқытылған [14, 61-62-бб.]. Мағжан Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде қызмет жасайды.

Мағжанның Алаш мүшелерімен бірлесе кеңестік билікке қарсы шығып отырғанын, Орынборды қызыл гвардияшылар алғаннан бастап қаладан кетіп, ел арасында тығылып, демократиялық орыс революциясына қарсы үгіт-насихат жүргізіп келгендігін «Үш жүз» партиясының басшысы Көлбай Төгісов партияның 200-ге

тарта мүшесімен өткен төтенше мәжілісте мәлімдеген. Сондай-ақ, К.Төгісов облыстық қазақ комитеттерінің мүшелері Семей облысына контрреволюциялық «Алаш» партиясын қаржыландыру үшін ақша жинауға және қазақтарды қарулы көтеріліске бастауға үгіт-насихат үшін жіберілгендігін де баса айтады.

«Үш жүз» партиясының атқару комитеті Алаш мүшелерін тез арада тұтқындау туралы қаулы қабылдайды. Мәжілісте Петропавл уезіне кеткен комитет мүшелері Мағжан Жұмабаев пен Қазы Торсанов Омбы қаласына жасырынып үлгергені де айтылды [15, 99-б.].

«Үш жүз» партиясының атқару комитеті Омбы уезінің Орталық комитетімен бірлесіп, елде контрреволюциялық жағдай тууы мүмкін деген себеппен қазақ комитеттерін тарату жөнінде бірнеше қаулы қабылдады [16].

Қазақ комитеттерін тарату мәселесін «Үш жүз» партиясы кезекті жиналыстарында тағы да қарап, бірнеше қаулы қабылдайды. Онда облыстық қазақ комитеттерін тарату, олар таратылғанша және демократиялық съезд шақырылғанша «Үш жүз» мүшелері Шәймерден Әлжанов, Ермұхамет Тоқбаев, Кәрібай Мусин және Әбдірахман Қылышбаевтарды жіберу, облыстық қазақ комитетінің Асылбек Сейітов, Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Ерқосай Мұқышев, Ережеп Итбаев, Мұсылманбек Сейітовтерге қатысты қылмыстық істерін Омбы кеңесінің жанындағы Тексеру комиссиясына хабарлау мәселелері көтерілді [17]. Осы жағдайдан кейін Мағжан біраз уақыт «Алаш» партиясының мүшесі әрі үкімет ісіне кедергі жасады деген айыппен түрмеге жабылады. Босатылғаннан кейін ол баспа саласында қызмет етіп, «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Ақжол» газетін шығаруға ат салысады және біршама дүниелерін осы басылымдарға жариялайды. «Батыр Баян» поэмасын жазып, басып шығарады.

20-жылдардың соңында оқу-ағарту саласын оқу бағдарламасымен, оқулықтармен және әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі көтеріледі. Қырғыз (Қазақ) Орталық Атқару комитетінің мәжілісінде Мемлекеттік баспа ісінің Орталық редакциясын сайлау және мектептерге арнап оқулықтар мен әдеби көркем кітаптар шығару қарастырылған болатын [18].

1921 жылы 14 қаңтарда Қазақстан Халық ағарту комиссариаты ҚКСР Мемлекеттік баспасы алдындағы жазушылар ұйымының кеңесінде қазақтың I және II басқыш біріккен еңбек мектептері үшін бар оқулықтарды қазақ тіліне аудару, құрастыру және мектептерге арнап оқулықтар жазу жөнінде мәселе көтеріліп, оны жазудың мерзімі анықталды. Бұдан кейін 31 қаңтарда А.Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен Халық ағарту комиссариаты мен Мемлекеттік баспа алқасының біріккен мәжілісінде тағы да көтеріліп, оқу құралдарын орыс тілінен қазақшаға аудару және қажетті оқу кітаптарын жазу үшін М.Жұмабаев, М.Тұрғанбаев, Қ.Кемеңгеров, Ж.Тілеулин, С.Мұстафин, Е.Омаров, Х.Болғанбаев, Ә.Бөкейханов және тағы басқаларды тарту жөнінде қаулы қабылдап, М.Жұмабаевқа педагогика оқулығын жазу тапсырылады.

Осы оқулықтарды жазу мәселесіне орай М.Жұмабаев «Бостандық туы» газетіне мақала жариялады. Онда: *«Оқу құралдарының мінезі – мектеп мінезінің айнасы. ...біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиіс»*, – деуі, мектепке ыңғайлы, оқуға жеңіл оқулықтардың жазылуын талап еткендей [19, 249-250-бб.].

1922 жылы оның «Педагогика» кітабы басылып шықты. Оның алғы сөзінде: *«Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқылған*

дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге шейін басылып шығып жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес, бүлінген замандыкі», – деп жазуы дәлел [20, 222-б.].

Кеңестік билік Алашшыл азаматтарға кешірім жариялағанымен, олардың үкімет қызметіне басшылық етуін, араласуын қаламады. Сондықтан олардың басқан қадамдарын, жүрген іздерін аңдып, большевиктік жүйеге кедергі келтірушілерді анықтауға бар күштерін салды. Мағжан да осындай үкімет тарапынан жүргізілген бақылаудың тырнағына ілікті.

1922 жылдың өзінде жоғары үкімет орындарына Мағжанның үстінен оны қаралаған хаттар, түрлі мәлімдемелер жіберілген. Мәселен, 3 мамыр күні Мағжанды «ұлтшыл» көрген коммунист С.Шәріпов РК(б)П губерниялық комитетіне жазған хатында оның тәкаппар және маңызды ұлтшылдардың бірі екендігін, әлсіз жас коммунист-қазақтардың арасында ықпалы өсетіндігін, оның маркстік үйірме құруды көздеп, ақыры оның ашқандығын айта келе, М.Жұмабаев, Ж.Тілеулин сияқты мүшелері бар қазақ кеңесінің ашылуына қарсылық білдіреді [21].

Мағжанның есімі Т.Рысқұловтың «Бірлік туы» және «Ақ жол» газеттері туралы Сталинге жазған хатында да аталады. Онда «Ақ жол» газеті арқылы алашордашылар Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, Болғамбаев, Х.Досмұхамедов және М.Жұмабаевтар өз идеяларын жүргізуге тырысқандығы жазылған. Басылымның 1924 жылғы 25 ақпандағы 408-санында М.Жұмабаевтың «Жылқышы» өлеңі басылғанын, онда ұлыған боранның кейпін большевиктік үкімет деп, ал жылқысын алдына салып, баққан жылқышыны Алашорданың басшысы, ал жылқыларды қазақ халқы, ал қорқау қасқырларды большевиктерге теңеген деген тұжырым жасайды. Бұдан әрі осы «Ақ жол» газетіне жарияланған «Шойын жол» (№10, 1 наурыз) өлеңінің де астары барлығын атап өткен [22, 152-153-бб.].

Бұдан кейінгі жылдары да Мағжанның әрбір шығармашылығы, қызметі большевиктік үкіметтің қатаң бақылауында болды. 1929 жылдың 13 маусымында ҚАКСР Егіншілік Халком кадрлар бөлімінің басшысы А.Сайдалиннің Бақылау комиссиясы мен жұмысшы-шаруа инспекциясының төрағасы А.Я.Фектерге берген жауабында 1918 жылы «Алаш» қозғалысының және қазақ облыстық комитетінің мүшелері М.Жұмабаев, Ж.Тілеулин, Е.Мұқышевтардың кеңес өкіметінің тарапынан тұтқындалғанын атап өтеді [23].

Мағжанның істі болуының ең басты себебі – «Алқа» ұйымы арқылы контрреволюциялық «Алаш» партиясының идеяларын жастар арасында насихаттауы. 1929 жылы 1 шілдеде ҚАКСР ОГПУ Шығыс бөлімінің басшысы Ө.Байділдин тергеушіге берген жауабында Мағжанның Алаш қозғалысының белді мүшесі, әрі «Алқа» ұйымын құрғандығын айтқан. Оның жауабынша, «Алқа» ұйымы Москвада құрылған, бірақ заңдастырылмаған. Алаш басшысы Ө.Бөкейханов пен М.Жұмабаев Мәскеуде оқитын қазақ жастарымен тығыз байланыста болған. Оның айтуынша, М.Жұмабаев жастардың сенімдеріне кіріп алып, Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде дәріс оқыған [24, 71-75-бб.].

Сөйтіп, 1929 жылы 20 шілдеде қолдан жасалған істің нәтижесінде айыпталып, Бутырка түрмесіне жөнелтілді. 1930 жылдың 4 сәуірінде оған тағылған айып дәлелденіп, 10 жылға каторгалық жұмысқа жіберіледі.

М.Жұмабаев істі болып, сотталып кеткеннен кейін де оның қазақтың 50 әнін жинастыру барысына қатыстылығы жөнінде Қазақ өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөлімінің төрағасы М.Қайыпназаров «Театр

туралы» анықтамасында атап өтеді. Оның пікірінше, қазақтың 50 ән жинағына ескі, ұлтшыл, ақгвардияшылардың әндерін революционерлердің әні ретінде берген [25].

1933 жылы 11 қыркүйекте Қазақстандағы әдеби шығармашылық пен әдеби күштер туралы ОГПУ-ға берілген мәлімдемеде буржуазияшыл-ұлтшыл жазушы, ақындардың арасынан М.Жұмабаевтың да аты аталады. «Алаш» партиясының қатарында болып, кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізді дейді [26]. М.Горькийдің зайыбы Е.П.Пешкованың араласуымен жазасы 7 жылға кемітіліп, 1936 жылы 2 маусымда босатылып, туған еліне қайтып оралады [27, 219-б.].

1937 жылы қазақ зиялылары жаппай қамауға алына бастады. Елде айтыс-тартыс өршіп, біреудің үстінен біреу жала жауып, ұстатып, айдатып жатты. Осы кезде 21 мамырда М.Жұмабаев ҚазКСР Халком кеңесінің төрағасы О.Исаевқа өзінің бұрынғы идеяларынан бас тартатындығы жөнінде хат жазады [28].

29 тамызда Жазушылар одағының хатшысы М.Қаратаевтың «Социалистік Қазақстан» газетіне мақаласы басылып, онда Сәкен бастаған жиырма шақты жазушы «фашист жөндеттері» ретінде қараланды. Бұл мақаланың орысшасы 16 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетіне басылды. Бірнеше күн өткеннен кейін С.Сейфуллин тұтқындалды. Осы жылдың 30 желтоқсанында М.Жұмабаев қамауға алынды. «Халық жауы» ретінде 1938 жылы 11 ақпанда атылды.

«Халық жауы» атанған Мағжанның шығармалары қолданыстан алынды, өлеңдерін оқуға тыйым салынды. Дегенмен, оның поэзиясын жастар жасырын сүйіп оқыды, жасырын жатқа айтты.

1941-1945 жылдардағы Кеңес-Герман соғысы барысында немістердің қолына тұтқынға түскен қазақ жастары 1942 жылдың 15 маусымынан бастап Түркістан Ұлттық комитеттің органы ретінде «Милли Түркістан» (Ұлттық Түркістан) журналын шығарғаны мәлім. Патша заманында орыстың қысымшылығына ұшыраған қазақ халқының тұрмысын тайсалмай жырлаған, алашшыл Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жариялау арқылы Кеңес үкіметінің қуғын-сүргінінен қаншама ұлт қайраткерлерінің құрбан болғандығын айқын білдірді. «Түркістанның биік шайыры бақытсыз Мағжан бүтін өмірін Түркістан үшін сарп қылды. Мағжанның жырларын оқығанда көз алдына Түркістанның болып өткен қанарман тарихы пайда болады. Оның жырларының таңғажайып істері сені жандандырады.

Мағжанның орысқа деген әжеттілігі, оның оларға деген ашуы бізге рух берер:

Айналаңа көз салсаң,

Толып кеткен бәрі Иван.

Тіміскеніп сүймең қағып,

Қорсылдайды сары Иван», –

деген жыр жолдарынан-ақ Мағжанның нені меңзегенін көрсетпекке тырысады [29, 10-11-бб.]. «Асан Қайғы» деген бүркеншік атпен жариялаған Мәулікеш Қайболдин Ленинградтағы университеттен білім алған.

Кеңестік билік тұсында Мағжан Жұмабаевтың атын атауға тыйым салынса да, оның поэзиясы халықтың жүрегінде сақталды. 80-жылдардың соңында ақынның дүниелері жинақталып, «Жазушы» баспасынан алғашқы томы жарық көрді. Сөйтіп, қазақ жұрты оның өлеңдері, поэмаларымен қайта қауышты.

Мағжан Жұмабаев, біріншіден, қазақ тарихында күрескер азамат ретінде танылды, екіншіден, оның мұралары халықтың жүрегінен орын тапты. Мағжан поэзиясы жастарға ізгіліктің, сұлулықтың, махаббаттың жылулығын тарту етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
2. Әлімбаев И. Тұңғыш сиез // Қазақ. – 1917. – 12 апрель. – № 225.
3. Шура-и-Ислам // Қазақ. – 1917. – 11 июнь. – № 233.
4. Сиезге Ақмола облысы атынан барған өкіл Мағжан Жұмабаев. Ақмола һәм Семей облысы қазақтарына // Қазақ. – 1917. – 3 июнь. – № 232.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 б.
6. Ақмола сиезі // Қазақ. – 1917. – 24 июнь. – № 234.
7. Айбасов Б. Ақмола облысының сиезі // Қазақ. – 1917. – 19 май. – № 230.
8. Қыр баласы. Қазақ депутаттары // Қазақ. – 1917. – 4 июль. – № 235.
9. Жалпы қазақ съезінің қаулысы // Қазақ. – 1917. – 31 июль. – № 238.
10. Алаш партиясы атынан Құрылтай жиылысына аталған депутаттар // Қазақ. – 1917. – 19 октябрь. – № 245.
11. ҚРПА. 141-қ., 1-т., 2406-іс. 48-п.
12. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас» 2009. – 412 с.
13. Жалпы қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы // Сарыарқа. – 1918. – 25 ғинуар. – № 29.
14. Шаяхметов Н.У. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін». Оқу құралы. – Алматы, 2001. – 149 б.

15. Смағұлова С. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 232 б.
16. Киргизская жизнь. Резолюция // Известия Петропавловского Совета рабочих, солдатских и крестьянских депутатов. – 1918. – 10 март. – №55.
17. ООМА. 197-қ., 1-т., 28-65-п.
18. ҚР ОМА. Р-929-қ., 1-т., 20-ғ-іс. 9-п.
19. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.
20. Жұмабаев М. Шығармалар. 2-3-т. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
21. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 254-іс. 109-111-пп.
22. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920 – 1928 жж. – Алматы: «Ел-», 2007. – Т.3. – 1-кітап. – 304 б.
23. ҚРПА. 719-қ., 3-т., 954-іс. 20-п.
24. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Қаңтар 1929 – шілде 1938 жж. – Алматы: «Ел-», 2007. – Т.3. – 2-кітап. – 344 б.
25. ҚРПА. 141-қ., 1-т., 3840-іс. 198-п.
26. ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5817-іс. 2-3-пп.
27. Жангуттин Б. Мағжан Жұмабаев. «Мой қазақ, ненастья час настал». Старницы биографии / под общей редакцией М.К.Койгелдиева. – Алматы: ТОО «Каратау КБ»Дастур, 2016. – 220 с.
28. ҚРОМА. 5-қ., 21с-т., 200-іс. 19-21-пп.
29. Асан қайғы. Түркістан шайыр-әдебиеттерінің тілектері // Милли Түркістан. 1942. 15 октябрь. №7.



ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 140 ЖЫЛ!

ӘОЖ 930.26 (574.54)


АҒАРТУШЫ ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВ қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі

Бауыржан ЕҢСЕПОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университетінің аға оқытушысы

Қоңырқожа Қожықов – Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын

бітірген санаулы түлектердің бірі. Түркістан өлкесінде жадиттік қозғалысты ұйымдастырушы, Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсыновтан кейін қазақ балаларына арнап әліппе жазған белгілі ұстаз. А.Байтұрсыновпен бірге 1913 жылы «Қазақ» газетін ұйымдастырушы. «Иллиятия» (Көшпенді) ұйымының төрағасы, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат, Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметі министрлер кеңесінің жауапты хатшысы болған. Кеңес үкіметі кезінде Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының негізін қалаушылардың бірі. Ағартушы-ғалым. Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорын толықтыруға ықпал жасаған.

Қоңырқожа Қожықов 1880 жылы Перовск уезінің «Хан ағашы» деген жерде, қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылындағы «Қожық» қыстауында дүниеге келген. Зерттеуші-этнограф Тынышбек Дайрабай «Қоңырқожаның нағашылары яғни, әкесі Қожық қожаның зайыбы кіші жүз ханы болған Әбілхайыр ханның ұрпағы Ерм төренің қызы, ал өзінің жолдасы Латифа атақты Лапіндер әулетінен шыққан» [1, 54-б.], – дейді. Ал, Қ.Қожықовтың арғы тегі сонау орта ғасырда Орта Азиямен қазақ даласына дін таратқан Қорасан қожадан бастау (Әбжәлел баб – Б.Е.) алады. Қорасаннан – Құрбан, одан Көшек. Көшектен Әзқожа, одан Алтайбек ахун, одан Қожық, Қожықтан Қоңырқожа болып өрбиді [1, 55-б.]. Оның 1930 жылы ОГПУ тарапынан тұтқынға алынып, сол жылдың 22 сәуірінде тергеушілерге берген жауабында шыққан тегін «қазақта, қырғызда, өзбекте, түркіменде емес, қожамын» [2, 34-35-бб.], – деп көрсеткені елаузындағы шежірелік мәліметті нақтылай түседі.



Сонымен бірге Ұлттық қауіпсіздік мұрағатының тергеу ісінде оның ОГПУ басшыларының атына жазған өмірбаянында «үлкен әкесінің Кенесары Қасымұлымен қызметтес болғаны, кейін Кенесары өлгеннен соң Сыр бойына қоныс аударғаны» баяндалған [3, 60-б.].

Ол Ақмешіттегі 4 сыныптық орыс-бұратана мектебін, 1904 жылы Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген [2, 34-б.]. Ташкентте семинарияда оқып жүріп, саяси жұмыстарға белсене араласқан. Атап айтқанда, Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарын бірлікке үндеп, жадиттік қозғалыстың көшбасында тұрған И.Гаспринскийдің идеяларына қанауыққан. Әсіресе, патша үкіметінің білім беру жүйесін орыстандыру саясатымен ұштастырған, әрі түркі-мұсылман халықтарының талап-тілектерін ескермеу бағытындағы ұстанымын өткір сынға алған И.Гаспринскийдің «Русское мусульманство» атты еңбегімен де танысқан [4, 37-б.]. Сонда революционер Георгий Вяткинмен танысып, алғаш рет «Искра» газетін оқыған [3, 60-б.]. Семинарияны бітірген соң, сол жылы күзде Самарқан облысындағы Үргіт деген жердегі ауылға барып, мұғалімдік қызметке орналасқан [2, 34-б.]. Сөйтіп ол өмір жолын мұғалімдік, соның ішінде жадиттік-ағартушылық қызметтен бастайды. Қоңырқожа Қожықов Перовск, Әндіжан қалаларында, Қарнақ қыстағында жадиттік мектептер ұйымдастырып, 1912 жылы Орынбор қаласында Фатих Каримовтың баспасынан қазақ мектептеріне арналған тұңғыш «Әліппе» шығарған [5]. Бұның өзі Қ.Қожықовтың өз мамандығын сүйген талантты ұстаз болғандығын аңғартады. Сондай-ақ осы жылы аталған баспадан А.Қасымов, С.Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукімранлық қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді [6, 39-б.]. Сондай-ақ ол «Түркістан уәлаяты» газетіне «Жаяу Қоңыр» деген бүркеншік есіммен бірнеше мақалалар да жазған [1, 54-б.].

Қоңырқожа Қожықұлының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына тікелей 1905-1907 жылдары Ресейде болған бірінші орыс революциясы әсер еткен. Әсіресе, осы жылдары Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғау жолдарын қарастыру мақсатында үш бірдей мұсылман съезі өткізіліп, онда «Ресей мұсылмандары одағының» құрылуы оған өз ықпалын тигізген. Сол кезде Қ.Қожықов түрік халықтарының бірлігі идеясын жақтаушылардың бірі ретінде Түркістан аудандық күзет бөлімінің қадағалауына алынады [4, 37-б.]. Оның ОГПУ басшыларына берген өмірбаянында «Столыпин

кезінде қазақ жеріне Ресейдің орталық губерниясынан переселендер қайта-қайта үзіліссіз ағылып жатты. Қазақтар өзінің мекендеген жерінен аяусыз тақырға қуылды. Патша үкіметінің қазақ еліне жасаған қанаушылық саясатында ешбір шек болмады. Бұл жағдай, әрине, маған қатты әсер етіп, жергілікті әкімшілік орындарының үстінен көптеген арыздар мен петицияларды Петербургке қайта-қайта жолдадым. Соған байланысты мені бір уезден екінші уезге ауыстырып отырды. Әкімшілікке қайтсем жағамын деген оймен Романовтардың үй жайына көпшілікпен бірге қазақ тілінде еңбек жаздым. Бұл, әрине, мен үшін масқаралық жұмыс болатын. Себебі, еңбекте қазақ халқының патша үкіметіне бағынуы насихатталған еді. Бірақ мұнымен мен әкімшілік орындарының ықыласын өзіме аудар алмадым» [3, 60-б.], – деп баяндайды.

1912-1913 жылдардағы Балқан соғысы кезінде Осман түріктері үшін қаражат жинауға түркі-мұсылман зиялыларымен бірге Түркістан өлкесінің қазақтары да қатысқан. Солардың қатарында Созақ мектебінің ұстазы Е.Қасымов, тілмаш С.Өтегеновтермен бірге, Қарнақтағы орыс-түзем мектебінің оқытушысы Қ.Қожықовта тартылған. 1912 жылы 13 қарашада Түркістан аудандық күзет бөліміне келіп түскен мәліметте олардың жинаған қаражат көлемі 40 мың сомды құраған. Сонымен бірге, осы жылы Қ.Қожықов империя астанасы болған Санкт-Петербургте мешіт салу ісіне тікелей араласып, ол Шымкент уезінің Түркістан бөлімшесіндегі жергілікті халықтан қаражат жинастыруда белсенділік танытады. Жалпы империя астанасы Санкт-Петербургте мешіт салу туралы идеяны алғаш рет 1881 жылы Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфтіі С.Тевкелев көтерген болатын. Идеяны сол кезде император қабылдап, мешіт салу үшін қаладан жер телімі бөлінген еді. Осы мешіттің құрылысы Романовтар әулетінің билікке келуінің 300 жылдығын тойлау қарсаңында аяқталады [7, 349-б.].

1907 жылғы патша үкіметінің «үшінші маусым заңы» бойынша қазақтар Мемлекеттік думаға депутат сайлау құқығынан айырылып қалады. Міне, қазақтардың осы құқығын қалпына келтіру бағытында ұйымдастырылған іс-шаралардың бел ортасында Қ.Қожықов жүрді. Ол III Мемлекеттік думаның жұмысы кезінде бұл мәселеге орай мұсылман фракциясына Түркістан халықтары атынан арнайы хат жолдайды. Оның хатында жергілікті халықтың жер, оқу-ағарту және дін мәселелеріне байланысты туындаған жайттар айтыла келіп, осыларды шешуге ықпал етудің бірден-бір жолы қазақтардың Мемлекеттік думаға сайлау құқығын қайтарып беру екендігі көрсетілген. IV Мемлекеттік думаға сайлау науқаны қарсаңында Қ.Қожықов А.Байтұрысовпен бірге Мемлекеттік думаға сайлау құқығы сақталып қалған Орынбор губерниясындағы татар халқының өкілдеріне арнайы мәлімдеме жасап, Орынбор өңірі татарлары атынан бір қазақ депутатын сайлау жөнінде өтініш білдірді. «Вақыт» газетінің редакторы Ф.Каримов бұл өтінішті өз газетінде жариялап, барынша қолдау жасайды. Қазақтардың депутаттыққа орын сұраған өтінішін Троицкідегі татарлар қолдап, Ж.Сейдалинге сайлауға түсуге ұсыныс жасайды [4, 38-б.]. Бірақ та мұндай талпыныс патша үкіметінің отарлық саясаты қарқынды жүргізіліп жатқан кезде нәтиже бермеді. Сонымен қатар, А.Байтұрысовпен бірге қазақ тілінде газет шығаруды қолға алып, нәтижесінде 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы санын жарыққа шығарды. Бірақ газеттің жағдайы қаржының тапшылығына байланысты тұрақсыз болды. Дегенмен, Қожықовтың ұсынысымен «Азамат» атты ұйым құрылып, соның көмегімен «Қазақ» газеті

1918 жылдарға дейін шығып тұрды [3, 61-б.].

Ал 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Қ.Қожықов пен С.Лапин Түркістан өлкесінің Ресейден бөлініп, өзінше тәуелсіз мемлекет болғанын қалады. Қожықовтың бұл ойын Түркістан станциясының жандарм басқармасы біліп, Петроградтағы жасырын полициялық бақылау органының нұсқауымен үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеуге алынды. Ол аталған тергеу ісінен тек 1917 жылғы ақпан төңкерісінен соң біржолата құтылды [3, 62-б.]. Осыдан соң жергілікті халықтың тілі мен дәстүрін жақсы білетін, орысша сауаты бар оны Әндіжан қаласындағы мемлекеттік банктің филиалы өзіне ұсақ кредиттер бойынша инженерлік қызметке шақырып, онда 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін істейді [2, 35-б.]. Осы қызметті атқара жүріп ол «Голос Туркестана» газетінің редакторы, белгілі эсер В.Чайкинмен танысып, оның өтініші бойынша газетке ауылдық жерлердің жағдайларын жазып тұрды [3, 62-б.].

Қ.Қожықов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде патша үкіметінің Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтарды жазалау саясатына ашық қарсылық білдірді. Әсіресе, оның ОГПУ басшыларына жазған өмірбаянында *«генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейірімсіз және айуандық іс-әрекеттерін баяндап хат жазғанын, Ташкентте эсер В.Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті редакцияның ұсынысына қосылып, Түркістанға Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап еткенін көрсеткен. Осыған байланысты Ташкентке 1916 жылы тамыз-қыркүйек айларында Тевкелеев, Керенский және Шокаевтар келіп, Чайкиннің үйінде кездесіп, қолындағы бар құжаттарын тапсырғанын»* [6, 40-б.]. – баяндаған.

Қ.Қожықов 1917 жылғы саяси өзгерістер тұсында да қоғамдық-саяси өмірге белсене атсалысады. Ол Түркістан өлкесінің жергілікті халқының мүддесін қорғау бағытында ұйымдастырылған іс-шараларға араласқан. Әсіресе, осы жылдың алғашқы айларында орнаған Уақытша үкімет Қоңырқожа Қожықовты Әндіжан уезіндегі учаскелік комиссар қызметіне тағайындайды [2, 35-б.]. 1917 жылы 17 маусымда Әндіжан қаласында Ферғана өңіріндегі қазақтар мен қырғыздар бас қосқан жиналыс кезінде «Иллития» (Көшпенді) атты ұйым құрылғанда оның төрағасы болып Қ.Қожықов сайланды. Ұйымның мүшелері қатарында К.Достов, С.Келгенбаев, Б.Мейірбеков секілді жергілікті халық өкілдері болды [8].

Көрнекті тарихшы Сәулебек Рүстемов Қ.Қожықов және түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы тақырыбындағы зерттеу мақаласында былай деп жазды: *«Уақытша үкімет жағдайында қалыптасқан ахуалға сай Қ.Қожықов төрағалық еткен «Иллития» ұйымы Ферғана өңіріндегі жергілікті халықтардың саяси белсенділігін арттыру, тұрғындарды Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлеу, азық-түлік және жер комитеттеріне өз өкілдерін енгізу арқылы жергілікті халықтың мүддесін қорғау бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыруға тырысты»* [4, 39-б.]. Қ.Қожықұлы 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі қазақтары мен қырғыздарының съезіне «Иллития» ұйымының атынан қатысты. Бұл съезге қатысқан 82 өкілдің қатарында С.Асфендияров, М.Тынышбаев, И.Тоқтыбаев, Ә.Кенесарин, С.Қожанов, Е.Қасымов секілді қазақ қайраткерлері болды. Съезде Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздарды Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге шақырған қаулы қабылданды. Бұдан өзге съезде Ресейдің болашақ мем-

лекеттік құрылысы, жер-су, халық ағарту ісі, сот, дін, баспасөз, Жетісудағы қазақ-қырғыз босқыншылығы, әйел мәселесі, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар белгілеу секілді мәселелер қарастырылды. Құрамында Қ.Қожықов бар делегаттар Ресейдің Федеративті демократиялық республика болып құрылуын қалайтындарын, Түркістан өлкесіне аумақтық автономия берілуін жақтайтындықтарын танытты.

Съезд мынадай қаулы қабылдады: орыс қоныс аударушыларына деп алынған жерлер, орыс ақсүйектерінің меншіктеп алған жерлері қазақтар мен қырғыздарға тоқтаусыз, тез арада қайтарылсын; қазақтар мен қырғыздарға тоғайлар мен ормандар ішіне мал бағуға рұхсат етілсін; суару жүйелері жеке адамдардың қолынан «земство» қарауына өтсін; орыс қоныс аударушыларының Шу мен Сырдария өзендерінің суын тиімсіз қолдануына шектеу қойылсын; қазақтар мен қырғыздарды өлкелік азық-түлік комитеті күнделікті тұтыну заттарымен қамтамасыз етсін; оқу (бастауыш білім алу) жалпыға бірдей міндетті болсын; мектепте балалар ана тілінде оқысын; оқу кітаптары мен баспасөздер «Қазақ» газеті қолданған емілемен жазылсын; орыс-түзем мектептері жабылсын; олардың орнына ұлттық мектептер ашылсын; өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың өз алдына бөлек муфтилігі құрылсын; «Бірлік туы» газеті қазақтар мен қырғыздарға ортақ басылым болсын; әйелдердің саяси құқығы ер азаматтардың құқығымен теңестірілсін; қалың мал жойылсын; 16 жасқа толмаған қызға және 18-ге толмаған жігітке некеге тұруға рұхсат етілмесін; өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың ұлттық қазынасы құрылсын; Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліскезінде Қытайға өтіп кеткен қазақ-қырғыз босқындарына мемлекет көмегі ұйымдастырылсын; елге оралған босқындарға орыс қоныс аударушыларының қысым көрсетуі доғарылсын; босқындарға ұлттық ұйымдар арқылы жылу жиналсын, т.б. [9].

Қ.Қожықов 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен I жалпы қазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды [10, 378-б.]. Ол сондай-ақ 1917 жылы 26-28 қарашада өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше съезіне қатысты [11]. Түркістан өлкесін автономия деп жариялаған бұл съезд 54 адамнан тұратын Түркістан уақытша кеңесін құрды. Оның құрамында Қ.Қожықовта болды. Түркістан уақытша кеңесі 12 орыннан тұратын Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітті. **Оның төрағасы және ішкі істер министрі Мұхамеджан Тынышбаев, сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқай, Ішкі істер министрінің орынбасары Әбдрахман Оразбаев, министрлер кеңесінің жауапты хатшысы болып Қоңырқожа Қожықов тағайындалды** [12, 444-445-бб.]. 1917 жылдың желтоқсан айының басында Орынборда өткен II жалпықазақ съезінің шешімі бойынша 1918 жылы қаңтарда 72 өкіл қатысқан Сырдария қазақтарының съезі шақырылып, онда Алаш автономиясына бұл өңір қазақтарының қосылуы немесе қосылмауы мәселесі талқыға түседі. Съезде егер Алаш автономиясы Түркістан автономиясымен одақ құрған жағдайда Түркістан қазақтарының Алаш автономиясына енетіндігі жөнінде шешім қабылдайды. Бұл жиынға Қ.Қожықовта қатысты.

Жалпы алғанда, елімізде кеңестік билік толық орнағанға дейін Қ.Қожықов көптеген қоғамдық-саяси және ағартушылық үдерістерге белсене араласып, Орта Азия халықтары мен Қазақстанда танымал қайраткер бола білді.

Қоқан автономиясы жеңіліске ұшырағаннан кейін ол күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші тәртіпке қарсы күрес жүргізу қажетсіз, тіпті зиян еке-


нін түсінді. Сондықтан да қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларымен тізе қосып, кеңес өкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, күрестің «бейбіт» жолдарын таңдайды. Қоңырқожа Қожықов Кеңестік билікке қызметке кіріп, Ташкенттегі шағын банкте инспектор міндетін атқарды. Осы қызметте жүрген Қ.Қожықов сол кездегі кеңес қайраткері Полторацкийден қазақ зиялыларын Совет жұмысына қызметке тарту жөнінде тапсырма алады [2, 35-б.].

1918 жылы Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасы құрылғаннан кейін өлкенің рухани өмірінде жаңа бетбұрыстар болды. Әсіресе, 1918 жылдың 12 қарашада өткен Түркістан Республикасы Ағарту халкомы алқасының мәжілісінде Ташкент қаласында Қазақ педагогикалық курстарын ашу жөнінде қаулы қабылданды. 1918 жылы 22 қарашада жаңадан ашылған өлкелік қазақ педагогикалық курсына (курс меңгерушісі И.Тоқтабаевтың ұсынысымен) мұғалімдікке Хиуадан Әбділазиз Байсейітов, Шымкенттен Сегізбай Айзунов, Перовскіден Қоңырқожа Қожықов шақырылды [13, 37-п.]. Қысқа мерзімде оқытушылар құрамы мен тыңдаушылар санын жинақтай алған оқу орнында нақты оқу-тәрбие ісін жолға қою мақсатында 1918 жылы 2 желтоқсан күні арнайы «Педагогикалық алқа» құрылып, оның мүшелігіне Хайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов, Фазыл Құлтасов, Емберген Табынбаев, Қоңырқожа Қожықов сайланды [14, 6-б.].

Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Ағарту бюросы 1920 жылы 19 қазанда өткен мәжілісінде «Ақ жол» газетін шығаруға шешім қабылдайды. Соның негізінде 1920 жылы 7 желтоқсанда газеттің алғашқы саны жарық көріп, оның редакциялық алқасына Иса Тоқтыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Хади Илаевтармен бірге Қоңырқожа Қожықов та сайланады [15, 50-52-пп.]. Жалпы Қ.Қожықов қазақтың басқа да зиялыларымен бірге «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналының төңірегіне топтасып, өлкедегі ұлт мүддесіне қатысты істерге бас-тамашыл болып, оны ел арасына жеткізуде елеулі ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді.

Түркістан басшылығы 20-жылдардың басында-ақ ірі педагогикалық оқу орнын (Қазақ ағарту институты) ұйымдастыру шараларын қолға алды. Ол республиканың ұлттық мектептері үшін білікті мұғалім кадрларын дайындауды көздеді. Бірақ билік құрылымдары мен қаржы мекемелері қалыптасып бітпеген жағдайда жаңа оқу орнын ашу аса ауыр болды. Осыған байланысты 1920 жылы 15 тамызда уақытша комитеттің алғашқы мәжілісі өтіп, онда Қ.Қожықовтың «Қазақ халық ағарту институтының Ережесіне сәйкес қайта құрылатын Қазақ педучилищесі мен оның жанындағы еңбек мектептерін тарату мерзімі мен тәртібі туралы» баяндамасы тыңдалды. Баяндаманы талқылағаннан кейін Қазақ ағарту институтының жұмысын жақсарту мен күшейту туралы қаулы қабылданды [16, 31-п.]. Қ.Қожықовтың төрағалығымен өткен осы мәжілісте комитет мүшесі Х.Досмұхамедовтың Қазақ педагогикалық училищесі ғимаратының санитарлық жағдайы бойынша жасаған баяндамасы тыңдалды [17, 5-п.]. Ағарту комиссариатының Алқасы 21 тамызда Ағарту институтын құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын өзгертіп, төрағалыққа И.Тоқтыбаевты бекітеді де, оның орынбасарлығына Есенов, мүшелігіне Х.Досмұхамедов, Н.Көшербаев, Қ.Қожықовтар тағайындалады [18, 59-п.]. 1920 жылы 20 тамызда Қ.Қожықов, Н.Көшербаев, Х.Досмұхамедов сынды зиялылар бас қосқан ұйымдастыру комитетінің кезекті отырысында Қазақ ағарту институтының оқу бағдарламасы талқыланады [19, 14-п.].

Нәтижесінде 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында Қазақ халық ағарту институты ашылды [20, 1-2-пп.]. Міне, Қ.Қожықов осы Қазақ ағарту институтында тарих, география пәндерінен дәріс беріп [21, 18-п.], Өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне белсене араласады [1, 54-б.]. Сонымен қатар, мемлекеттік банк меңгерушісі қызметін қоса атқарды. Өлкедегі «Қосшы» одағын ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі болды. Сонымен бірге, Қ.Қожықов Жетісу облыстық революциялық комитетінің мүшесі ретінде 1921 жылы басталған жер реформасының бақылау міндеті жүктеліп, сол жылы ол Түркістан өлкелік Кеңестер съезінде сол аймақтың Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды [2, 35-б.]. Міне, осы кезден бастап Қоңырқожа жер бөлу, су пайдалану және шаруа қожалықтарын ұйымдастыру жұмыстарына да белсене араласты. 1922 жылы Қытайдан оралған қазақтарды Жетісуға орналастыру және аштыққа ұрынған қазақтарға жәрдем көрсету жөніндегі төтенше өкілдік жұмысын атқару тапсырылды. Оған өз ісінің білгірі, жер жағдайын, халықтың тұрмыс-тіршілігін жетік білген маман ретінде жауапты міндеттер жүктеліп, осының бәрін бейбіт түрде әділ шешіп отырды. К.Алтайский мен М.Қаратаевтың авторлығымен жарық



көрген «Гудок в степи» атты кітапта Жасанкөлге қатысты тығырыққа тірелген шиеленістің шешімін тапқаны үшін бұл жиын «Қоңырқожаның съезі» деген атау алғаны жазылады. Сонымен қатар ол аймақтанушы-сарапшы ретінде Қазақстан шекарасын белгілеу жұмыстарына қатысқан. Молотов жазбаларында: «Қазақстанның шекарасы сауатты жасалғаны сонша Ленин оған ешқандай түзету енгізбеді, тек құжат Тәшкенге қатысты сұраққа байланысты тартпада жатып қалды» [22] делінген. 1922 жылы ол Әулиеатада уездік жер басқармасында істеді. Жетісу өңіріне жиі экспедицияға шығып, көне қорғандар мен ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Орхон жазуы, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Келіншектас, Ақтас мазарлары туралы ғылыми еңбектер жариялады. Араб, парсы, шағатай тілдерін жете меңгерген ол осы тілдердегі тарихи және әдеби шығармаларды қазақшаға аударды [1, 54-б.].

1925 жылы Түркістан АКСР-і тарап, еліміздің оңтүстік аймақтары Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің құрамына енді. Сол жылы көктемде Қ.Қожықов жаңа астана Ақмешіт қаласында еліміздің бүкіл еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР

кеңестерінің бес күнге созылған V съезіне қатысып, Ақмешітті Қызылорда деп өзгертуге тікелей ықпал жасайды [23, 93-94-бб.]. Бұны тарихшы-ғалым Х.М.Тұрсын өзінің «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты еңбегінде Дінше Әділовтың 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабынан алады. Онда «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан неге деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезд төралқасынан кезектен тыс сөз алып ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау, екіншісі Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» [6, 48-49-бб.], – дейді. 1928 жылы Қ.Қожықовтың «О проблеме оседлости казахов» атты кітабы жарық көрді.

Қоңырқожа Қожықов Алматыдағы тұңғыш ұлттық мәдениет институты, өлкетану мұражайы мен өнер училищесінің ашылуына тікелей ықпал жасаған. Сол уақытта ол Қорқыт ата кесенесін, Қожа Ахмет Яссауи мазарын, Сауран, Отырар қалаларының орнын мемлекет қарауына алу туралы да бастаманы көтерген. Тарихи мұралар Атласын жасауға атсалысқан. 1935 жылы «Жетісудің ежелгі ескерткіштері» атты кітап шығарған [1, 54-б.]. КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалында еңбек етіп жүріп С.Асфендияров пен П.А.Кунтениң редакциясымен 1936 жылы жарық көрген «Прошлое Казакстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі болды [6, 40-б.]. 1938 жылы жылы тұтқындалғанға дейін ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде ғылыми қызметкер, ориенталист қызметін атқарып, сирек қорды толықтыру бағытында жұмыс жасаған. 1936 жылы кітапхана қорын сирек басылымдармен толықтыру мақсатында арнайы бригада құрылып, Түркістан, Сайрам, Қарабұлақ, Ташкент, Орал, Қазан қалаларына іссапар ұйымдастырылған. Сол іссапарға кітапхана директоры Б.М.Жұмабаев, Қ.Қожықов қатысқан. Сол іссапардың нәтижесінде 1936 жылы Қ.Қожықов «Шахнаманың» шағатай тіліндегі нұсқасы мен Саураннан Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидің «Хикмет Хазірет сұлтан әл-гарифин» қолжазбаларын іздеп-тауып тапсырған [24, 27-б.]. 1938 жылы Алматы қаласында тұтқындалып, халық жауы деп атылған. Хрущев жылымығы кезінде 1957 жылы 23 желтоқсанда ол халық жауы деген жаладан ақталып шығады.

Жалпы жоғарыда келтірілген мәліметтерден кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қ.Қожықов қоғамдық-саяси жұмыстардан гөрі ғылыми-ағартушылық салаға көбірек ден қойғанын байқаймыз. Өйткені әкімшілік аппаратын нығайтқан кеңестік тар, таптық жүйеде мемлекеттік маңызы бар салаларда жұмыс істеу, әріне, мүмкін емес еді. Сондықтан, кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы педагогикалық курс пен қазақ ағарту институтын ұйымдастырып, дәріс беруі, ғылым жолындағы ізденістері мен табыстары соның айғағы боп қалмақ.

Қоңырқожаның үлкен ұлы Қожахмет 1910 жылы Қызылордада өмірге келген. Қазақтың ұлттық бейнелеу өнерінің қарлығашы, 1953 жылы Алматыда қайтыс

болды. Екінші ұлы Құлахмет 1914 жылы Түркістанда туып, 1986 жылы Алматыда қайтыс болған. Белгілі театр, кино суретшісі, графикші. Үшінші ұлы Нұрахмет 1916 жылы туылып, 1990 жылы Алматыда қайтыс болған. Скульптор-монументалист. Қ.Қожықовтың кенжесі Сұлтанмахметтің 1923 жылы Таразда туған, 1988 жылы Алматыда дүниеден озды, атақты кинорежиссер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Қыз-Жібек» фильмінің қоюшы режиссері болған [1, 54-б.].

Қорыта келгенде, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы ғалым Қоңырқожа Қожықовтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметін сол кездегі әлеуметтік үдерістермен байланыстыра жан-жақты ашып көрсету үшін зерделі зерттеу жүргізіп, шығармаларын жарыққа шығару қажет. Ол үшін Қоңырқожа Қожықовқа қатысты Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты мен Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты қорларындағы құжаттармен жан-жақты танысып, ғылыми негізде саралау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дайрабай Т. «Қоңырқожа мен Ләтипа». // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 54-55. (Қоңырқожаның жары Ләтипа Қожықова – сән және қолданбалы өнер шебері, Қазақстан, КСРО Суретшілер одағының мүшесі).
2. Қойгелді М. Қоңырқожа Қожықовтың қызметі (тергеу материалдары негізінде) // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 34-36.
3. Бәкірұлы Ә. «Мұстафа Шоқай (деректі хикаят). – Алматы: «Бастау», 1997. – 165 б.
4. Рүстемов С. «Қоңырқожа Қожықов және түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы». // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 37-40.
5. Қожықов Қ. Әліппе. – Орынбор, 1912.
6. Тұрсын Х.М. «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты». Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. – Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. Т.3. 407 б.
7. Загидуллин И.К. Исламские институты в Российской империи: Мечети в европейской части России и Сибири. Казань: Татар. кн. изд-во, 2007. – 416 с.
8. «Илляция» // Знамя свободы. – 1917. – 21 июнь.
9. Түркістан аймағындағы қазақ-қырғыздардың жалпы жиналысы // Бірлік туы. – 1917. – 20 август.
10. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 б.
11. Ішкі хабарлар // Бірлік туы. – 1917. – 23 декабрь.
12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Ал.: Санат. 1995. – 365-б.
13. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 34-қ., 1-т., 97-іс.
14. Тилеукулов С., Оразымбетов Ш. Первый Казахский институт в Ташкенте (сборник документов и материалов). – Ташкент: ТГПУ им. Низами, 2005. – 160 с.
15. ӨРОММ. 34-қ., 1-т., 2641-іс.
16. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 7-іс.
17. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 17-іс.
18. ӨРОММ. 39-қ., 1-т., 407-іс.
19. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 29-іс.
20. ӨРОММ. 372-қ., 1-т., 20-іс.
21. ӨРОММ. 34-қ., 1-т., 431-іс.
22. Жалғасова Г. «Қазақ өнеріндегі Қожықовтар қолтаңбасы» // Сыр бойы. – 2018. – 12 сәуір.
23. Айдосов А., Қалиев Ы., Кереев М. «Қызылорда» Қызылорда: Тұмар 2005 ж. 246-б.
24. Исахан О. «Қоңырқожа Қожықов – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым». // Ұлттық кітапхана. – 2010. – №2. – Б 27.

ӘЛІБАЙ МЕРГЕН

**Жанжигіт ОРАМАХ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті тарих және дінтану кафедрасының
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты**

Оспан батыр Исламұлы басшылық еткен Шығыс Түркістан ұлт-азаттық соғысында оның қасында болып, талай ұрысты бірге бастан кешкен қандыкөйлек қаруластары, шынайы достары мен қолдаушылары Ырысхан, Сүлеймен, Бүркітбай, Жылқайдар, Қапас, Қабай, Әселбай, Мұса, Келес, Жәмшитхан, Тоқтаған, Зенков, Рахадыл, Әлібайлар болған [1]. **Солардың бірі де бірегейі – зайсандық Әлібай Өшекұлы (Өшекті «Пішпе» деп те атаған).** Ол қас мерген, Оспан батыр әскерінің шолғыншысы болған. Әлібайдың мергендігі туралы баспасөз беттерінде аз-кем мақалалар жарық көрген. Дегенмен, мергендік, шолғыншылық, соңғы өмірі мен оның ұрпақтары жөнінде туған жерінде болмаса, еліміздің басқа аймақтары ол туралы толық білмейді десек артық болмас. Сондықтан да мергеннің ерлігін оқырмандарға жеткізуді ниет еттік. Әлібай мерген А.Имановтың мергені Кейкі батырдан кем болмағанға ұқсайды. Оның қазаққа қырғидай тиген қызыл әскердің жиырма үш сарбазын жалғыз өзі жер жастандырған аңызға айналған ерлігі жаудың өзін таң қалдырған [2]. Азаттықтың ақ туын көтерген Оспан батырдың көтерілісіне Әлібай мерген басынан соңына дейін қатысқан.

Әлібай Өшекұлы шағыр меркіттің Жансары кіші атасынан тарайтын бәтешке руына жатады. Ол 1878 жылы қазіргі Зайсан өңірінің Саятерек деген жерінде дүниеге келген. 1916 жылы патшалық Ресейдің ауыр алым-салығы, құқықтықжаныштауы, саяси қысымдардың салдарынан меркіттердің бір бөлігі Шыңжаң шекарасына жетіп, жылжи-жылжи Еренқабырғаның Манас ауданына келеді. Осы жерде біраз уақыт қоныс теуіп, халыққа бас болып жүрген өндірген руынан Қазақбай қажы, бәтешке руынан Сақари қатарлы адамдармен достасып, осы топқа кіреді. Меркіттер біраз ел болып, Манас өзенінің бойындағы «Күкірт» деген жерде қыстап, жазда жайлауға шығып, ес жиып, тұрғылықты ел санатына қосыла бастайды. Шамамен екі жылдай осы жерде тұрақтап, 1918 жылы бұл ауыл қайтадан Зайсанға көшеді. Бұған себеп болған жағдайдың бірі сол кезде Манастың таулы өңірі аз ғана ханзу байлары мен ұйғырлардың иелігінде болатын. Бұл жағдай азып-тозып келген ауылға тиімді бола қоймады. Мал өріске, ауыл қонысқа жарымай, қысылшаң күй кешеді. Енді бір себеп – ауылды бастап жүрген ақсақалдардың бірі Сақари Зайсандағы елгелдінің маяқ деген атасынан тарайтын Шолты бидің немересі Бәтен Смағұлқызына құда түсіп қойып, ұлы Сатыбалдыны үйлендіре алмай кеткен еді. Сақари осыған бола қайта көшкенде туысымызды жалғыз жібермейміз деп (ішінде Әлібай да бар) бірталай отбасы бірге көшіп, атамекендеріне қайта оралады [3]. Бірақ, күндер өте келе жағдайлары тағы қиындап, жергілікті үкімет түрлі салықтарды көбейте бастайды. Әсіресе, малмен айналысқандарға астық салығын салып, белгілі уақытта бөлен келі ет, май, астық тапсырасың деп талап етуі малшы қауымның арқасына аяздай батады.

Қисынсыз саясатқа қарсы шығамыз деп бірталай адам жер аударылады. Қазақбай қажының інілері Мазақбай мен Баймолла, Әлібайдың туған інісі Өнжанның қолына кісен салып, Ақмолаға айдалады. Бұдан тыс қазақ жерін ашаршылық жайлап, ауылдарда топ-тобымен адам қырылады. 1929 жылы Әлібай ауылына да осындай қатер төніп, бұрын құлақ естіп, көз көрмеген қатал тәртіп жүре бастайды. Ауыл адамдарын бір жерге жинау үшін киіз үйдің бәрін колхоздың кеңсесінің алдына тіктіріп, олардың қыбырқимылын қалт жібермей, қазақтың өз ішінен қызыл белсенділер шығарып, бір-біріне айтақтап, аңдытып тырп еткізбейді. Мұндай қысымға төзе алмаған олар өзара ақылдасып, бір-ақ түнде киіз үйлерін тастап, малдарын айдап Шыңжаң шекарасына үдере көшеді.

Көш күні-түні суыт жүріп, екінші күннің таңында Кендірлік өзенінен өтіп, ат-көліктері, адамдары әбден шаршап-шалдыққан еді. Ауыл ақсақалдары Тұрғынбай би, Мұстақи, Кәдірбай, Жазбай Жамантай асуына жеткенде аз-кем дамылдап, әлденіп алайық деген шешім қабылдайды. Екі күннен бері жетпеген жау дәл қазір келе қоймас деп, екі адамды төбе үстіне күзетке қойып, өздері сайға түсіп, қатар тұрған екі ағаш үйдің алдына келіп шай іше бастайды. Ұзақ дамылдауды Әлібай ұнатпаған еді. Ол *«жүрегім бір түрлі қобалжып тұр. Не болса да шекарадан өтіп дамылдайық»* десе де, қалғандары қостамады. Әлібай шай ішіп отырғанда да мылтығын тастамай ұстап отырғанын әжуалап Тұрғынбай би: *«Көзіңе қос көрініп отыр ма? Шошаңдатпай тастасаңшы ана мылтығыңды»*, – дейді. Әлібай бұл сөзге күліп қойып, *«Әлде қалай іс болса орным анау жер болады»* деп бес-алты метр жердегі жыраны көрсетеді [4].

Көп өтпей өздері күзет қалдырған жақтан оқ жауып, далаға жайылған дастарханның төрінде отырған Тұрғынбай би сұлап түседі. Басқаларға да оқ тиеді. Әлібай мылтығын ала жамбастай сырғып жаңа ғана өзі айтқан жыраға түсіп, біраз өрлеп жырадан шығып, қалың өскен шөпке қарай ұмтыла бергенде артында келе жатқан Қалит дейтін інісі: *«Аға, аяғыма оқ тиді»* деп Әлібайға жыламсырайды. Оны аяп, Әлібай ентелей бергенде Қалитке тағы бір оқ тиіп, енді ғана он жетіге келген қыршын жас сол жерде жан тәсілім етеді. Жанындай жақсы көретін аяулы інісінің ақырғы дем алған түрін көріп, көз жасын тыйып, Әлібай бойына сабыр жинайды. Қанды қанмен жумасам Әлібай деген атым өшсін деп, ар жақ беттен ентелеп сайға түсіп келе жатқан солдаттарды нысанаға алып ата бастайды. Жаңа ғана пулемет пен мылтықтардан шыққан оқтан бауша түскен адам, шыңғырған ат-көліктердің жан тапсырар сәттегі дыбыстарынан соң дүние тыныштала қалған-ды. Сәл тыныштықтан кейін солдаттар масайрай «уралап» ендігі шаруа көтерілісшілердің артта келе жатқан қатын-бала, кәрі-құртанды басып алып, мүліктерін олжалап, тергеп-тексермей, үкім шығармай баудай түсіру еді.

Бірақ, іс олар ойлағандай болмады. Көтерілісшілер атқан оқтан солдаттар бірінен кейін бірі жер құша құлап жатты.

Шекараны тыныштандыру, бандыларды жою отрядының бастығы Колпаков солдаттарына дереу тасалануды бұйырады, олар енді тасбұта, бүргендердің түбіне жата кетіп, бастарын қылтитқанын қойды. Олардың аңдығаны оқтың шыққан жері еді. Әлібайдың жатқан жерін нысанаға алған олар атуды енді солай қарай бағыттайды. Жаңбырша жауған оқтан кейін мылтық үні де өше қалды. Шаруасы бітті деп жорыған солдаттар ашыққа шығып, сайға беттей бергенде-ақ мылтық тағы атылып, ашық нысанға айналған солдаттар жанұшыра өкіре құлайды. Осылай аңдысқан ойын бірнеше рет жалғасты. Әлібай ебін тауып биікке көтерілді. Мылтық енді биік шоқының түбінен атылып, солдаттардың әңкі-тәңкісін шығарады. Көздеп атса да, солдаттарын қансырата бастаған тажалдың көзін тез жойғысы келген Колпаков жирен атына мініп, мылтық атылып жатқан шоқының артын айналып басына шығып алған соң, әскерлеріне мылтық атылған бағытты сілтей бастайды. Әлібай шалқая жатып, шоқы басындағы Колпаковты нысанға алып та үлгереді. Атарға жалғыз оғы қалып, қолға түсіп, көпірге қор болғанша өзіме қол салайын деп отырған Әлібай кездігін суырып алып, алдына домалап келген Колпаковтың айқыш-ұйқыш таққан құрым белдіктерін қия салып, оқ қапшықты жанына қойып, су жаңа орыс шолоқ бесатарымен және бытырлатты. Сол заманның сапасы озық, түзу мылтығы қолына іліккен Әлібай мерген енді қылт еткенді қағып түсіре бастайды. Атыс бәсеңсіді. Өз қаруластарының бірен-сараңы болмаса оқ тиген орындарында мәңгілік көз жұмған. Әлібай өліктерді бір-бірден көтеріп, беттерін құбылаға қаратып, ағаш үйдің ішіне тізіп жатқызды да, бет-жүздерін өз киімдерімен жауып, құран бағыштайды. Аз тыныстаған ол екінші үйдің есігін ашып қараса, түгелдей сап-сары ала киінген 23 солдат мүрдесі екен. Бір ғажабы, тірі қалғандары өлгендерінің бәрінің бастарын кесіп әкетіпті. Осы ұрыс Әлібайдың мергендігімен қатар оның батырлығын, ұрыс жүргізу тәсілдерін, тактикасын терең білгендігін дәлелдейтін сияқты. Міне, Жамантай асуындағы шайқастың тарихы осындай. Әлібай іштей өзіне-өзі риза болып *«сен бізден он тоғыз адам жалмасаң, мен сенен төртеуін артық етіп орындаған екем»* деп, екі мылтығын иығына салған беті Қытай шекарасына жол тартады.

Әлібай мерген сол жүргеннен мол жүріп, Қабыл тәйжінің ауылына келіп, бір жылдай сол ауылды паналайды. Ауыл адамдары оның орташағана бойы бар, шымыр денелі тұлғасынан батырлықтың, мергендіктің нышанын іздеп, мылтықты неше жасыңыздан бастап кәсіп қылдыуыз деп сұрағандарға: *«он жеті жасымда өкем қыстауға жұмсап, барсам арқандаулы атымды алты қасқыр талап жатыр екен, солардың екеуін атып алдым, содан бері атқан оғым далаға кеткен жоқ»* деп, сөзін қысқа қайырған екен. Әлібай Еренқабырғада ұйғыр байларының малын бағып, туыстарына барып, қызыл қырғынның жағдайын айтып, біраз уақыт сол жақта тұрып, Зайсанға келеді. Елдің сыйлы ақсақалы Сақари мал бағып жүрген жерінде Әлібайды көріп, екеуі жылап-еңіреп табысады. Өңгіме арасында Әлібай өзінің өмірі туралы айтады. Сақари қызыл қырғыннан кейінгі аман қалғандарды колхозға кіргізіп, қазір олар есен-аман өмір сүріп жатқанын хабарлайды. Сақари қанағаттанарлық пейілмен сенімен атысқандар «Әлібай» десе шошитын болды. Жиырма үш әскер ішінде Колпаковты атып өлтіргенін оларға қатты батып кеткен сияқты [5]. – деді.

Әлібай Зайсанда бір жарым ай жатып, туыстарымен алыстан араласып, күндіз етік тігіп,

іздеуде жүрген соң түнделетіп үйіне барып қайтатын. Бөгде адамдарға көп көрінбей, туыстарын аралап жүре береді. Туыстарының ішінде өзіне күйеу болып келетін милиционер Сақаба дейтін азамат Әлібайға ақыл айтады: *«Сіз қашанғы қашып-пысып, тығылып күн көресіз? Ауылдарыңыз ертерек жайлауға шықсын. Содан әрі Қытай асып кетіп қалыңыздар. Оның қағазын мен жасап берейін. Сіздер кеткен соң мен бір дақпырт таратайын. Іс сонымен тәмам болады»*, – дейді. Сақабаның ақылымен Бәтінше ауылы жайлауға көшті де сол кеткеннен мол кетіп, Жеменей ауданына жетіп тыныстайды. Сақаба уәдесіне сай: *«Әлібай Қытай жерінен құралайды көзге атқан елу мерген жинап, өз ауылын Қытай асырып кеткелі жатыр екен»*, – деген қауесет таратады. Әлібайдың оғынан қорыққан, болмаса оны ұстай алмайтынына көздері жеткендер қуудан бас тартады. Әлібай ауылы мал жағдайына қарай бірде Жеменейде, бірде Қаба, Буыршыға көшіп-қонып, бірер жыл тұрады да, кейін шекарадан өткені үшін тиісті ақы төлеп, Манас жеріне қайта келеді. Бірақ біраз үймен бірге Әлібай отбасы Жеменейде қалып қояды.

Замандастарының айтуынша, Әлібайда көз мергендігі мен қол мергендігі бірдей көрінеді. Алпысты алқымдаған кезінде де көздегенін қалт жібермеген екен. 1944 жылы Оспан батырдың Жылқайдар, Тескенбай, Балтабай, Манат сияқты батырлары Жеменейден әскер алуға келгенде Әлібайға *«нысана қояйық атыңыз»* деп қолқалайды. Әлібай сұқ саусақтың жалпақтығындай жаңқаны алыстан атып ұшырғанда батырлар қатты таң қалады. Оспан батыр гоминьданьмен соғысатын болып, Жеменейден әскер алғанда Әлібай бір мезгіл шолғыншы болады. Жылқайдар батыр Алтынбек байдің қызына құда түсіп жатқанда Әлекең бір топ шолғыншымен Тарбағатайдан Алтайға жасырын келген үш күмәнді адамды ұстап алады. Ұсталған үш қазақтың қолында құпия жеделхат бар екен. Онда Алтайдағы гоминьдан армиясын Жеменейге, Тарбағатайдағы гоминьдан армиясын Қобыққа жинап, Сауырдағы Оспан әскерлерін, барлық қазақтарды қоршауға алып, қырғындау туралы жазылған еді. Осы мәлімет қолға түскен соң, Оспан адамдары Жеменей, Қабақ, Қобық аудандарындағы жергілікті халықты түгел кеңес жеріне өткізіп, Жеменейді қыстай қоршап, бір адамды сыртқа шығармай, не ішке кіргізбей қатаң күзеттіреді. Ақыры, аштыққа шыдамаған гоминьдан әскерлері көктемгі қараөзек шақта *«жатып өлгенше қашып өлейік»* деп қоршауды бұзып қашады. Жеменей партизандары қашқан жауды өкшелей қуып, жаудың зор көлеміндегі қарулы күштерін жойып, Жеменей ауданын жаудан азат етеді [4]. Әлібай арғы бетте жүргенде сақтық үшін атын «Бөсер» деп өзгертеті. Қанша сақ болғаннан, біреуден-біреу естіп, оның Әлібай екенін көп адам біліп қояды, бірақ ешкім сатпайды. Әлібай 1946 жылы Манастағы туыстарына келіп қосылады. **1947 жылы маусым айында Манастың «Күкірт арасаны» деген жерінде созылмалы тері ауруынан қайтыс болған.** Өз үйі тау жақта болғандықтан, сүйегін Сақаридың кенже баласы Шәкидің үйінен шығарып, Көкөзектің күнбатыс жағындағы «Бейітсай» деген қорымға жерленеді [6].

Әлібай өмірінде бір некелі болған адам. Оның қосағы Рәзия (Нұрбала) ерекше әдемі, нұрлы жүзді болғандықтан, қайнылары еркелетіп «Нұрбала» деп атап кеткен. Әлібай мен Рәзиядан тараған ұрпақтар, әр түрлі мамандықтың иесі болып, жоғары білім алып, Қытайда өмір сүріп жатыр. Әлібайдың мергендігі мен шолғыншылығы туралы әлі де айтылмаған, зерттелмеген тұстары баршылық. Ол енді болашақтың еншісінде.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихтағы ақтаңдақтарды тауып, құрмет көрсету басталды, жалғасып та жатыр. Әлібай туралы естеліктер мен тарихи деректерге негізделген шығармалар болашақта дүниеге келетініне сенейік.

Айта кететін бір жәйіт: Зайсан қаласының дәл ортасындағы Әлібайдың қолынан қаза тапқан Колпаковтың мүсін-ескерткішін алып тастап, Әлібай мергенге көшенің аты беріліпті. Қуанарлық жағдай. Енді сол ескерткіштің орнына Әлібай мергеннің ескерткіші өзінен-өзі сұранып тұрған жоқ па? Бұл батырға көрсетілген құрметтің соңы еместігіне үміттенейік.

XX ғасырдың 40-50-жылдарында Шығыс Түркістанда тарихи із қалдырған ұлт-азаттық қозғалыс жеңіліске ұшырап, қазақтар шөлейт және таулы аймақтарда өмір сүріп, ақыры біраз бөлігі Үндістанға кетуге мәжбүр болды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о подвиге снайпера Алибая, в котором проявил в национально-освободительной борьбе против гоминьдановской власти под предводительством Оспан батыра.

Ключевые слова: снайпер, разведчик, граница, ружье, зимовка, гоминьдан, партизан, истребление, Жеменей, солдат.

The article tells about the feat of sniper Alibay in which he showed in the national liberation struggle against the Kuomintang government led by Ospan Batyr.

Keywords: sniper, scout, the border, gun, wintering, kuomintang, partisans, extermination, Gemini, soldier.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Мауқараұлы А.** «Банды деп жүргеніміз батыр болып шықты» // Жас алаш - 2019, 18 маусым.
2. **Өрібаев А.** «Әлібай батыр». Интернет. «Қазақ үні».
3. **Сейітбек С.** «Аты аңызға айналған Әлібай батыр». // Жас алаш, 1998, 14 наурыз.
4. Интернет. Facebook.kz
5. **Сәмитұлы Ж.** Шығыс Түркістан республикасы және оның басшылығы 1996. // Қазақ тарихы, № 1, 80 б.
6. **Әбілқасым С.** «Қызыл қырғын». // Қазақ әдебиеті, 1992, 12 желтоқсан.

ГУРЬЕВ ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПОДАҚТАР КЕҢЕСІНІҢ БАСШЫЛАРЫ

Аккали АХМЕТ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
тарих ғылымдарының докторы, қауым. профессор
Гүлбану ЕРТҮГЕЛ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

2018 жылдың 3 қазанында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының кезектен тыс XXV съезіне жолдаған құттықтау хатында Н.Ә.Назарбаев: «*Бүгінде Кәсіподақтар федерациясы – 2 миллиондай адамды біріктіріп отырған еліміздегі аса ірі қоғамдық ұйым. Жұмыс істеп жатқан 18 мыңға жуық бастауыш кәсіподақ ұйымдары еңбек дауын шешуге, еңбекшілердің құқықтарын қорғауға, еңбек шарттарымен қауіпсіздігін жақсартуға ықпал етіп, жұмыс берушілермен жұмыскерлер арасындағы басты медиатор болып отыр*» [1], – деп атап өткен болатын.

Кәсіподақ ұйымы қызметкерлер өмірінде үлкен рөл атқарады. Кәсіподақ қызметкерлер құқықтарымен мүдделерін сақтауға ерекше кепілдердің бірі. Түрлі деңгейдегі кәсіподақтар еңбек және әлеуметтік қатынастармен байланысты, түрлі салалардағы олардың ұсынуымен қорғауын қамтамасыз етуді қызметкерлер мүдделерін қалыптастырады және тұжырымдайды. Кәсіподақ – қызметкерлердің құқықтарымен мүдделерін жарғылық тапсырмаларға сүйене отырып ұсынатын және қорғайтын қоғамдық бірлестік. Олар – өз мүшелерінің еңбек және тағы да басқа әлеуметтік-экономикалық мүдделерін ұсынуға және қорғауға арналған, олардың кәсіби мүдделерінің ортақтығы негізінде, азаматтармен ерікті түрде құрылатын өздік, бекітілген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктер. Өткен ғасырда кәсіподақ ұйымы ұжымда еңбек дауын шешу, қызметкерлердің құқықтарын қорғау, еңбек шарттары мен қауіпсіздігін жақсартуға ықпал етіп, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер арасындағы басты дәнекер болғаны белгілі. Кәсіподақтың басшы қызметкерлеріне әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау жұмысының тиімділігі, кәсіподақ ұйымдарын

ұйымдастырушылық жағынан нығайту жөнінде әрдайым тұрақты да жан-жақты іздену, оны жүзеге асыра білу жұмыстарын талап етеді. Осы жұмыстардың басында жүрген кәсіподақ ұйымы басшыларының еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау, кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастырушылық қызметін нығайту саласында қол жеткізген жетістіктері туралы айту парызымыз. Өз уақытында сондай талап биігінен көріне білген Гурьев облыстық (қазіргі Атырау) Кәсіподақтар кеңесінің басшыларына тоқтала кетсек.

Соғыстан кейінгі ауыр жылдары Бүкілодақтық Кәсіптік Одақтар Орталық кеңесінің (ВЦСПС) XIX Пленумы қаулысы негізінде 1948 жылдың 1 қарашасында өткен Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесінің құрылтай конференциясында Ғ.М.Жұмаханов бірауыздан төраға болып сайланды. Конференция барысында ұйымдастыру бюросының төрағасы Ғ.М.Жұмаханов баяндама жасады. Баяндама барысында «Республикаларда, аймақтарда, облыстарда кәсіподақтар кеңесін құру» туралы Бүкілодақтық Кәсіптік Одақтар Орталық кеңесінің XIX Пленумының шешімі және облыс кәсіподақтары алдында тұрған міндеттері туралы мәселелерге жан-жақты тоқталды. Бұл жұмысты ол 1954 жылға дейін абыроймен атқарды. Жаңа сайланған облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасының өмір жолдарына назар аударсақ, кеңес-партия жұмыстары саласында ұзақ жыл қызмет атқарған, өмірлік бай тәжірибесі бар қызметкер екенін аңғаруға болады.

Ғұмар Мұсаұлы 1897 жылы Теңіз ауданы (қазіргі Құрманғазы), Ботақан ауылдық кеңесінде шаруа отбасында дүниеге келген. Ол еңбек жолын 12 жасынан бастады. 1918-1919 жылдары Қызыл Армия

қатарында болып, Гурьев уезіндегі ақ бандыларды жоюға қатынасты. 1919-1921 жылдары Астрахан балық зауытында жұмысшы, 1922-1924 жылдары Орынбордағы кеңес-партия мектебін, 1929 жылы Ташкент, 1937 жылы Москва қалаларындағы директорлар курсында оқыды. Білікті кадр Гурьев қаласында орналасқан «Қазбалықтрест» басқарамасы директорының орынбасары, Баку қаласындағы «Қарабұғазтұз» трест басшысының орынбасары, Қазақ КСР Халық шаруашылығы Орталық кеңесі төрағасының орынбасары сияқты жауапты қызметтерді атқарған. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдары Гурьев қаласындағы Жайық-Каспий мемлекеттік тресінің директоры, Еңбекшілер депутаттары Атқару комитеті Гурьев облыстық кеңесі төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды [2, 1-2 п.]. Ғ.М.Жұмаханов 1951 жылы Гурьев қаласы кәсіподақ белсенділерінің жиналысында облыс және қаладағы өндіріс мекемелеріндегі еңбекшілер арасында ұйымдастырылған жарыстарды жан-жақты өрістетуді қолға алды. Бұл жарыста қажырлы еңбектерімен көзге түскен «Қазмұнайқұрылыс» тресі, №7 құрылыс басқармасы, Орынбор темір жолына қарасты Гурьев бөлімшесі, 2-ші арақашықтағы жол мекемесі өндіріс ұжымдарының озық әдістеріне зор мән берген облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы олардың озық іс-тәжірибелерін облыс көлемінде таратуға ерекше ықпал етті. Сонымен бірге төраға социалистік жарыс пен социалистік міндеттемелер қабылдауда жіберген кемшіліктері үшін облыстық жергілікті өндірістік мекемелер, тері комбинаты, өндірістік комбинаттарда қарапайым еңбек адамдарының сапалы еңбек етуіне жағдай туғызылмай отырғанын өткір сынға алды. Соғыстан кейінгі халыққа қызмет көрсетуде сауда қызметкерлері мен байланысшылар кәсіподағы облыстық комитеті де бұл жұмыста біраз кемшіліктер жіберіп отырғандығы да төрағаның назарынан тыс қалмады. Облыс кәсіподақтар кеңесінің төрағасы қызметінде болған жылдары Ғұмар Мұсаұлы сын және өзара сын мәселесіне ерекше мән беріп, қызмет бабында жіберілген кемшіліктер мекеме басшыларынан басталып, төмен деңгейге дейін, яғни жекелеген қатардағы қызметкерлердің атына жеке тоқталып отырды. Соғыстан кейінгі өндіріс орындарында еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігінің де мардымсыз жағдайда екендігіне назар аударды. Соғыс жылдарында Украинадан эвакуацияланған Петровский атындағы зауытта жұмысшылардың еңбек жарақатын алу көбейіп отырғанына көңіл бөліп, зауыт басшылығына кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныс-пікірлерін берді.

Кәсіподақтар кеңесі төрағасы жасаған баяндамада ерекше көңіл бөлінген мәселе халықтың денсаулығы болды. Баяндама барысында дәрігерлік мекемелердегі орын алған кемшіліктерді, мұнайшылар емханасы ота жасау бөлімшесінің дәрігерлері Шехтер, Самойлова, Маниев тарабынан еңбекшілерді емдеуде ауруды анықтау және сауықтыру-емдеу құжаттарын толтыруға немқұрайдылықпен қарайтыны, жауапкершіліктің жоқтығы атап көрсетілген [2, 5-6-пп.]. Кәсіподақ саласының ардагері 1966 жылы 69 жасында дүниеден озды.

1956-1960 жылдар аралығында Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесін Т.Е.Горбунова басқарды. Татьяна Ефимқызы 1914 жылы Атырау қаласында туған. 1946 жылдан партия мүшесі. Ол Гурьев мұнай техникумын аяқтаған соң, 1939 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде мұнай өндіру технигі, мұнай өндірудің шебері, еңбек және жалақы бөлімінің бастығы еңбек жолынан өтті. 1940-1947 жылдары Байшонас мұнай кәсіпшілігінде бөлім бастығы қызметінде болды. Соғыс жылдары мен бейбіт өмірдегі ерен еңбегі үшін «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі

үшін» «Еңбектегі ерлігі үшін» және бірнеше медальдармен, грамоталармен марапатталды. 1947-1952 жылдары партия, кеңес қызметіне ауысып, облыстық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі қызметтерінде болды. 1952-1956 жылдары «Қазмұнайгаз барлау» тресінде бөлім бастығы, трест бастығының орынбасары қызметтері лауазымында еңбек етті. 1956 жылы Т.Е.Горбунова Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы болып сайланды. Бұл жылдары кәсіподақ ұйымы тарапынан білім беру саласына ерекше көңілі бөлінді.

1959 жылдың 29 мамырында Гурьев облыстық кәсіподақ комитетінің IV Пленумы өтті. Мәжіліске облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы Т.Е.Горбунова мен жергілікті кәсіподақ төрағалары және облыстық партия комитетінен З.Б.Қүсіпқұлов және 25 кандидаттан 16 пленум мүшесі, 8 аудандық кәсіподақ төрағалары, 18 мектеп директоры қатысқан. Пленумның күн тәртібінде қаралған мәселелер Есбол ауданы мектептерінің өндіріспен байланысы және қоғамдық-пайдалы еңбектің өткізілуі мен оны жақсарту шаралары (Баяндамашы аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі К.Төленбаев) және мектеп шеберханалары туралы Ленин атындағы орта мектептің директоры А.А.Плешкованың баяндамаларын тыңдап, талқылау. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған Гурьев педагогика институтының доценті Левченко мектеп шеберханаларының жағдайы және оның негізгі атқаратын функцияларына, шеберханаларда жұмыс жасайтын оқушылардың жас ерекшеліктеріне тоқталды. Ол Ленин атындағы орта мектеп еңбек сабағын Петровский зауыты базасында өткізетіндігін айта келіп, мектеп әкімшілігі тарапынан зауыттың бар мүмкіндігін пайдалана алмай отырғанын облыстық халыққа білім беру кәсіподақ басшыларының назарына ұсынды. Қала мектептерінде қоғамдық пайдалы еңбек сабағы дұрыс жүргізілмейтінін, оған баса көңіл бөліп, мектептерде еңбек, физика және химия сабақтарын өзара үйлестіру мәселелерін қарастыру қажет екендігіне басты назар аударды [3, 27, 32-пп.]. Институт оқытушысының мектеп оқушыларын еңбекке баулу арқылы, болашақта таңдайтын мамандығына бағыт-бағдар алатынын ескергендігі айқын. Пленум барысында облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы Т.Е.Горбунова айтылған ұсыныс-пікірлерді қызу қолдап сөз сөйледі.

Атырау облыстық кәсіподақ кеңесінің дамып, өркендеуіне үлес қосқандардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері Саламат Мұқашев. Ол 1927 жылдың 21 қазанында Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында дүниеге келді [4, 193-қор, 2-тізім, 56-іс. 1 п.]. С.Мұқашев 1960-1962 жылдары облыстық кеңесіне басшылық етті. Осы жылдары кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыруға, өнертапқыштар қозғалысын өрістетуге атсалысты. Жұмыс орнында техникалық қауіпсіздікті сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері Саламат Мұқашұлының үнемі назарында болды. 1961 жылдың аяғында кәсіподақ құзырына мемлекеттік клубтар, кітапханалар, колхоз-совхоздардағы киноқондырғылар сияқты халыққа мәдени қызмет көрсету орындары өткізілуіне орай, осы жұмыстардың басы-қасында С.Мұқашев жүрді. Төраға кәсіподақтардың ең басты қызметі еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағыттауды басты назарға ұстады. Оның жарқын мысалы 1970 жылдары Гурьев облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы қызметінде болған З.Камалиденов былай деп еске алады:

«... Саламат ағай кәсіподақтар жұмысын жақсы біледі, өзі де төраға болған. Біраз міндеттер тапсырды. Пленумда облыстық кеңестің, кәсіподақ комитетінің белгілі азаматтарымен ақылдасып, малшылардың тұрмыстық жағдайын Пленумда қарайтын болып шештік. Мал-

шыларды аралағанда байқағанымыз олардың жағдайы өте төмен екендігі анықталды. Пленумда облыстық тұрмыс жұмысының бастығы көптеген нәрседен хабарсыз болып, мойындамай біздерге тиісті. Мен ұсыныс жасап, пленумда ол кісіні кәсіподақ қатарынан шығарып тастадық. Пленумға қатынасқан Саламат Мұқашев, Оңайбай Көшекөв бізді қолдап, обкомның бюросында жұмыстан босатты. Кәсіподақ мүшелігінен босату облыста бірінші рет болған екен. Басшылар кәсіподаққа басқа көздерімен қарайтын болды», – деп еске алады [5, 214-216- бб.].

1962-1965 жылдары Гурьев облыстық кәсіподақтар кеңесін Халел Мазанов басқарды. Х.Мазанов 23 мамыр 1923 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Новобогат (қазіргі Исатай) ауданы Орпа ауылында дүниеге келген. 1942-1946 жж. әскер қатарында болып, соғысқа қатысты [6, 3 п.].

Ол басқарған жылдары еңбекті қорғау мәселесі жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі кәсіподақ жұмысының маңызды бөлігі деп санап, оған басым мән берді. Өндірістік орындарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы кәсіподақтың негізгі жұмыс бағыттарының бірі еңбекті қорғау жағдайында, өндірістегі жарақаттың алдын алуға, жұмыс берушілердің еңбек заңдылығын бұзушылықты анықтауға кәсіподақ ұйымдарының бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстарға көңіл бөлінді. Аталған міндеттерді іске асыру үшін кәсіподақ кеңесі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында кәсіподақтың заңдық базасын қалыптастыру жөнінде шаралар жасақтауға мән берілді. Мазан Халелұлы тұсында кәсіподақ ұйымдарының кадрлық мәселелерді шешу, оны іске асыру бағытын нығайтуға елеулі ықпал ететін облыстағы кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастыру және қаржылай нығайту жөніндегі шаралар жүзеге асырылды. Бұл кезеңде кәсіподақ мемлекет пен қоғам арасын үйлестіруші «тетік» саналды. Х.Мазанов облыстық кәсіподақтар үйін салуда ерекше еңбек етті. Отан алдындағы қажырлы еңбегі үшін екі мәрте «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Ол аудандық, облыстық кеңестер депутаты, облыстық партия комитетінің бюро

мүшесі, Қазақ КСР Кәсіподақ комитетінің мүшесі болды. 1963 жылдың қазан айында Москвада өткен Бүкілодақтық кәсіподақ комитетінің XIII съезіне делегат болып сайланды. Мазан Халелов 1965 ж. қайтыс болды. Бүгінгі таңда өзі салуға басшылық еткен кәсіподақ ғимаратына ескерткіш тақта қойылған. Сонымен бірге Атырау қаласының бір көшесіне М.Халеловтың есімі берілді. М.Халеловтан үлгі алған, белгілі кәсіподақ қызметкерлері өсіп шықты. Олар Ү.Әленова, М.Ғабдісәлімова, Б.Айтжанов, Б.Ізтілеуов әр жылдары партия комитеттерін басқарып, халық үшін аянбай еңбек етті.

Кәсіподақ басшылығында болғандар облыстың қоғамдық өмірінде өзіндік орын алатын кәсіподақ кеңесі арқылы жұмыстарға белсене араласып, өз үлестерін қосты. Сол кезеңде жұмыс істеген кәсіподақ комитеттерінің жоғары беделіне мән беріліп, қоғамдағы кәсіподақ қызметі ерекше бағаланды. Уақытында кәсіподақ тарапынан атқарылған шаралар қарапайым еңбекшілердің жұмыс жағдайын жақсартып, олардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Кәсіподақ комитеті өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты нығайту, жұмыс істейтін адамның әлеуметтік жағынан қорғалуына ерекше көңіл бөлді. Сондықтан да кәсіподақ – қоғамға қажетті құрылым. Кезінде кәсіподақтар өзіне еңбек саласындағы қарапайым еңбекшілердің әлеуметтік жағдайлары мен құқығын қорғау жауапкершілігін ала отырып, қоғамның қозғаушы күшінің біріне айналды. Сол игі істердің көш басында бүгінде өмірден өткен облыстық кәсіподақ кеңесінің ардагерлері жүрді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Г.Әбдіхалықова.** Кәсіподақтар федерациясының кезектен тыс XXV съезіне қатысты // Егемен Қазақстан, 03.10. 2018 ж.
2. Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі АОМА), 193-қ., 1-тіз., 22-іс.
3. АОМА, 1131-қор, 1-тізбе, 7-іс.
4. АОМА, 193-қор, 2-тізім, 56-іс.
5. Атырау облыстық кәсіподақтар федерациясына 60 жыл Ақтөбе: «А-Полиграфия», - 2008. -232 б.
6. АОМА, 1-қор, 1-тізбе, 7798-іс.

ТАРИХ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЫРАУЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ОРНЫ

Мүсілім АЛДАБЕРГЕН,
тарих ғылымдарының кандидаты,
ОңҚазмемПУ-дың доценті (қауымдастырылған профессор),
Нұрболат ИСАМЕТ,
ОңҚазмемПУ-дың магистр оқытушысы,
Ұлжанат АҒҰЛЫҚОВА,
ОңҚазмемПУ-дың аға оқытушысы

XV-XVIII ғасырлар Қазақ хандығының ең дәуірлеген кезеңі болды. Осы уақытта қазақ хандары өз алдына тәуелсіз, дербес саясат жүргізді. Дәлосы кезеңде хандармен бірге жыраулардың ықпалы қараша халықтың алдында басым болды. Олардың атқарған қызметі елді басқарып отырған хандардан асып түспесе кем болған жоқ. Өкінішке орай, көптеген ақын-жырауларымыздың мұраларының көпшілігі біздің осы

күнімізге жетпеді. Оның әр түрлі себебі бар: бірі жоғалды, енді бірі түрлі себептерге байланысты хат беттеріне түспеуі салдарынан ұмытылды. Алғашқыда иыр, иырағу – жыр, жыршы сөзінен шыққан жырау аты әрі бұрыннан қалыптасқан туындыларды эпостық дастандарды жатқа айтып, ұрпақ санасына жеткізуші, орнықтырушы, әрі өз жанынан өлең, жыр шығарушы қызметін атқарды. Жыраулар мұрасы – ғасырлар бойы қалыптасып, да-

мыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік құбылысы. Қазақ мемлекеттілігінің тарихында салмақты орны бар ақын-жырауларымыздың тындырымды жасаған жұмыстары мен адал атқарған қызметі рухани құндылықтарымыздың алтын жәдігері болып табылады.

Аумалы-төкпелі уақыт аясында да қазақ сөз өнері өзіндік құнын жоғалтпай, жалғасын тауып отырды. Қазақтың бай фольклоры мен ежелгі түркі жазба ескерткіштер негізінде қалыптасып дамыған XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасы – қазақ халқының ықылым замандар бойы жасаған сөз өнерінің, тума әдеби қазынасының үлкен бір саласы, құнды мұрасы. Бұл мұраның ең басты қасиеті – XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырлар аясында Қазақ хандығының құрылып, қазақ халқының қалыптасуы сияқты күрделі тарихи кезеңдерінің көптеген тұстары көркемдік дәрежеде бейнеленуінде. Осы дәуірде Қазтуған, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиамбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар және тағы басқа ақын-жыраулардың мұрасы пайда болып, кейін олар ұлттық тарихымыздың алтын қорына қосылды [1; 30-б.].

Жалпы, қазақ жыраулары тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты дәуірінен басталады. Әйгілі **Иоллығ-тегіннің жазбалары** оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін, бек пен қағанның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі **Қорқыт ата**, одан бертінгі Шыңғыс хан тұсындағы **Кетбұға** (Ұлық жырышы), Алтын Орда кезіндегі **Сыпыра**, бұлардың бәрі XV-XVI ғасырларда тарихи аренаға шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді. Қазақ жыраулары ежелгі ұстаздарының дәстүрін толық сақтап, дамыта әрі өз дәуірлерінің талап-талғамына, болмысына сәйкес өз заманындағы сөз өнерін тақырып пен мазмұн, идея мен түр жағынан байыта түсті. Бір кезде бүкіл түркі халықтарында, олардың тарихтарында, рухани ғұмырында зор рөл атқарған жыраулар орта ғасырларда тек қазақ мемлекетінде ғана өзінің әлеуметтік-саяси, мәдени қызметін сақтап, бертінгі жаңа дәуірге, яғни XIX ғасырға дейін жеткізді. Өйткені жыраулық негізінен тәуелсіз көшпелі-бақташылық мемлекетте ғана болатындығын дәлелдейтін заңдылық. Қазақтан басқа түркі елдері XV-XVI ғасырларда бірі тәуелсіздігінен айырылды, бірі көшпелілігін қойып, біржола отырықшылыққа ауысып, басқа идеология мен мәдениет жасады, ал енді біреулері өз мемлекетін құра алмады. Ал Алтын Орда ыдырағаннан кейін, ордалы мемлекет құрған қазақ халқының рухани өмірінде байырғы жыраулық дәстүр мен әдебиет қайта жаңғырып, жаңа сапада көрінді. Қазақ жыраулары жаңадан құрылған мемлекеттің күшті, хан билігінің мықты болуын көздеп, сол кезеңдегі әдебиетті, күллі мәдениетті мемлекетке, ханға қызмет еткізді. Олар өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білді, сол себепті хандықтың идеологиясына айналды. Ханның ақылгөй кеңесшісі, бас саясаткері болғандықтан, жыраулар тек қана үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша толғаған, сөйтіп өз сөздерін тікелей әміршіге арнап айтқан. Олар әдетте елді абдыратқан, толғапқан жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде сөйлеген. Сондықтан жырауларды әмірші де, халық та аса қадір тұтып, олардан хан да, халық та ел дағдарған, немесе бүліншілік болған шақта, я болмаса елге жау тигенде ақыл-кеңес сұраған. Жыраулар мұндай сәттерде жұртшылыққа тоқтау айтып, болып жатқан оқиғаға немесе жағдаятқа өз бағасын берген, өткенін еске түсіріп, бүгінін сипаттаған, болашақты барлаған. Өз заманы мен бұрынғы уақытты салыстыра толғап, дәуір туралы, қоғам жайлы, ел мен әмірші жөнінде нақылды-

фәлсафалық ой түйіндеген [2; 36-б.].

Жыраулар кім еді? Жыраулар – мемлекеттегі, әсіресе, хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологі, елдің ақылшысы, қолбасы әрі жорық жырышы бола білді. Олар хан кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, әскери, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде жыраулар әскери кеңесте де, ханның жеке өзіне де өз ойын ашық айтып, ақыл беріп, болжау жасаған. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын қайрап, рухын көтерген. Тіпті қажет болған жағдайда өздері де шайқасқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен, сондықтан жыраулардың біразы қолбасы да болған, тайпалар мен руларды да басқарған. Жыраулардың көбінесе әрі суырып салма ақын, әрі батыр, әрі данагөй және сәуегей болып келуінің себебі сол тұстағы Қазақ хандығының өмір салты мен тұрмыс-тіршілігінің көшпелі-бақташылық болуына және ұдайы жаугершілікті басынан кешіруіне байланысты еді [3; 205-б.].

«Әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш, суырылған шешеннен, судырлаған ақыннан алатын. Бұлардың саяси салмағы зор болғандықтан, аузынан шыққан сөз де олқы болмауға тиіс. Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қоржындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Бұлар қазақтың жоғарғы табынан шығып, ел меңгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің бәрі ел мұңына, ел қамына арналған сөздер болады», – деп М.Әуезов айтқандай, жыраулардың өз бастарындағы артық қасиеттерінен тыс, азулы жуан, саны көп рулардан шығуы да, тіпті өзінің ел тағдыры шешілетін ауыр кезеңдерде қол бастайтын әскербасы – батыр болуы да хан қасынан табылуға мәжбүр еткен. Олардың хан қаһарынан қаймықпай, қашан да батыл сөйлеп, шындықты тайсалмай бетке басып айтуы да осыдан [4; 180-б.].

Жыраулардың шығармаларындағы ең басты тақырып – Қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру. Ал, мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де, маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығайуы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелген утопиялық қоғамды суреттеді. Өздерінің монолог түрінде айтылатын толғауларында жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырды.

Жырау өзіне бақсылардың сәуегейлік қызметін, ежелгі пірлердің білімдерін, әлемді түсіндірудің формасын, сөз сиқырын, алғыс етуді, күнтізбе жүйелерінің білімдерін, шөжіре білімін құрғақ тарих ретінде емес, әруақтармен байланыс және тағы басқа түрінде қабылдаған. Олардың өнерінің негізінде жол салушылар ежелгі білімдер мен елеулі аналитикалық тарту қалыптастырған, қуатты аккумулятивті күшке ие болған ежелгі сөзтіркестердің сиқырлы қоюлануы жатты. Жыраулар тайпалардың рухани көсемдері болды. Сондықтан, хандар оларға көріпкелдер ретінде, киелі білімді алып жүрушілер ретінде және әруақтармен қатынас орнату

әдісі ретінде сенім артты. Бақсылар тәрізді, жыраулар да табиғат құбылыстарын әртүрлі мүмкін болатын әлеуметтік мәселелермен байланыстырып, қатты аштық кезең – жұтты алдын ала ескертетін. Сыртқы және ішкі істерге қатысты, оларға әрбір ел мен тайпа ішіндегі жағдайлар егжей-тегжейіне дейін белгілі болатын. Сенімді ақпаратты ала отырып жырау дәлме дәл сараптау жасайтын. Мысалы, Асан Қайғы Алтын Орданың құлауын алдынала болжаған. Жырау бал ашпайды, оның бойында бабаларының тәжірибесі, шежіре, тарих, заманауи және болашақ әлемінің білімі бар, яғни жыраудың бір емес, бірнеше асыл қасиеттерді бойына сіңіргенін байқауға болады. Осындай керемет қасиеттері бар данагөй жырауларымыз хан ордасында мәртебелі атаққа ие болып, хан кеңесінің тұрақты мүшесі атанып отырған.

Жыраулар, негізінен, әскери ақсүйектер ортасынан шықты және халық арасы мен хан бөлімінде абыройға ие болды. Олардың өнерінде басқа жанрлармен қатар көріпкелдік жанры да жоқ емес. Олар “көреген” адамдар болып саналды, саяси оқиғалар мен әлеуметтің өміріне әсерін тигізетін климаттық өзгерістерді болжайтын. Сонымен бірге жыраулар хан ордасындағы маңызды істерді атқарумен қатар сәуегейлік, яғни табиғатта болып отыратын климаттық өзгерістерді болжап отырған.

Жалпы, жыраулар шығармашылығында әміршіге, билеушілерге қарсы, оппозициялық ой-пікірлер де айтылатын болған. Қажетті жерде жыраулар хан мен сұлтандарға олардың халыққа жағымсыз кейбір қылықтары мен байлам-шешімдеріне наразы болып, өздерінің келіспейтінін ашық айтып отырған. Тіпті кей тұстарда жыраулар өз әміршісін сынға да алатын болған. Олай болатын себебі, – **біріншіден**, жыраулардың көбісі қай жағынан болса да хан-сұлтандармен терезесі тең ақсүйектер тұқымынан шыққандығы, **екіншіден**, олардың әміршіге, мемлекетке деген адалдығы, **үшіншіден**, жыраулардың ел алдындағы орасан биік беделдігі, **төртіншіден**, көшпелі хандық мемлекетте «өзіндік демократияның» болғандығы, бесіншіден, қазақ қауымында «өнер алды – қызыл тіл» деп бағаланып, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағида-шарттың мықтылығы еді [3;206-б.].

Қазақ хандығының өз алдына жеке мемлекет ретінде тәуелсіз өмір сүрген кезеңінде, ханның кеңесшісі қызметін атқарған жыраулардың шығармаларындағы өлең жолдары тек қана мадақтаумен шектелмей, хандардың жіберіп отырған қателіктері мен кемшіліктерін және халыққа жасаған озбыр қылықтарын әшкерелеп жырлады. Хан қаһарынан тайсалмай, шындықты бетке баса сөйледі.

XV ғасырда өмір сүрген, туылған жылы мен өлген жылы белгісіз, Керей мен Жәнібек ханның замандасы Асан Қайғы еді. Өзінің жалынды жырларымен қараны да, ханды да аямады. **Жәнібек ханды сынағанын мына өлеңінен байқаймыз:**

*Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің,
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып төрлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?..
Әй, Жәнібек ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің?
Қош-аман тұр, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің [5; 7-б.],–*

деп, біржолата ат құйрығын кесісуге дейін барады. Дәл осы сарындас жыр жолдары XVII ғасырда өмір сүрген Марғасқа жырауда кездеседі. Көптеген мұралары сақталмаған, осы күнге дейін жетпеген. Есім ханның тұсында хандықтың аумағы кеңейіп, хандықты бірорталықтандырған жүйеге келтіріп, Түркістан қаласын елдің саяси астанасы етіп бекіткен болатын. Дегенмен де Есім ханға хандықтың аумағын басқару оңайға түспеді. Бірде Есім ханмен келісіп жұмыс атқарып, енді бірде араздасып жүрген хандардың бірі – Тұрсын хан еді. Тұрсын хан Ташкент қаласын астана етіп, үй ішінен үй тігіп, тіпті өз атынан теңге шығарып, ұлы хан Есім ханға қарсы шығып, үнемі ханның басқару саясатымен келіспей қарсыласып отырды. Ақырында Есім хан Тұрсын ханның жасаған озбыр әрекеттері мен бүлігін қатаң жазалаған болатын. Осы саяси оқиғалар Марғасқа жыраудың өлеңінде бейнеленеді. **Марғасқа жырау Тұрсын ханның бүлігін былайша жырлайды:**

*Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсын.
Хан емессің, қасқырсын,
Қара албасты басқырсын!
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсын!
Еңсегей бойлы ер Есім
Есіңде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды! [5;56-б.].*

Бұл өлең жолдары Марғасқа жыраудың Есім ханның төңірегінде болған батырлардың, ақылшылардың бірі, жоғын жоқтаушысы болғанын айғақтайды.

Қорыта келгенде, қазақ халқының тарихы оның әдебиетімен тығыз байланысты. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалары, оның көркем әдебиетінде тарихи шындық тұрғысынан дәлме-дәл суреттеліп отырған. Аңыз түбі ақиқат дегендей, біздің жырауларымыздың көптеген мұралары аңыз түрінде жетті. Аңыз түрінде жетсе де бүгінгі таңда өзіндік құнын жоғалтқан жоқ. Дегенмен де жыраулардың әлі де зерттелмей жатқан тұстары өте көп. Бабаларымыздың мұраларын бір жүйеге келтіріп, әлі де зерттеуді қажет ететін тұстарын айтатын болсақ, мысалы, жырауларымыздың басым көпшілігінің қашан туылып қашан өлгені белгісіз, сонымен бірге олардың айтып кеткен заман жайлы, өздері өмір сүрген кезеңдегі хандардың жасаған ерліктері мен жіберген қателіктері, алдағы замана жайлы айтқан толғаулары мен өлеңдері ауызша жеткендіктен, көбісі заман ағымына қарай өзгеріске ұшырап отырған. Осы аталған жайттар ескеріліп, алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп, кемшін тұстардың орнының толықтырылуы уақыттың еншісінде.

Ауыз әдебиеті қазақ тарихының қайнар көзі болып табылады. Жырау ел тағдырына қатты алаңдап, аса маңызды оқиғалар тұсында жалынды жырларымен толғап отырған. Кеңес үкіметінің солақай саясатының кесірінен жыраулар түгілі, хандар мен сұлтандар, батырларымыздың өзі тыңғылықты зерттелмей тарих беттерінен ысырылып тасталып отырды. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар елдік, ерлік, өмір, келешек заман қалай болатыны жайлы толғаған. Сонымен бірге, жер-суды, атамекенді қорғау, ел бірлігі мен татулығын сақтау мәселелерін жырлаған. Жыраулардың қызметі орасан болды. Олар бір ғана нәрсемен шектелмеді, хан кеңесінің тұрақты мүшесі, ел басына күн туғанда, қиын-қыстау заманында қолына қару алып, майдан даласында сарбаздармен бірге шайқасып, елін, жерін жау қолынан азат етуге бар күш-жігерін салып, ерен ерліктерімен көзге түсіп отырған. Жалынды жырлары қараны да, ханды

да аямады. Жырау-этнограф, яғни, қазақ тарихы мен мәдениетінің жарқын беттерін өз өнері арқылы келер ұрпаққа жеткізуші тұлға. «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды» [6:503-б.], – дегендей хандықтағы ең басты мәселе татулық, тыныштық, ынтымақ бірлік, елдің тыныштығы болды. Қазақ халқын бірлікке, отансүйгіштікке, елдікке, татулыққа үндейтін жыраулардың шығармаларын және олардың қазақ қоғамы өміріндегі атқарған қызметімен орнын білу, ұмытпау бүгінгі таңда өте қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются общественное влияние жырау в эпоху независимого Казахского ханства. Жырау были главными идеологами государства. Их положение и рөл в обществе были очень высокими. Проблемы счастья, смысла жизни, взаимоотношения между ханом и простолудинном, гордость и боль за человека, любовь к жизни, раздумья о прошлом и настоящим родной земли – вот что объединяет произведения жырау. Жырау не ограничивались воспеванием зазубренных стихов, значительной чертой стихов было содержательность, и пророчество в сознании народа веру в светлое будущее.

Ключ. слова: фольклор, жырау, хан, Казахское ханство.

The article examines the public influence of zhyrau in the era of the independent Kazakh Khanate. Zhyrau were the main ideologists of the state. Their position and role in society was very high. Problems of happiness, meaning of life, the relationship between the khan and the commoner, pride and pain for the person loyal to life, thinking about the past and present of his native land – are what unite works of zhyrau. Zhyrau not limited jagged chanting verses of poetry was a significant feature richness, and awakened in the minds of people of faith in a brighter future. Praising achieve Khan they promptly corrected its deficiencies, criticizing thus zhyrau served as an intermediary between the common people and the khan.

Keywords: folklore, zhyrau, khan, Kazakh Khanate.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалижанов У. Қазақ хандығы және Қазақ әдебиеті. Алматы: Жалын баспасы 2015 ж. 33-бет.
2. Қасқабасов С. Қазақ хан. тұсында. әдебиет. Ал., 2006 ж., 36-б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 3-том. Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Алматы: Қазақпарат, 2008 ж. 205, 206 бет.
4. Әуезов М. Жиырма том. шығар. жинағы. Ал., 1985. 16-т. 180-б.
5. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. 1-т. - Ал., 1971 ж, 7-б, 56-бет.
6. Қасқабасов Қ. Жаназық. –Астана, 2002. 503 бет.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫНДА

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»

фольклортанушылар, әдебиеттанушылар мен өнертанушылардың халықаралық форумы

2019 жылдың 19 желтоқсан күні Алматы қаласындағы «Достық үйінің» дөңгелек залында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» атты фольклортанушылар, әдебиеттанушылар мен өнертанушылардың халықаралық форумы өтті. Форумда гуманитарлық ғылымдардың аталған салаларындағы өзекті мәселелер ортаға салынып, пікір талқы ұйымдастырылды.

Іс шараға қазақстандық танымал ғалымдармен қатар, Қырғызстан мен Әзербайжан елдерінің ғылыми және мәдени мекемелерінің өкілдері қатысты. Атап айтсақ, ҚР Халық әртісі, театр қайраткері Сәбит Оразбаев, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Түркітану кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Шәкір Ыбыраев, Қырғыз Республикасы ҰҒА академигі, Ч.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты Манас, фольклор және ақындық поэзия бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Мәзрием Көлбаева, ҚР Жазушылар Одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Ерден Задаұлы Қажыбек, Әзербайжан Республикасының Алматыдағы бас консулы Рамиль Рзаев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Еркін Шүкіман, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, дәстүрлі әнші Рамазан Стамғазиев, ҚР еңбек сіңірген

қайраткері, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова және т.б.

Жиын соңында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері К.І.Матыжанов: «Қазіргі жаһандану үрдісі белең алған кезеңде халықтың рухани мұрасын жинап, жүйеге түсіретін, жария етіп, зерттеп жүрген мамандардың басын қосып, бағыт-бағдар беретін қоғамдық ұйым құрудың кезегі келді. Сол себепті осы форум аясында алыс-жақын шетелдерден, еліміздің өңірлерінен, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан арнайы шақырылған ғалымдардың, оқытушы-профессорлар қауымының қатысуымен Қазақстан фольклортанушыларының, әдебиеттанушылары мен өнертанушыларының «Мұрагер» қауымдастығын құруды ұсынамын».

Кенжехан Іслімжанұлының ұсынысы бірауыздан қабылданып, форум мүшелерінің толық қолдауына ие болды.

Қауымдастықтың төрағасы болып ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасов бірауыздан тағайындалды. Онда қоғамдық ғылымның аталған салаларында нәтижелі еңбек еткен белгілі ғалымдар, оқытушы-ұстаздар, кәсіби мамандар, жас зерттеушілер түйінді мәселелерге байланысты ой-пікірлерін, ұсыныс-тұжырымдарын ортаға салатын болады. Олардың негізінде болашақ қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырылу іс-шаралары, мақсаттары мен міндеттері талқыланып, бағыт-бағдары, жұмыс жоспары айқындалады.

Алматы, 19 желтоқсан, 2019 жыл.

МАХАББАТ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Макпал ЖЕКЕБАЕВА (Джекебаева),
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖЭТУ доценті,
философия ғылымдарының кандидаты,
Нұрболат МАНАПБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

Махаббат көп жағдайда адамның дәстүрлі әлемі туралы түсінігімен анықталады. Махаббат туралы түсініктің қазақ дәстүрлі дүниетанымында өзіндік ұзақ тарихы бар екені белгілі. Бұл ұғым көбінесе рухани-адамгершілік мәселелермен тығыз байланысты. Махаббат еркіндік, ар-ұят, жауапкершілік, мейірімділік сияқты адам болмысы категорияларымен байланысты.

Адам мәселесін зерттеуші ойшылдар шынайы адамдық феномендер: мейірімділік, жамандық, мораль, еркіндік, сенім, мәдениет, еңбек, ар, жанұя аспектілерімен қатар, махаббатты да зерттейді. Олар мынадай теориялық-әдістемелік сұрақтарды қояды: «Сүю деген не?», «Махаббат не үшін керек?». И.А.Ильин тұлғаның сыртқы еркіндігі мен оның ішкі азатталуын ажыратады, еркіндікті махаббат және сеніммен бірге қарастырады. **Махаббаттың анықтамасы сан қилы, мысалға алсақ, ол – адами сезім, құнды қасиет, асқақ арман, таным, риясыз, незік сөзім.** Жаратқанға деген жеке адамның, ананың өз баласына, бауырдың өз туған бауырына, бүкіладамзаттық махаббат, қыз жігіттің арасындағы, Отанға деген, табиғатқа деген махаббат, айта берсек, түрлері сансыз.

Махаббат жайлы қызықты, санқилы сипаттама сөздер өте көп. Мысалы, М.Горький: «Махаббат – өмір сүруге құштарлық», Архимед: «Махаббат – күн сайын дәлелдеуді талап ететін теория», Д.Уилдмон: «Махаббат – саңырау еститін, соқыр көретін қасиет», Е.Кашеев: «Махаббат – мәңгіліктегі уақытша құбылыс», Ребе: «Махаббат – жанымызды тыныштандыратын құдайдың тілі», Р.Браунинг: «Біз бәріміз махаббат үшін дүниеге келеміз, бұл – жаратылыстың заңы және оның мақсаты», А.Құнанбаев: «Егер тәкәппарлық айғай салса – махаббат үнсіз қалады», – деп жазып кеткен.

Ұлы Абай махаббатты экзистенциялық тұрғыдан қарастырып, мәнін «жүрек» категориясы арқылы ашты. Махаббат философиясы оны іздеу және оны табудан тұрады, өзінің «Қара сөздерінде» жүрек, махаббат, «намыс», «рух», «ерлік» «ар-ұят» туралы философиялық пайымдауларын ақын терең герменевтикалық талдаумен кеңейтеді. Ол махаббаттың мәнін анықтай отырып, тек сол ғана адамның өмірін толықтырады деген қорытынды жасайды. Адам өз махаббатын басқаға сыйлай отырып, өзінің жанын біреуге қия отырып, өзі оны жоғалтпайды, керісінше, өз болмысының мәнін жауапкершіліктен, қуаныштан, құрбандықтан табады. Махаббаттың түрлері туралы айта келе, ойшыл сезімдік махаббатты кемсітпейді, оны рухани махаббаттың жоғарғы сатыларының бірі деп есептейді. Абай бізді жүректің тілімен сөйлеуге шақырады.

Махаббат – адам еркіндігінің көріністерінің бірі. Адамды ешкім біреуді немесе өз-өзін жақсы көріп, сүюге мәжбүрлей алмайды, өйткені оны жұмыс істетуге, тіпті зұлымдық жасатуға да мәжбүрлеуге болады, бірақ жақсы көргізуге емес. Жалпы, **махаббат дегеніміз – интуиция мен түсіну тәжірибесін талап ететін өнер.** Жақсы көруге, сүюге, махаббатқа деген қабілетсіздік биологиялық емес, ол – жанның, яғни психологиялық кемістік. Махаббат әр түрлі дәреже мен деңгейде дамуы мүмкін, махаббаттың болмауы мүмкін

емес, махаббат болмаса адамзат та болмас еді.

Стендаль өзінің «Махаббат туралы» деген трактатында махаббаттың төрт түрлі формаларын көрсетеді. Олар: 1.Махаббат ол құмарлық;

2.Махаббат ол ақыл-ойдың бақылауынан шығып кетуге қабілетсіз және жүректе суық із қалдыратын ынтықтық сезім;

3.Махаббат ол сәттілікпен басталған кездейсоқ жағдайда болатын инстинктердің күтпеген жерден жалын секілді жарқ етіп, жоқ болып та кететін физикалық, яғни тән махаббаты;

4.Махаббат ол паңдық, яғни буржуазиялық тұрғыдан есепке ғана негізделген, пайдалылықты көздейтін алдын ала ойластырылған махаббат. Мұндай махаббаттың иегерінің сезімдеріне келсек, олар модадағы, қазіргі заманғы сәндегі әйелдерді ғана қалайды.

Махаббат кездейсоқ пайда болмайды. **Ол – адамның бүкіл ішкі әлемінің біртіндеп өзгеріске ұшырап, қайта жандануы жаңа бір күй кешуі.** Стендаль махаббат сезімінің пайда болуын былай суреттеп береді:

1) Таң қалу.

2) Ғашық адам сүйіктісінің сұлулығына сүйсініп, оны құшағына алып сүюді армандайды.

3) Ғашық адамына деген үміт оты оянады.

4) Махаббат оянады.

Жақсы көру дегеніміз – ләззат сезіміне бөлену. Адам өз ғашығын барлық сезім органдарымен сезіне бастайды.

5) Алғашқы кристалдану процесі басталады.

Адам өзінің сүйікті ғашығын қуаныш пен ләззатқа бөлеуі үшін барлық құрбандықтарға дайын бола бастайды және мұны ол қуанышпен іске асырады. Кристалдану – бұл ойдың ерекше бір қызметі.

6) Күмәнның тууы.

Ғашық адам өзіне жақын тұрған бақытқа күмәндана бастайды; ол өзіне жылт етіп көрінген үміттің өзіне күмәнмен қарай бастайды. Ол өзін өмірдің басқа да қуаныштарына бөлегісі келеді де, сөйтіп ғашығын жоғалтып та алады. Осыдан ол бақытсыздық сезіміне бөленіп, осы сезімнен кейін ол ойға шомады.

7) Екінші кристалдану процесі.

Екінші кристалдану процесі басталғанда ғашық адам «ол да мені жақсы көреді» деген ойға келеді.

Ғашық адам үш түрлі ойдың арасында ойланып-толғана бастайды:

1. Оған ешкім тең келмейді.

2. Ол мені сүйеді.

3. Оның сүйетіндігінің дәлелдеріне қалай көз жеткізуге болады? Махаббаттың ұзақтығы екінші кристалдану процесінде анықталады, осы кезде ғашық адамының жауабын ала аласың немесе ала алмайсың. Екінші кристалдану процесі тез беріле салатын махаббат жағдайында өтпейді.

Сонымен бірге мына жағдайды ескеру керек. **Өзінің табиғаты жағынан әйелдер еркектерге қарағанда сезімтал келеді.** Әйелдердің өмірінде сезімнің алатын орны ерекше. **Көптеген әйелдер үшін сүюден**

гөрі сүйікті болу өте маңызды. Өйткені бұл қасиет әйелдердің психологиялық табиғатының өзінде жатыр. Ал ер адамдар болса, сүйікті болудан гөрі сүюді қалайды.

Орыс философы В.Соловьев махаббаттың үш түрлі типтерін ажыратады, олар:

1. Махаббат көбінесе өзгеге береді де, бірақ орнына ештеңе алмайды, бұл – ата-ананың балаға деген махаббаты;

2. Махаббат көбінесе біреуден алады, бірақ ештеңе бермейді, бұл – баланың ата-анаға деген махаббаты;

3. Махаббатта осы жоғарыда көрсетілген белгілердің екеуі тепе-тең түседі, бұл – жыныстық немесе ерлі-зайыптылардың махаббаты.

XX ғасырдың танымал философы, психоанализ философиясының өкілі, неофрейдизмнің негізін салушы, гуманист-ғалым, әлеуметтік прогресті жақтаушы Эрих Фромм өз зерттеулерін адам жаны, сезімдері, еркіндік, парыз, өнегелік және махаббат проблемаларына арнаған. Бұл мақалада махаббат проблемасы батыс ойшылының көзқарасы тұрғысынан қарастырылып, әлеуметтік-философиялық талдама жасалған. **Э.Фромм «Махаббат өнері» кітабының** бірінші тарауында «Махаббат өнер ме?» деген сұрақ қояды, бұл кітап «махаббат деген – өнер» деген түсінікке негізделген және махаббат білім мен күш-жігерді қажет етеді. Фроммның пікірінше, бұл көзқарастың қазіргі қоғамның дамуына бірнеше себептері бар [1, 48].

Қазіргі қоғамның тағы бір ерекшелігі ретінде автор сатып алуға деген құштарлықты айтады. «Қазіргі адамның бақыты дүкеннің терезесіне қарап, қолынан келгеннің бәрін сатып алған кезде қуанышты толқудан тұрады, ол адамға да сол сияқты қарайды». «Адамның тартымдылығы физикалық жағынан да, рухани жағынан да уақыттың сәніне байланысты».

Үшінші қателік, Фроммның ойынша, алғашқы махаббат сезімін ғашық болудың тұрақты күйімен араластыру. «Махаббаттан гөрі оңай нәрсе махаббатқа қатысты басымдық жалғасуда. Бұл көзқарас сүйіспеншіліктің көңілін қалдыруға себеп болады. Махаббаттың сәтсіздіктерін болдырмау үшін автор бұл сәтсіздіктердің себептерін, махаббаттың мәнін зерттеуді ұсынады».

Махаббат өнерін үйрену процесін екі кезеңге бөлуге болады: бірінші – теорияны игеру; екіншісі – тәжірибе шеберлігі. Теория мен практикамен қатар, кез келген өнерде шебер болу үшін үшінші фактор бар – өнер шебері.

Кітаптың екінші тарауы «Махаббат теориясы» деп аталады және үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде махаббат адамның өмір сүру мәселесіне жауап ретінде көрінеді. Бұл тараудың басты идеясы – адамның жеке басын сүйіспеншілікке қоспай түсіну, ұяттың қайнар көзі және сонымен бірге кінә мен алаңдаушылықтың көзі болып табылады [2, 87].

Автор махаббатты адамның жалғыздығын жеңу ғана емес, сонымен қатар биологиялық қажеттілік деп санайды, ерлер мен әйелдердің бірлігіне ұмтылу. Фромм Фрейдтің жыныстық теориясын сынға алады. Ол өзінің сынын жыныстық онша терең түсінбейтіндігіне және Фрейдтің теорияны түзету мен тереңдетудің қажеттілігі деп санайды. Екінші тараудың екінші бөлімінде Фромм ата-ана мен балалар арасындағы махаббатты зерттейді.

Балалардың махаббаты: «Мен сүйемін, өйткені мен жақсы көремін» деген қағида бойынша әрекет етеді. **Жетілген махаббат: «Мен сүйеміндіктен сүйемін», «Мен сені сүйгендіктен саған керекпін»** деген қағиданы ұстанады. **Жетілмеген махаббат: «Мен сені жақсы көремін, өйткені мен сені сүйемін»** дейді [3, 68].

Сүйіспеншілік қабілетінің дамуы махаббат объек-

тісінің дамуымен тығыз байланысты. Осы тараудың үшінші бөлімі: «Махаббат нысандары» деп аталады. Автордың негізгі идеясы мынада: егер біз адамды шын сүйсек, онда біз бүкіл әлемді, барлық адамдарды жақсы көреміз, өмірді жақсы көреміз. Алайда, бұл әр түрлі махаббат түрлерінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ дегенді білдірмейді. **Төменде махаббаттың сан қилы түрлері бар: бауырмалдық махаббат, ана махаббаты, эротикалық махаббат, өзін-өзі сүйу және Құдайға деген махаббат [3,77].**

Біздің уақытта махаббат, шын мәнінде, өзінің құндылығын іс жүзінде жоғалтты, әсіресе, жасөспірімдер арасында. Ақша, әлеуметтік мәртебе және жыныстық қатынас әлдеқайда маңызды бола бастады, өйткені физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыру қажет.

Қорытындылай келе, Фромм қоғамның әлеуметтік, сүйіспеншілікке толы табиғаты оның әлеуметтік болмысынан бөлінбейтін, бірақ онымен қайта қосылатындай етіп ұйымдастырылуы керек дейді.

Бұл, әрине, қоғамның мінсіз моделі, бірақ біздің ойымызша, бұл көбінесе ақша табу, мансап және әлеуметтік мәртебе туралы ойлайтын біздің қазіргі қоғамда өте нақты емес. Енді материалдық құндылықтар үстемдікке ие болды, ал рухани құндылықтар, өкінішке орай, артта қалды. Бұл қазіргі қоғамның уақытша құндылық бағыты деп үміттенуге болады.

РЕЗЮМЕ

Любовь и привязанность, благородное качество, высокие мечты, влюбленность, бесконечные познания, тонкое чувство. Эта проблема всегда изучалась и будет изучаться в истории философии и актуальная проблема общества. Человек познает окружающий мир через любовь. Без любви жизнь теряет смысл. Человек – ядро и объект философии, а любовь открывает путь к пониманию мира. Это чувство, способное сострадать другим. В противном случае человек не живет полной жизнью.

Если Американский психолог Гэри Чепмен говорит: «Любовь – чувство, свойственное всем, то Аристотель пишет, что существуют 6 видов любви. В статье дается разностороннее описание любви и также ее типы в работе «Искусство любви» Э.Фромма.

Ключевые слова: Агапе, людус, эрос, мания, прагма, сторгэ, филиа, филадельфия, филополи, филантропия, филаретос, филалетейя, филархия.

Love and affection, noble quality, high dreams, love, infinite knowledge, subtle feeling. This problem has always been studied and will be studied in the history of philosophy and actual problem of society. Man learns the world through love. Without love, life makes no sense. Man is the core and object of philosophy, and love paves the way for understanding the world. It is a feeling that can empathize with others. Otherwise, a person does not live a full life.

If the American psychologist Gary Chapman says: «Love is a feeling inherent in everyone, then Aristotle writes that there are 6 types of love. The article gives a versatile description of the problem of love and its types in the work «Art of Love» by E. Fromm.

Keywords: Agape, ludus, eros, mania, pragma, storge, filia, philadelphia, philopoli, philanthropy, philaretos, phileteia, philarchy.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Мэй Р.** Новый взгляд на свободу и ответственность / пер. А.Лызлева; под ред. Д.Леонтьева – Мау.

2. **Фромм Э.** Искусство любви. – Минск: ТПЦ. Полифакт, 1990. – 80 с.

3. **Фромм Э.** Бегство от свободы / пер. с англ. Г.Ф.Швейника, Г.А.Новичковой. – М.: Академический Проект, 2007. – 272 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА КӨШУ ТАРИХЫ және аграрлық секторды реформалаудың кейбір мәселелері

Талғатбек ӘМИНОВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми
қызметкері, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қазіргі заманғы Қазақстан тарихында еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі мерзімде шаруашылық жүргізудің нарықтық үлгісін қалыптастыруға байланысты өзекті мәселелерді ғылыми зерттеу ерекше орын алады. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында айтқанындай: *«КСРО кезінде көш соңында қалғандардың қатарында саналған бұрынғы кеңестік республика небәрі ширек ғасырдың ішінде қалыптасқан ұлттық мемлекеттілігі, тиімді нарықтық экономикасы, демократиялық қоғамдық құрылысы мен халықаралық жоғары беделі бар заманауи мемлекетке айналды... Мемлекет экономикалық, әлеуметтік және саяси-қоғамдық салаларда «үшжақты транзитті» жүзеге асырды»* [1].

Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастыру үдерісі еліміздің экономикасына, қоғамның әлеуметтік қатынастарына, мәдениеті мен менталитетіне үлкен әсерін тигізді. Осы орайда тарихи ғылым да өз кезегінде бұл өзгерістерге назарын аударып, жаңа көзқарасын білдіруге тырысып бақты. Нәтижесінде тарихи еңбектерге қойылатын заманауи әлеуметтік сауалдар аясында қазіргі тарихнамада зерттеу жұмыстарының тақырыптары түбегейлі өзгеріп, материалды теориялық талдау әдістерінің тіптен жаңа түрлері қолданылуда. Мәселен, нарықтық қатынастар мен кәсіпкерлік іс-тәжірибесінің даму тарихына байланысты мәселелерге қазіргі таңда қызығушылық соншалықты қатты күшейіп отыр, бұл бір жағынан қалыптасқан әлеуметтік болмысқа байланысты болса, екінші жағынан осы мәселелерге кейбір ізденушілердің назары жеткіліксіз аударылып, тіптен олар нарықтың әлеуетін кеңестік дәуірдегідей ертүрлі бұрмалауға дейін баруда [2].

Дегенмен, қазіргі заманғы бизнес мәселелерін зерттеушілердің басым көпшілігі, нарықтық қатынастардың келешегін зерделей отырып, оның экономиканың стамадан тыс орталықтандырылған негізіндегі кеңестік жоспарлы жүйемен салыстырғанда анағұрлым ауқымды және тиімді екендігін көрсетуге тырысып бағуда.

Бүгінгі таңда бізде нарық пен кәсіпкерлік тарихына арналған бірталай еңбек бар. Олардың белгілі бір бөлігі түбегейлі тұжырымдамалық әдістерді пайдаланып, жаңа деректі материалдарды ғылыми айналымға енгізу арқасында өздерін ұтымды дәрежеде көрсетіп отыр.

Осындай құнды еңбектердің қатарына біз республиканың бір қатар жетекші ғалымдары, экономика ғылымдарының докторлары: Я.А.Әубәкіровтың, Н.Қ.Есенғариннің, А.Қ.Қошановтың, О.С.Сәбденнің, К.Ә.Сағадиевтің, С.С.Сатыбалдиннің, А.Е.Есентүгеловтың; тарих ғылымдарының докторлары: Б.Ғ.Аяғаннның, Ә.М.Ауанасованың, М.Х.Асылбековтың, З.Е.Қабылдиновтың, М.Ж.Тәшеневтің, С.Н.Мамыто-

ваның және т.б. монографияларын жатқызамыз.

Мәселен, профессор Я.А.Әубәкіровтың 2009 жылы шығарылған таңдамалы еңбектерінің жинағында тәуелсіз Қазақстан экономикасының қалыптасуы және дамуының басты мәселелері дейекті ашылып көрсетілген, сонымен бірге елімізде нарықтық қайта құру кезеңінің басталуынан 2000 жылдардың ортасына дейінгі мерзімде орын алған әлеуметтік-экономикалық саяси үдерістерге, соның ішінде нарықтық экономиканың қазақстандық үлгісінің ерекшеліктеріне арналған автордың көзқарастары тұжырымдалған [3].

Профессор О.Сәбденнің редакциялауымен шығарылған ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының «Новый Казахстан в меняющемся мире: стратегия экономической трансформации и путь к лидерству» деген ұжымдық монографиясында Қазақстан экономикасы мен қоғамының тәуелсіздіктің алғашқы 20 жылы ішінде өрістеген өзгерісінің көрінісі берілген. Онда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауларында қойған стратегиялық міндеттерін жүзеге асырудағы еліміздің жетістіктері көрсетілген [4].

ҚР ҰҒА-ның академигі С.С.Сатыбалдиннің «Драконы и тигры Азии: сможет ли казахстанский «барс» пройти их тропами?» деген кітабында шартты түрде «айдаһарлар» деп аталатын Шығыс Азия елдерінің және «жолбарыстар» деп аталатын Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің оң тәжірибесін ашып көрсетуге мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи әдістеме негізінде Қазақстан экономикасының даму проблемалары мен ерекшеліктері қарастырылған [5].

Профессор А.Е.Есентүгеловтың «Экономика независимого Казахстана: история рыночных реформ» атты кітабында КСРО-ның таратылуы мен нарықтық экономикаға көшудің аса маңызды себептері жан-жақты баяндалған. Онда автор 1990 жылдары елімізде жүргізілген экономикалық реформалардың қатысушысы және куәгері ретінде Қазақстанның тәуелсіздік алуы мен ұлттық валюта енгізуіне байланысты тарихи оқиғаларды сипаттайды, республикамыздың алдағы онжылдықтарда әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін айқындауға тырысып бағады [6].

Теміржол көлігінің ардагері, КСРО жол қатынастары министрінің бұрынғы орынбасары, ҚР белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Н.Қ.Есенғариннің «Железные дороги Казахстана. Становление» (Алматы, 2004), «Железные дороги Казахстана. Развитие» (Алматы, 2005) деген кітаптары экономиканың негізгі салаларының бірі – Қазақстан темір жолдары жүйесін реформалау тарихына арналған. Сонымен бірге оның Қазақстан Республикасының атақты 210 теміржолшысына арналған «Известные железнодорожники Казахстана» (Алматы, 2005) деген очерк-

терінің екінші толықтырылған жинағы үлкен қызығушылық танытады [7].

Қазақстан экономикасын түбегейлі нарықтық өзгерту теориясы мен тәжірибесінің проблемаларына профессор А.Қ.Қошановтың «Трудное восхождение. На путях к рынку» деген монографиясы арналған. Автор Қазақстан экономикасының трансформациялық үлгісі ретіндегі нарықтық экономиканың аралас түрін қалыптастыру бойынша маңызды шешімдерді әзірлеп, негіздеуге тікелей қатысқан ғалым. Оның бұл еңбегі тиісті ғылыми ізденіс кезеңдерін қамтып, жалпы алғанда нарықтық қатынастар негізіндегі жаңа экономиканың қазақстандық жолының қалыптасуын сипаттайды [8].

Еліміздің экономикалық дамуы мәселелеріне ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының профессоры Б.К.Сұлтановтың редакциялауымен шығарылған «Стратегия экономических реформ Республики Казахстан» деген ұжымдық монографиясы да арналған. Онда еліміздің экономикалық жаңғыру проблемалары, республиканың кеңестіктен кейінгі интеграциялық процестерге қатысуы, сондай-ақ Қазақстанның жетекші халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасауы зерттелген [9].

Ұлт көшбасшысының реформаторлық бағыт-бағдарының нақты іске қосылуына, соның ішінде Елбасының бастамашылығымен ауқымды экономикалық өзгерістердің жүзеге асырылуына байланысты мәселелердің бірсыпырасы профессорлар Б.Ф.Аяған мен Ә.М.Ауанасованың «Нурсултан Назарбаев: человек у власти» деген тарихи-биографиялық кітабында көрініс тапты [10]. Бұл кітап осы авторлардың «Нурсултан Абишевич Назарбаев – основатель независимого государства» и «Нурсултан Назарбаев и казахстанская модель строительства государства» деген ізденіс туындыларының жалғасы болып табылады.

Ал біздің осы мақаламыздың мақсаты – Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуінің, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамашылығымен жүргізілген экономикалық өзгерістердің негізгі кезеңдерінің, соның ішінде ауыл шаруашылын реформалаудың тарихына қысқаша шолу жасау.

Баршаға мәлім, Кеңестен кейінгі республикалардың көпшілігі сияқты Қазақстан да, тәуелсіздік алысымен, жоспарлы экономиканың қойнауында ұзақ уақыт бірте-бірте пайда болып, кең өріс алған жүйелі сұрапыл дағдарыстың түпсіз тұңғығына еніп кетті.

Қазақстанда 1990-1994 жылдары өнеркәсіп өнімінің көлемі екі есеге қысқарды, ал аграрлық сектордың құлдырауы үштен бір мөлшерді құрады. Республиканың қаржы-қаражаты мен тауар өткізу нарығы болмағандықтан кәсіпорындардың басым көпшілігі тоқтап қалды. Қазақстандық кәсіпорындардың өніміне сұраныстың күрт қысқарып кетуі экономиканың опырылып құлауына себеп болды.

Елімізде орын алған осындай қиын-қыстау жағдайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1990 жылдардың басында экономиканы тұрақтандыру үшін қабылдаған батыл шараларының («есеңгірету» деп аталған) маңызы – негізгі тамақ өнімдері мен халық тұтыну тауарларына бағаларды мемлекеттік реттеуден бастартуға, рентабельді емес (пайдасыз) кәсіпорындарды банкроттыққа шығаруға, мемлекеттік активтердің басым көпшілігін жекешелендіруге, тауарлардың еркін қозғалыс жасауына жағдай жасауға, шетел капиталын тартуға және т.б. баруды білдірген еді [11].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік статистика

агенттігінің ҚР Парламенті Мәжілісіне ұсынған талдау жобасына сәйкес 1991 жылдың басында республиканың өнеркәсіп саласында мемлекеттік кәсіпорындардың 23%-і, құрылыста – 40%-і, ауыл шаруашылығы мен сауда саласында – 23%-і, қоғамдық тамақтандыру саласында – 8%-і, жекешелендірілген. Бұл кәсіпорындар аталған салалардың негізінен шағын және орта объектілерін құраған [6].

Жекешелендіру науқанына қатысты тұрғын халықтың көзқарасын анықтау мақсатында ҚР Мемлекеттік статистика агенттігінің 1992 жылғы қыркүйекте жүргізген жекелеген зерттеуі көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан адамдардың осы мәселе бойынша пікірлері бірыңғай болмаған. Қорытып айтқанда, сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі жекешелендіру үдерісін қолдайтынын көрсеткен. Дегенмен, жекешелендіру барысында еңбек ұжымдарының пікірі барлық жерде бірдей «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заңдағы талаптарға сай ескеріліп отырмаған [11].

Қазақстанда жекешелендірудің бірінші кезеңінің тәжірибесі, бастапқы мерзімде орынды және қажетті деп есептелген, меншік қатынастарын өзгертудің еңбек ұжымының пікірін ескеруге негізделген тәсілдерін ғана қолдану жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Нарықтық экономиканың алғашқы қалыптасу кезеңінде экономикалық саясаттың көптеген мәселелерін әзірлеуге белсене қатысқан профессор А.Е.Есентугеловтың пікірінше, купондар мен көлеңкелі аукциондар арқылы жүргізілген шағын және жаппай жекешелендіру кәсіпорындарды оңалту мен экономиканы көтерудің факторы болудың орнына нақты кедегіге айналып кетті. Өлеуметтік әділеттілік ұранымен кәсіпорындарды көлеңкелі аукциондар мен конкурстарда сату меншіктің негізгі бөлігін мемлекеттік шенеуніктердің республикалық және жергілікті деңгейде астыртын бөліп беру әдісіне айналып кетті. **Сондықтан Қазақстандағы алғашқы меншікті жекешелендіру науқанын халық «жымқыру» науқаны деп те атаған болатын.** Сол кезеңдегі жекешелендіру кең ауқымды сыбайлас жемқорлықты, парақорлық пен қызмет бабын теріс пайдалануды туғызды. Қазақстандағы шағын және, әсіресе, жаппай жекешелендірудің нәтижесі осындай болатын [6].

Ал енді бастамашылық жекешелендіруден бірыңғай сценарий, яғни алдын ала жоспарлап жекешелендіруге көшу туралы үзілді-кесілді шешім қабылдау қажет болды. Қазақстандағы жекешелендірудің екінші кезеңі (1993-1995 жж.) «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын» қабылдаудан басталды.

Профессорлар Б.Ф.Аяғанның, Х.М.Әбжановтың және басқа да белгілі ғалымдардың пікірінше, бұл жекешелендіру тарихындағы ең бір жаппай сипат алған және күрделі кезең болды. Ол негізгі төрт: *шағын жекешелендіру* (сауда, тұрмыстық қызмет көрсету нысандарын және жұмыс істейтіндер саны 200 адамға дейін жететін өндірістік кәсіпорындарды аукциондарда және конкурстық негізде сату); *жаппай жекешелендіру* (жұмыскерлерінің саны 200-ден 5000 адамға дейін жететін кәсіпорындарды сату), *жеке жобалар бойынша жекешелендіру* (жұмыс істейтіндердің саны 5000 адамнан артық кәсіпорындарды сату), *агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіру* бағытында жүзеге асырылды [12].

Жекешелендірудің үшінші кезеңі (1996-1998 жж.) электр-энергетика және мұнай-газ салаларында, сон-

дай-ақ әлеуметтік: денсаулық сақтау, білім, ғылым және мәдениет салаларында жекешелендіру басталған секторлық бағдарламаларға көшу кезеңі болды. Нақ осы кезеңде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды сатып ала алатын отандық толыққанды инвесторлар шыға бастады. Екінші және үшінші кезеңдерде барлығы 94 ірі кәсіпорын жекешелендірілді, олардың 57-сі шетелдік инвесторлардың меншігіне берілді. Бұл жеке және мемлекеттік капиталдың қатысуымен компаниялар құруға, жұмыс орындарын сақтауға және ел экономикасын нығайтуға мүмкіндік берді.

Жекешелендірудің төртінші кезеңі Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасы қабылдануымен басталды [13]. Бұл бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру мақсатында, оның мемлекеттік меншікті 1999-2000 жылдар ішінде тиімді басқару және иелік ету бөлігіне қатысты әзірленген болатын.

ҚР Үкіметі 2000 жылы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын» мақұлдап, оны іске асыру бойынша 2001-2002 жж., 2003-2005 жж. және 2006-2008 жж. арналған мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың үш бағдарламасын қабылдады [14].

Осы шаралардың нәтижесінде 1994 жылдың соңғы кезеңінен экономикада күрт өзгерістің алғашқы нышандары пайда бола бастады: жалпы өнім өндірісі мен инфляция (ақшаның құсыздану) деңгейінің төмендеу үрдісі байқалды. Салыстырып қарағанда, бұл көрсеткіш: 1993 ж. – 2263%, 1994 ж. – 1259%, 1996 ж. – 60%, 1997 ж. – 30 % болып; өнеркәсіптік жекелеген салаларында кейбір жандану орын алып, негізгі капиталға инвестициялардың құйылу көлемі ұлғайды [15]. Экономиканың жандануына көбінесе 1993 жылы ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі ықпалын тигізді, бұл елімізге дербес ақшалай-несиелеу саясатын жүргізуге және сонымен бірге нақты толық ауқымды реформаларды бастап жіберуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге өзінің сыртқы экономикалық саясатын ырықтандыру Қазақстанға экономикасының жоғары деңгейде ашық болуына қол жеткізді.

Бұдан бұрын айтып кеткеніміздей, 90-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақстандағы меншік қатынастарына реформалар жүргізіліп, нарықтың алғашқы дербес субъектілері пайда болып, оның инфрақұрылымы жасалды. Жекешелендіру барысында мемлекеттік сектордан мынадай маңызды салалар: қоғамдық тамақтану және сауда, жеңіл, тамақ, өңдеу өнеркәсібі, коммуналдық-тұрмыстық және басқа да қызмет көрсету, энергетикалық және шикізат саласы, агроөнеркәсіп өндірісі бөлініп шығарылды.

Агроөнеркәсіп секторын реформалауда жер қатынастарын реттеу, жерге жеке меншік қатынастарын енгізу аса маңызды қадам болды. Меншік иесі мен тауар өндірушінің бір тұлғаға айналуы ауыл шаруашылығын көтеруге үлкен мүмкіндік берді. Кеңестік дәуірде жермен шұғылданатын адамның өзін меншік иесі ретінде сезіне алмауы – оған өз еңбегінің жемісін толық иеленуіне мүмкіндік бермейтін, бұл жоспарлы экономиканың негізгі кемшіліктерінің бірі еді.

ҚР Президентінің «Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы», «Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру туралы», «Жер туралы», «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» жарлықтарында «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» заңда экономиканың аграрлық секторындағы нарықтық

қатынастардың негізі қаланды. Аграрлық сектордағы реформа ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік меншіктің монополиясын жоюға, ұжымшарлар мен кеңшарларды фермерлік және шаруа қожалықтарына айналдыруға бағытталды [16].

Архив құжаттарына жасалған талдау көрсеткендей, бұл саладағы реформалық өзгерістердің барысына, экономиканың барлық салаларын бақылағанындай, Елбасының өзі мұқият көзін салып отырды. Мәселен, 1998 жылғы 10 наурызда облыс әкімдерімен өткізген кезекті мәжілісінде сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев жиналғандарға мынадай міндет қойды: *«Агроөнеркәсіп секторындағы реформаны тереңдету – мемлекетіміз үшін тағдырлық маңызды мәселе. Сондықтан біз сіздермен, уақыттың тапшылығын сезіне отырып, бұл жұмыстың қарқынын жылдамдатуымыз керек. Ауылдағы реформаның – өндірістің, жалпы экономиканың өсуіне бағытталып отырғанын барлықтарыңыз жақсы білесіздер. Бірақ ауыл шаруашылығы өнімін шығару және оның өнімін өңдеу өндірісінің тұрақты өсуінің басталуы ұйымдық-экономикалық, технологиялық және ресурстық факторлардың бірыңғай кешенде шешілуіне байланысты екендігін барлығыңыз бірдей түсіне қойған жоқсыздар»*. Бұл үшін ол Үкімет мүшелері мен облыс әкімдерін агроөнеркәсіп кешенін тұтастай, жоғарыдан төмен қарай, орталықта да, өңірлерде де, мемлекеттік реттеу және қолдау бойынша жұмыла жұмыс істеуге шақырды [17].

Осындай нақты іс-шаралардың арқасында ауыл шаруашылығының ахуалы жақсара бастады. Мәселен, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты 2002 жылы еліміздің агроөнеркәсіп секторының жағдайына жасаған талдауы көрсеткендей, осы саланың сол кезеңдегі дамуында қол жеткен оң үдерістердің қатарына ауыл шаруашылығында көпжүйелі экономиканың қарқынды бой көтергенін, агробизнес субъектілері үлесінің айтарлықтай ұлғайғанын жатқызуға болады. Аграрлық реформаның барысында алуан түрлі меншікке негізделген жаңа құрылым жасалды. Үкіметтің қолданған шараларының арқасында, тамақ және өңдеу өнеркәсібіне құйылған инвестициялардың артуымен жекелеген өнімдер өндірісі өсіп, олардың ассортименті кеңейіп, сапасы мен сыртқы безендірілуі жақсарды. Егер 1997 жылы осы нарықтағы импорттың үлесі 33-35% құраса, 2000 жылы ол 25%-ке төмендеді [18].

Тәуелсіздік жылдары аграрлық секторды реформалау ісінде мемлекеттің түбегейлі маңызды қадамы жер қатынастарын реттеп, жерге жеке меншік құқын енгізгені болды. Бір адамның бір мезгілде меншік иесіне және тауар өндірушіге айналуының өзі ауыл шаруашылығының көтерілуіне мүмкіндік берді. Кеңес заманының жоспарлы экономикасының мұра етіп қалдырған ауыртпалықтарының бірі жерде жұмыс істейтін адамның өзін қожайын деп сезіне алмауы, оның өз еңбегінің нәтижелерінен шеттетілуі болды. ҚР Президентінің «Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы», «Жер қатынастарын одан ары жетілдіру туралы», «Жер туралы», «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы» Жарлықтарында экономиканың аграрлық секторында нарықтық қатынастарды дамыту негіздері салынған. Сатып алу-сату, жер пайдалану құқын кепілге және жалға беру нақ осы нарықтық қатынастарды құру тетігі ретінде қаралған. Аграрлық секторда нарықтық қатынастардың ары қарай дамуының маңызды оқиғасы 2003 жылы маусымның 20-сын-

да Қазақстан Республикасының Жер кодексінің қабылдануы болды, ал оған 2015 жылы бірқатар түзетулер енгізілді.

Алайда бұл түзетулердің іс жүзінде қолданылуына Елбасының 2016 жылғы мамырдың 6-сындағы Жарлығымен қоғамдық толқу туғызуы себепті мораторий енгізілді, ал сол жылғы маусымның 23-інде жоғарыдағыдай атаумен заң қабылданды. Жер реформасы бойынша құрылған комиссия Үкіметке бірқатар ұсыныстар жолдады. Елордада 2016 жылғы тамыздың 18-інде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және жер реформасы жөніндегі комиссия жұмысының қорытындылары бойынша жер заңнамасына енгізілген түзетулерге мораторийді бес жылға ұзарту туралы шешім қабылданды. Осы шешім негізінде Парламентте қабылданған арнаулы заңмен Жер кодексінің жекелеген, атап айтқанда, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, сонымен қатар жарғы капиталында шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі 50 проценттен асатын заңды тұлғаларға ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді уақытша пайдалану құқын беруге, сондай-ақ мемлекет меншігіне жататын ауыл шаруашылық мақсатындағы жер телімдеріне жеке және заңды тұлғаларға жеке меншік құқын беруге қатысты нормаларының қолданылуына жоғарыда аталған мораторий бес жыл мерзімге ұзартылды.

Қазір Қазақстанның ауыл шаруашылығында шаруашылық жүргізудің кооперативтік үлгісіне қайта оралу қажеттігін түсіне бастағандаймыз. Елбасының бастамасы бойынша, 2015 жылы қазанның 29-ында «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» Заң қабылданды. Сөйтіп, кооперативтер құрыла бастағанымен, қарқындары әзірше баяу. Бірақ алдағы уақытта осы және басқа да кемшіліктерді жоятын мүмкіндігіміз бар. Сондай-ақ, Президенттің Жолдауында: *«Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек»*, – деген нақты міндет қойылған. Бұған қоса, біз *«шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет, бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды»*, – дейді Елбасымыз. Келесі маңызды міндет – ол аграрлық ғылымды дамыту мәселесі. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет деп көрсетілген Жолдауда. Осыған орай аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керек екендігі айтылған. Олар диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс. Осы салаға қатысты қойылған тағы бір маңызды міндет – агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру, оған жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді кеңінен енгізу. Ал бұл шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді.

Осыған орай, Тұңғыш Президенттің ұйғаруынша, мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс. Сонымен бірге *«ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілуі қажет. Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендин қалыптастырып, ілгерілетуге мүмкіндік береді»*, – дейді Елбасымыз. Ауыл шаруашылығын дамытуға арналған міндеттерді қорытындылай келе, Н.Ә.На-

зарбаев: *«5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын, тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсырамын»*, – деген болатын Елбасы өзінің 2018 жылғы Жолдауында. Ол «Нұр Отан» партиясының съезінде айтқанындай, алдағы уақытта да біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымыз өзгеріссіз қала береді, өйткені бізде қажетті бағдарламалардың барлығы бар. Ұлт Көшбасшысының стратегиялық көрегендігінің арқасында елімізде, жаһандық қаржы-экономика дағдарысына қарамастан, ел экономикасын жаңғырту өте сәтті іске асырылып жатыр. Қазақстан индустриялық әлеуетін нығайтуға және инновацияларды дамытуға нық бекінген. Ауқымды құрылымдық реформалар барысында мүлдем жаңа, технологиясы жоғары: мұнай-химия, автомобиль өнеркәсібі, теміржол машиналарын жасау, IT-технологиялар, ғарыш жерсеріктері өндірісі салалары құрылған.

Осының бәрін айта отырып, біз Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңа Қазақстан құру жолындағы орасан зор еңбегін атап өтуге тиіспіз. Тәуелсіздік туын көтерген Елбасымыз қазіргі қым-қуыт мазасыз әлемде өзінің халқын өрлеу жолында жүйелі басқарып, бастап келді және ары қарай солай істеп отыр. Басқа елдердің көшбасшыларымен сұхбаттасып, жұртшылықтың назарын уақыт талаптарына аударып, оларды шешу жолдарын көрсете отырып, Нұрсұлтан Әбішұлы өзін әлем ауқымындағы ірі мемлекет қайраткері ретінде танытты.

Жуырда Қазақстанның екінші Президенті ретінде Қ.Тоқев ант беру сәтінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазірдің өзінде әлем тарихына аса көрнекті реформатор ретінде енгеніне назар аударды [19]. Ол Қазақстанды әлемнің ең бәсекеге қабілетті 50 елінің тобына енген заманауи, алдыңғы қатарлы мемлекетке трансформациялай алды. Оның экономикалық және саяси реформалары сарабал мемлекеттік саясаттың символына айналды. Сондықтан шетелдік сарапшылар Елбасының реформаларына «Қазақстан жолы» немесе «Қазақстан моделі» деген атау берді. Елбасының реформалары Қазақстанды орнықты даму траекториясына шығарды. Қазақстан Республикасы барлық экономикалық көрсеткіштер бойынша Орталық Азия өңірінің көшбасшысына айналды, бұрынғы кеңестік кеңістікте алдыңғы орындарға жайғасты, деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзінше, Қазақстан Ұлттық қорда ірі қаржы ресурстарын шоғырландыра алды, бұл дағдарыстық жағдайларда әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірінші кезектегі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Елбасы экономикаға инвестиция тартуды бағдарға алды [19].

Соның арқасында Қазақстан Орталық Еуропаны қоса алғанда, бүкіл постсоциалистік кеңістікте жан басына шаққандағы тікелей шетелдік инвестиция көлемі бойынша көш бастады. Біздің елімізге 300 миллиард доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция келді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нарықтық экономикасы бар қуатты мемлекет құру ісіне білек сыбана кірісті. Қиындыққа толы осы жолда ол теңдессіз табыстарға қол жеткізді. Елбасының әр Жолдауында, әсіресе, 2018 жылдың наурыз және қазан айларындағы Жолдауларында, сондай-ақ «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде сөйлеген сөзінде ел мүддесін көздеген шынайы жанашырлық көрініс тапты.

Елбасының қажырлы еңбегінің арқасында хал-

қымыз төл тарихында тұңғыш рет өзін туған жердің заңды иесі сезінді, баршамыздың жүрегімізді Отан үшін мақтаныш сезімі кернеді. Президент «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары елімізді жаңғыртуға, Қазақстанның экономикалық әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталғанына тоқталып өтіп, мұның халықаралық аренадағы тұрақсыздық пен дағдарыстар жағдайында аса маңызды болып отырғанын көлденең тартты. Қазіргі Қазақстан – нарықтық экономикасы қалыптасқан, демократиялық әрі зайырлы мемлекет.

Қорытып айтқанда, Қазақстан өзінің ширек ғасырлық тәуелсіздік дәуірінде серпінді дамыған экономикасымен әлемге танылған, маңызды әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізген, саяси тұрақтылығымен ерекшеленген мемлекетке айналып отыр.

Елбасының стратегиялық көрегендігінің арқасында елімізде, жаһандық қаржы-экономика дағдарысына қарамастан, ел экономикасын жаңғырту өте сәтті іске асырылып жатыр. Қазақстан индустриялық әлеуетін нығайтуға және инновацияларды дамытуға нық бекінген. Қазіргі таңда Қазақстан шын мәнісінде өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Бұл кезеңде ол болашақ экономикасының іргетасы қаланып, жан-жақты дамыған, өркениетті 30 елдің қатарына қосылып, Отандық тарихтың жаңа беттерін ашады деген сенімдеміз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье дан краткий обзор истории перехода Казахстана на рыночную экономику и формирования аграрного сектора республики в годы независимости.

This article gives a brief overview of the history of Kazakhstan's transition to a market economy and the reform of the agrarian sector of the republic during the years of independence.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
2. Мамытова С.Н. Историография генезиса рынка и предпринимательства в Казахстане во второй половине XIX –

начале XX века. – Павлодар, 2010.

3. Аубакиров Я.А. Национальная экономика: теоретико-методологические и практические проблемы развития. Сб. науч. тр. – Алматы: Триумф «Т», 2009. – 408 с.

4. Коллективная монография Института экономики КН МОН РК «Новый Казахстан в меняющемся мире: стратегия экономической трансформации и путь к лидерству»./ под ред. О.Сабдена, - Алматы, 2011. – 288 с.

5. Сатубалдин С.С. «Драконы и тигры Азии: сможет ли казахстанский «барс» пройти их тропами?» – Алматы, 1998 – 600 с.

6. Есентугелов А. Экономика независимого Казахстана: история рыночных реформ//Под ред. К.К. Еженовой. – Алматы, 2008 – 356 с.

7. Исингарин Н.К. «Известные железнодорожники Казахстана», Алматы, ТОО «Экономтранс консалтинг», 2005. – 844 с.

8. Кошанов А.К. Собрание сочинений. 10 томов. Алматы: Экономика. 2014. VI том. – 476 стр.

9. «Стратегия экономических реформ Республики Казахстан». Научное издание. Под общ. ред. Б.К.Султанова.– Алматы: КИСИ при Президенте РК. 2005. – 220 с.

10. Аяган Б., Ауанасова А. Нурсултан Назарбаев: человек у власти. – Алматы, 2015.

11. ҚР Президентінің архиві: Қ. 5Н, Т. 6/1, Іс 604, 1-5-бб.

12. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. Учебник. – Алматы, 2010. С. 207-208.

13. Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі № 683 қаулысымен бекітілген.

14. Постановление Правительства Республики Казахстан от 21 июля 2000 года N 1095 «Об одобрении Концепции управления государственным имуществом и приватизации в Республике Казахстан».

15. Аяган Б., Ауанасова А. Нурсултан Назарбаев и казахстанская модель строительства государства (исторический аспект). – Алматы, 2012.

16. Аяган Б.Г., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы, 2010.

17. ҚР Президентінің архиві: Қ. 5Н, Т. 1/7, Іс. 8691, 1-9-бб.

18. ҚР Ұлттық архиві: Қ. 76, Т. 1 (пр.), Іс 84., 4-14-бб.

19. Әбдібек С. Ел тарихындағы тарихи сәт. «Егемен Қазақстан» газеті, 21 наурыз 2019 жыл.

ЭТНОСАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

(Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві қорынан)

Хадиша ЕРМУХАНОВА,

Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері

Қазақстанның демографиялық ахуалы қоғамдағы маңыздылығын жоймаған мәселенің бірі болып саналады. Әрине, бұл жөнінде бұрын да жазылды, алайда әлдеде зерттеуді қажет етеді.

Миграциялық үдерістер нәтижесінде халықтың ұлттық құрамы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қазіргі көп этносты Қазақстанда жалпыұлттық мүдделерді жүзеге асырудың жолы – қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында

барлық этностардың теңдігін қамтамасыз ету.

Қазақстан халқының ұлттық құрамының ауыр тағдыры тарихтан белгілі. XX ғасыр қазақтарды өз Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалардың дәуіріне жатады. Қазақстаннан сырт жерлерде, 40-тан астам шетелдерде 5 млн. қазақ тұрады. Шеттегі қазақтардың ана тілін, салт-дәстүрін сақтауына Қазақстан үкіметі қамқорлық жаасап отыр. «Сырттағы 5,0 миллионнан астам қан-

дастарымызға арнайы бір басылымның ауадай қажет екені ақиқат. Ал «Қазақ елі» газеті 1995 жылы алғаш кіндік кескенде біздің Қауымдастықтың оған құрылтайшы болғаны да бар», – деп көрсетілген Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құжатында [1, 41-п.].

ҚР Президенті Жарлығымен 1996 жылдың 31 желтоқсанында «Шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бағдарлама негізінде шетелдік қазақ қаламгерлерінің халқымыздың тарихына қатысты жазған шығармаларын шығару қолға алынды [1, 70-п.].

Авторы	Шығармасы
Су-би-хай	«Қазақ мәдениетінің тарихы»
Зардыхан Қинаятұлы	«Моңғолиядағы қазақтар»
Жақсылық Сәмитұлы	«Қытайдағы қазақтар»
Сұлтан Жанболат	«Елжау Күмби»
Халифа Алтай	«Алтайдан ауған ел»
Дәлелхан Жаналтай	«Қилы заман – қилы нұндер»
Батырхан Құсбегін	«Зұха батыр»
Таңжарық	Екі томдық шығармалар жинағы

Осылайша, Үкіметіміз шетте жүрген отандастарымыздың ана тілі мен ұлттық мәдениетін сақтап қалуларына жағдай жасауда.

1991 жылдан бастап миграцияда жаңа құбылыс байқалып, ТМД елдерінен және алыс шетелдерден қазақ ұлты өкілдері келе бастады. 1991-1992 жылдары Моңғолиядан 41 мың қазақ көшіп келді. 1993 жылы алыс шетелдерден 23 мыңнан аса қазақ келді. Ресейден, Прибалтикадан, Украинадан, Закавказьеден, Тәжікстаннан 50 мыңға жуық қазақ туған жеріне оралды.

Алайда, 1991-1995 жылдары республикадан кеткендердің саны келгендерден 1 млн-ға жуық өсіп отырды. Осы жылдары көшіп келушілер 2240, 8 мың болса, кеткендер – 32210,3-тен асты [2, 320-б.].

Соған қарамастан, Қазақстанда тұратын қазақтардың жыл сайынғы өсімі оралмандар есебінен көбейе түсті. Осындай миграциялық үдерістер нәтижесінде халықтың ұлттық құрамында өзгерістер жүріп жатты. Ең басты өзгеріс – өзінің кіндік қаны тамған туған жерінде азшылыққа айналған, демографиялық апаттарды басынан кешірген қазақ ұлты басымдыққа ие болды. 1989-1995 жылдар аралығында қазақтар үлесі 39,7% -дан 46%-ға өсті [2, 321-б.].

1993 жылғы дерек бойынша, республикадан алыс шет мемлекеттерге 100,5 мың адам, яғни тұрғылықты халықтың 0,6 %-ы кетіп, 11,0 мың адам көшіп келді, миграция сальдосы (-) 89,5 мың адам болып есептеледі. Статистикалық мәліметке сәйкес негізгі этникалық топтар келесідей бөлініске түседі:

Ұлт өкілдері	Мың адамға шаққандағы саны	Ұлттық жалпы саны %	Мигранттар саны %	Мың адамға шаққандағы саны	Келгендер саны %
орыс	13,2	0,2	13,1	0,6	5,5
украин	2,7	0,3	2,7	0,1	0,9

белорус	0,5	0,3	0,5	0,01	0,1
неміс	78,8	11,3	78,4	0,34	3,1
қазақ	0,4	0,01	0,4	6,4	58,2

Бұдан байқайтынымыз, алыс шет мемлекеттерге кететіндердің негізгі бөлігін немістер құрайды – 78,4 % (Қазақстанда тұратындардың 11,3 %-ы). Қазақтардың үлес салмағы реэмиграция үдерісінде неғұрлым басымырақ (58,2%) болып келеді [3].

Қазақстанда эмиграцияның жоғары қарқынына байланысты 1991 жылдан кейін тұрғындар санының төмендеуі байқалды. 1992 жылы 16млн. 985 мың адам болса, 1993 жылы – 16 млн. 942 мың, ал 1995 жылы – 16 млн. 590 мыңға азайды. 1999 жылғы жүргізілген санақ халық санының 15 млн.-нан төмендегенін көрсетті. 1995 жылдың 9 айының ішінде республикадан 198,6 мың адам кеткен. 1991-2001 жыл аралығында Қазақстаннан кеткендердің жалпы миграциялық толқыны 2 млн. адамды құрады. Сонымен бірге, 1991-1997 жылдар аралығында Қазақстанға шеттен 164 мыңға жуық қазақ көшіп келді [4, 370-б.].

1992 жылдың аяғында республикадағы халық саны – 17 млн.-ға жуықтаса, 2002 жылы 14 млн. 830 мың адамды құрады. Осы жылғы қаңтар-желтоқсанда елімізден 113,6 мың адам көшкен, ал көшіп келгендер саны – 53,8 мың болған [2, 321-322-б.].

2003 жылға қарай экономиканың тұрақтануына байланысты Қазақстанға тек жақын шетелден ғана емес, Германия, Греция, т.б. алыс шетелдерден келгендер саны артқаны байқалды. Бұл 2004 жылы халық санының 15 млн-ға жетуімен айшықталды [4]. 2009 жылғы санақ бойынша халқымыз 16004, 8 мыңға өсті [2, 322-б.].

Міне, бұл демографиялық динамикадағы өзгерістер еліміздегі көші-қон мәселесінің біржақты болмағанын айқындайды. Халық санының өсуі негізінен шеттен келген қазақ бауырларымыздың есебінен болғаны қуантады. Бұл көші-қон мәселесі үкіметтің арнайы саясаты арқылы жүзеге асырылып отырды.

Яғни, 2008 жылы «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада жоғары білімі, ғылыми дәрежесі барларға және кәсіппен айналысуға бейімділерге квота үлестіруде басымдық берілді [2, 330-б.].

«2000-2009 жылдардағы көшті «Қазақ көшінің алтын дәуірі» деп атауға болады. Бұл кезде Қытайдан елге оралған қазақтар ауыл-ауыл болып тұтасып көшті. Азаматтық алу, оқуға түсу, квота алу ісі оңтайлы болды», – деп еске түсіреді «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Омарәлі Әділбекұлы.

Көп этносты еліміздегі идеологиялық міндеттің маңызды бөлігі – қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру (өзін-өзі теңестіру). Әрбір адам өзінің мемлекетіне, оның тарихы мен болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай болып, қызмет етуі тиіс [5, 112-б.].

Осы мақсатта 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы елімізді мекендеген барлық ұлттық-мәдени орталықтар мен этностық қоғамның барлық өкілдерін біріктірді.

Н.Назарбаев «Қазақстан жолы» кітабында Ассамблея құрылымы туралы: «...Бүгінде дәл осындай беделді де өкілетті ұлттық саясаттың құралы әлемнің бірде-бір елінде жоқ», – деп жоғары баға берген болатын [6, 173-б.].

Ассамблеяның жұмысы бірнеше қағидаға негізделген. **Бірінші қағида** – этностық, конфессиялық, мәдени және тіл ерекшеліктері. **Екінші қағида** – этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытуға мемлекет тарапынан жағдайлар жасау. **Үшінші қағида** – қазақ ұлтының толеранттылығы мен жауапкершілігі. **Төртінші қағида** – қазақ этносының ынтымақтастықты нығайтудағы рөлі. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы қағидаларды дәйекті түрде жүзеге асыруда.

2002 жылы Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы атқарған жұмыстары туралы ақпаратқа назар аударайық: мұнда Қазақстан аумағындағы этностардың ұлттық-мәдени бірлестіктері жайында деректер келтірілген [1, 73-п.].

Аймақтар	Ұлттық-мәдени орталықтар
Шығыс Қазақстан облысы	42
Алматы қаласы	29
Жамбыл облысы	20
Астана қаласы	16
Қостанай облысы	13
Қызылорда облысы	6

Бұдан әр аймақтағы ұлт өкілдерінің санына байланысты мемлекет тарапынан этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытуға жағдайлар жасалып отырғаны байқалады.

Идеялық бірігуде қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығуы негізгі мәселе болып табылады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Қазақстанда тұратын әрбір адам қазақ тіліне осындай көзқараста болуы қажет.

Тілдер туралы Заңның қабылдануы ұлттық білім беруді одан әрі өркендетуге мүмкіндік берді. 1997 жылы барлық 8610 жалпы білім беретін мектептің 3379-ы қазақ тілінде, 72-сі өзбек тілінде, 16-сы ұйғыр тілінде, 3-уі тәжік тілінде, 1-уі түрік тілінде жұмыс істеді [4, 371-б.].

Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр. Елімізде өзбек, тәжік, ұйғыр, украин тілдерінде білім беретін 88 мектеп бар (2012 ж.). 108 мектепте 22 этностың тілі ерікті пән есебінде оқытылады. 30 этностың тілін оқытып-үйрететін 195 мамандандырылған лингвистикалық орталық ашылған.

Еліміз аумағында өзбек, ұйғыр, кәріс, неміс – барлығы 4 ұлттық театр жұмыс істеуде. Ақпараттық кеңістікте 35-тен астам этникалық газет-журнал басылымдары таратылуда. Газет-журналдар 11 тілде, радиобағдарламалар – 8 тілде, телебағдарламалар – 7 тілде шығарылады.

Дүние жүзінде ұлт саясатын Қазақстан үлгі болатындай жүргізуде. Мәселен, Алматыдағы корей театры – корейлердің тарихи отанынан тыс жер-

де орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Еліміздегі «Коре ильбо» және «Українські новини» басылымдары қазақстандық үкімет қаржыландырып отырған басылымдар [5, 168-б.].

Біздің мемлекетіміз көпэтносты болуымен қоса, көп дінді екені белгілі. Діни сезімдерді қоғамда жанжал туғызу үшін пайдалануға жол бермеу керек. 2003 жылдан бастап жұмысын бастаған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі конфессияаралық өзара түсіністікке жасалған қадам болды. Елімізде 40-тан астам конфессия мен деноминациялардың өкілдері бар. 4 мыңнан астам діни бірлестіктер, 3300 мәдени нысандар жұмыс істеуде [7].

Әлемде жүріп жатқан жаһандану үдерісі этникалық айырмашылықтарды жояды, ал бұл өз кезегінде ұлттардың өз мәдениетінің ерекшелігін сақтап қалуға, өзінің этникалық бірегейлігін сезінуге құштарлық туғызады.

Жаһандану кезінде жат идеологияларға ұлттық құндылықтарымыз бен отаншылдығымыз арқылы төтеп бере аламыз. Елбасы: «*Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу*», – деп атап көрсетті. Ұлттық кодты сақтау арқылы ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтарға мұра ету парызымыз. Көп этносты бейбіт ел екенімізді мақтан ете отырып, ұлттық құндылығымызды асқақтата білуіміз керек.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается демографическая ситуация в полиэтничном Казахстане, а также развитие культуры, языка представителей всех этносов, населяющих республику, описываются конфессиональные проблемы. Подчеркивается объединяющая роль казахского народа в обеспечении равенства этносов.

The article discusses the demographic situation in multi-ethnic Kazakhstan and development of culture and language of representatives of all ethnic groups inhabiting the republic. It also describes confessional problems. Furthermore, the article emphasizes the unifying role of the Kazakh people in ensuring the equality of ethnic groups.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Архиві. 54-қор, 1-тізімдеме, 297-іс, 41, 70, 73-пп.
2. **Б.Ғ.Аяған, Х.М.Әбжанов, Д.А.Махат.** Қазіргі Қазақстан тарихы. Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық. Алматы 2010. – 448 б.
3. ҚР Президентінің Ақпараттық-аналитикалық орталығы. Қазақстан Республикасы халқының жақын шетел мемлекеттеріне миграциясы және иммиграциясы туралы құжаттар, 5-Н-қор, 1-тізімдеме, 3502-іс, 26-п.
4. **А.Кузембайұлы, Е.Абиль.** История Казахстана. Санкт-Петербург, «Соларт» – 2004.
5. **Н.Ә.Назарбаев.** Тәуелсіздік белестері. Алматы, Атамұра, 2003. – 420 с.
6. **Б.Аяған, Ә.Ауанасова, А.Сүлейменов.** Қазақстанның жаңа тарихы: Тұрақты Қазақстан. III том. Алматы, 2012. – 320 б.
7. Тәуелсіздік жолы: тарихы, бүгінгі шындығы және келешегі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2012.

ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ КӘСІБИ БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУ

Сәулет ӘБЕНОВА,
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университеті
кәсіптік оқыту мамандығының 2-курс магистранты,
Рахия ДӘРМЕНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
ҚазҰлтҚызПУ профессорының міндетін атқарушы

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді», – деп айтқандай, қазақхалқының өткені мен бүгінгі тарихын, салт-дәстүрімізді біздің ұрпақтарымыз ұмытпауы қажет.

Қолөнердің Қазақстан территориясында ертеден кең дамығаны, өркендеуі, біріншіден, қазақ халқының күнделікті тұрмыста қолдану қажетінен туса, екіншіден, халықтың өнерді құрмет тұтып, жоғары бағалауынан деп білеміз. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері этнопедагогика жылдан-жылға өрістеп келеді. Әр ұлт өз халқының педагогикасымен сусындап, жастардың ұлттық намысын оята отырып, оларды бүгінгі күн талаптарына сай жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға технология сабағында қазақ халқының қолөнерін, оның ішінде гобелен тоқу өнерін меңгерту, жетілдіруді талап етеді.

Бастауын көне түркілерден алып жатқан аса бай көркемдік дәстүрлерді бойына жинақтаған төл ұлттық өнердің ең бір маңызды түрлерінің бірі – кілем тоқу мен тоқымашылық. Қазақстанға тоқымашылықтың жаңа түрі батыс мәдениеті дәстүрлері арқылы енген гобеленнің дамуы құнарлы топырақ тапқан тәрізді. Халық қолөнер шеберлерімен қатар арнаулы білімдері бар суретшілер соңғы кезде тақыр кілем, терме алаша тоқудың жаңа тәсілі «Гобелен кілемін» дайындауды қолға алуда. **Гобелен – қолдан тоқыған сюжетті кілем.** Гобелендер есімімен аталған мануфактура өнімдерінің жалпылама атауы. Кейін дербес суретшілік өнер түріне айналған гобеленнің бөліктері түрлі түске боялған жібек не жүн жіптерден тоқылып, бір-бірімен тігіліп біріктіріледі. Гобелен дербес суретшілік өнер туындысы ретінде алғаш Франция, Италия, Испания, Германия елдерінде дамып, кейін Ресей, Балтық бойына, Кавказға кең тараған. Гобелен кілемінің тоқылу мәнері, терме алаша, түкті кілемге ұқсағанымен жалпы ою-өрнек суреті сирек қолданылады. Көпшілігінде адам, мал, дала, құрылыс, білім мәдениет тақырыбындағы суреттер жиі кездеседі. Гобелен кілемінің тоқылуының

өзіндік ерекшеліктері бар, жай кілемге қарағанда жіптері сан алуан болып, өрмек теруінде бір кілемнің өзінде түкті және түксіз өрмектер араласып келе береді. Сондай-ақ кейде өрнек жіптері тоқылмай қалатын өрістері де болады. Мұндай тоқылмаған өрнек жібі қиылмайды. Сонымен, гобелен дегеніміз – тақыр және түкті кілем тоқу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып тоқылған сюжеттік кілемше.

Қазақстан гобеленінің тарихы 1937 жылдан басталады. «Қовровщица» артелінің жанынан, **Ә.Қастеев, А.Ысмайылов, Г.Ысмайылова, Н.Цивчинский** тәрізді көптеген танымал қазақстандық суретшілер эскиз жасауға атсалысты. Сол кезден бастап-ақ қазақстандық гобелен халықаралық деңгейге көтерілді. «Физкультура» шеруі атты 20 м. гобелен панно 1937 жылы Нью-Йорктегі, 1942 жылы Прагадағы көрмелерге қойылды. «28 батыр Панфиловшылар ерлігі» мен «Рейхстагқа тігілген жеңіс туы» атты тақырыптық гобелендер Мәскеу қаласының 800 жылдығына орай сыйға тартылды. Бұлар кәсіби суретшілер мен халық шеберлерінің шығармашылық ынтымақтастық негізінде гобелен жасаудың алғашқы қадамдары еді.

Қазақстанның гобеленнің келесі даму кезеңі – XX ғасырдың 70-жылдары. Тоқыма өндірісі жөнінен арнайы білім алған кәсіби суретшілер: **Қ.Тыныбеков, И.Ярема, Б.Зәуірбеков, А.Иханова, Е.Данилова, Ж.Баратова, Ш.Қожаханов, Р.Базарбаева** осы кездері жұмыс істей бастады. Бұлардың творчествосынан гобелен Қазақстан үшін сәндік өнердің бір түрі ретінде орын тапты. Гобелен ұлттық мектебінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан Қ.Тыныбеков болды. Қазақстан табиғатының сұлулығы мен ерекшелігі оның құрылымы мен негізгі халық творчествосының өзегімен үндесіп жатқан гобелендік панносында жаңа қырымен жарқырай көрінді. Қазақстанның жартастағы таңбаларын гобеленге пайдаланған авторлардың бірі – **И.Ярема.** Оның жұмыстарынан әртүрлі технологиялық тәсілдерін батыл қолдануға негізделген шығармашылық ізденістерді үнемі кездестіре аламыз. Өз жұмыстарында әйел образдарын үйлесімділік, пәктік пен асқақ сезімге бөлену символы ретінде алатын **Б.Зәуірбеков** гобелендерінің стилистикалық ерекшелігі – лирикалық интонациялар.

Ә.Бапанов пен С.Бапанова өздерінің станоктік гобелендеріне кескіндемелік және графикалық кешендерді құру принциптерін, әшекейлеу ашықтығымен көркем пластикалық байқауда синтез жасайды. Бұл олардың жұмыстарының қазіргі заманмен өте тамаша үйлесім тауып жатуына бірден бір септігін тигізуде. Қазақстан гобелен мектебінің өзгешелігін, қазақтың

ұлттық дәстүрлері мен еуропалық дәстүрлердің өзіндік ұлттық стилистиканы қалыптастыру авторлық ізденістердің сан алуандығынан көруге болады.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан-ақ күнделікті еңбек қызметінде өзінің қолданбалы өнерін дамытып отырды. Қолданбалы өнерге тән ерекшеліктер айналадағы ортамен, өмірмен, еңбекпен тығыз байланысты болды. Ұлттық қолданбалы өнердің әлеуметтік-тәрбиелік рөлі тек оның туындыларының өзіндік көркемдік, эстетикалық құндылығымен бағаланбайды, сонымен қатар адамның өз заманына сай талғамын білдіруінен, өткен мәдениетпен, ұлттық дәстүрлермен сабақтастығынан көрінеді. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі отбасындағы еңбек тәрбиесіне негізделген. Кәсіп пен өнердің түрлері олар үшін күнкөріс көзі ғана емес, рухани қажеттілік тәрбие құралы да болған.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке: ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өсіп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Оқушылардың ұлттық қолөнер арқылы кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби-шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу үдерісінде мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр.

Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегіндегі *“Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр”*, – деген сөзі нақты айғақ бола алады.

Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрін халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып өркендету – өнегелі іс. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады.

Қазіргі өмір талабы – оқу-тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып, сапалы, әдепті ұрпақ тәрбиелеу. Көркем еңбек сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізілетіндіктен, оны меңгеру үшін ерінбей еңбек ететіндей төзімді және жинақы болу керек. Ал бұл көп оқушының шамасы келе беретін қасиет емес.

Сондықтан оқушының қызығушылығын арттырып, сабақты түрлендіріп өткізу қажет. Басты мақсат – қыздардың сабақ үстінде шет қалмауы, берілген тапсырмамен айналысып отыруын қадағалау, көркем еңбек пәнінде оқушы қыздардың икемділігі, биязы

болып, өз ойын дәл, дәйекті етіп, айқын көрсетуін талап ету.

Ұлттық қолданбалы қолөнерді тәрбие құралы ретінде пайдалана білу барысында, халқымыздың үлгі-өнегесі, салт-дәстүрін ұрпақ санасына сіңіруде үлгі боларлықтай педагогикалық іскерлік, шеберлік, шығармашылықпен бекіту қажет. Ұлттық тәрбие үнемі білім берушілік негізде жүріп отыруы тиіс. **Сондықтан, мектептегі көркем еңбек пәнінің мазмұны мынадай міндеттерді шешуі керек:**

-халықтың қолданбалы қолөнер туралы түсінігін қалыптастыру;

-халықтық қолданбалы қолөнеріне, ұлттық мәдениетіне оқушылардың сүйіспеншілігін ояту;

- ұлттық қолданбалы қолөнер шеберлерінің еңбегімен таныстыру;

- күнделікті тұрмыста қолданатын қарапайым ұлттық нақышта орындалған бұйымдарды жасауды үйрету.


Осының бір дәлелі ретінде көркем еңбек сабағында оқушы қыздардың жасаған гобелен жұмысын кезеңдік ретімен көрсетіп өтпекпіз.




1-сурет.



2-сурет.



3-сурет.



4-сурет.



5-сурет.

Жүргізілген тәжірибе жұмыстары барысында төмендегідей әдіс- тәсілдер қолданылады:

- арнайы жабдықталған көрмелерге, мұражайларға саяхат жасау;
- дәстүрлі халықтық қолданбалы қолөнер туындылары жайында әңгіме өткізу;
- оқушылардың көркемдік шығармашылық жұмыстарын талдау, қорытындылау.

Мектепте халықтық мұра, қолданбалы қолөнер туралы және олардың кейбір көп тараған түрлері туралы ғана мағлұматтар беріледі. Оқушылардың қабылдау, сезіну, ұлттық, танымдық, деңгейлеріне сәйкес адам өміріндегі халықтық мұра қолданбалы қолөнер туындыларының сәндік мәнері, маңызы туралы түсініктерді қалыптастыруға, ұлттық тәрбие құралы ретінде қолдануға мән берілмеген. Көркем еңбек сабақтарында ұлттық қолданбалы қолөнер бұйымдарының үлгілерін көрсету, ою-өрнектерді әшекейлеуге пайдалану сияқты сыңаржақ іс-әрекеттер деңгейінде жүргізілгендіктен, халықтық дәстүрлі қолданбалы қолөнердің ұлттық мәнін біртұтас қабылдау, сезіну, пайымдау, сол арқылы ұлттық талғамды қалыптастыруға мүмкіндік беретін іс-әрекеттер ойластырылмағандықтан, **оқушыларға көркем еңбек сабақтарында ұлттық тәрбие беруге ықпал ететін төмендегідей мәселелерге баса көңіл бөлінуі қажет:**

- оқушылардың халықтық қолданбалы қолөнер түрлері, ерекшеліктері туралы түсініктері мен қабылдау іс-әрекеттерін ұтымды ұйымдастыра отырып, қалыптастыру;
- олардың ұлттық, танымдық түйсіну мүмкіндіктерін ескере отырып, ұлттық қолданбалы қолөнерге қызығуын қалыптастыру;
- оқушылардың даму ерекшелігін ескере отырып,

ұлттық талғампаздық өрісінің кеңеюіне ықпал ету;

- қазақтың көркемөнер шеберлері жасаған үлгілерін көрсетіп, әңгімелесу, оның мазмұнын қабылдай білуге баулу, үнемі назарда ұсталып, нақты тақырыптар беру;

- сабақ барысында ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал-мәтелдерді де пайдаланып отыру;

- қабылдау сабақтарында оқушыларға таныстыруға пайдаланылған қолданбалы қолөнер бұйымдарының ұлттық тәрбие беруге ықпал ету мүмкіндігін тексеру.

Қорыта келгенде қазақ халқының қолданбалы қолөнері – біздің ұлттық мәдениетіміздің құрамды бөлігі. Оны дамыта отырып, халық шеберлерінің өнегелі өнерін насихаттау, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о прошлом и настоящем прикладного искусства казахского народа и значение его правильного использования в предметах художественного труда. Все, что делается на занятиях художественного труда, поможет сформировать необходимые формы обучения национальному воспитанию. В связи с этим в статье рассматривается, что прикладное искусство на основе обновленной программы по реализации всестороннего образования имеет большое влияние на формирование, воспитание и образование молодого поколения.

Ключевые слова: национальное воспитание, этнопедагогика, прикладное искусство, художественный труд, инновационные технологии, эстетика, го-белен.

The article deals with the past and present of applied art of the Kazakh people and the importance of its proper use in the subjects of artistic work. Everything that is done in the classes of artistic work will help to form the necessary forms of training in national education. In this regard, the article considers that the applied arts on the basis of the updated program for the implementation of comprehensive education has a great impact on the formation, education and education of the young generation.

Keywords: national education, ethnopedagogy, applied art, artistic work, innovative technologies, aesthetics, tapestry.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Нұрсұлтан Назарбаев:** «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, 21.11. 2018 ж. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyinh-zheti-qyry>
2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, 26.04.2017, Егемен Қазақстан.
3. **Жанибеков У.** Казахские домашние художественно ремесло. Алма-Ата, Қайнар, 1990.
4. **Арғынбаев Х.** Қазақ халқының қолөнері. Алматы. 1987.
5. **Қасиманов С.** Қазақ халқының қолөнері. Алматы. 1995.
6. **Н.А. Якупова, Р.Ш. Алимсаева.** Технология 12 жылдық, 7-сынып Алматы мектеп. 2009 ж.
7. Фаламтор материалдары.

ТУҒАН АУЫЛЫМНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

(Тәрбие сабақ. 5-сынып)

Мария АХМЕТЖАНОВА,
Башкөл орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ел үшін жанын қиған ерлер өмірін дәріптеу. Туған ауылымнан соғысқа қатысқан тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы түсініктер қалыптастыру.

- оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып топпен жұмыс істеуге дағдыландыру, мәнерлеп, түсініп оқу дағдысын, ой-өрісін, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

- еңбекқорлыққа, елін, туған жерін сүюге, патриотизмге баулу.

Сабақтың нәтижесі: Оқушылардың барлығы орындай алады: Үй жұмысына берілген тапсырманы орындайды. Сұраққа жауап береді.

Көбісі: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.

Кейбіреуі: Үйге берілген тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. Өз ойын еркін жеткізуге тырысады. Өлкетану материалмен танысады.

Ресурстар: Бейнежазбалар, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.

Әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ қою, көрнекілік.

Рефлексия.

Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Басы. 5 мин.	Сәлемдесу. Топқа бөлу. Түрлі-түсті қағаздың түсіне қарай бөліну. 1) Топтың атын қою, басшысын сайлау. а) Жеңістер. ә) Ардагерлер. б) Бейбітшілік. 2) Сабақ тақырыбына байланысты: Слайд, бейнежазба көрсету. 3) Түрткі сұрақтар қою нәтижесінде сабақтың тақырыбы анықталады: Бейнетаспа бойынша не түсіндіңдер? Бейнетаспа арқылы сабақтың тақырыбы қандай болу мүмкін деп ойлайсыңдар?	Топқа бөлінеді, басшысын сайлайды. https://www.youtube.com/watch?v=6Rf56qRu6-A түрткі сұрақтарға жауап береді.
5 мин.	Сұрақ-жауап. «Соғыс» деген не? Неге соғыс «Ұлы Отан соғысы» деп аталады? Бейнежазба көрсету.	сөйлейді, ойды, жеткізеді. https://www.youtube.com/watch?v=kdlg2WICN4
Сабақтың ортасы. 20 мин.	Білу, түсіну. Тақырыпты түсіну барысында слайд көрсету: Бұл суреттерде не көрсетілген? 6-слайд: Суретте мыңдаған адамдар туысқандарынан айырылғаны туралы.... 7-слайд: Солдаттардың соғысқа аттанғаны 8-слайд: Соғыстың негізгі шайқастары.... 9-слайд: Зауыттарда әйелдер мен балалар жұмыс істеді, олар танктер, ұшақтар, снарядтар мен қарулар жасады. Соғыс жылдарында Кеңес Армиясының қатарына 1 млн 200 мыңнан аса қазақстандықтар шақырылды, 20 дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да әскери бөлімдер құрылды..... 10-слайд: Соғыстың жеңіс парады 9 мамыр 1945 жылы болғаны туралы.... 11-слайд: Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдардың құрметіне ескерткіштер тұрғызылғаны. 12-слайд: Ауыл ескерткіші туралы ... Бейнежазба көрсету. 13-слайд. Ұлы Отан соғысы: туған ауылымның батырлары. Оқушылардың шығармашылық тапсырма орындағанын тыңдау. Үй тапсырма. (1-2 жұма бұрын берілген жалпы сыныптық тапсырма). Туған ауылының Ұлы Отан соғысына қатысқан азаматтар туралы мектеп мұражай материалдарымен жергілікті халықтардан құжаттар жинақтау, жүйелеу арқылы қабырға стенд газет жасау, қорғау. Қорғау: 1-топ. Жеңістер – Мустафин Кабдылқараптың өмірбаяны, құжаттары, қатысқан шайқастары мен марапатталған ордендер туралы мәліметтер береді. Кабдылқарап атаның құрметіне өлеңдер шығарып, айту. 2-топ. Ардагерлер – Хасанов Салим атаның өмірбаянымен таныстырып, өз шығармасын өлеңін орысша оқып берді. 3-топ: Бейбітшілік – Бутенбакин Смағұл атаның өмірбаянын, құжаттарын, марапатталған медальдары туралы мағлұмат берді.	Суреттер көру арқылы тақырып бойынша түсініктер қалыптастырады. Әңгімелейді, сөйлейді, ойлайды. https://www.youtube.com/watch?v=Ay2F3DKBzkw Қабырғаға ілінген ватмандар. Топ жұмысын қорғайды. Ардагерлердің өмірбаяны, орден кітапшаларын, жинақталған құжаттары туралы мәліметтер береді. Өлеңдерін айтады.
Сабақты бекіту. 6 мин.	Ой қорыту: «Сандық сұрақтар» ойыны арқылы сабақты бекіту. Әр топ басшысы шығып, топпен ақылдасып, сұрақтың жауабын айтады. - Егер мүмкіндік болса, соғысқа қатысқан адамдармен кездессең не айтар едің? - Олар мен кездескенде қандай сұрақ қояр едіңдер? - Біздің батырларымызға өз алғысыңды қалай білдірер едің?	Әр топ басшысы сандықтан сұрақтар алып, жауап беруге тырысады. Қорытындысы.
Кері байланыс. 4 мин.	«Жалын тілдері» сабақ бойынша не білгенін, не түйгенін ойларын жазып стикерлерін қасиетті отқа іледі.	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады.

Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданы.

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»

Үстіміздегі жылдың 19 желтоқсан күні М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында жүзеге асырылып жатқан «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы бойынша дайындалған «Дала фольклорының антологиясы» онтомдығының алғашқы 5 томын, «Ұлы даланың көне сарындары» үштомдығының 1 томын, сондай-ақ «Ежелгі дәуір әдебиетінің» бестомдығының алғашқы томын көпшілікке таныстырды.

Жұмыс барысында Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының ұстаз-оқытушылары мен өнерпаздар, қажеттігіне қарай өңірлердегі дәстүрлі өнер мектептерінен де жыршы-орындаушылар тартылды. Аудиожазба мен цифрландыру жұмыстары арнайы студияларда жүзеге асырылды. Оның баспаға дайындау жұмыстарын Институттың ғалым-мамандарынан жасақталған арнайы шығармашылық топ жүзеге асырды және олардың жұмысына редакциялық алқа, жобаның ғылыми жетекшісі, ғылыми және жауапты редакторлар, ғалым-сарапшылар, сондай-ақ институттың Ғылыми кеңесі басшылық жасады. Басылымдарға белгілі отандық ғалымдармен қатар алыс-жақын шетел оқымыстылары да сараптама-пікірлер жазды.

«Дала фольклорының антологиясы» онтомдығының алғашқы 5 томдығының тұсауын ҚР Халық әртісі, театр қайраткері Сәбит Оразбаев, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Түркітану кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Шәкір Ыбыраев және Қырғыз Республикасы ҰҒА академигі, Ч.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты Манас, фольклор және ақындық поэзия бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Мээрием Көлбаева кесті.

Институт 2019 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында жүзеге асырылған тағы бір тың жоба «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясы. Аталған жинақтың «Музыкалық фольклор» бөліміне енген ежелгі наным-сенімдерге қатысты «Бақсы сарындары», ғұрыптық өндерге жататын үйлену ғұрыпының сарындары – «Жар-жар», «Сыңсу», «Көріс», «Беташар», азалау ғұрыпына байланысты «Жоқтау», «Жұбату», «Дауыс», «Көңіл айту», «Көрісу» үлгілері Институттың мұрағатынан іріктеліп алынды. Сондай-ақ, жинаққа 2012-2014 жылғы ғылыми экспедиция барысында Қытай және Моңғолия елдерін мекендеп жатқан қазақ диаспорасынан жазылып алынған тұрмыстық өндерге жататын балалар фольклорының «Бесік жыры», «Тұсау кесу жыры», «Жұмбақ өлең» нұсқалары, «Төйгелеу», «Шерелеу» сынды кәсіптік өлең-жыр үлгілерінің сарындары енгізілді.

Жоба жетекшісі, өнертану ғылымдарының кандидаты Қазтуғанова Айнуір Жасағанбергенқызы баяндамасында жинақтағы «Дәстүрлі ән өнері» бөліміне Арқа, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Сыр өңірі және Батыс Қазақстан аймақтық дәстүрлі мектептері бойынша халық әндері мен кәсіби әнші-композиторлардың туындылары топтастырылғанын айтып өтті. Сондай-ақ антология дәстүрлі ән өнерінің өкілдері, қазақ музыка мәдениетінің классиктері, ұлт тарихында алтын әріптермен жазылған

кәсіби-композиторлар – Біржан-сал, Ақан-сері, Абай, Шәкәрім, Жаяу Мұса, Мұхит, Балуан Шолақ, Әсет, Мәди, Естай, Жамбыл, Кенен, Нартай, Тайжан, Бораш, Қайып және т.б. шығармашылығындағы таңдаулы өндер мазмұндалғандығын тілге тиек етті.

Бұл өндердің сақталуы мен насихатталуына үлес қосқан 140-тан астам әншілердің репертуары сараланып, аға буыннан бастап, сахнаға енді қадам басып келе жатқан жас орындаушылар туралы ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылды.

Таңдамалы 335 әннің ноталық жазбасы тұңғыш рет аудио нұсқасымен қоса қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ғылыми-танымдық түсініктемесімен бірге жарияланды. «Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуы тиіс» екендігі ескеріле отырып антологияның кітап басылымы электронды құралдарға көшіріп алып пайдалануға қолайлы арнайы QR кодпен, CD дискпен жарыққа шығарылды.

«Ұлы даланың көне сарындары» антологиясының тұсаукесер рәсімін ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Еркін Шүкіман, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, дәстүрлі әнші Рамазан Стамғазиев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова, КИМЕР университетінің бірінші проректоры **Барнетт Тимоти Льюис** өткізді.

Елімізде алғаш рет жүйелі түрде іске асырылып отырған «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясының» басты мақсаты – ұлы даланың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін жинақтап, жүйелеп, зерттеп, жас ұрпақ назарына ұсыну, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштерін неғұрлым толық жарыққа шығару.

Жоба жетекшісі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекшісі ғылыми қызметкері, ф.ғ. кандидаты Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы мынадай қызықты деректерге тоқталды: «Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» бірінші томына сақ-ғұн заманындағы және Түркі қағанаты тұсындағы көне жәдігерлер, сонымен бірге IX-X ғасырлардағы шығармалар беріліп отыр. Атап айтқанда, «Авеста», «Алтын жарық», «Абыздардың құлшылығы», «Майтри сүмит ном бітігі», сондай-ақ аса құнды әдеби жәдігерлерді томға дайындау барысында Күлтегін, Білге қаған туралы жырлар мен осы дәуірде жазылған «Бұғыты», «Онған», «Тұй-ұқұқ», «Үккүлі (Күлі) шор» жазба ескерткіштерінің мәтіндері, Тоныкөк жырлары мен VIII ғасырдағы «Мойын шор», «Теркін-тариат», «Суджі» әдеби жәдігерлері және «Ырық бітік» түс көру мен түс жору көне жазба ескерткіштеріне тілдік, тарихи, этнографиялық талдау арқылы жаңаша мәтіннамалық тұжырымдар жасалды».

Аталмыш жинақтың тұсаукесерін ҚР Жазушылар Одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Ерден Задаұлы Қажыбек, Өзбекбайжан Республикасының Алматыдағы бас консулы Рамиль Рзаев жасады.

Бірнеше томды құрайтын серияның әр томы редакциялық бас алқаның кіріспе мақаласымен ашылып, соңында жазылған түсініктемелерді қамтиды.

Алматы, 19 желтоқсан, 2019 жыл.